

**МОРОЗ СВЕТЛАНА ПАВЛОВНА**

**КӘСІПКЕРЛІК (ШАРУАШЫЛЫҚ)**  
**ҚҰҚЫҚ**

Қазақ тіліне аударған - Омарова Сзуле Сыдықбекқызы

ISBN 9965-814-88-0

Баспаға 09.2009 ж. ұсынылған.  
Пішіні 60x84 1/16. Көлемі 18 баспатабак.  
Тапсырыс 252. Таралымы 1140 дана.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым мишістрлігі берген мемлекеттік  
лицензія № 0000036. «Бастау» баспасы ЖШС-і (т. 266 54 59, 266 54 58)

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасы Тел. 233 32 53

УДК 347.7 (075.8)  
ББК 67.404я73  
М70

**Рецензия жазғандар:**

**М.К.Сүлейменов** - Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғм. і. м академия- сының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор;  
**Ф.С.Қарағусов** - заң ғылымдарының докторы, доцент

М70 Мороз **С.П.** Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық: оқулық /?С.П.Мороз.  
- Алматы: «Бастау» баспасы, 2009. - 288 бет.  
ISBN\ 9965-814-884)

*Қазақстaн Республuкасы Бiiм және ғылым министрлiгi  
жанындағы «Құқық» мамандықтарм тобы бойынша оқу-  
лдісiемс.іік секция оқулығы ретінде ұсынылады*

**Үсынылып отырған оқулық заң және экономика факультеттері мен жоғары оқу орындары студенттерінің «Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық» пәнін оқып-үйренуіне арналған.**

Бул оқулықта кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық теориясының аса маңызды мәселелері қарастырылған. Атап айтқанда; Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтық қалыптасу және даму тарихы; Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік (шаруашылық) құқығының тақырыбы, әдісі, ұстанымдары мен жүйесі; Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің құқықтық реттелу негіздері; кәсіпкерлік қызмет түсінігі және оның белгідері; кәсіпкерлік қызметтің түрлері мен формалары; кәсіпкерлік қызмет субъектілері және олардың құқықтық мәртебелері; кәсіпкерлік қызметтегі мүліктің құқықтық режимі; кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің әдістері мен бағыттары; кәсіпкерлік келісім-шарт; кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершілік; кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және шаруашылық дауларын шешу; биржа қызметін құқықтық реттеу; инвестициялық қызметті құқықтық реттеу; сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу; банк қызметін құқықтық реттеу; сақтандыру қызметін құқықтық реттеу; көлік қызметін құқықтық реттеу; сәудет, қала құрылысы және құрылыс қызметін құқықтық реттеу.

Ағалған еңбекте кәсіпкерлік келісім-шарттарды және олардың жскенеген түрлерін жіктеу және кәсіпкерлік келісім-шарттардың жекелеген түрлерінің сипаттамасы мәселелері ерекше орын алады.

i20302040  
Q 00(05)09  
ISBN\ 9965-814-88-0

УДК 347.7(075.8)  
ББК 67.404я73

Д.А. Кенаев атындағы университетінің кітапханасы  
ИНЕ № 92160 v  
----- Ш Мороз С.П.,  
2009  
& «Бастау» баспасы, 2009 Барлық авторлық құқықтар қорғалған

### Қысқарған сөздер көрсеткіші

ҚР БК - ҚР Бюджеттік кодексі. 2004 ж. сәуірдің 14-і. № 548-ІІ. // ҚР Парламентінің ведомостары. 2004. № 8-9 (2418). 53-6.

ҚР АҚ - ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. желтоқ- санның 24-і. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1994. № 23-24 (қо- сымша). 282-6.; ҚР Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі). 1999 ж. шіл- денің 1-1 № 409-1. // ҚР Парламентінің ведомостары. № 16-17. 642-6.

ҚР АДЖК — 1999 ж. шілденің 13-індегі Мв 411-1 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. Казахстанская правда. 1999 ж. шілденің 27-с\*, № 179-180 (22896-22897).

Банктер және банк қызметі туралы заң -1995 ж. тамыздың 31-індегі № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңы, // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1995. .N1 1>16. 106-6,

Банкроттық туралы заң - 1997 ж. қаңтардың 21-індегі № 67- I Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» Заңы. ҚР Парла- ментінің ведомостары. 1997 ж. № 1-2. 7-6.

Демпингке қарсы шаралар туралы заң -1999 ж. шілденің 13-індегі № 421-1 «Демпингке қарсы шаралар туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1999. № 19. 654-6.

АҚ туралы заң - 2003 жылғы мамырдың 13-індегі № 415-11 «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы. // Казахстанская правда. 2003. № 141-142 (24081-24082).

Сәулет және құрылыс қызметі туралы заң - 2001 ж. шілденің 16-ындағы № 242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парла- ментінің ведомостары. 2001. № 17-18. 243-6.

Аудиторлық қызмет туралы заң - 1998 ж. қарашаның 20- ындағы № 304-1 «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1998. № 22.309-6.

Инвестициялар туралы заң - 2003 ж. қаңтардың 8-індегі № 373-ГІ «Инвестициялар туралы» ҚР Заңы. // Казахстанская правда. 2003. №9-11. (23948-23950)

Баға қызметі туралы заң - 2000 ж. қарашаның 30-ындағы № 109-11 «Қазақстан Республикасындағы баға қызметі туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. № 20. 381-6.

Валюталық реттеу туралы заң - 2005 ж. маусымның 13-індегі № 57-ІІІ «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңы. // Казахстанская правда. 2005, маусымның 17-сі. № 158-159 (24768-24769).

**Мемлекеттік сатып алулар туралы заң** — 2002 ж. мамырдың 16- ындағы № 321-ІІ «Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР Заңы. // Казахстанская правда. 2002, мамырдың 23-і, № 114 (23763).

**Мемлекеттік кәсіпорын туралы заң** - 1995 ж. маусымның 19-ындағы № 2335 «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» ҚР Заңы. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1995. № 9. 66-б.

**Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң** - 1995 ж. сәуірдің 17-індегі № 2198 «Заңды тұлғаларды тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңы. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1995. № 3-4. 35-б.

**Табиғи монополиялар туралы заң** - 1998 ж. шілденің 9-ындағы Я 272-1 «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы. • ҚР Парламентінің ведомостары. 1998. 16. 214(228)-б.

**Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заң** Қазақ КСР- шің 1991 ж. маусымның 5-індегі № 640-ХІІ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы. // ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1991, № 23. 267-б.

**Тамақ өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі туралы заң**  
2004 ж. сәуірдің 8-індегі № 6 (2414) «Тамақ өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары, 2004. 43-б.

**Бәсекелестік туралы заң** - 2008 ж. желтоқсанның 25-індегі «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңы. № 112-ІҮ ҚРЗ. // «Параграф» акпа- ратхар жүйесі (АЖ).

**Концессиялар (келісім-шарттар) туралы заң** - 2006 ж. шілденің 7-індегі 168-111 «Концессиялар туралы» ҚР Заңы. / Қазақстан саясатта. 2006, шілденің 19-ы, № 177 (25148).

**Шаруа (фермерлік) қожалығы туралы заң** - 1998 ж. наурыздың 31-індегі № 214-1 «Шаруа (фермерлік) қожалығы туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1998. № 2-3. 26-б.

**Лицензиялау туралы заң** - 2007 ж. қаңтардың 11-індегі № 214-III «Лицензиялау туралы» ҚР Заңы. § ҚР Парламентінің ведомостары. 2007, қаңтар. № 2(2483). 10-б.

**Халықаралық коммерциялық төрелік туралы заң** -- 2004 ж. желтоқсанның 28-індегі № 23-III «Халықаралық коммерциялық арбитраж туралы» ҚР Заңы. § Халықаралық жеке құқық: нормативтік актілер және халықаралық келісімдер. 10-т. Халықаралық азаматтық қарама-қарсы. 2-бөлім. Халықаралық коммерциялық төрелік. / Құрастырған М.К.Сүлейменов. - Алматы: ЗА-ЖҚМ «Әділет», ҚазМЗУ жеке құқық 1111. 2005. -28-39-б,

**Ішкі нарықты қорғау шаралары туралы заң** — 1998 ж желтоқсанның 28-індегі № 337-1 «Тауарларлы импорттау кезінде ішкі нарықты қорғау шаралары туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1998. № 24.446-б.

**Жер қойнауы және жер қойнауыш пайдалану туралы заң** - 1996 ж. қаңтардың 27-індегі № 2828 «Жер қойнауы және жер қойнауын

пайдалану туралы» ҚР Заңы. *i*/ ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1996. № 2. 182-б.

Мұнай туралы заң - 1995 ж. маусымның 28-індегі № 11 «Мұнай туралы» ҚР Заңы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1995. 76-б.

**Тұтыну кооперативі туралы заң** - 2001 ж. мамырдың 8-індегі № 197-П «Тұтынушы кооперативі туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 2001. № 10. 138-б.

**Сауда қызметін реттеу туралы заң** - 2004 ж. сәуірдің 12-індегі № 544-11 «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңы. § ҚР Парламентінің ведомостары. 2004, № 6 (2414). 44-б.

**Бағалы қағаздар нарығы туралы заң** - 2003 ж. шілденің 2-індегі № 461-П «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңы. // Казахстанская правда. 2003. № 199-200 (24139-24140).

**Ауылдық тұтыну кооперативі туралы заң** - 2003 ж. сәуірдің 8-індегі № 404-П «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 2003. № 6. 35-б.

**Сактандыру қызметі туралы заң** - 2000 ж. желтоқсанның 18-індегі № 126-11 «Сактандыру қызметі туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 2000. № 22. 406-б.

**Субсидиялар туралы заң** - 1999 ж. шілденің 16-ындағы № 441-1 «Субсидиялар және өтеім шаралары» туралы ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1999. № 20. 732-б.

Тауар биржалары туралы заң - 1995 ж. сәуірдің 7-індегі № 2170 «Тауар биржалары туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1997. № 11. 143-б.

**Тауар белгілері туралы заң** ~ 1999 ж. шілденің 26-ындағы № 456-1 «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылатын орындардың атаулары туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1999. № 21. 776-б.

**ЖШС және ҚЖС туралы заң** - 1998 ж. сәуірдің 22-індегі № 220-1 «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңы. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1998, сәуірдің 28-і. № 5-6 (2271).

**Көлік туралы заң** — 1994 ж. қыркүйектің 21-індегі № 156-ХІІ «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» ҚР Заңы. § ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1994. № 15.201-б.

Аралық соттар туралы заң - 2004 ж. желтоқсанның 28-індегі № 22-Ш «Аралық соттар туралы» ҚР Заңы. // Халықаралық жеке құқық: нормативтік актілер және халықаралық келісімдер. 10-т. Халықаралық азаматтық процесс. 2-бөлім. Халықаралық коммерциялық төрелік. / Құрастырушы М.К.Сүлейменов. — Алматы: ЗА-ЖҚМ «Әділет», ҚазМЗУ жеке құқық ҒЗИ, 2005, -12-27 б.

Түристік қызмет туралы заң - 2001 ж. маусымның 13-індегі № 211 -П

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» ҚР Заңы. //ҚР Парламентінің ведомостары 2001. № 13-14. 175-6.

Қаржы лизингі туралы заң - 2000 ж. мамырдың 5-індегі № 78-11 «Қаржы Лизингі туралы» ҚР Заңы. ҚР Парламентінің ведомостары. 2000. № 10. 247-6.

Шаруашылық серіктестіктері туралы заң - 1995 ж. мамырдың 2-індегі Ла 2255 «Шаруашылық серіктестіктері туралы» ҚР Заңы. Д" ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. 1995. 7. 49-6.

Жеке кәсіпкерлік туралы заң ~ 2006 ж. қаңтардың 31-індегі № 124-III «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңы. // Казахстанская правда. 2006 ж. ақпанның 7-сі. № 27 (24998).

ҚР ӘҚБтК - ҚР 2001 ж. қаңтардың 30-ындағы № 155-П Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, // Казахстанская правда. 2001 ж. ақпанның 13-1III 40-41 (23388-23389).

ҚР ск - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексі (Салық кодексі). 2008 ж. желтоқсанның 10-ындағы № 99-1V ҚРЗ, III' «Параграф» АЖ-ы (ақпараттық жүйесі).

Патент заңы - ҚР 1999 ж. шілденің 16-ындағы № 427-1 «Қазақстан Республикасының патент заңы». ҚР Парламентінің ведомостары. 1999. № 20. 718-6.

ҚР КК - ҚР 2003 ж. сәуірдің 5-індегі № 401-II Кеден кодексі. // Казахстанская правда. 2003 ж. сәуірдің 11-і. № 102-04 (24042-24044).

ҚР ҚК - ҚР 1997 ж. шілденің 16-ындағы № 167-1 Қылмыстық кодексі. // ҚР Парламентінің ведомостары. 1997. № 15-16. 211-6,  
I БӨЛІМ. КӘСІПкерлік (Шаруашылық) құқықтың жалпы бөлімі

## 1- тарау. КӘСІПкерлік (Шаруашылық) құқыққа КІРІСПЕ

### 1.1. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың калыптасу және даму тарихы

Кәсіпкерлік құқықтың жетілуі сауда құқығының пайда болуына байланысты тарихи қалыптасты. Бастапқыда сауда құқығы Батыс Еуропа мен Азия арасындағы сауда-саттықтың дамуында делдалдық қызмет атқарған Италияда пайда болды. XI-XIII ғасырларда консулдық соттар шешімдеріне негізделген қарапайым (үлгі боларлық) құқық больш табылатын итальяндық сауда құқығы қалыптасты. Сауда құқығының ары қарай дамуы Италияның сауда-саттық устемдігін Франция, кейіннен Испания, Англия, Голландия сияқты елдер алмастырған XV-XVIII ғасырларға жатады. 1673 ж. Францияда Сауда кодексі (Құрлық саудасы туралы ордонанс), ал 1681 ж. тарихқа Кольбер (Людовик XIV билігі кезінде министр лауазымын атқарған, бұл кодекстерді қабылдауға негізгі бастамашы болған) ордонанстары ретінде енген Теңіз кодексі (Теңіз саудасы туралы ордонанс) қабылданады. Демек, әуел баста сауда заңдары, ал тек 130 жыл өткен соң ғана азаматтық заңдар бір жүйеге

келтірілген (кодификация-ланған). Францияның 1804 жылғы Азаматтық кодексі (Наполеонның азаматтық кодексі деген атаумен танымал) және Францияның 1807 жылғы Сауда кодексі азаматтық және сауда құқығы дуализмінің, яғни жеке құқық дуализмінің негізін қалады.

1811 ж. Австрияда Жалпы азаматтық кодекс, ал 1897 ж. Сауда кодексі қабылданады. Германияда, сол сияқты Францияда да, сауда-саттық заңдарын бір жүйеге түсіру (унификация) азаматтық кодексті жүйелеуден бұрын іске асырылды. Жиырма жыл өткен соң, яғни 1896 ж. Азаматтық кодекс (Азаматтық жинақ (МАЗ), ал 1897 ж. Сауда кодексі (Сауда жинағы (МСЖ) басылып шықты, екеуі де бір мезгілде - 1900 жылдың қаңтарынан бастап заңды күшіне енді. 1896 жылы Жапонияда Азаматтық кодекс, ал 1899 ж. Коммерциялық кодекс қабылданды.

Сөйтіп, жеке құқық дуализмі тек континенталдық құқық (роман-герман құқық жүйесі) елдеріне ғана тән. Сонымен қатар дуалистік

Бұл туралы кеңірек Капиталистік мемлекеттердің азаматтық және сауда құқығы сңбегінен (Гражданское и торговое право капиталистических государств) оқып-біліңіз. I-бөлімі. / Жауапты ред. Р.Л.Нарышкина. - М.: Халықаралық қатынастар, 1983. 6-11-б.

тұжырымдама немесе жеке құқық дуализмі Азаматтық және Сауда кодекстері бір мезгілде жұмыс істейтін елдерге, ал жеке құқықтың монистік жүйесі Азаматтық кодекс және арнайы заң қызмет ететін континенталдық құқық елдеріне тән (мысалы, 1942 жылғы италияндық Азаматтық кодекс және арнайы заңдар әрқашан ететін Италия монистік тұжырымдама өкілі болып табылады), Жеке құқық дуализмі, атап айтқанда, Германияда Сауда жинағының арнайы заңы ретіндегі Азаматтық жинақпен қатар емір суретінінен көрінеді, Бұл сауда құқы- іы нормаларының азаматтық құқық жиынтығында (ал оның нормалары сауда құқығында белгіленген арнайы құқықтық реттеу болмағанда қолданылады!) бірге қаралуға тиіс екендігін білдіреді. Франция мен Германияның тәжірибесін ТМД елдерінің бірқатары, мысалы, 2003 ж. қаңтардың 16-сында Украинаның Шаруашылық кодексі және Украинаның Азаматтық кодексі бір мезгілде қабылданған және 2004 ж. қаңтардың 1-інен заңды күшіне енген Украина пайдалануда.

Ағылшын-американдық құқық жүйесі елдерінде азаматтық кодекстер жоқ, бірақ арнайы сауда (кәсіпкерлік) заңы жұмыс істейді. Сөйтіп, іс жүзінде АҚШ-тың барлық штаттарында АҚШ-тың Біртектес сауда кодексі негізінде әзірленген коммерциялық (сауда) кодекстері қабылданды. Сол себепті жеке құқық дуализмі кең таралмады және шетелдік мемлекеттерде жеке құқықтың монистік жүйесі қалыптасқан деген қорытынды жасауға болады,

Ресей империясында, батыс-еуропалық құқық жүйелерінен айырмашылығы, ешқанда да азаматтық құқықтың айрықша бөлігі саналатын оқшау сауда құқығы болған емес. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Ресей империясында ақыр соңында аяқталмай қалған азаматтық құқықты бір жүйеге келтіру жұмысы басталған (бірінші дүниежүзілік соғыс басталмастан бұрын Мемлекеттік Думада талқыланған жобаның жалғыз бөлігі— бұл міндетті құқыққа арналған бесінші кітап). Демек, революцияға дейінгі Ресейде біртұтас жеке құқық тұжырымдамасы қалыптасқан (яғни сауда құқығы азаматтық құқық құрамына енгізілген).

1917 жылғы революциядан кейін ресейлік заң теориясы мен практикасының жетістіктері буржуазиялық және жаңа революциялық идеяларға сай емес деп жарияланды және сол себепті құқық жүйесін құру үдерісі қайтадан басталды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында құқық саласындағы зерттеулердің басым бөлігі көбінесе социализм жағдайында тауар-ақша қатынастарына және материалдық игіліктерді тура бөлу қажеттілігіне жол бермейтін үстем таптың мүдделерін ғана қорғайтын буржуазиялық құқықтың қанаушылық мәнін сынға алуға бағытталды.

Алайда жеке капиталды экономикаға тартпай, кеңестік мемлекеттің ары қарай дамуы мүмкін болмады, соған орай жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жарияланды. ЖЭС-ке етуге және көпсалалы экономиканың құрылуына байланысты П.И.Стучка зерттеген екі секторлы құқық теориясы дүниеге келді. Бұл теория негізінде халық шаруашылығында екі — өчара әрекеттері нәтижесінде мемлекеттік сектор толықтай жеке секторды ығыстырып



шығаратын мемлекеттік және жеке сектордың емір сүруі туралы тезис жатқанды

«Екі секторлы құқық» теориясы өз атауын экономикадағы екі сектор құқықтағы екі сектордың (жеке сектор - азаматтық құқықтың болуы, ал мемлекеттік (социалистік) сектор - шаруашылық құқығының болуы) емір сүруше ықпал етуі себепті алған. Ол кезде экономиканың мемлекеттік секторының дамуы оның артықшылықтарға ие болуына және жеке секторды біртіндеп ығыстырып шығаруға жеткізеді, және, тиісінше, мемлекеттік секторға қызмет ететін шаруашылық құқығы азаматтық-құқықтық қатынастардың және азаматтық құқықтың жойылуына әкеліп соқтырады.<sup>Г</sup>

Аталған теорияның кемшіліктерінің қатарына экономиканың жеке секторының болуын, және, демек, азаматтық құқықтың уақытша құ- былыс болып саналуын жатқызу қажет, бірақ даусыз артықшылық ре- тінде алғаді рет экономика саласында қатынастарды арнайы құқықтық реттеу қажеттілігі және құқық жүйесінің құрылымдық элементі ісіеті і шаруашылық құқығының дербестігі негізделгенін атап өткен жөн.

XX ғасырдың 30 жылдарында кеңес мемлекетінің экономикадағы көп салалылықты жеңуге бағытталған өзгерген экономикалық саясаты жағдайында «екі секторлы құқық» теориясының орнын біртұтас шаруашылық құқығы басты, ал оның өкілдері (Л.Я.Гинцбург, Е.Б.Пашуканис және басқалары) социалистік шаруашылық қатынас- тардың арнайы құқықтық ре<sup>Г</sup>теуді<sup>1</sup> қажет ететінін, ол үшін Шаруашылық кодексін әзірлеу және қабылдау керек екендігін айтты. Бір жүйеге салынған заңның болуы, өз кезегінде, шаруашылық құқығы дамуының биік дәрежесіне және оның құқықтың салалары ретіндегі дербестігіне дәлел болады.

Аталған мектеп өкілдері қарсыластардың шаруашылық құқығы шаруашылық-әкімшілік құқық және азаматтық құқық деп аталатын екі дербес бөлікке бөлінуге тиіс деген пікірлеріне қарама-қарсы шаруашы- лық құқығы біртұтас болып табылады деген пікірде болды. Соңғы жағдайда азаматтық құқықты реттеу құралын құрайтын азаматтардың қатысуымен қатынастар енгізу есебінен шаруашылық құқығын реттеу саласын жосықсыз кеңейту орын алды.

Бұл іуралы Е.Б.Пашуканистің Құқық және мемлекеттің жалпы теориясы бойынша таңдамалы еңбектерінен (Избранные произведения по общей теории права и государства) кеңірек мағлұмат ала аласыз. - М: Ғылым, 1980. 183-191- беттер.

«іірітұтас шаруашылық құқығы» теориясының толықтай социа- листік көзқарастарға сәйкес келгеніне қарамастан, **1936-1937 жж.** ол зиянкестік, ал

---

<sup>1</sup> Қараңыз, мысаоы, Хомйственное право. Оқулық / Релакяиясын басқарған В.В.Лаптев. — М.: Заң әдебиеті, 1983. 32-41-беттер; Мамутов В.К. Избранныс труды. - Екатеринбург: бизнес, менеджмен г и право, 2008 (Классика хозяйственно- праеовой мысли). 26-39-беттер; және басқалары.

авторлары халық жаулары деп жарияланды. Осының барлығы тұтас екі онжылдық бойы ғалымдардың шаруашылық құқығы саласында зерттеулермен айналыспауды жөн керуіне себеп болды.

Шаруашылық қатынастарды құқықтық реттеу туралы айтқанда, шаруашылық құқығын реттеу саласының екі бөлікке бөлінгенін және азаматтық және әкімшілік құқық салаларына бағытталғанын атап өткен жөн. Соның нәтижесінде халық шаруашылығын басқару бойынша көпшілік-құқықтық қатынастар әкімшілік құқықпен, ал тауар айырбастаудың жеке-құқықтық қатынастары азаматтық құқықпен қамтамасыз етілді.

XX ғасырдың 60 жылдарында И.В.Сталиннің жеке басқа табынушылығы эшкереленгеннен кейін, елде орыш алған түбегейлі өзгерістер енді шаруашылық құқығының үшінші мектебінің пайда болуына ықпал етті.

Шаруашылық құқығының үшінші мектебінің негізін қалаушылар **(В.В.Лаптев, В.К.Мамутов)**, сонымен бірге олардың алдындағылар да шаруашылық қатынастардың біртұтастығы туралы тезисті және оларды айрықша құқықтық реттеу қажеттілігін (ол үшін Шаруашылық кодексі немесе Шаруашылық заңының негіздері' қабылдануы керек) қорғап бақты, нәтижесінде **шаруашылық құқығының монистік і ұжыр ымдамаеы** әзірленді.

XX ғасырдың 60-80 жылдарында шаруашылық құқығы теориясы өркендеу шегіне жетті, іс жүзінде барлық ғалым-заңгерлер (азғантай адамды қоспағанда) шаруашылық құқығының жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен ерекшеленетін және оны құқықтың дербес саласы ретінде сипаттайтын қажетті белгілерге ие тұтас құқықтық білім болып табылатынын растады.

XX ғасырдың 90 жылдарынан бастан, ТМД-нің жекелеген елдерінде (Ресей мен Украинада) саны хеп жақтастары тағы бір рет опың дербестігі мен біртұтастығын негіздеуге тырысқан кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың жаңа (бұлжолы - **төртінші**) мектебінің қалыптасу және даму үдерісі басталды." Қазақстанда кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық саласында азаматтық-құқықтық ғылым аясында арнайы зерттеулер жүргізіледі, ал кәсіпкерлік құқықтың жеке мектебі жоқ.

## 1.2. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың қазіргі заманғы ұғымы

Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың қазіргі заманғы ішкі ірілім- дамасы, дамыған социализм жағдайында болғандай, бүтін және біртұтас болып табылмайды. Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіз және егеменді мемлекеттердің құрылуы қоғамдық және экономикалық өмірде түбегейлі өзгерістер тууына жеткізді, сол себепті жабық тұрпатты экономикадан нарықтық экономикаға көшу және құқықтық мемлекет орнатуға бағытталған демократиялық түрлену орын алды.

Осының барлығы құқық жүйесіне және оны құрайтын құрылымдық элементтерге (құқық салалары, құқықтың қосымша салалары және құқықтық институттар) ықпал етті. Құқықтың кейбір салалары (колхоздар мен совхоздар, социалистік мемлекет және құқық теориясы) жойылып кетті, құқықтың басқа іргелі салалары (азаматтық, әкімшілік, юриспруденция) мүлдем өзгерді, ал құқықтың үшінші кешенді салалары (инвестициялық, кәсіпкерлік, банк және басқалары) пайда болып, дами бастады.

Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқыққа қатысты оның мәні және құқықтық табиғатын түсіну үшін, негізгі үш кезеңге бөліп айтуға болады:

Сонымен, *бірінші кезеңге сәйкес*, кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық құқықтың дербес саласы болып табылады,<sup>1</sup> Дегенмен, орпке, оның жақтастары кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық тақырыбының мазмұны мен әдістерінің айтарлықтай өзгергенін түсінеді. Сейтіп, В.С.Мартемьяновтің пікірі бойынша кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық саласына тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндіру үшін азаматтардың меншігін сату барысында пайда болған қатынастар көшті, сонымен қатар субъектілердің — шаруашылық қатынастарына қатысушылардың (бұлар жеке тұлғалар - кәсіпкерлер де, ал заңды тұлғалар - кәсіпорындар, ұйымдар, заңды тұлғалар бірлестіктері, сонымен бірге олардың атынан мемлекет те болып табылады, яғни нарық мүдделері мен қажеттіліктері бойынша жеке пайда табу мақсатын көздеп, кәсіби шеберлікпен әрекет ететін субъектілер) саны өскен.<sup>4</sup>

Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықты зерттеудегі *екінші бағыт* кәсіпкерлік (шаруашылық) заңының белгілі тұтастығын тануға

негізделген. Осыған байланысты Ю.Г.Басин кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық азаматтық құқықтың қосымша саласы, ал кәсіпкерлік (шаруашылық) заң заңның кешенді саласы ретінде әрекет етеді дегенді айтады.

*Үшінші бағыттың* өкілдері (мысалы, Н.Ю.Круглова, П.Г.Лахно, С.П.Мороз) кәсіпкерлік құқық — бұл жеке-ішкі ірілім және әртүрлі салаларға жататын (азаматтық құқық, әкімшілік құқық, халықаралық құқық, қаржы құқығы және т.б.) көпшілік-құқықтық нормаларды біріктіретін құқықтың кешенді саласы дегенді мақұлдайды."

М.К.Сүлейменов кәсіпкерлік құқықты екіжақты : үшінші керек деген пікір айтады: тар мағынасында кәсіпкерлік құқық - азаматтық құқықтың бір

белшегі; сол бір мезгілде кәсіпкерлік құқықты кең мағынасында құқықтың әртүрлі салалары (азаматтық, әкімшілік, қаржы, кеден, еңбек және басқалары) нормаларын біріктіретін жан-жақты білім деп түсінуге болады./

Тұтастай алғанда, соңғы тұжырымдамамен келісуге болады, бірақ кәсіпкерлік құқықтың жан-жақтылығы туралы идея кәсіпкерлік құқықты азаматтық құқықтың қосымша саласы ретінде таныған жағдайда көңілге қонады, ал азаматтық құқық саласына мүлдем кіре алмайтын кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу қатынастары реттеуден тыс қалып қояды. Тіпті егер, Е.А.Сухановтың ұсынысы бойынша, азаматтық құқықты көлемі бойынша құқықтың ең үлкен саласы деп қарастырған жағдайда, оның құрамына қосымша сала құқымен оның барлық элементтері кіреді: жалпы бөлім (азаматтық құқық түрлеріне, нысандарына, мәмілелеріне, өкілеттілігіне, талаптың ескіру мерзімдеріне қатысты ережелер); заттық құқық; міндеттілік құқығы; айрықша құқықтар (зияткерлік және онеркәсіптік меншік); мұрагерлік құқық; отбасылық құқық; сауда (коммерциялық) құқығы; халықаралық жеке құқық. Демек, ұсынылып отырған нұсқада жеке құқық азаматтық құқыққа парапар және қағида бойынша салалар жүйесі емес, әлдебір «сугіереала» болып шығады.

Сойтш, **кәсіпкерлік құқық** - құқықсыз әртүрлі салалары нормаларын біріктіретін жан-жақты саласы. Құқықтың жан-жақты саласы - бұл, жекелеген ғалымдардың пайымдауынша, жартылай сала емес, бұл - құқықтың негізгі (белгілі бір қалыпқа келтіретін) саласынан ерекшеленетін сала, алайда ол құқықтық институттан және құқықтың қосымша саласынан айтарлықтай дәрежеде өзгеше. Құқықтың жан- жақты саласы, бәрінен бұрын, өзіне тән салалық әдісі жоқ, бірақ арнайы, дегенмен көрнекті заңдық режим орын алатын құқықтық реттеудің біртұтас тақырыбы болып табылады.

Батыстық құқықтануда құқық жүйесіндегі кәсіпкерлік құқықтың алатын орны туралы мәселені шешудің екі негізгі бағыты қалыптасқан.

*Бірінші, бсгіытца* сәйкес (А.Жакомэн, Г.Шранц), шаруашылық құқығы құқық саласы немесе заң саласы емес, себебі ол экономикалық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын эзірлейтін немесе қолданатын жана тәсіл болып табылады,

Шаруашылық құқығының *екінші бағыты* оны құқықтың дербес саласы деп танудан көрінеді. Сонымен бірге бұл тұжырымның аясында ғалымдардың пікірлері бөлінді де, шаруашылық құқығын тар және кең мағыналарында түсінуді жақтайтындар пайда болды.

*Тар түсінікті* жақтаушылар шаруашылық құқыққа қатынастарды экономиканың мемлекеттік реттелуі бойынша реттейтін нормаларды енгізеді (оның ішінде ұл п анырулы, баға белгілеуді реттеу, салықтық, кедендік және валюталық реттеу және т.с.с.). Демек, шаруашылық құқығы жария (көпшілік) құқық салаларына жатады. Мұндай көзқарас континенталдық құқық елдерінің бірқатар елдерінде (Германия және Нидерланды) басым болып отыр.

Континенталдық құқықтың басқа елдерінде {мысалы, Франция және Бельгия) шаруашылық және сауда құқықтарының тепе-теңдігі және біртұтастығы туралы ұстаным қалыптасқан.

Шаруашылық құқығының *кең түсінігі* жан-жақты, яғни кәсіп- керлік

құқықтық көпшілік-құқықтық және жеке-құқықтық табиғатын тануға саяды.

Алғаш рет бұл идеяны экономикалық қызметтің еркіндігі ұстанымына негізделген жеке шаруашылықты қоғамдық шаруашылыққа қарсы қойған неміс заңгері Гольдшмидт айтқан және негізденген еді.<sup>2</sup> Шаруашылық құқығы ұғымындағы одан да кеңірек түсінік шаруашылық және экономикалық құқықтарды теңестіруден көрінеді. Оның жақтастары (Ж.Амель және Ж.Лагард) экономикалық құқық шаруашылық қатынастарды реттеуге бағытталған деп санайды.

Сонымен, мынадай қорытынды жасауға болады: *иетелдік заң әдебиетінде шаруашылық құқықын кең мағынасында түсінуді жақтаушылар оған шаруашылық қызметін іске асыру барысында пайда болғанын қатынастарды реттейтін құқықтың әртүрлі салалары (■азаматтық, әкімшілік, қаржы, еңбек, хаяықаралық, қылмыстық және т.б.) нормаларын айығызады.*

#### 1.1. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың пайда болу және даму кезеңдері

Сауда құқығы ешқашан Қазақстанның құқық жүйесінде (атап айтқанда, Ресей империясына кіру кезеңінде) оқшау өмір сүрмегенін есепке ала отырып, кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың дамуында *негізгі екі кезеңді* бөліп атауға болады.

*Бірінші кезең* - бұл экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының қатар өмір сүруімен және экономиканың (социалистік) жаңа түрпатын құқықтық реттеу қажеттілігімен, сонымен қатар социалистік іс-қимыл жүйесі және социалистік заңдар негіздерін құрумен елпатталады.

XX ғасырдың 20-30 ж.ж. бағталып, ал содан кейін жиырма-отыз жыл үзілістен соң, XX ғ. 60-80 ж.ж. ол құқықтың дербес саласы ретіндегі шаруашылық құқығын құрумен аяқталды. Бұл кезеңде шаруашылық құқығы социалистік құқық жүйесінде жетекші орындардың бірін иеленген-ді.

Шаруашылық құқығы теориясын зерттеуге Л.И.Абалкин, Г.Л.Знаменский, В.В.Лаптев, В.К.Мамутов, М.Г.Масевич, В.А.Рахмилович, М.К.Сүлейменов, И.А.Танчук, Р.О.Халфин сияқты белгілі ғалымдар өздерінің маңызды монографиялық еңбектерін арнады.

Шаруашылықты жүргізудің әдістерін жетілдіру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, оның сапасын көтеру, ғылыми-техникалық ынтымақтастық пен сыртқы экономикалық қызметті өркендету мәселелері алдыңғы жоспарға шыққан XX ғасырдың 80 жылдарының екінші жартысында басталған «қайта құру» дегеннің табысты жүзеге асуын дәл осы шаруашылық құқығы қамтамасыз етуге тиіс болды. Алайда бұл идеялардың іске асуына тағдыр жазбапты, өйткені КСРО ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылу үдерісі басталды.

*Екінші кезең* - бұл шаруашылық құқығының іс жүзінде Қазақстан

---

<sup>2</sup> Бұл туралы кеңірек И.В.Ершова және Т.М.Иванованың Кәсіпкерлік құқық (Предпринимательское право) деген оқу құралынан біле аласыз. - М.: Юриспруденция, 2000. і 1 -15-беттер,

Республикасының тәуелсіздік алған сәтінен басталып, осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан кәсіпкерлік құқыққа айналу кезеңі. Қазақ КСР-інің 1990 ж. желтоқсанның 11-індегі «Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерліктің дамуы туралы» Заңы

*Қазақстанның кәсіпкерлік қызмет туралы арнайы заңының тууына және кәсіпкерлік құқықтың қалыптасуына бастама болды.*

Сонымен бірге бастапқыда бұрынғы одақтық республикалардың экономиканы дамытудың нарықтық жолына түеуіне байланысты шаруашылық құқығының рөлі меп маңызы төмендей бастағанын айтпай кетуге болмайды. Бұл мемлекеттік басқарудың жоспарлы экономикасы мен таруашылық-құқықтық механизмдерінің орнына *ағиың тұрпатты жономика келуіне және оны реттеудің нарықтық механизмдері құрыла бастағанына* байланысты болды. Әрине, жаңа жағдайларда енді шаруашылық есептің дамуы, кәсіпорындардың өзін-өзі өтеуі, өзін-өзі қаржыландыруы сияқты және басқа да мәселелер өзектілігін жоғалтты. Жеке меншіктің (оның ішінде шетелдік те) пайда болуына байланысты, оны қорғауды және оған қол сұқпауды заңмен бекіту қажеттілігі туды. Қысқа мерзім ішінде нарық талаптарына сай келеіін заңнаманы іс жүзінде нөлден бастау қажет болды. Ол кезде нарыққа өту жағдайында шаруашылық заңдарының орасан үлкен көлемі тіпті қажетсіз болып қалды. Ақыр соңында, *1994 ж. Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексінің қабылдануына байланысты, кәсіпкерлік қатынастар азаматтық заң тақырыбының құрамына енді.* Тиісінше, шаруашылық (кәсіпкерлік) қатынастар деңгейлестігі бойынша азаматтық заңды реттеу саласына, ал бұл салаға енбеген шаруашылық қатынастар сатыластығымен әкімшілік заңды реттеу саласына жатқызылды. Әйткенмен бұл кәсіпкерлік заң азаматтық және әкімшілік заңдарға «батып кетті» дегенді білдірмейді. *Шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерліктің дамуы туралы арнайы заңдық актілердің қабылдануына байланысты, ол заң саласы ретінде қалыптаса бастады.* Сол себепті кәсіпкерлік құқықтың дамуындағы бастапқы кезеңді жеке кәсіпкерлік туралы арнайы заңның құрылу кезеңі деп сипаттауға болады.

Содан кейін орын алған, жеке кәсіпкерлік туралы заңдарды жүйелеуге және бұл салада біртұтас заң актісінің - 2006 ж. қаңтардың 31-індегі Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының қабылдануына жеткізген өзгерістер егеменді Қазақстанның кәсіпкерлік заңының және кәсіпкерлік құқығының дамуындағы жаңа баспалдақтарды көрсетеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сауда құқығы қай елде пайда болды және ол нені білдіреді?
2. Қай елде алғаш рет сауда заңы бір жүйеге келтірілді?

3. Жеке ісұқық дуализмі деген не және ол қандай елдерге тән?
4. Біртұтас жеке құқық тұжырымдамасы не болып табылады және ол қандай елдерде қолданыс тапты?
5. Шаруашылық құқықтың негізгі мектептерінің артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
6. ТМД елдерінің қазіргі заманғы заң әдебиетінде кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың мәні мен құқықтық табиғатын түсінудің қандай тәсілдері бар?
7. Батыс құқықтануында қалыптасқан құқық жүйесінде кәсіпкерлік құқықтың алатын орны туралы мәселені шешудің ерекшеліктері неде?
8. Қазақстанның кәсіпкерлік (шаруашылық) құқығы қалыптасуындағы бірінші кезең немен сипатталады?
9. Қазақстанның кәсіпкерлік (шаруашылық) құқығының екінші кезеңінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.

## 2- тарау. ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ САЛАСЫ РЕТİNДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК (ШАРУАШЫЛЫҚ) ҚҰҚЫҚ

### 2.1. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықты заң жүзінде реттеудің құралы мен әдістері

Құқықтық реттеу құралы - қоғамдық қатынастардың оларға біртұтас құқықтық форма қолдануға жол беретін біртектес тобы. Ол құқық жүйесінің шешуші және бағалаушы белгісі ретінде қолданылады. Реттеудің өзіндік құралының болуы құқықтың негізгі (дербес) салаларына ғана емес, сонымен бірге құқықтың жан-жақты (кешенді) салаларына да тән.

Дәстүрлі түрде кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық құралының құрамына қатынастардың үш тобы жатқызылады: 1) кәсіпкерлік мүліктік (деңгейлес қатынастар); 2) кәсіпкерлік басқару (сатылас қатынастар);

3) кәсіпкерлік фирмаішілік (корпорациялық қатынастар).

Қатынастардың *бірінші тобына кәсіпкерлік (шаруашылық) қызметті жүзеге асыру барысында пайда болатын қатынастар*, оның ішінде кәсіпкер өз қызметін іске асыру кезінде пайда болған коммерциялық қатынастар ғана емес, сонымен бірге коммерциялық емес қатынастар да, оның ішінде заңды тұлғаларды құру және тарату бойынша ұйымдастырушылық-мүліктік қатынастар; кәсіпкерлік қатынастарға түскен коммерциялық емес ұйымдардың (мысалы, биржалар, тұғыну кооперативтері, қоғамдық қорлар және т.б.) ұйымдастырылуы мен қызметі бойынша қатынастар кіреді.

*Қатынастардың екінші тобын* кәсіпкерлік (шаруашылық) қызмет субъектілері және мемлекеттік немесе соған өкілетті басқа да органдар арасында қалыптасқан *кәсіпкерлік (шаруашылық) қызметті ұйымдастыруға (реттеуге) бағанасты қатынастар* құрайды. Мұндай қатынастар кепшілік-құқықтық болып табылады.

*Қатынастардың үшінші тобына* деңгейлесе де, сатыласа да қалыптаса беретін *шаруашылықішілік немесе корпорациялық деп аталатын қатынастар* кіреді. Мұндай қатынастар бір кәсіпорын шегіндегі оның бөлімшелері арасында, сонымен қатар солар және тұтас кәсіпорын арасында пайда болады.

Демек, кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық құралы құрамына деңгейлес



(жеке-құқықтық) қатынастар және сатылас қатынастар енгізіл-

үшін қараңыз: Предпринимательское право России: оқулық. / В.С.Белых, Г.Э.Берсункаев, С.И.Бинниченко және басқалары. / Жауапты ред. В.С.Белых. - М.: Проспект, 2008. 25-6; Предпринимательское (хозяйственное) право: оқулық. /Н.Н.Вознесенская және басқалары. / Редақинсын басқарған В.В.Лаптев, С.С.Занковский. - М. Волтерс~Клувер,

(іәев  
ә і ықдагы у^інаарситетінің

ген. Бұл қатынастар көпшілік-құқықтық (мысалы, мемлекет қоғамның көпшілік мүдделерін жүзеге асыра, бір мезгілде реттей де, бақыдай да отырып, экономикалық қатынастарға ықпал етеді) сипатқа ие.

Сөйтіп, кәсіпкерлік қатынастарды қоғамдық қауынастардың басқа түрлерімен ерекшелендіріп тұратын белгілер төмендегілер болып табылады.

1) кәсіпкерлік қатынастар кәсіпкерлік қызметпен байланысты!, өйткені оны іске асыру барысында туады; 2) бұл қатынастардың тікелей қатысушысы болып кәсіпкер немесе басқадай шаруашылық жүргізуші субъект саналады. Жынтығында осы екі белгінің талап-тарына сай болған жағдайда ғана қоғамдық қатынастар кәсіпкерлік болып танылады.

Егер құқықтық реттеу құралының сипаттамасы: оны не (қандай қоғамдық қатынастар) құрайды деген сұраққа жауап берсе, онда әдіс сипаттамасы басқа: аталған реттеу қалай (қандай құқықтық тәсілдер мен амалдар арқылы) жүзеге асырылады деген сұраққа жауап берген болар еді. Соған сәйкес *құқықтық реттеу әдісі - ол құқықтық қатынастар қатысушыларына құқықтық ықпал ететін тәсіл немесе тәсілдер жиынтығы болып табылады.*

Кәсіпкерлік құқық қатынастарды *тең дәрежеде реттеудің: құқықтық реттеудің диспозитивтік әдісі* (тараптардың теңдігіне негізделген) және *құқықтық реттеудің өкілеттік әдісі* (билік және бағыныштылыққа негізделген) деп аталатын екі әдісін қолданумен сипатталады. Сөйтіп, қызметтің бір немесе басқа түрін лицензиялау бойынша міндетті талаптарды белгілейтін нормаларды іске асыру барысында лицензиялаушы органның директивалық ұйғарымдары қолданылатын болады. Ондай кезде, егер лицензиялаушы органның ұйғарымы талапқа сай болмаса, онда онымен келіспеушілік белгіленген тәртіппен қаралып, заңсыз деп танылуы мүмкін. Бұл жерде тағы бір жағдай есепке алынуға тиіс: мемлекеттік ықпал тек шектейтін, тыйым салатын ғана емес, көтермелейтін де, үлгі алатын да сипатқа болуы мүмкін. Сол себепті билікке және бағыныштылыққа негізделген, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез-құлық ережелерін белгілеуге бағытталған көпшілік-құқықтық реттеу *тыйым салу шектеу, ұсыныс беру, көтермелеу, тыйым салу төлеуден босату немесе жеңілдетілген салық салу* және басқадай шаралардан көршеді,

Жеке-құқықтық реттеу кәсіпкерлік қатынастардың қатысушыларының теңдігіне негізделген және, әдетте, келісім-шарт түрінде керініс табады. Жеке-құқықтық кәсіпкерлік қатынастарда барлық субъектілер, — оның ішінде мемлекет және әкімшілік-аумақтық бірлік те бар, — бұл қатынастардың басқа қатысушыларымен тең дәрежеде әрекет етеді. Сондықтан кәсіпкерлік қатынастарды диспозитивтік реттеу әдісінің үлкен маңызы бар және ол кәсіпкерлік қызметтің дамуына оң ықпал етеді.

## 2.2. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық ұстанымдары

Негіз болып табылатын бастау іспетті *кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық ұстанымдары* кәсіпкерлік қатынастардың максатез сай реттелуін қамтамасыз етеді. Бәрінен бұрыш, кәсіпкерлік қатынастар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2-бабында бекітілген ұстанымдар негізінде реттеледі,

атап айтқанда:

1) азаматтық заңмен реттелетін қатынастарға *қотысушылардың теңдік ұстанымы* (азаматтық құқықтың барлық субъектілері, оның ішінде кәсіпкерлік қызмет субъектілері де тең құқықтарға ие және олардың ешқайсысы да басқаларға караганда басымдық жағдайында бола алмайды. Жеке кәсіпкерлік туралы Заңның 4-бабының 3-тар- мағына сәйкес, мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерліктің жекеле- ген субъектілерінің басымдық жағдайын белгілейтін нормативтік- құқықтық актшер қабылдауына тыйым салынған дегенді білдіреді);

2) *меншікке қол сукпау ұстанымы* (мемлекет меншік иеле- нушілерге - кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне ҚР Конституциясының 26-бабының 3- тармағына сәйкес, олардың меншігіндеп мүлікті толық- тай иелену, пайдалану және билеу бойынша өкілеттіктерін іске асыру мүмкіндігіне кепілдік береді, яғни сот шешімінсіз ешкім де өз мүлкінен айырышып халмайды дегенді білдіреді);

3) *келісім-шарт еркіндігі ұстаиымы* (тараптар келісімдердің мазмұнын өз қалауы бойынша айтарлықтай дәрежеде айқындап алуға құқылы, бірақ шарт еркіндігі даусыз больш табылмайды, сол себепті келісім-шарт мазмұнын анықтағанда, нормативтік актілердің талап- тары және келісім-шарт тараптары қалауының арасалмағы оңтайы болуға тиіс дегенді білдіреді);

4) *әлдекімдердің беталды жеке істерге арапасуына жол бермеу ұстаиымы* (кәсіпкерлік қызмет субъектілері заңмен белгіенген галап- тарды бұзбаса, мемлекеттік органдар, олардың лауазымды тұлғалары және кез келген басқа адамдар олардың істеріне араласуға құқылы емес дегенді білдіреді);

5) *азаматтық қиық/псірды кедергісіз іске асыру ұстанышы* (кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өз құқыларын толық көлемде және қандай да бір шектеулерсіз, бастысы, басқа адамдардың мүдделері мен құқықтарына тиіспей іске асыруы дегенді білдіреді);

6) *бұзылған азаматтық қиықтарды қалпына келтіруді қамта- масыз ету ұстанымы* (оның мәні кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне белгіленіп берілген құқықтар бұзылған жағдайда, оларды қалпына келтіруге кепілдік беріледі дегенді білдіреді);

7) *азаматтық қиықтарды сот арқылы қорғау ұстанымы* (кәсіпкерлік қызмет субъектілері ездерінің құқыларын және заңды мүдделерін сот арқыды қорғай алады дегенді білдіреді).

Сонымен бірге кәсіпкерлік құқық ұстанымдарының қатарына озінің тікелей мәнін құқықтық нормаларда таба алмаған, бірақ азаматтық заңның бар жүйесін кемсітетін темендегідей азаматтық- құқықтық ұстанымдарды да жатқызуға болады: 1) *тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді еркін ауыстыру ұстанымы* (ішкі шекара дегенді білмейтін, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің, қаржы қаражаттарының, шығармашылық қызмет нәтижелерінің және т.б. алмасуы еркіндігін бір мемлекет аумағында да, әртүрлі мемлекеттер арасында да шектемейтін біртұтас нарық, біртұтас экономикалық кеңістік ережелеріне негізделген); 2) *кәсіпкерлік қатынастар қатысу- шылары ретіндегі тұтынушылар құқықтарын қорғау ұстанымы*

(тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды білдіреді); 3) *кредит берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұстанымы* (кредит берушіні қорғау борышкерге өзіне қабыл- даған міндеттерді орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін барлық қолайсыз зардаптарды жүктеуден, сонымен қатар кредит берушіні міндеттерді кездейсоқ орындамау қаупінен және борыш- кердің кшәсін дәлелдеу қиындығынан босатудан көрінеді); 4) *аза- маттық құқықтардың қорғауы ұстанымы* (азаматтық құқықтардың қорғалуының дара сипатында, жеңіліс танқан жақ үшін қорғау органын және азаматтық құқықтарды қорғау тәсілін таңдау еркіндігінде, сонымен қатар жеңілген жақтың бұзылған құқын қорғауға арыздануға немесе арызданбауға өз бетінше шешім қабылдауында көрініс тапқан).

Ақыр соңында, кәсіпкерлік қатынастарды реттеу үшін, заңдылық ұстанымының маңызы зор. Заңдылық ұстанымы құқықтың әртүрлі салаларына тән жалпысалалық ұстанымдарға жатады, бірақ нарықтық қатынастар жағдайында ол айрықша және өзіне тән сипатқа ие. *Бір жағынан*, заңды тұлғалар және азаматтар қызметтің кез келген іурін іске асыруға құқылы (егер оларға заң тарапынан тыйым салынбаған болса), ал, екінші жағынан, олар заң ұйғарымдарын қатан және мүлтіксіз сақтауға міндетті.

Сонымен қатар кәсіпкерлік құқықта тек оның өзше ғана тән ұстанымдар (*салалық ұстанымдар*) бар. Әдетте, құқық ұстанымдары деп құқықта іске асқан негізгі идеялар мен ең бір елеулі сәттер танылады. Алайда құқықтың салыстырмалы жас саласы ретіндегі кәсіпкерлік құқық ұстанымдары әлі тиісті заңдық тәртіпті ала қойған жоқ және оларды кәсіпкерлік заң нормаларын талдау жолымен мүшелеп шығуға болады, 2006 ж. қаңтардың 31-індегі «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңының 4-бабы, 2-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу ұстанымдары болып төмендегілер саналады: 1) жеке кәсіпкерлік еркіндігіне кепілдік және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету; 2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға жеке кәсіпкерліктің барлық субъектілерінің тең дәрежелілігі; 3) жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне) қол сұқпауға және қорғауға кепілдік; 4) Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіп- керліктің дамуының басымдылығы; 5) жеке кәсіпкерлік субъекті- лерінің жеке кәсіпкерлік мүдделеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілер жобаларын сараптауға қатысуы. Осы берілген тізімдемеден кәсіпкерлік құқық ұстанымдары ретінде тек жеке кәсіпкерлік еркіндігі және оның қорғауды қамтамасыз ету ұстанымын және шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау ұстанымын атауға болады (өйткені субъектілер теңдігі және меншікке қол сұқпау ұстанымдары - бұл жоғарыда айтылғандай, азаматтық құқық ұстанымдары). Сонымен қатар кәсіпкерлік құқықтың тағы екі ұстанымын атап айтуға болады: ол кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу ұстанымы және бәсекелестік еркіндігі және монополиялық қызметті шектеу ұстанымы.

Жеке кәсіпкерлік еркіндігі және оның қорғауды қамтамасыз ету мен шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау ұстанымы Қазақстан Республикасының Конституциясында, ҚР Азаматтық кодексі- сінде және басқа да кәсіпкерлік қатынастарды реттейтін нормативтік актілерде бекітілген.

Сонымен, ҚР АҚ 10-бабына сәйкес, мемлекет кәсіпкерлік еркін- дігіне кепілдік береді және оны қорғау және қолдауды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі даусыз емес және қоғамдық мүдделер үшін заңмен шектеуі мүмкін. Атап айтқанда, заң. актілері арқылы жеке кәсіпкерлік үшін тыйым салынған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізімдемесі белгіленуі немесе экспорт пен импортқа шектеу қойылуы мүмкін. Алайда Жеке кәсіпкерлік туралы Заңның 3-бабы, 1-тармағында көрсетілгендей, жеке кәсіпкерлік тек ҚР заңдарына сәйкес тағайындалған негіздемелер бойынша ғана шектелуі мүмкін.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау деп жеке кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру және Қазақстанда кәсіпкерлік бастамашылықты іске асыру (Жеке кәсіпкерлік туралы Заңның 1-бабы, 3-тармағы) үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шарттар құру бойынша бірқатар мемлекеттік кешенді шаралар саналады.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу ұстанымы мемлекеттің кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез-кұлықтарына экономикалық және әкімшілік (директивалық) ықпал ету шараларын қолдануына көрінеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік реттеу, әдеттегідей, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өндіріс көлемін ұлғайтуға, жаңа технологияларды енгізуге, қазіргі заман талаптарына сай жаңа құрал-жабдықтарды сатып алуға, өндірілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің ассортиментін кеңейтуге мүдделілігін көтеруге бағытталған ынталандыру сипатындағы экономикалық әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің тікелей (директивалық) ықпал етуі көпшілік (қоғамдық) мүдделерді қорғау үшін атқарылады.

**Бәсекелестік еркіндігі және монополиялық қызметті шектеу ұстанымы** нарықтық экономика дамуының басты және бөлінбес шарты болып табылады. Аталған ұстаным кәсіпкерлік қызметтің бәсекеге қабілетті қатысушыларын ынталандыруға бағытталған, себебі бәсекелестік қарсыластарға төтеп беруге қабілетсіз және банкрот ретінде таратуға жататын нарық субъектілерін жояды. Оған қоса, заң шығарушы бәсекелестіктің негізгі ұстанымдары ретінде төмендегілерді атайды: жарысқа түсушілік; адалдық; заңдылық; тұтынушылар құқының сақталуы (2008 ж. желтоқсанның 25-індегі № 112-ІУ ҚРЗ «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңының 4-бабы).

Қолданылып жүрген заңдар Қазақстан Республикасында бәсекелестіктің қорғалуын қамтамасыз етеді, тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуіне қолайлы шарттар туғызады, экономикалық кеңістік бірлігін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге тек таза бәсекелестік қорғалады және бәсекелестердің кәсіпкерлік қызметіне зиян келтіруге бағытталған асырасидтеушілікке жол берілемейді. Атап айтқанда, монополиялық қызметтің мұндай түрлеріне төмендегілер жатқызылады: 1) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдері;

2) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттері;

3) басымдық немесе монополиялық жағдайды асыра пайдалану.

Сонымен қатар заңдарда олқылықтар болған жағдайда, ҚР азаматтық заңында азаматтық заңның тек жалпы негіздері мен мағынасы ғана емес, адалдық пен әділдікті талап етуді қолдану мүмкіндігі де белгіленеді.

**Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау үстанымы** мынадан көрінеді: заң шығарушы жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау саласында мемлекеттік саясат дамуының *басым бағыты ретінде швғын* бизнеске қолдау көрсетуді арнайы бөліп қарайды. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, статисти- калық, матсриалдық- техникалық және ақпараттық ресурстарды,, сонымен қатар ғылыми- техникалық зертлеулер мен технологияларды, шағын кәсіпкерлікті дамытудын мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламаларын пайдалануы үшін жағдайлар туғызу; шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу және таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеу; салық салудың оңтайлы режимін тағайындау; шағын кәсіпкерлікке кредит беру бағдарламаларын қабылдау; шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау үшін инвес- тициялар (оның ішінде шетелдік те) тарту және пайдалану жүйесін құру; мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алудың кепілді көлемін қамтамасыз ету; мамандар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеруді ұйымдас- тыруды шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың жаңа оқу және зерттеу орталықтарын, консалтинг ұйымдарын және жүйелерін құру және бұрыннан барларын өркендету жолымен іске асыру; ұлттық даму институттарын құру (Жеке кәсіпкерлік туралы Заңның 18-бабының 3- тармағы).

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның бір үстанымы ретінде **жеке кәсіпкерліктің мүдделерін** қозғайтын **нормативтік құқықтық актілер жобаларын сұрыптауға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы үстанымы** аталған (осы заңның 4-бабының 2-тармағы, 4-абзацы). Бұл үстанымның мәні мынада: орталық мемлекеттік және жерпшікті атқару органдары сараптау қорытындыларын алу мақса- тында сараптау кеңестері арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредитивтелген бірлестіктеріне жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жолдайды. Оның үстіне жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық акт жобасында міндетті түрде нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының азайғанын және (немесе) көбейгенін растайтын есептеменің нәтижелері көрсетілуге тиіс. Жеке кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу мерзімдері ҚР заңдарында белгіленетін талаптарға байланысты жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметін жүзеге асыруға дайындық жасауына қажетті мерзімдер негізге алына отырып белгіленуі керек. Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу тәртібі лмен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қандай да бір залал келтірмеуге тиіс,

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінщ мүдделерін қозғайтын норма- тивтік құқықтық актілердің жобалары, көпшіліктің қолы жететін

телекоммуникациялық желілердегі ҰЕВ-сайттарды қоса алғанда, олар тиісті органда немесе сараптау кеңесінің отырысында қаралғанға дейін міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға (тарауға) тиіс екендігі заңдарда тікелей көзделген («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 5-бабының 8-тармағы).

### 2.3. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық жүйесі

Құқықтың жан-жақты саласы ретіндегі кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық жүйесін кәсіпкерлік қатынастарға ықпал ету көлемі және сипаты бойынша өзара ерекшеленетін құқық институттары құрайды. Сонымен бірге кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық институттары оларды тудырағын нормалардың, сонымен қатар құқықтың басқа (негізгі) салаларын реттеу құралы да болып табылатынымен сипатталады. Құқық институттарын ісүқықтың кешенді саласы аясында саралау (дифференциация) құқықтық нормалардың бір немесе басқа тобының (жиынтық) қаншалықты өзгеше және дербес екендігін есепке ала отырып жүргізіледі, Құқық институттарының өздері құқық теориясында құқық саласының *жапты және ерекше* «бөлімдері» деген атау иеленген екі үлкен қауымдастыққа топтаса алады. Көпшілік мақұлдағандай, жалпы белімді құқықтың бір немесе басқа саласының мәнін, оның негіз болып табылатын идеялары мен бастауларын көрсететін институттар, ал ерекше бөлімді құқықтың жеке бір саласының өзіндік жекелеген ерекшеліктерін көрсететін институттар құрайды.

Демек, кәсіпкерлік құқықтың жалпы бөлші кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың негізгі бастауларын және кәсіпкерлік қатынастарды реттеудің негізгі ұстанымдарын айқындайтын институттар және нормалардан тұрады. Атап айтқанда, кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың жалпы бөлімі жүйесіне оның құқықтың кешенді саласы ретіндегі мәнін ашып көрсететін төмендегі құқық нормаларының жиынтығы (құқық институттары) кіреді: кәсіпкерлік қатынастар, кәсіпкерлік құқық субъектілері; банкроттық (дәрменсіздік); кәсіпкерлік қызмет (түсінігі, белгілері, түрлері мен формалары); кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу; кәсіпкерлік шарт; кәсіпкерлік қызмет саласына жауапкершілік; кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау (қорғаудың формалары және тәсілдері). Сонымен қатар кәсіпкерлік құқықтың жалпы бөлімінде кәсіпкерлік құқықты заңды реттеу құралы мен әдісі, кәсіпкерлік құқық ұстанымдары, кәсіпкерлік құқық көздері, кәсіпкерлік құқық жүйесі және тұтас құқық саласы үшін маңызды болып саналатын басқа да мәселелер көрініс тапқан.

Ерекше бөлімнің басқаша арнайы құқық институттары деп аталатын құқық нормаларының жиынтығы (институттар) *қатынас-тардың жекелеген аспектілерін немесе түрлерін* реттеуге арналған. Сол себепті кәсіпкерлік құқықтың ерекше бөлімін мынадай құқық нормаларының жиынтығы құрайды: биржа қызметін құқықтық реттеу; инвестициялық қызметті құқықтық реттеу; сыртқы экономикалық қызметті ісүқықтық реттеу; банк қызметін құқықтық

реттеу; көлік қызметін құқықтық реттеу; сақтандыру қызметін құқықтық реттеу; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін құқықтық реттеу. Кәсіпкерлік құқықтың ерекше бөлімі жүйесіне сонымен қатар кәсіпкерлік шарттардың жекелеген түрлері, оның ішінде сыртқы экономикалық мәмілелер, биржа мәмілелері, жер қойнауын пайдалану саласындағы кәсіпкерлік шарттар кіреді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың құқық жүйесінде алатын орны қандай?
2. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықты заңды реттеу құралы қандай қатынастардан тұрады?
3. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықты заңды реттеу әдістерін сипаттаңыз.
4. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың жалпысаяалық және салалық қатынастарының арақатынасы қандай?
5. Жеке кәсіпкерлік еркіндігі және оны қорғау мен қолдау ұстанымының мазмұнын ашып көрсетіңіз.
6. Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу ұстанымы неден көрінеді?
7. Бәсекелестік еркіндігі және монополистік қызметті шектеу ұстанымының маңызы қандай?
8. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау ұстанымының ерекшеліктері қандай?
9. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық жүйесі ұғымын түсіндіріңіз.
10. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерін құрайтын құқықтық нормалар жиынтығын (институт) атаңыз.

### 3- тарау, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПкерлік Қызметті Құқықтық Реттеу Негіздері

#### 3.1. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметі туралы заңдары: құрылу және даму кезеңдері

§ 1

Қазақстанның кәсіпкерлік қызметі туралы заңдарының қалыптасуы XX ғасырдың 80 жылдарындағы кеңес заманында-ақ, кооперациялық қозғалыстың және сыртқы экономикалық қызметтің пайда болуына жеткізген «қайта құру» деп аталатын кезеңде басталғайы КСРО-ның 1986 ж. қарашаның 19-ында қабылданған Жеке еңбек қызметі туралы» Заңы және 1988 ж. мамырдың 26-сында қабылданған «КСРО-дағы кооперация туралы» Заңы шаруашылық қызметтің субъектілері ретіндегі азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке еңбек қызметін іске асырудың құқықтық негіздерін айқындап берді. КСРО Министрлер Кеңесінің 1988 ж. желтоқсанның 2-індегі № 1405-ші «Мемлекетші, кооперациялық және басқадай қоғамдық кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметін ары қарай дамыту туралы» Қаулысы ең маңызды міндет ретінде кәсіпорындардың, бірлестіктердің, өндірістік



кооперативтердің және басқадай ұйымдардың валюталық өзін-өзі ақтау, социалистік іскерлікті дамыту ұстанымдарында сыртқы экономикалық қызметтің әртүрлі формаларына белсенді қатынасуы үшін қажетгі шарттар құру міндегін белгіледі. КСРО Министрлер Кеңесінің

1989 ж. наурыздың 7-індегі № 203-ші «Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу туралы» Қаулысы арқылы сыртқы экономикалық байланыстардың қатысушыларын тіркеуді; КСРО-ның мемлекеттік шекаралары арқылы өтетін тауарлар мен басқадай мүліктерді мағлұмдауды; жалпы мемлекеттік маңызы бар жекелеген тауарлардың экспорты мен импорты тәртібін; сыртқы экономикалық байланыстарды тікелей реттеу шараларын қамтыған сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу жүйесі белгіленді.

Жоғарыда аталған нормативтік актілер шаруашылық (оның ішінде сыртқы экономикалық та) қызмет саласындағы реформаларды жүзеге асыруға және кәсіпкерлік заңдар жүйесін құруға көшу мәселесін айқындады. 1987 ж. қазанындағы деректер бойынша КСРО-да 12 бірлескен кәсіпорын құрылған, ал 1989 ж. мамырдың 15-іне дейін 448 бірлескен кәсіпорын (олардың 386-сы капиталистік және дамушы елдердің қатысуымен құрылған), 22 халықаралық бірлестік, 2 бірлескен ұйым және бірлескен шаруашылық ұйымдарының 49 филиалы тіркеліп үлгіген.<sup>1</sup>

Халықаралық-құқықтық салада сонымен қатар түбегейлі өзгеріс-тер орын алды: КСРО капиталистік деп аталатын елдермен ірі қаржы салуды өзара қолдау және өзара қорғау туралы екіжақты келісімдер жасай бастады

1989-1990 жж. ішінде ірі қаржы салымдары (оларға қатысты Ресей Федерациясы мемлекеттердің шарттарға байланысты құқықтық мирасқорлық туралы халықаралық нормаларды басшылыққа ала отырып, құқықтарын жүзеге асырып және міндеттерін орындауды жалғастырып келеді)<sup>2</sup> бойынша қолдау және өзара қорғау туралы шетелдік мемлекеттермен 14 келісім жасалды. Атап айтқанда: Финляндия Республикасы, Бельгия Корольдігі және Люксембургі іні Ұлы Герцогтігі, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі, Германия Федерациялық Республикасы, Франция Республикасы, Канада, Италия Республикасы, Нидерланды Корольдігі, Австрия Республикасы, Испания, Швейцария Федералдық Кеңесі және басқа елдердің Үкіметтерімен келісімдер жасалды.<sup>3</sup>

Маңызы аз емес фактілердің бірі мынау: халықаралық қаржы жүйесінің тірегі - қайта құру мен дамудың Еуропа банкі (ҚҚДЕБ) 1990

ж. бұрынғы КСРО мемлекеттерінде, Орталық Және Шығыс Еуропа елдерінде кәсіпорындарды жекешелендіруге және мемлекет иелігінен шығаруға, оларды қайта құру және жаңартуға көмек ете отырып, нарықтық экономикаға көшуге мүмкіндік туғызу мақсатында құрылды. Басқа да халықаралық қаржы институттары сияқты (мысалы, ҚҚХБ, ХВҚ, ҚҚДЕБ де) мақсатты инвестициялары бар даму бағдарламаларын әзірлеу барысында кеңес беру

---

Деньги, кредит, банки: оқулық. // О.И.Лаврушиннің басшылығымен, - М, Қаржы және статистика, 1998. 260-бет.

(консультациялық) қызметін көрсетеді.

Шаруашылық қызметтің қалыптасқан қауырт дамыған жағдайын - да Қазақ КСР-інің 1990 ж. желтоқсанның II-інде «Қазақ КСР-інде шаруашылық қызметті және кәсіпкерлікті дамыту еркіндігі туралы» Заңының қабылдануы алдын ала шешіліп қойды (соған ұқсас заң актілері соя кезде барлық одақтық республикаларда қабылданды). Аталған заң алғаш рет кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі ұстанымын жариялады және Қазақ КСР-і азаматтарының кәсіпкерлік қызметіне азаматтығы жоқ тұлғалардың, ҚР заңды тұлғаларының, шетелдік жеке және заңды тұлғалардың араласуына рұқсат берді. Қазақ КСР-інің 1990 ж. желтоқсанның 7-індегі «Шетелдік инвестициялар туралы» Заңы республикада ашық тұрпаггы экономиканы қалыптастыруға бағытталды және ол елді тезірек злемдік практикада жалпы қабылданған шаруашылық жүргізу ұстанымдарына көшіруге септігін тигізуге тиіс болды. Сол кезеңде Қазақстанда тараптары Кеңес Одағы және американдық «Шеврон» корпорациясы болып табылған алғашқы сыртқы экономикалық шарт жасалды (1993 ж. аталған шарт ҚР және «Шеврон» корпорациясы арасында қайта жасалды).

<sup>1</sup> Кәсіпкерлік заңдар дамуының **бірінші кезеңі** осы уақыттарда кәсіпкерлік субъектілері қызметінің құқықтық негізі қаланғанымен сипатталады. Оған сол кезде қабылданған: 1991 ж. маусымның 11-індегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар айналысы және қор биржалары туралы» Заңы; 1991 ж. маусымның 21-індегі «Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Зады; 1991 ж. желтоқсанның 23-індегі «Қазақ- стан Республикасындағы концессиялар туралы» ҚР Заңы; 1991 ж. желтоқсанның 25-індегі «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» ҚР Заңы және т.б. сияқты заң актідері дәлел бола алады.

Бүп кезеңде кәсіпкерлік қызметтің өркендеуі үшін 1992 ж. шіл- денің 4-інде шыққан, жеке кәсіпкерліктің негізгі формаларын және оны қорғау, қолдау тәсілдерін айқындаған, сонымен бірге жеке кәсіпкер- лікке мемлекеттің тікелей араласудан бас тарту саясатын, жеке кәсіп- керліктің барынша бостандығын, коммерциялық құпияны сақтауды және мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жеке кәсіп- керлердің құқыларын бұзуға жауапты болуын бекіткен Қазақстан Республикасының № 1543-ХІІ-ші «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңы аса маңызды құжат болды.

Заңдардың ұлттық жүйесін қалыптастыруда азаматтық заңдарды бір жүйеге түсіру (кодификация) маңызды рөл атқарды. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 ж. желтоқсанның 21-інде («Шетелдік инвестициялар туралы» ҚР Заңымен бір мезгілде) қабылданды. Ол қолданысқа енгізілген уақыттан (1995 ж. 1 наурызынан) бастап, Қазақ КСР- інің 1963 жылғы Азаматтық кодексінің кіріспесі, 1-223 баптары; КСР Одағы және республикалардың 1991 ж. Азаматтық заңдар негіздерінш 1-73 баптары күшін жойды (Азаматтық кодекстің және Азаматтық заңдар негіздерінің басқа баптары 1999 ж. шілденің 1-іне дейін, яғни ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше

бөлімі қолданысқа енгізілгенге дейін күшін жойған жоқ); 1991 жылғы Қазақстан Респуб-ликасының «Меншік туралы», «Кәсіпорындар туралы», «Кеіілдік туралы» Заңдары және Азаматтық кодекс жеке-құқықтық қатынас-тарды (оның ішінде кәсіпкерлік қатынастарды да) реттеу саласында негізгі арнайы нормативтік акт болып табылады.

- / . Сөйтіп, аталған кезең / Қазақстан Республикасында тұтастай алғанда тәуелсіз және егеменді мемлекеттің мүлдем жаңа заңдық жүйесін және оның ішінде Қазақстанның кәсіпкерлік заңдары жүйесін құру бойынша нарықтық қатынастар дамуының бастапқы кезені болып саналады. |

Кәсіпкерлік заңдардың дамуындағы екінші кезеннің басталуына Қазақстан Республикасының 11997 ж. маусымның 19-ындағы № 131-1 «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» және 1997 ж. маусымның 1-ындағы № 135-1 «Жеке кәсіпкерлік т}/ралы» Заңдарының қолданысқа енгізілуі себепші болды. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы заң шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың төмендегідей: Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамы тудың басымдық ұстанымы; шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау кешенділігі ұстанымы; шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұры-лымының және шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін іске асырылатын шаралардың қолжетерлік болуы ұстанымы; шағын кәсіпкерлікті қолдау және өркендету саласында халықаралық ынты-мақтастық ұстанымын бекітті. Жеке кәсіпкерлік туралы заң ҚР Кон-ституциясы белгілеген азаматтардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігін жүзеге асыруға, жеке кәсіпкерлік үшш мемлекеттік кепілдіктер жүйесін құруға бағытталған.

Кәсіпкерлік қатынастарға оң ықпал еткен заң актісі ретінде 1997 ж. ақпанның 28-інде шыққан мынадай: жаңа технологияларды, алдыңғы қатарлы техниканы және ноу-хауларды енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен толтыру; отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру; экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірісті дамыту; жаңа жұмыс орындарын құру; қоршаған табиғат ортасын жақсарту және басқадай негізгі міндеттерді айқындаған Қазақстан Республикасының «Тете инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңын атауға болады. Аталған актіге сәйкес, *экономиканың басымдыққа ие сектор-ларында гинвестіциялауды жүзеге асыру барысында айтарлықтай артықшы.чықтар мен жеңідіктер* (оның ішінде инвестициялық салық артықшылықтары, кеден телемдерін телеуден босату, заттай грант) берілді. Экономиканың басымдыққа ие секторлары болып: 1) өнді-рістік инфрақұрылым; 2) өңдеуші өнеркәсіп; 3) Ақмола (Астана) қаласының нысандары; 4) тұрғын үй, әлеуметтік сала және туризм нысандары; 5) ауыл шаруашылығы танылды. Мемлекет дамуы басымдыққа ие болып табылатын экономика секторларын және сол жағдайда берілетін ынталандыру және қолдау шараларын айқындады. Осының бәрі кәсіпкерлердің белсенділігін тудырып, экономиканың дамуына ықпал етті.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 1997 ж. шілденің 16-ында

шыққан, шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шаралары ретінде мемлекеттік сатып алуларды іске асыру барысында тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жекелеген түрлерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алу үшін, мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінің 10%-ын міндетті түрде резервте сақтауды жүктеген № 163-І-ші «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы (25-2-бабының

1- тармағы) белгілі бір шамада шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен жүргізілетін кәсіпкерлік қызметті ынталандырды.

Үйінші кезең өз бастауын 2006 ж. қаңтардың 31-індегі Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормаларды жүйелеген және оларды біртұтас заң актісіне біріктірген «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының қолданысқа енген мерзімінен алады. Кәсіпкерлік құқық қатынастарын реттейтін саны көп актілердің орнына Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың жалпыға ортақ бастауын белгілеген бір ғана заң актісі қабылданды.

Нәтижесінде, *біздің елімізде нарықтық қатынастарды реттейтін басты заң актісі болып табылатын Азаматтық кодексі және кәсіпкерлік туралы арнайы заң бар.* Мұндай арасалмақ кәсіпкерлік қатынастарды реттейтін құқық нормаларын біртектес қолдануға ықпал етеді және жеке-құқықтық реттеудің біртұтастығын дәлелдейді. Сонымен қатар, алдында айтылғандай, ТМД-нің жекелеген елдерінде (Украинада) Азаматтық кодекспен бірге Шаруашылық кодексі қабылданған және қолданысқа енгізілген. Дегенмен жеке құқық дуализмінің азаматтық және кәсіпкерлік заңдардың тиімділігін жетілдіруге және көтеруге ықпал ете қоюы неғайбіл. Шын мәнінде, Шаруашылық кодексі жүйеленген заң түріне айналдырылғанмен, кәсіпкерлік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін (Азаматтық кодекспен салыстырғанда, өзінің қайталама екенін ескере отырып) арнайы акт болып қала береді. Нарықтық қатынастардың дамуының осы кезеңінде кәсіпкерлік заңның даму үдерісінің міндетті түрде аяқталуы аса маңызды емес, маңыздырақ болып табылатын нәрсе **■** ол оны халықаралық стандарттарға және бүгінгі күннің талаптарына сәйкестендіру.

### 3.2. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңдары жүйесі

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңдары жүйесін ҚР Конституциясы, ҚР Азаматтық кодексі және төмендегі топтарға біріктіруге болатын басқа да нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Бірінші топқа кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың негізгі бастамаларын белгілейтін арнайы нормативтік құқықтық актілер кіреді, олар Қазақстан Республикасының: 1995 ж. мамырдың 2-індегі № 2255-ші «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңы; 1998 ж. сәуірдің 22-індегі № 220-1 «Шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңы; 2002 ж. маусымның 24-індегі № 330-Н «Кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Заңы; 2006 ж. қаңтардың 31-індегі № 124-ІІІ «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы;

2007 ж. қаңтардың 11-індегі № 214-ІІ «Лицензиялау туралы» Заңы;  
2008 ж. желтоқсанның 25-індегі № 112-ІҮ ҚРЗ «Бәсекелестік туралы» Заңы;  
ҚР Президентінің 1998 ж. сәуірдің 27-індегі № 3928-інші «Азаматтардың және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігін қорғау туралы» Жарлығы,  
ҚР Президентінің 1999 ж. мамырдың 28-індегі № 49-ыншы «Азаматтардың және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігін қорғау бойынша қосымша шаралар туралы» өкімі;  
ҚР Үкіметінің 2005 ж. сәуірдің 23-індегі № 1560-ыншы «Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы» қаулысы;  
ҚР Үкіметінің 2006 ж. маусымның 2-індегі № 496-ыншы «Кәсіпкерлік мәселелері бойынша сараптау кеңестері жөніндегі Үлгі ережелерді бекіту туралы» қаулысы;  
ҚР Үкіметінің 2006 ж. мамырдың 31-індегі № 477-інші «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін тіркеу ережелерін бекіту туралы» қаулысы және басқалары.

Екінші топқа шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы нормативтік құқықтық актілер кіреді, олар: ҚР Үкіметінің 2003 жылғы маусымның 17-індегі № 572-інші «Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметіне тексеру жүргізуінің Ережелерін бекіту туралы» қаулысы;  
ҚР Үкіметінің 2003 ж. сәуірдің

4-індегі № 327-ші «Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне республикалық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын нысандарын мүлктік жал- дауға немесе соңынан қайтарымсыз меншікке алу құқымен сенімдік басқаруға беру Ережелерін бекіту туралы» қаулысы;  
ҚР Үкіметінің 2005 ж. мамырдың 12-індегі № 450-інші «Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарыша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша жеделдетілген шаралар Бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы және басқалары.

Үшінші топты инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы актілер - Қазақстан Республикасының: 2001 ж. шілденің 9-ындағы № 225-ІІ «Ғылым туралы» Заңы; 2006 ж. наурыздың 23-індегі № 135-ІІІ «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы;  
ҚР Президентінің 2006 ж. наурыздың 16-ындағы № 65-інші «Қазақстан Республикасы индустриялық-инновациялық саясаты аясын- да ұлттық экономиканың бәсекелестікке қабілетін ары қарай көтеру бойынша мемлекеттік шаралар туралы» Жарлығы;  
ҚР премьер-министрінің 2006 ж. шілденің 17-індегі № 206-о «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» өкімі және басқалары құрайды.

Төртінші топты тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы актілер - Қазақ КСР-інің 1991 ж. маусымның 5-індегі № 640-ХІІ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы;  
Қазақстан Республикасының: 1998 ж. шілденің 9-ындағы № 272-І «Табиғи моно- полиялар туралы» Заңы; 2001 ж. мамырдың 8-індегі № 197-ІІ «Тұтынушылар кооперативі туралы» Заңы; 2003 ж. сәуірдің 8-індегі № 404-ІІ «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтынушылар кооперативі туралы» Заңы; 2004 ж. сәуірдің 8-індегі, № 543-ІІ «Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі туралы» Заңы; ҚР премьер-министрінің

1999 ж.

қазанның 21-індегі № 151-р «Қазақстан Республикасында тұтыну- шылар құқықтарын қорғау бойынша нормативтік *қиықтық* базаны жетілдіру мәселелері» туралы өкімі және басқалары құрайды.

Бесінші топқа отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету туралы актілер - Қазақстан Республикасының: 1998 ж. желтоқсанның 28-індегі № 337-1 «Тауарлар импорты кезінде ішкі нарықты қорғау шараяры туралы» Заңы; 1999 ж. шілденің 13-індегі № 421-1 «Демпингке қасы шараяар туралы» Заңы; 1999 ж. шілденің 16-ындағы № 441-1 «Субсидиялар және етем шаралары туралы» Заңы; 2001 ж. қаңтардың 19-ындағы № 146-11 «Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы» Заңы; 2002 ж. мамырдың 16-ындағы № 321-II «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы; ҚР Үкіметінің 1998 ж. қарашаның 13-індегі № 1162-інші «Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы» қаулысы; ҚР Үкіметінің 2000 ж. қыркүйектің 12-індегі № 1384-інші «Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары аясында кредиттелетін инвестициялық жобаларды таңдау Ережелері туралы» қаулысы және басқалары кіреді.

Алтыншы топты кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер — Қазақстан Респуб- ликасының: 1995 ж. сәуірдің 5-індегі № 2170-інші «Тауар биржалары туралы» Заңы; 1995 ж. тамыздың 31-індегі № 2444-інші «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңы; 1998 ж. наурыздың 31-індегі № 214-інші «Паруа (фермерлік) қожалығы тура- лы» Заңы; 1998 ж. қарашаның 20-ындағы I» 304-1 «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы; 2000 ж. қарашаның 30-ындағы III 109-11 «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызмст; туралы» Заңы; 2000 ж. желтоқ- санның 18-індегі № 126-11 «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы; 2001 ж. маусымның 13-індегі № 212-II «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы; 2001 ж. шілденің 16-ындағы № 242-II «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңы; 2003 ж. қаңтардың 8-індегі 373-11 «Инвестициялар туралы» Заңы; 2003 ж. шілденің 2-індегі IЧа 461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы; 2004 ж. сәуірдің 12-індегі №544-11 «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңы; 2005 ж. маусымның 13-індегі № 57-III «Валюталық реттеу және валютаяық бақылау туралы» Заңы; 2006 ж. шілденің 7-індегі № 180-III ҚРЗ «Түргын үй құрылысындағы үлес қосу туралы» Заңы; 2007 ж. шілденің 26-ындағы № 310-111 «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және сонымен жасалатын мәмілені мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңы құрайды.

Жетінші топқа кәсіпкерлік қызметтің жекелеген аспектілерін реттейтін жалпы сипаттағы нормативтік құқықтық актілер - Қазақстан Республикасының: 1997 ж. шілденің 16-ындағы № 167-1

Қылмыстық кодексі; 2001 ж. қаңтардың 30-ындағы № 155-ІІ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі; 2003 ж. сәуірдің 5-індегі № 401-ІІ Кеден кодексі; 2008 ж. желтоқсанның 10-ындағы № 99-ІV ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» кодексі (Салық кодексі); 1994 ж. қыркүйектің 21-індегі № 156-ХІІІ «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңы; 1995 ж. сәуірдің 17-індегі № 2198-інші «Завды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеу туралы» Заңы; 1995 ж. маусымның

19-ындағы Ке 2335-інші «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заңы; 1999 ж. шілденің 16-ындағы № 427-І «Қазақстан Республикасының патент заңы»; 1999 ж. шілденің 26-ындағы № 456-І «Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шыққан орындары туралы» Заңы; 2003 ж. мамырдың 13-індегі № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы біріктірілуі мүмкін.<sup>4</sup>

Сонымен қатар/Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызмет туралы заңдары жүйесіне ҚР халықаралық шарттары кіреді (өйткені халықаралық құқықтың жалпыға ортақ ұстанымдары мен нормалары және ҚР халықаралық шарттары оның құқық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады). Кәсіпкерлік қызметті реттеуге тікелей байланысты саны көп шарттардың ішінен сатып алу-сату туралы материалдық- құқықтық нормаларды халықаралық сәйкестендіру болып табылатын тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарты туралы 1980 жылғы БҰҰ Конвенциясын (Вена конвенциясын), «Мемлекеттер және шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу тәртібі туралы» 1965 жылғы Вашингтон Конвенциясын (соған сәйкес инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі Халықаралық орталық (ИКСИД) құрылған) және т.б. бөліп атауға болады. /

/Аймақтық сипаттағы халықаралық шарттардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: «Мемлекеттерде - ТМД қатысушыларында шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту туралы» Келісім (Мәскеу қ., 1997 ж. қаңтардың 17-сі);<sup>4</sup> 1996 ж. наурыздың 29-ындағы «Мемлекеттерде — экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграцияны (ықпалдасу) тереңдету туралы Шартқа қатысушыларда шағын кәсіпкерлікпен айналысу үшін қолайлы жағдайлар туғызу туралы» Келісім (Мәскеу қ., 1998 қарашаның 24-і)/ Кедендік одақ және Біртұтас экономикалық кеңістік құруды құқықтық қамтамасыз ету туралы Келісім (Мәскеу қ., 1999 ж. қазанның 26-сы); Мемлекеттер - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) қатысушыларының тұтыну- шылар құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары туралы Келісім (Мәскеу қ., 2000 ж. қаңтардың 25-і)<sup>5</sup> және басқалары

Осымен қатар кәсіпкерлік қатынастарды реттеуде екіжақты халықаралық келісімдердің айтарлықтай маңызы бар. Атап айтқанда:

<sup>4</sup> ҚР Үкіметінің 1998 ж. желтоқсанның 02-індегі № 1222-қаулысымен бекітілген.

<sup>5</sup> ҚР Үкіметінің 2000 ж. тамыздың 04-індегі № 1197-қаулысымен бекітілген.

1) Қазақстан Республикасының инвестицияларды өзара қолдау және қорғау туралы екіжақты келісімдері (ҚР және ГФР арасындағы ірі қаржы салуды өзара қолдау және қорғау туралы Шарты, Бонн қ., 1992 ж. қыркүйектің 22-сі);" ҚР және Түркия Республикасы арасындағы инвестицияларды қорғауға өзара жәрдемдесу туралы Келісімі (Алматы қ., 1992 ж. мамырдың 1-і); Инвестицияларды өзара қолдау және қорғау туралы ҚР және Нидерланды Корольдігі арасындағы Келісім (Гаага қ., 2002 ж. қарашаның 22-і) және т.б.<sup>6</sup>

2) қосарлы салық салынуын болдырмау туралы келісім (ҚР Үкіметі АҚШ Үкіметі арасындағы қосарлы салық салынуын болдырмау және табыстар мен капиталға салынатын салыққа қатысты салық төлеуден жалтарудың алдын алу туралы жасалған Конвенция. Алматы қ., 1993 ж. қазанның 24-і); ' ҚР Үкіметі және Қытай Республикасы Үкіметі арасындағы қосарлы салық салынуын болдырмау және табыстар мен капиталға салынатын салыққа қатысты салық төлеуден жалтарудың алдын алу туралы жасалған Келісім (Астана қ., 2001 ж. қыркүйектің 12-сі);<sup>7</sup> ҚР Үкіметі мен Малайзия Үкіметі арасындағы қосарлы салық салынуын болдырмау және табыстарға салынатын салыққа қатысты салық төлеуден жалтарудың алдын алу туралы жасалған Келісім (Кузда-Лумиур. 2006 ж. маусымның 26-сы," ҚР Үкіметі мен Сингапур Республикасы Үкіметі арасындағы қосарлы салық салынуын болдырмау және табыстар мен капиталға салынатын салыққа қатысты салық төлеуден жалтарудың алдын алу туралы жасалған Келісім (Сингапур, 2006 ж. қыркүйектің 19-ы).<sup>8</sup>

3) бейбітшілік және ынтымақтастық туралы шарттар (оның ішінде экономика саласындағылар да - ҚР Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы Келісім (1997 ж. қарашаның 11-і);' Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы экономика және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім (Мадрид Қ., 1994 ж. наурыздың 23-і);<sup>9</sup> ҚР Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы ынтымақтастық және кеден істеріндегі өзара көмек туралы Келісім (Анкара қ., 2003 ж. мамырдың 22-сі)<sup>10</sup> және басқалары.

Өзін-өзі бақылауға арналған сурактар:

1. Қашан және қандай себептерге байланысты Қазақстанның кәсіпкерлік қызмет туралы заңы қалыптаса бастады?

---

<sup>6</sup> Қазақстанның 2007 ж. мамырдың 08-індегі № 250-III Заңына сәйкес бекітілген.

<sup>7</sup> Қазақстанның 2003 ж. маусымның 02-індегі № 421-III Заңына сәйкес бекітілген,

<sup>8</sup> Қазақстан Республикасының 2007 ж. мамырдың 29-ындағы № 256-III Заңына сәйкес бекітілген.

ҚР Президентінің 1995 ж. сәуірдің 26-ындағы № 2239-шы Жарлығымен бекітілген. Заңкүшіне 13.10.1997 ж. енді.

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасының 2004 ж. шілденің 09-ындағы № 582-III Заңына сәйкес бекітілген.



2. Сырғқы экономикалық қызметте қандан өзгерістер орын алды?
3. Алғаш рет Қазақстанда кәсіпкерлік қызмет еркіндіі қашан жария етілді?
4. Қазақстанның кәсіпкерлік заңы дамуының алғашқы кезеңін сииаттаңыз
5. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік заңының екінші кезеңінің өзіндік ерекшеліктері неде?
6. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік заңының екінші кезеңінің ерекшеліктерін тусіндіріңіз.
7. Қазақстан Республикасына жеке құқықтың қандай жүйесі тән?
8. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңы жүйесін құрайттын негізгі нормативтік құқықтық актілерді атаңыз.
9. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңы жүйесіне қандай халықаралық шарттар кіреді?

#### 4-тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ (ҰҒЫМЫ, ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ)

##### 4.1. Кәсіпкерлік қызмет ұғымы және белгілері

Кәсіпкерлік адам қызметі салаларының бірі болып табылады, ал *кәсіпкерлік қызмет* — бұл *кәсіпкерлікті ұйымдастыру және іс жүзге асыру бойынша орындалатын әрекеттер жннынтығы*. Кәсіпкерліктің өркендеуінің алғышарты болып тауар-ақша қатынастары, ел және аймақ экономикасының орнықты дамуының экономикалық заңдылықтарын жанама түрге айналдыратын объективті экономикалық заңдар саналады.

Кәсіпкерлік қызмет - бұл *шаруашылық қызметтің кәсіпкерлік қызмет субъектісінің пайда (табыс) табуға бағытталған өз бетінше жүргізетін бастамашылық қызметі бопып табылатын түрі*. Өз кезегінде, *шаруашылық қызмет* - ол тауарлар өндіру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік билік және басқару органдары, сонымен қатар шаруашылық жүргізуші субъектілер тағайындаған ережелерге сай жүзеге асырылатын экономикалық қызмет түрлерінің бірі. *Әсіресе қызмет* - бұл өндірісті, сауда-саттықты, көлік, қызметтер, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б. ұйымдастыруға бағытталған экономика саласындағы кез келген қызмет. Экономикалық қызмет өндірісті, бөлуді, айырбастауды және тұтынуды қосқандағы материалдық және рухани игіліктер үдерісінен көрініс табады.

Егер осы ұғымдарды салыстыратын болсақ, онда төмендегіні айқындауға болады: *кәсіпкерлік қызмет - кәсіпкерлік тәуекелге иегізделген және жүйелі түрде пайда (табыс) табуға бағытталған шаруашылық қызмет*. Шаруашылық қызмет - кәсіпкерлік қызметке қарағанда кеңірек ұғым, өйткені оны іс жүзіне асыру үшін кәсіпкердің ерекше мәртебесі болғаны талап етілмейді, онымен коммерциялық емес ұйымдар да айналыса алады (егер бұл олардың мақсат-мұраттарына сай келсе және заңға қайшы болмаса). *Экономикалық қызмет - бұл өте терең ұғым, ол барлық тауар өндірісін қамтиды және адамның қажеттіліктерін өтеуге, оның өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған*, Экономикалық қызмет экономика саласында заң жолымен іс-әрекет жасауға қабілетті кез келген тұлға, заңды тұлға мәртебесі жоқ кейбір ұжымдық құрылымдар, көпшілік құрылымдар, сонымен қатар, тұтастай алғанда, қоғам мүшелері алынатын экономикалық табыс есебінен материалдық және рухани (материалдық емес) игіліктер жасау, жеке адамның әртүрлі мұқтажықтарын қанағаттандыру мақсатында айналыса алатын жалпы пайдалы (әлеуметтік) қызмет түрі болып табылады.<sup>1</sup>

Қазақстан Республикасы заңдарында «кәсіпкерлік қызмет» түсінігінің орнына «кәсіпкерлік» деген термин енгізілген (соған сәйкес мемлекеттік және жеке кәсіпкерлік деп ажыратылады). Сөйтіп, «жеке кәсіпкерлік» деп жеке кәсіпкерлік субъектілерінің табыс табуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің мениагіне негізделген және олардың тәуекелдері

мен мүліктік жауапкершілігі үшін жеке кәсіпкерлік субъектілері атынан жүзеге асырылатын бастамашылық қызметің айтамыз («Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңы 1-бабының 5-тармағы). Сондықтан заң шығарушы жеке кәсіпкерліктің белгілері ретінде мыналарды атайды: 1) бастама-шылық; 2) табыс табу; 3) меншіктің болуы; 4) кәсіпкердің тәуекелі; 5) кәсіпкердің дербес мүліктік жауапкершілігі.

Сол себепті кәсіпкерлік қызметтің заңдық белгілері қатарына төмендегілерді жатқызу керек: 1) кәсіпкерлік қызметтің бастамашылығы және дербестігі; 2) меншіктің болуы; 3) тәуекел сипаты; 4) пайда (табыс) алуға деген мүдделілік.

*Кәсіпкерлік қызметтің бастамашылығы мен дербестігі:* кәсіпкердің жұмыс бағыттары мен әдістерін таңдау еркіндігі, шешімдерді тәуелсіз қабылдауы, әлдекімдердің жеке істерге жосықсыз араласуына жол бермеуі, құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруы, олардың сақталуын, сот арқылы қорғалуын қамтамасыз етуі дегенді білдіреді. Кәсіпкер кез келген заңға қайшы келмейтін келісім талаптарын өз қалауы бойынша айқындап алуға, езінің құқықтары мен міндеттерінің ауқымын белгілеуге құқылы. Оған қоса, кәсіпкердің бастамашылығы мен дербестігі оның жеке тәуекелінде және ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес жоғары деп танылатын (себебі, кәсіпкердің кінәсіне байланыссыз орын алады) жеке мүліктік жауапкершілігінде көрініс табады. Кәсіпкерді жауапкершіліктен босататын жалғыз негіз жеңе алмайтын тетенше күш (форс-мажор) жағдайлары болып табылады. Ақыр соңында, кәсіпкердің қызметі заңмен (бірақ мемлекеттің дара құзырына жатқызылған мәселелер (конституциялық құрылыс негіздерін, басқа адамдардың адамгершілігін, денсаулығын, құқықтарын және заңды мүддесін қорғау, елдің қорғанысын және мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ету) бойынша ғана) шектелуі мүмкін.

*Меншіктің болуы* кәсіпкердің өз қызметін жүзеге асыруының негізі болып табылады. ҚР Конституциясының 26-бабының 4-тарма-

Предпринимательское право России: учебник. / В.С.Белых, Г.Э.Берсункаев, С.И.Винкиченко және басқалары. / Жауапты ред. - В.С.Белых. - М.: Проспект, 2008. 16-б.; К.К.Лебедев. Предпринимательское и коммерческое право: системные аспекты (предпринимательское и коммерческое право в системе права и законодательства, системе юридических наук и учебных дисциплин). СПб, 2002. 55-б.

ына сәйкес, кез келген адам өзінің мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін пайдалануға құқылы. Сонымен бірге белгілі бір мүлікті иелену кәсіпкерлік қызметпен айналысуға мүмкіндік береді, яғни кәсіпкерлік қызметі жүзеге асыруға қажетті шарт болып табылады. ҚР Азаматтық кодексі айқын бекіткендей, меншік құқымен шаруашылық жүргізу немесе тікелей басқару үшін оқшау мүлкі бар ұйым заңды тұлға деп танылады (33-баптың 1-тармағы), сондықтан оқшау мүлктің болмауы қандай да бір ұйымның заңды тұлға, тиісінше кәсіпкерлік қызмет субъектісі деп танылмауына себеп болады.

Кәсіпкерлік қызметтің *тәуекелдік сипаты* нарықтық қатынастардың өзіндік ерекшеліктеріне негізделген. Кәсіпкерлік қызметтің тәуекелдігіне

контрагенттің келісім-шарт міндеттерін орындамауы немесе қанағаттанғысыз дәрежеде орындауы сияқты, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүлікті, құрту немесе бүлдіру де, кәсіпкерлік қызметтен мүмкіндігінше пайда, табыс ала алмау да жатады. Сол себепті кәсіпкерлік қызметті іе жүзіне асыру бойынша барлық жауапкершілік кәсіпкерге жүктеледі. Тәуекелдік ұғымы мүмкін болатын шығын түсінігіне байланысы, оның үстіне кәсіпкерлік қызметте мұндай шығындардың туу табиғатының ешқандай маңызы жоқ, яғни бұл шығындар кездейсоқ, абайсызда пайда болды ма, біреудің жауапкершіліксіздігінен немесе қасақана әрекетінен туды ма, - оның бәрі есепке алынбайды. Келтірілген шығындардың орнын белгіденген тәртіппен толтыру мүмкіндігі тұрғысынан ғана бұл маңызды бола алады.

Кәсіпкерлік қызметтің маңызды белгісі *пайда, табыс табу, өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізу* болып табылады. Пайда ақша қаражаттары түрінде де, басқадай материалдық және нематериалдық емес құндылықтар түрінде де болуы мүмкін. Бұл салынған капитал пайыздары, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан түскен үлес немесе тұтас пайда болуы да мүмкін. Табыс табу кез келген түрдегі еңбекке қатысуға, оның ішінде өз капиталын да қатыстыруға байланысты болады. Бұл табыстарды пайдалану көлемін және мүмкіндіктерін ешкім де, ештеңе де шектей алмайды, кәсіпкер кәсіпкерлік қызметтен тапқан гайдасының салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті телемдерден қалған бөлігін өз бетінше пайдалануға құқылы.

Айтарлықтай маңызға ие (бірақ қолданыстағы заңдарда бекітіл- меген) тағы бір белгісі ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың *жүйелілігін* атауға болады. Кәсіпкерлік қызметтің жүйелілігі аталған қызмет біржолғы сипатта емес және ұзақ мерзім немесе тіпті шектеусіз уақыт ішінде іске асырыла алады дегенді білдіреді. Ондай кезде кәсіпкерлік қызметтің мазмұнын құрайтын іс жүзіндегі нақты әрекет- тер пайда табуға және мүлікті пайдалану, тауарлар сату, жұмыстар орындау немесе қызметтер көрсету болып табылатын түпкілікті кәсіпкерлік нәтижелерге жетуге бағытталуға тиіс.

Ақыр соңында, кәсіпкерлік қызметтің белгісі деп. оның *жария* (заңдастырылған) *сипатын*. яғни кәсіпкерлік қызмет субъектісінің тиісті мемлекеттік органдарда кәсіпкердің: заңды тұлға немесе заңды тұлға құрамы, азамат-кәсіпкер, жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі нәтижесінде иеленетін ресми мәртебесі болуын айтуға болады. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік тіркеусіз де атқаруға болғанмен, алайда аталған тұлғалар солай-ақ кәсіпкер бола алмайды, керісінше, заңсыз кәсіпкерлік, яғни тіркеусіз немесе арнайы рұқсатсыз (лицензиясыз) жүзеге асырылған кәсіпкерлік үшін, мұндай рұқсат (лицензия) алу міндетті болып саналатын немесе лицензиялау шарттары бұзылған жағдайда немесе қызметтің тыйым садынан түрлерімен айналысу, егер бұл әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе немесе ірі көлемде табыс табуға немесе акцизді тауарларды елеулі көлемде өндіру, сақтау немесе сатуға байланысты болса, заңсыз әрекет ретінде жауапқа тартылуы мүмкін (ҚР ҚК-нің 190-бабы).

#### 4.2. Кәсіпкерліктің формалары мен түрлері

Жеке және мемлекеттік кәсіпкерлік Қазақстан Республикасын- дағы кәсіпкерліктің негізгі формалары болып табылады. ҚР Азаматтық кодексі меншік түріне қарай жеке және мемлекеттік кәсіпкерліктің аражігін ажыратып көрсетеді - жеке кәсіпкерлік жеке меншікке, ал мемлекеттік меншік мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылықпен басқару құқына негізделген (ҚР АҚ 10-бабының 1-тармағы). Мемлекеттік кәсіпкерлік деп мемлекеттің өзінің кәсіпкерлік қызмегін емес, а *шаруашылық жүргізу құқы бар мемлекеттік кәсіпорындар іске асыратын кәсіпкерліктг* түсіну керек. Мемлекет кәсіпкерлік қызмет субъектісі бола алады және екі қасиетте: кәсіпкерлік қатынастарды реттеуші (сатылас қатынастар) және кәсіпкерлік қатынастардың жай қатысушысы (деңгейлес қатынастар) ретінде әрекет етуі мүмкін. Соңғы жағдайда дәл сол мемлекеттік кәсіпкерлік туралы сөз болып отыр. Демек, мемлекеттік кәсіпкерліктің негізгі ұйымдық-құқықтық формасы мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

Сонымен бірге шаруашылық жүргізу құқы бар кәсіпорындар ғана құра алатын еншілес кәсіпорындар да кәсіпкерлік қатынастардың қатысушысы бола алады (1995 жылғы маусымның 19-ындағы № 2335 «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» ҚР Заңының 46-бабы).

Ақырында, мемлекеттік меншік түріне байланысты мемлекеттік кәсіпорындарды төмендегідей түрлерге бөлуге болады: 1) республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (яғни республика меншігіндегі кәсіпорындар); 2) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар (коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар) («Мемлекеттік кәсіпорындар туралы» Заңның 1-бабы, 2-тармағы).

Сонымен қатар мемлекеттік кәсіпкерліктің ерекше ұйымдық- құқықтық формалары болып ұлттық компаниялар және ұлттық холдингтер әрекет етеді. ҚР Үкіметінің шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке тиесілі және заңмен көзделген жағдайларды есепке алмағанда (2003 ж. мамырдың 13-інде шыққан № 415-11 «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 34-бабы), ұлттық экономиканы құрамдас бөліктерін құрайтын стратегиялық маңызды салаларда қызмет ететін акционерлік қоғамдар ұлттық компания болып саналады. Құрылтайшысы және жалғыз акционері ҚР Үкіметі болып саналатын, ұлттық компаниялар мен басқадай акционерлік қоғамдардың меншік күйдімен иеленген акциялар пакеттерін тиімді басқару үшін құрылған акционерлік қоғам ұлттық холдинг болып табылады.

Кәсіпкерлік қатынастардың қатысушылары қатарына ұлттық басқарушы компанияларды және ұлттық даму институттарын жатқызу керек. Ұлттық басқарушы компания болып құрылтайшысы және жалғыз акционері ҚР Үкіметі болып табылатын, негізгі мақсаты ұлттық даму институттары және басқа да заңды тұлғалардың меншік құқымен иеленген акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) тиімді басқару болатын акционерлік қоғам саналады. Ұлттық даму институттары - бұлар қызметінің негізгі мақсаты *индустриялық-инновациялық* даму және кәсіпкерлік саласында жобаларды жүзеге асыру

болып табылатын акционерлік қоғамдардың ұйымдық-құқықтық формасында ҚР Үкіметінің шешімімен құрылған қаржылық, консалтингтік, инновациялық, сервистік ұйымдар.

Аяқтай келе, кәсіпкерлік қызметті тек коммерциялық заңды тұлғалар ғана емес, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдар (мемлекеттік мекемелер) да жүзеге асыра алатынын атап өткен жөн.

Жеке кәсіпкерлікті екі негізгі түрге - заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлігі (мемлекеттік емес заңды тұлғалардың кәсіпкерлігі) және жеке тұлғалардың заңды тұлға құрмаған кәсіпкерлігі (жеке кәсіпкерлік) деп бөлуге болады.

*Жеке кәсіпкерлік турлеріне* дара және бірлескен кәсіпкерлік жатады. Дара кәсіпкерлікпен меншік құқымен өзіне тән мүлік негізінде, сонымен бірге мүлікті пайдалануға және (немесе) билеуге басқадай құқы бар («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 7-бабы, 2-тар- мағы) бір жеке тұлға айналысады.

Бірлескен кәсіпкерлікпен оларға ортақ меншік құқымен берілген мүлік негізінде және мүлікті ортақ пайдалануға және (немесе) билеуге басқадай құқы бар («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 7-бабы, 2-тар- мағы) жеке тұлғалар тобы айналысады.

Бірлескен кәсіпкерлік формаларына мыналар жатады:

1) ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;

2) шаруа (фермерлік) қожалығының немесе жекешелендірілген тұрғынжай негізінде жүргізілетін отбасылық кәсіпкерлік;

3) жеке кәсіпкерлік ортақ үлес меншігі негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік.

Жеке кәсіпкерлікті үш түрге саралауға болады: 1) *шағын кәсіпкерлік* (шағын бизнес); 2) *орташа кәсіпкерлік* (орташа бизнес); 3) *ірі кәсіпкерлік* (ірі бизнес). Бұл — әлемнің барлық дамыған еядерінде қолданылатын жалпы танымал бөлу.

«Жеке Кәсіпкерлік туралы» Заңның 6-бабы, 1-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға тек азаматтық заңмен көзделген ұйымдық-құқықтық формада құрыла алады, сол себепті коммерциялық ұйымдардың жеке кәсіпкерлігінің ұйымдық-құқықтық формалары *шируаишылық серіктестік, акционерлік қоғам және өндірістік кооператив* болуы мүмкін (ҚР АҚ 34-бабы, 2-тармағы). Коммерциялық емес ұйымдарды айтатын болсақ (мқсме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор), діни бірлестік түрінде және заң актілерімен көзделген басқадай формада (ҚР АҚ 34-бабының 3-тармағы), онда олар кәсіпкерлік қызметпен өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес қана айналыса алады.

#### 4.3. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау төмендегі бағыттар: 1) жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері бойынша заңдарды жетілдіру; 2) жеке кәсіпкерлік, бизнес-инкуба-торлар, технологиялық парктер, индустриялық аймақтар және жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да нысандарын қолдау орталықтарын құру және дамыту; 3) бюджет қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету қызметі бойынша жүргізіледі.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту формалары мыналар: 1) мемлекеттік органдар жанынан жеке кәсіпкерлікті дамыту туралы мәселелерді зерттеу және ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институттарын құру; 2) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанынан сараптау кеңестері қызметін ұйымдастыру; 3) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың қаржы институттарын құру; 4) бизнес-инкубаторлар және индустриялық аймақтар қызметін ұйымдастыру; 5) жер телімдерін, ғимараттарды, тұрғынжайларды сатуды немесе тұрғынжайларды тұрғын емес етіп ауыстыруды ҚР заңдарына сәйкес (мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жер телімдерін, ғимараттарды, тұрғынжайларды сатады немесе ҚР заңдарына сәйкес жер телімдерінің мақсатты пайдаланылуын өзгертеді немесе ҚР тұрғынжай қатынастары туралы заңына сәйкес сатып алу-сату шартына немесе қажетті инфрақұрылымға қосуға

арналған техникалық шарттар рұқсаттамасына сәйкес тұрғынжайды тұрғын емес етіп қайта жабдықтауға рұқсат береді) орындау.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамытудың тағы бір формасы жеке кәсіпкерлікті еркендету үшін, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарды қамтамасыз ететін индустриялық аймақтарды құру болып табылады. Индустриялық аймақтар төмен- дегідей міндеттерді орындау үшін құрылады: 1) өнеркәсіп саласында жеке кәсіпкерліктің жедел өркендеуіне ықпал ету; 2) жаңа өндірістер инфрақұрылымын құру және дамытуға кететін шығындарды оңтайландыру; 3) өндіріс тиімділігін көтеру; 4) хатықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуде жеке кәсіпкерліктің ақпараттық қамтамасыз етілуі маңызды рөл атқарады. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 23-бабына сәйкес тегін негізде таратуға шек қойылмаған ақпарат пен материалдарды тарату үшін, жүргізуші қолы жетерлік телекоммуникация желілерінде (Интернет және басқаларында) барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың ҰНВ-сайттар құруға және олардың жарнамаларын қамтамасыз етуге міндетті болып саналады.

Ауылшаруашылық қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне арнайы шарттар көзделген. Ауылшаруашылық қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау республикалық және аймақтық деңгейлерде жүргізіледі және оларға мемлекеттік қолдау көрсетудің мерзімдерін, келемін және шараларын белгілейтін ҚР заңдарына сәйкес реттеледі.

#### 4.4. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, мемлекеттік қолдаусыз шағын бизнес субъектілері банкроттыққа ұшырамай қоймайды, өйткені олардың әрбір 10-ының 2-3-і ғана жұмыс істеп қала алады, сондықтан шағын бизнес ең бір тәуекелді бизнес саласына жатады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дамыған елдерде інағын бизнес субъектілерін қолдау шаралары қабылданады, өйткені шағын кәсіпорындар кәсіпкерлік және бәсекелестік орта құруда және оны қолдауда үлкен рөл атқарғанмен, сонымен бірге өзінің шектеулі масштабтарына және ресурстарына бола, нарықта ірі кәсіпорындарға қарағанда, тиімсіздеу жағдайға тап болады да, олармен тең дәрежеде бәсекелесе алмайды. Сол себепті бұл елдердің мемлекеттік саясаты шағын кәсіпорындардың осындай қабілеттерін етеуге және оларға нарықта бәсекелестіктің толық құқылы субъектілері ретінде эрекет етуге көмектесуге бағытталған.

Экономикасы дамыған елдердегі шағын бизнес мәртебелерінің қатарына дәстүрлі түрде мыналар жатқызылады: 1) икемділік және шешім қабылдаудың шапшаңдығы (шағын кәсіпорын қызметіне шаруашылық саясатты анықтай отырып, өзгермеі нарық жағдайларына қатысты жеңіл талдау жасауға болады); 2) кәсіпорынның шағын көлемдері өндіріс үдерісін тұтынушылар мен нарықтың бүгінгі күнгі сұраныстарына (салықтардағы, жеңілдіктердегі



езгерістерге шапшаң бейімделу, бәсекелестік ортадағы тұрақтылық) байланысты қайта реттеу отырып, оны оңай бақылай алады; 3) кәсіпкерін ішіндегі қарапайым коммуникация байланыстары және тиісінше бұйрықтарға және өкімдерге жылдам икемделу қызметтің тиімділігін кетереді; 4) ірі істе кесірін тигізетін жеке қарым-қатынастар (байланыстар) шағын бизнесіне оның негізін құрайды және тиімділігін көтеруге көмектеседі.

Қазақстан Республикасында әлі де экономика тұрақтылығын және экономикалық есуді қамтамасыз етуге негізделген өркениетті кәсіпкерлік орта құру үшін қажетті шарттар құру міндеті тұр. Соған байланысты шағын бизнес субъектілері қызметін іс жүзіне асыру үшін жеңілдік шарттарын құру экономиканың жалпылай көтершуіне және өндірістің құлдырауын жеңуге септігі тиісетін ынталандыру болары сөзсіз.

Қазіргі таңда шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау төмендегі ұстанымдар негізінде іске асады: 1) Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту басымдығы; 2) шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі; 3) шағын кәсіпкерлікті қолдау инфра-құрылымына және шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін іске асырылатын шараларға қол жеткізу мүмкіндігі; 4) шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі: 1) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржы, статистикалық, материалдық-техникалық және ақпарат ресурстарын, сонымен қатар ғылыми-техникалық зерттеулер мен технологияларды пайдалану үшін қажетті шарттар құру; 2) шағын кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламаларын әзірлеу; 3) мемлекеттік тіркеудің және шағын кәсіпкерлік субъектілерін таратудың оңайлатылған тәртіптерін белгілеу; 4) салық салудың оңтайлы режимін тағайындау; 5) шағын кәсіпкерлікке кредит беру бағдарламаларын қабылдау; 6) шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін инвестициялар (оның ішінде шетелдік те) тарту және пайдалану; 7) мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алудың кепілді көлемін қамтамасыз ету; 8) шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін жаңа оқу және зерттеу орталықтарын, консалтинг ұйымдарын және ақпарат жүйелерін құру және бұрыннан

барларын жетілдіру жолымен мамандарды даярлауды, кайта даярлауды және олардың бiшiктiлiгiн көтерудi ұйымдастыру; 9) улттық даму институттарын құру («Жеке кәсiпкерлiк туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағы).

Шағын кәсiпкерлiктi қолдау және дамыту төмендегi жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) қаржылай қолдау көрсету;
- 2) шағын кәсiпкерлiктi қолдау орталықтары желiсiн ұйымдас- тыру;
- 3) бизнес-инкубаторлар қызметiн ұйымдастыру;
- 4) шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiне бiр жылдан астам уақыт лайдаланылмаған мемлекеттiк меншiк нысандарын сенiмдiлiкпен басқаруға және жалға беру;
- 5) шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiне өнеркәсiптiк өндiрiстi және халыққа қызмет көрсету саласын дамытуды ұйымдастыру үшiн жалға немесе сенiмгерлiкпен басқаруға берiлген нысандарды шарт жасау сәтiнен бастап бiр жыл өткеннен кейiн, ҚР Үкiметi белгiлiсiн тәрiпте шарттар орындалғая жағдайда, өтеусiз беру.

Бұл жерде мемлекеттiк қолдаудың жоғарыда аталған шаралары шағын кәсiпкерлiктiң сауда-саттық және делдалдық қызметпен айналысатын субъектiлерiне берiлмейтiнiн ерекше атап көрсеткен жөн («Жеке кәсiпкерлiк туралы» Заңның 19-бабының 2-тармағы),

Шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiне қаржылай қолдау көрсету төмендегi жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттiк қажеттiлiктер үшiн тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердiң) кепiядi көлемiн шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiнен сатып алу (тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердiң) номенклату- расы, ал олардың көлемiн жыл сайын ҚР Үкiметi белгiлейдi);
- 2) кредит берудi екiншi деңгейлi банктер арқылы ұйымдастыру;
- 3) экономика салаларында элеуметтiк маңызды жобаларды ұйымдастыру және iс жүзiне асыру үшiн мемлекеттiк гранттар беру;
- 4) арнайы инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру;
- 5) бюджет қаражаттары есебiнеi қарыз (заем) беру.

Мемлекет тарапынан шағын және орташа кәсiпкерлiк бастама- шылығын қаржылай қолдауды акцияларының бақылау пакетi ұлттық басқару холдiнгiне тиесiлi, негiзгi максаты қаржы ресурстарына қол жеткiзудi қамтамасыз ету болып табылатын арнайы қор жүзеге асырады, Арнайы қордың негiзгi мiндеттерi: жобалық қаржыландыру; шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiнiң қатысуымен микрокредит ұйым- дары желiсiн дамыту; шағын кәсiпкерлiк субъектiлерi екiншi деңгейлi банктерден кредит алған кезде олардың кепiлдiк жүйесiн құру; қаржы лизингiн дамыту; шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiн оқыту және кеңес беру (консалтинг); шағын кәсiпкерлiк субъектiлерi үшiн сапа менедж- ментi жүйесiн ендiру бойынша бiрлесе қаржыландыру операцияла- рының iрант жүйесiн дамыту; арнайы қор жарғысына сәйкес

басқа да міндеттер.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады және шағын кәсіпкерлікті өркендетуге және қолдауға бағытталған шаралар кешені болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламалары бәсекелестікке қабілетті өнім өндіруді қамтамасыз ету, сонымен қатар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне инновациялық, білім беру, қаржы және құқықтық консалтинг салаларында қаржылай, оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленеді.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау және өркендетудің *мемлекеттік бағдарламаларын* ҚР Президенті бекітеді және олар республиканың бар аумағында мемлекеттік органдар мен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып саналады. ҚР Үкіметі жыл қорытындысы бойынша ҚР Президенті алдында ҚР заңдарымен белгіленген тәртіпте шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларын іс жүзіне асыру барысында қол жеткен нәтижелер туралы есеп береді.

Мемлекет экономикасын өркендетудің басым бағыттарына және аймақ экономикасының дамуы ерекшелігіне сәйкес, жергілікті атқару органдары аймақтың экономикалық дамуы бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылатын шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың *аймақтық бағдарламаларын* әзірлейді.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламалары төмендегілерді қамтиды:

- 1) нормативтік құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар;
- 2) шағын кәсіпкерлік қызметінің басымдық түрлері;
- 3) шағын кәсіпкерлік қызметінің қолдау инфрақұрылымын құру бойынша шаралар;
- 4) шағын кәсіпкерлікті қаржылай және мүлктік қолдау бойынша кредит-қаржы шаралары;
- 5) шағын кәсіпкерлікке халықтың елеуметтік қорғалмаған топтарын тартуға бағытталған шаралар;
- 6) ірі өнеркәсіп ұйымдарының өз бизнесінің бір бөлігін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беруін ынталандыруға бағытталған шаралар;
- 7) шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік саясатты насихаттау бойынша шаралар;
- 8) шағын кәсіпкерлікті қолдау, өркендету және қорғау бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға байланысты басқа да шаралар.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіптік деңгейін көтеру мақсатында бюджет қаражаттары және ҚР заңдарымен тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері есебінен төмендегідей: 1) жеке кәсіпкерлікті жүргізу мәселелері бойынша оқу семинар-тренингтерін және ғылыми-практикалық конференциялар өткізу; 2) жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру тәжірибесі туралы әдістемелік оқу құралдарын, ақпараттық бюллетеньдер тарату; 3) аймақтарда ақпарат және консалтинг орталықтарын құру; 4) аймақтарда шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқытуды ұйымдастыру үшін менеджерлер даярлау жолдары мен *оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қолдау*

көрсетіледі,

**Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. «Кәсіпкерлік қызмет» тусінігіне анықтама беріңіз.
2. «Экономикалық қызмет». «шаруашылық қызмет» ұғымдарының арақатынасы қандай?
3. Кәсіпкерлік қызмет белгілерін атаңыз,
4. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі формалары қандай?
5. «Мемлекеттік кәсіпкерлік» ұйымы ашып көрсетіңіз.
6. Жеке кәсіпкерліктің қандай түрлері бар?
7. Бірлескен кәсіпорын қандай ұйымдық-құқықтық формаларда жүзеге асырылады?
8. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау қандай бағыттарда жүзеге асырылады?
9. Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау қандай формаларда жүзеге асырылады?
10. Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау қандай себептерге байланысты қажетті болып табылады?  
] 1. Шағын бизнес жетістігі неден көрінеді?
12. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау қандай ұстанымдарда жүзеге асырылады?
13. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау қандай бағыттарда жүзеге асырылады?
14. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру формаларын атаңыз.
15. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық қолдау бағдарламаларының мәні неде және мағынасы қандай?

## 5- тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІ

### 5.1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері ұғымы

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып коммерциялық ұйымдар (меншік түріне қарамай, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік емес заңды тұлғалар да) және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) саналады. Кәсіпкерлік қызметтің басқа қатысушылары қатарына: кәсіпкерлікпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарды; кәсіпкерлік қызметпен тіркеусіз айналысатын азаматтарды; коммерциялық ұйымдардың (оның ішінде шетелдік те) филиалдары мен өкілдіктерін; кәсіпкерлер бірлестіктерін - холдингтерді, қаржылық-өнеркәсіптік топтарды, консорциумдарды (қарапайым серіктестіктерді) және заңды тұлға құрмаған басқа да бірлестіктерді жатқызуға болады.

**Кәсіпкер** дегеніміз — *ш кәсіпкерлік қызметті заңмен немесе келісім-шартпен белгіленген тәртіпте тұрақты негізде жүзеге асыратын тұлға.*

Экономикалық қатынастардың қандай да бір қатысушысын кәсіпкер деп тану үшін, ол белгілі бір *талаптар*: 1) оқшауландырылған (дара) мүлкінің болуы; 2) кәсіпкерлік құқықтары мен міндеттерінің (шаруашылық құзырының) болуы; дербес мүліктік жауапкершілік; кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде мемлекеттік тіркелуі сияқты белгілерге сай болуға тиіс.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін субъектінің *оқшауланған мүлкі* болуға тиіс, өйткені кәсіпкерлік қызмет белгілі бір мақсаттарға жету үшін мүлкті пайдалануға тікелей байланысты. Мұндай оқшауланудың негізгі формалары болып жеке меншік құқығы және шаруашылық жүргізу құқығы саналады (сонымен бірге тікелей басқару құқығы және жалдау құқығы және т.б. формалары да болуы мүмкін).

Кәсіпкерлік қызмет субъектісіне заңға немесе келісім-шартқа сәйкес берілген құзыреттер жинала келе, оның шаруашылық құзыретін құрайды. Әдетте, *шаруашылық құзыреттің* мынадай түрлері ажыратылады: **1) жалпы құзырет** (соған сәйкес субъект кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қажетті субъектінің құқықтары мен заңдық міндеттерге ие болады, яғни жалпы құзырет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беріледі); **2) ирнайы құзырет** (құрылтайшылық құжаттарда айқындалады және заңмен белгіленген нақты субъект (мысалы, коммерциялық емес ұйым) қызметінің мақсаттарына сай болуға тиіс);

**3) шектеулі құзырет** (жалпы құзыретке ие субъектінің еркін қалауы бойынша құрылтайшылық құжаттарда айқындалады); **4) дара шаруашылық құзырет** (қызметтің басқа түрлерімен айналыса алмайтын кәсіпкерлік қызметтің жекелеген субъектілеріне, мысалы, табиғи монополиялар субъектілеріне, банктерге және т.б. қатысты заң белгілейді).

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері өзіне тиесілі мүлікпен өз міндеттері бойынша жауапкершілік алуға тиіс. Заңды тұлғалардың дербес азаматтық-құқық иелік жауапкершілігі ҚР АҚ 44-бабымен бекітілген. Алайда бұл

ережеден төмендегілер; 1) арнайы қаржы ұйымдары; 2) құрылтайшы қаржыландыратын мекемелер; 3) мемлекеттік мекемелер; 4) қазынашылық кәсіпорындар үшін бірқатар шегерулер (шығарып тастау) көзделген. Мысалы, мемлекеттік мекемелердің немесе қазынашылық кәсіпорындардың ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда, субсидиялық жауапкершілікті ҚР Үкіметі немесе жергілікті атқару органы көтереді.

Азаматтық заңдар *кәсіпкердің жоғары жауапкершілігін* белгілеген, ол кінәсінің бар-жоғына қарамастан, кәсіпкердің міндегемелерін орындамағаны немесе қанағаттанғысыз дәрежеде орындағаны үшін мүлктік жауапты екендігінен көрінеді. ҚР АҚ 359-бабының 1-тармағына сәйкес, кәсіпкерді жауапкершіліктен босататын жалғыз негіз форс-мажорлық (төтенше) жағдайлар немесе шама жетпейтін күш жағдайлары (табиғат апаттары, әскери іс-қимылдар және т.б.) болып табылады. Мұндай жағдайларға, мысалы, нарықта тауаптардың, жұмыстардың немесе атқаратын қызметтердің болмауына ястығызылмайды.

Одан тыс заң арқылы төмендегілердің: 1) толық серіктестік қатысушыларының: егер тарату кезінде қолда бар мүлік оның барлық қарыздарын жабуға жеткіліксіз болған жағдайда (ҚР АҚ 70-бабының 1-тармағы; 2) салған салымдарының еселенген көлеміндегі сомасы жеткіліксіз, сонымен бірге қатысушылардың бірі банкрот болған жағдайда, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушыларының *орғани жауапкершілігі* орын алатын жағдайлар көзделген. Одан өзге, заңмен төмендегілердің: 1) заңды тұлға мүлкінің құрылтайшысының (қатысушысының) немесе меншік иесінің: заңды тұлғаның қаражаты (ҚР АҚ 44-бабының 3-тармағы) жеткіліксіз болған кезде, құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның, мүлкінің меншік иесінің әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайында, мысалы, еншілес ұйым негізгі ұйымның кінәсінен банкрот болғанда, негізгі ұйым субсидиялық жауапкершілікті көтерегін (ҚР АҚ 94-бабының 2-тармағы); 2) ендірістік кооператив мүшелерінің кооператив міндеттері бойынша субсидиялық жауапкершілігі (ҚР АҚ 96-бабының 3-тармағы) орын алатын жағдайлар қарастырылған.

*Мемлекеттік тіркеу* нәтижесінде субъект кәсіпкер мәртебесін иеленеді және толық келемде өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, жеңілдіктер және артықшылықтар алу мүмкіндігіне ие болады. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің жалпы негіздері және тәртібі ҚР Азаматтық кодексі және 1995 ж. сәуірдің 17-індегі № 2198-ші «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен екілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңы арқылы реттеледі. Арнайы ережелер «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңмен көзделген (бұл туралы тереңірек 6-тараудан қараңыз).

Сөйтіп, бір немесе басқа қатысушыны кәсіпкерлік қызмет субъектісі деп тану үшін, барлық жоғарыда аталған белгілердің болуы міндетті.

## 5.2. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

Заңдарға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері төмендегілерді орындауға құқылы:

- 1) егер ҚР заңымен басқадай көзделмеген болса, жеке кәсіпкерліктің кез келген түрін жүзеге асыруға;
- 2) ҚР заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерлікті жалдама еңбекті пайдаланып жүзеге асыруға;
- 3) ҚР заңдарымен көзделген тәртіпте филиалдар мен өкілдіктер құруға;
- 4) ҚР заңдары белгілеген жағдайларды есептемегенде, ендірілетін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) өз бетінше баға белгілеуге;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өтем негізінде қаражат (қарыз) беруге;
- 6) өз құқығы қабілеті шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 7) шағын кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерін құруға;
- 8) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелген бірлестіктері арқылы сараптама кеңестері жұмысына қатысуға;
- 9) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарының бұзылуына кінәлі болған тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша бақылау және қадағалау қызметтерін атқаратын құқық қорғау және мемлекеттік органдарға шағымдануға;
- 10) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сот органдарына шағымдануға;
- 11) жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалмауына немесе тиісті емес дәрежеде орындалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы мемлекеттік органдарда қарауға ұсыныстар беруге («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 8-бабы, 1-тармағы).

Жеке кәсіпкерлік субъектілері төмендегілерді орындауға *міндетті*:

- 1) ҚР заңдарын, жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін сақтауға;
- 2) өндірілетін өнімнің ҚР заңдары талаптарына сай болуын қамтамасыз етуге;
- 3) жеке кәсіпкерліктің лицензиялауға жататын түрлерін жүзеге асыру үшін, ҚР лицензиялау туралы заңына сәйкес лицензия алуға;
- 4) ҚР заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды орындау («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 8-бабы, 2-тармағы).

Заң тәртібімен кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің адал емес бәсекелестікті іске асыруына жол бермеу туралы ереже бекітілген. Атап айтқанда. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 9-бабына сәйкес, жеке

кәсіпкерліктің басқа субъектілерінің ҚР заңдарымен бекітілген (бәрінен бұрын, 2008 ж. желтоқсанның 25-індегі № 112-ІУ ҚРЗ «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңы) еркін бәсекеге деген құқықтарын бұзу жолымен бәсекелестікті шектеу немесе жоюға бағытталған әрекет- теріне (әрекет етпеуіне) тыйым салынады. Кәсіпкерлер - отандық тауар өндірушілер туралы айтар болсақ, ішкі нарықты қорғау тарифтік немесе тарифтік емес реттесу шаралары (1998 ж. желтоқсанның 28-індегі № 337-1 «Тауарлар импорты барысында ішкі нарықты қорғау шаралары туралы» ҚР Заңының нормаларына сәйкес) арқылы жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік туралы заңда коммерциялық құпия саналатын ақпаратты заңсыз алуға, таратуға немесе пайдалануға тыйым салу болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты құ- қық қорғау мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Жеке кәсіпкерлік субъектісі: 1) коммерциялық құпия болып саналағын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқы бар адамдар тобын белгілейді және оның құпия- лығын қорғау шараларын қабылдайды; 2) ақпаратты жария ақпарат санатына жатқызу тәртібін, коммерциялық құпия болып саналатын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын белгілейді; 3) коммер- циялық құпия болып саналатын ақпаратты жария етпеу туралы қызметкерлерден қолхат алуға, ал оны тексеретін адамдарға ІР заң- дарына сәйкес жауапты екендіктерін ескертуге құқылы; 4) мемлекеттік органдарға және лауазымды хұлғаларға тіркеу, бақылау қызметтерін және басқа да әрекеттерді атқару кезінде ҚР заңдарымен белгіленіп жүктелген қызметтерді орындауға қажетті ақпараттан басқа, ком- мерциялық құпия болып табылатын ақпаратты бермеуге құқылы. Онымен қоса міндетті жариялануға немесе акционерлерге, шаруашы- лық серіктестік қатысушыларына немесе басқадай белгілі бір адамдар тобына жеткізілуге жататын ақпарат тізімдемесі ҚР заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісінің құрылтайшылық құжаттары арқылы белгіленеді.

Мемлекеттік орган өзіне жүктелген қызметтерді орындау бары- сында алған жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы кез келген ақпарат, ҚР заңдарына сәйкес басқа мемлекеттік органға берілуге тиісті жағдайларды есептемегенде, жария етуге және таратуға жатпайды.

Құқық қорғау органдары қажетті ақпаратты, оның ішінде коммер- циялық құпия саналатындарды қосқанда, жеке кәсіпкерлік субъек- тісінен де, сол ақпаратты иеленуші мемлекеттік органдардан да проку- рордың рұқсаты (санкция), тергеу органдарының қылмыстық іс қозғау тура/ы қаулысы немесе сот қаулысы негізінде («Жеке кәсіпкерлік ту- ралы» Заңның 11-бабы, 9- тармағы) сұратып алуға және алуға құқылы.

Жауапкершілік туралы айтқанда, жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты қорғау ережелерін бұзғаны үшін азаматтық- құқықтық жауапкершілік жүктелетінін ерекше атап өткен жөн. Сөйт іп, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 11 -бабының 4-тармағы бойынша коммерциялық құпия саналатын ақпаратты заңсыз әдістермен алған, ашқан немесе



пайдаланған адам ҚР азаматтық заңдарына сәйкес келтірілген залалды өтеуге міндетті.

Заң шығарушының коммерциялық құпия немесе заңмен қорға- латын басқа да құпия саналатын ақпаратты пайдалану тәртібіне қоятын басты талабы оның жеке кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз жария етілмеуі (бұл ережеге жатпайтын жалғыз-ақ нәрсе — заңды күшіне енген сот шешімі) болып табылады. Жеке кәсіпкерліктің нақты субъек- тісінің қызметі туралы мәліметтерді ашпайтын жалпылама ақпаратқа қатысты белгіленгені - ол көпшілікқолды (көпшілік пайдаланатын) болып танылады («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 11-бабы, 11-тар- мағы).

Заң жеке кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті органға статис- тикалық есептеме тапсыру міндегін белгілемесе де, алайда ол шектеулі сипатта болады, өйткені мемлекеттік органдар мемлекеттік статистика саласында нормативтік құқықтық актілермен көзделмеген мәліметтерді талап етуге құқылы емес (мысалы, 1997 ж. мамырдың 7-індегі № 98 -І «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңы),

### 5.3. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің түрлері

Кәсіпкерлік субъектілерін жіктеу әртүрлі негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін. Біріншіден, соның негізінде құрылған және жұмыс істейтін меншік түріне байланысты *мемлекеттік және жеке ұйымдарды* бөлуге болады. Екіншіден, кәсіпкерлік қызмет субъекті- лерінің заңды тұлға құқықтарының болуы немесе болмауына сүйене отырып, оларды мынадай: *кәсіпкерлер - заңды тұлғалар* немесе *жеке кәсіпкерлер* деп саралауға болады. Үшіншіден, ұйым пайда (табыс) табу үшін құрылғанына және оны өзара қатысушылар (құрылтай- шылар) арасында бөлісуіне байланысты *коммерциялық және коммер- циялық емес ұйымдар* деп бөлуге болады.

Бөрудің басқа негізі ретінде жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлік қызметтің «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңмен белгіленген сандық және сапалық көрсеткіштері алынуы мүмкін және соларға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері: 1) *шағын кәсіпкерлік* субъектілері; 2) *орташа кәсіпкерлік* субъектілері; *ірі кәсіпкерлік* субъектілері деп үш топқа бөлінген,

Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып заңды тұлға құрмаған, жұмыскерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын жеке кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын әрі активтерінің орташа жылдық дуны жыл ішінде тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген (заңға сәйкес 2009 ж. қаңтардың 1-інен бастап, АЕК - 1273 теңге) алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен (бұдан ары қарай - АЕК) жоғары емес жеке кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалар саналады, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің орташа жылдық саны барлық жұмыскерлерді, филиалдар, өкілеттіктер және сол субъектінің басқа да оқдауланған бөлімшелерінің жұмыскерлерін қоса есептеп анықталады.

Аталған шарттардың біреуі артық болған жағдайда, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қарастырылған жеңілдіктерді бұл шағын кәсіпкерлік субъектісі пайдалана алмайды. Бұл жерде сөз шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары туралы да, басқа жеңілдіктер туралы да (оның ішінде бухгалтерлік есептің және қаржылық есел-кисап жасаудың оңайлатылған түрі) болып отыр,

Сонымен қатар заң аталған шарттар талабына сай болғанмен, *шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайтын* субъектілерді арнайы бөліп көрсетіп отыр. Атап айтқанда, оларға төмендегідей қызмет түрлерін: 1) есірткі заттары, психикаға әсер ететін запар, ітрекурсорлар айналымына байланысты қызмет; 2) акцизделген өнім өндіру және (немесе) кетерме саудамен сату қызметі; 3) астық қабылдау орындарында астық сақтау бойынша қызмет; 4) лотерея еткізу қызметі; 5) ойын-сауық және шоу-бизнес саласындағы қызмет;

б) сертификация, метрология және сапаны басқару саласындағы қызмет; 7) мұнай, мұнай өнімдерін, газ, электр және жылу энергиясын шығару бойынша қызмет; 8) радиоактивті материалдар айналысына байланысты қызмет; 9) банк қызметі (немесе банк операцияларының жекелеген түрлері) және сақтандыру нарығындағы (сақтандыру агентінің қызметінен басқа) қызмет; 10) аудиторлық қызмет; 11) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 6-бабы, 4-тармағы) жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жатқызылады. Мұндай шектеулер кездейсоқ енгізіліп отырған жоқ, аталған субъектілер мемлекеттік қолдау шараларының көрсетілуіне мұқтаж емес деген жорамал жасалған.

Орташа кәсіпкерлік субъектілері болып заңды тұлға құрмастан, жұмыскерлерінің орташа жылдық саны елу адамнан асатын жеке кәсіпкерлер де, жұмыскерлерінің орташа жылдық саны елу адамнан асатын, бірақ екі жүз адамнан артық емес және активтерінің орташа жылдық қуны жыл ішінде тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен жоғары емес жеке кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалар да саналады («Жске кәсіпкерлік туралы» Заңның 6-бабы, 7-тармағы).

Ірі кәсіпкерлік субъектілері болып жұмыскерлерінің орташа жылдық саны екі жүз елу адамнан асатын немесе активтерінің орташа жылдық қуны жыл ішінде тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен жоғары жеке кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалар саналады («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 6-бабы, 8-тармағы).

Ақырында, кәсіпкерлік қызмет субъектілерін жіктеу олар атқаратын қызметтерге байланысты болып шықты. Осы ұсынымдар бойынша: 1) *кәсіпкерлік қызмет субъектілері* (кәсіпкерлік қызметте жүзеге асыру негізгі міндет болып саналатындар); 2) *негізгі міндеті әлеуметтік, мәдени, ғылыми және басқадай шаруашылық қызмет болып табылатын кәсіпкерлік құқық субъектілері* (олардың негізгі міндеттерін іске асыру үшін шаруашылық айналымға түсу, кәсіпкерлік шарттар жасасу және т.б. қажет болатын жағдайларда кәсіпкерлік құқық субъектілері ретінде әрекет ететін коммерциялық емес ұйымдар); 3) *кәсіпкерлік қызметті реттеуді (ұйымдастыруды) жүзеге асыратын субъектілер* (оларға, бәрінен бұрын, шаруашылық қызметті тиісті аумақта реттейтін, кәсіпкерлік қызметті өздері курган мемлекеттік кәсіпорындарда ұйымдастыратын мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жатады)<sup>1</sup> жеке-жеке ажыратылады.

Қорыта келе, субъекттерді кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушылар және оны реттеушілер деп бөлу жеткілікті дәрежеде шартты сипатқа ие екенін айтқан жөн. Бір субъект аталған сапалардың екеуін де атқаратын жағдайлар болуы мүмкін, мысалы, ұлттық компаниялар кәсіпкерлік қызметті жүргізумен қатар, шаруашылық айналымның басқа қатысушыларына қатысты бақылаушы қызметін де атқара алады.

<sup>1</sup> Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник / Н.Л.Вознесенская және басқалары. В.В.Лаптев, С.С.Занковский басшылығымен. - М.: Волтерс Клувер, 2006. 45-47-беттер.

Өзін-өзі бақылауға ариалған сұрақтар:

1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері және кәсіпкерлік қызметтің басқадай қатысушылары арасындағы қызмет айырмашылығын карсетіңіз.

2. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі ұғымына түсініктеме беріңіз.
3. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі қандай белгілерге жауап беруге тиіс?
4. Шаруашылық қүзырет түрлерін атаңыз.
5. Кәсіпкерлік қызмет субъектісінің өзіне тән азаматтық- құқықтық ерекшелігі неде?
6. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
7. Жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты құқықтық қорғаудың мәні неде?
8. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін жіктеу белгілері қандай?
9. Қандай субъектілер шағын, орташа және ірі кәсіпкерлікке жатады?

## **6- тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚҰРУ, ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

### **6.1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін құру тәртібі**

Кәсіпкерлік қызмет субъектісін құру үшін, мүлік иеленушінің онын құрылтайшысы ретінде саналы-жігерлі қызметі қажет. Бұнығи тең дәрежеде жеке кәсіпкерге де, заңды тұлғаға да қатысты бар. Алайда егер заң жеке кәсіпкерге қатысты тек бір ғана құрылу тәсілін (алдың ала шешу, яғни жеке кәсіпкер ретінде тіркеу) белгілесе, ал заңды тұлғаларға қатысты мұндай тәсілдер үшеу:

1) *өкімдік* - мемлекеттік билік немесе басқару органының тікелей бұйыруы, өкім беруі жолымен құрылады (мұндай бұйрықты мүліктің меншік иесі немесе оның өкілі өкімдік акт шығару түрінде бере алады - осындай тәртіппен, мысалы, мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер құрылады);

2) *рұқсат беру* — заңды тұлғалар өздерінің құрылтайшыларының (мемлекеттік және жеке кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар) бастамашылығымен, бірақ тиісті мемлекеттік мекемелердің рұқсат беруімен құрылады;

3) *алдын ала шешу (тіркеу)* - заңды тұлғаны мұндай жолмен құру үшін мемлекеттік органның рұқсаты талап етілмейді (екі шарттың болуы қажет: 1) мұндай заңды тұлға құру тәртібі заңда алдын ала кезделуге тиіс; 2) заңды тұлға мүшелерінің тиісті заң актісі талаптарына жауап беретін ұйымға бірігу туралы жалпы жиғаадысының шешімі болуы керек).

Заңды тұлғаның заңдық кабілсті оіі кез келген заңды тұлға үшін міндетті саналатын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттең бастап пайда болады.

Жеке кәсіпкерлік туралы заңмен **жеке кәсіпкерлік субъектілерін** — заңды және жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің әртүрлі тәсілдері белгіленген. *Жеке кәсіпкерлік субъектілерін - заңды тұлғаларды* мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу заңына сәйкес (1995 ж. сәуірдің 17-індегі № 2198-інші «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңы)

жүргізіледі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құрышайшылық және басқадай құжаттардың ҚР заң актілеріне сәйкестігін тексеруді, тіркеу нөмірін белгілей отырып, оларға мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік беруді, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді филиалдар мен өкілдіктер тізбесіне енгізуді («**Заңды** тұлғаларды мемлекеттік тіркеу турады» ҚР Заңының 1-бабы) қамтиды.

*Жеке кәсіпкерлік субъектілері - жеке тұлғаларды* мемлекеттік тіркеуді, айтатын болсақ, оларлы тіркеу тәртібі жеке кәсіпкерлік туралы заң нормаларыға сәйкес анықталады. «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу алдын ала шешілген сипатта болады және оны жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгенде көрсетілген тұрғылықты мекенжайы бойынша аумақтық салық органында есепке алудан тұрады.

Мемлекеттік тіркелу міндетті болып табылатын заңды тұлғалардан айырмашылығы — жеке тұлғалар - жеке кәсіпкерлік субъектілері өз қызметтерін мемлекеттік тіркеусіз-ақ жүзеге асыра алады. Сонымен қоса, жеке кәсіпкерлік туралы заң жеке кәсіпкерлердің кейбір жекелеген санаттары үшін мемлекеттік тіркелудің міндеттілігін бекіткен. Атап айтқанда, төмендегі шарттардың біріне жауап беретін:

1) тұрақты негізде жалдамалы жұмыскерлер еңбегін пайдаланатын;

2) жеке кәсіпкерліктен ҚР салық заңына сәйкес есептелген, жеке тұлғалар үшін ҚР заңымен белгіленген салық салынбайтын (АЕК көлеміндегі жалпы сома) жиынтық жылдық табыстан асатын келемде жиынтық жылдық табыс табатын *жеке кәсіпкерлер* үшін тағайындалған. ҚР заңымен көзделген жағдайлардан өзге, жоғарыда атап өткен жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркеусіз қызметіне қысым салынады.

Тұрақты түрде жалдамалы жұмыскерлер еңбегін пайдаланбайтын, Қазақстан Республикасы салық заңымен белгіленген мынадай: 1) төлем кезінен салық салынатын табыстан; 2) мүліктің табыстан; 3) басқадай табыстан пайда табатын жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде *тіркелмеуге құқылы*.

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік шектеусіз мерзімге беріледі. Мемлекеттік тіркеу үшін, жеке кәсіпкер тіркеуші органға: 1) тіркеуші орган белгідеген үлгі бойынша арыз; 2) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке төленетін соманың төленгенін растайтын құжат; 3) түгінұсқасын көрсете отырып, жеке тұлға екендігін куәландыратын құжаттың көшірмесі; 4) 3,5x4,5 көлеміндегі сурет; 5) жеке кәсіпкердің тұрғылықты жерін растайтын (азаматтарды тіркеу кітабы немесе жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдапану құқығын растайтын құжат табыстайды. Егер арызданушы кәмелетке толмаған болса, онда аталған құжаттарға ата-анасының, асырап алушылардың немесе қамқоршының келісімі, ал мұндай келісім беру болмаса, кәмелетке толмаған адамның әрекет етуге толық жарамдылығы туралы сот шешімі қоса беріледі.

Тіркеуші орган жеке кәсіпкерден басқадай құжаттар тапсыруды талап етуге құқылы емес және жоғарыда көрсетілген құжаттар тапсырылғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуге алуға тиіс.

*Қайта тіркеу* заңды тұлға қолданушы емес, жұмыс істеп жатқан тіркелген заңды тұлға қолданушы жүрген заңдар талаптарына сәйкесі ендіру дегенді

білдіреді. ҚР АҚ 42-бабының 6-тармағына сәйкес, завды тұлға мынадай:

1) жарғы қағашталының және акционерлік қоғамның жарияланған жарғы капиталының көлемі азайған; 2) заңды іұлға атауы өігерген;  
3) шаруашылық серіктестіктерінде және жабық акционерлік қоғам- дарда қатысушылар құрамы өзгерген жағдайларда және басқадай негіздер бойынша қайта тіркеуден откізіледі.

Жеке кәсіпкерліктің дамуын қолдау және әкімшілік тосқауыл- дарды алып тастау мақсатында. заң шығарушы кәсіпкерлік қызмет субъектілерін мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеудің (қайта тіркеудің) *қысқартылған мерзімдерін* белгіледі. Сейтіп, *шағын кәсіпкерлік қһнет субъектілерін* мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса отырып арыз берген күннен бастап, 3 жұмыс күнінен кеііктірмей жүргізілуге тиіс.

Өз қызметін үлгі жарғы негізінде жүргізетін орташа және ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса отырыға арыз берген күннен бастап, 5 жұмыс күнінен кеііктірмей, ал басқадай заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді, оның ішінде шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса отырып арыз берген күннен бастап, 10 жұмыс күнінен кеііктірмей жүргізілуге тиіс («Завды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңының 9\*бабы).

## 6.2. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қайта құру және тарату

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қайта құру және тарату заңды тұлғалар және қандай да бір заңсы тұлға құрылған нақты ұйымдық- құқықтық формалар үшін азаматтық заң, сонымен қатар арнайы заң (мысалы, ҚР АҚ туралы Заңы немесе ҚР ЖШС және ҚЖС туралы Заңы және т.б.) белгілеген жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаның қызметін тоқтатуы туралы жалпы ережелерді айтқанда, оның негізгі формалары завды тұлғаны қайтадан ұйым- дастыру (завды тұлға құрамынан басқа ұйым бөліп шығару (ҚР АҚ 45- бабы) жағдайынан басқа) және заңсы тұлғаны тарату (ҚР АҚ 49-бабы) болып табылатынына атап өткен жөн.

Завды тұлғаны қайта құру оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік бергеы органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі бойынша. сонымен қатар заңды тріғаньщ құрылтайшылық қраттарымен өкіле'ттік алған органныщ шешімі немесе заң актілерімен қарастырылған жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Заң завды тұлғаны қайта құрудың бе.с формасын: *қоеу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгертуді* (соны- мен бірге басқа формаларда да қайта құруды іске асыру мүмкіндігі көзделген) ерекше атап керсетеді.

Қайта құру ерікті немесе мәжбүрлі түрде жүрілзілуі мүмкін. Мәжбүрлі қайта құру заңмен көзделген жағдайларда сот органдары шешімімен жүзеге асырылады (мысалы, монополиға қарсы заңды, банкроттық туралы заңды бұзғаны үшін және т.б.).

Заңды тұлға, қосылу түріндегі қайта құрудан басқа жағдайда, жаңадан пайда болған заңды тұлғаны тіркеу сәтінен бастап (заңды тұлғаны оған басқа заңды тұлғаны біріктіру жолымен қайта құрғанда, олардың алдыңғысы біріктірілген заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғаны тураяы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізбесіне жазу енгізілген сәттен бастап қайта құрылған болып есептеледі) қайта құрылған болып есептеледі (ҚР АҚ 45-бабының 4-тармағы).

Қайта құрылған заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған заңды тұлғаға: қосылған және біріккен жағдайда — *өткізу актісіне* сәйкес, ал бөліну, бөлініп шығу жағдайында — *бөлу теңгеріміне* (баланс) сәйкес әтеді. Аталған құжаттар қайта құрылған заңды тұлғаның барлық кредит берушілеріне және борышкерлеріне қатысты барлық міндеттері бойынша, тараптар талан ететін міндеттерді Де қосқанда, құқықтық мирасқорлық туралы ережелерді қамтуға тиіс. Заңды тұлғаның мүлкін иеленуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган өткізу актісін және бөлу теңгерімін бекітеді, содан кейін оларды құрыш-тайшылық құжаттармен бірге тіркеуге береді. Құрылтайшылық құжат- тарды, тиісінше өткізу актісі мен бөлу теңгерімш табыс етпеу, сонымен қатар оларда қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелерінің болмауы жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеуден бас тартуға негіз болады.

Заңды гүдғаны тарату - бұл оның заңды тұлғалардың мемлекеттік тізбесінен шығарыду жолымен қызметін тоқтатуы. Заңды тұлғаны тарату нәтижесінде, — қайта құрудан айырмашылығы, - мұнда құқықтық мирасқорлық бодмайды.

Тарату ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін, *Еріот жағдайда* оның мүлкін иеленушінің немесе меншік

<sup>1</sup> Қараңыз: Азамагтық құқық<sup>1</sup> - ЖОО-ға арнаған оқулық (академиялық құра), /Жауапты редакторлар - М.К.Сүлейменов, Ю.Г.Басин. - Алматы, 2000. 123-124- беттер.



иесі екілегік берген органиның шешімімен, сонымен қатар құрыл- тайшылық Құ.жа'ғармен өкілеттік берілген чанды тұлға органының шешімімен заңды тұлға кез келген негіздеме бойынша таратылуы мүмкін (ҚР АҚ 49-бабының 1 - тармағы).

Л(еке кәсіпкерлік субъектісі борышкердің арызы иегізінде немесе ҚР заңымен көзделген жағдайларда басқа да тұлғалардың сотқа берген арызы негізінде сот шешімімен банкрот болып жарияланады.

Сот шешімімен (*мәжбүрлі түрде*) заңды тұлға төмендегідей жағдайларда: 1) банкроттық; 2) заңды тіғаны құру кезінде жою мүм- кін емес сипаттағы заң бұзушылықтар орын алуына байланысты заңды тұлғаның тіркелуі заңсыз деп табылған; 3) жүйелі түрде заңды тұлға құрылтайшылық максаттарына қайшы келетін қызметті *іске* асырған;

4) тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) қызметті немесе заң актшерімен тыйым салынған қызметті немесе заңды бірнеше рет немесе өрескел түрде бұзған, оның ішінде корпорациялық табыс салығы туралы (жиынтық жылдық табыс және орындалған шегерімдер туралы) мағлұмдама немесе табыс ету туралы заң белгілеуі бойынша бір жыл өткеннен кейін оңайлатылған мағлұмдама тапсырмаған, заңды тұлға- ның орналасқан жері немесе нақты мекенжайы бойынша болмауы, сонымен қатар заңды тұлға оларсыз бір жыл ішінде жұмыс істей алмайтын існ?ылтайшылардың (қатысушылардың) және лауазымды адамдардың болмауы; 5) заң актілерімен көзделген басқадай жағдай- ларда таратылуы мүмкін (ҚР АҚ 49-бабының 2-тармағы).

Заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің және заңды тұлғаны тарату жөнінде іпшім қабылдаған органның негізгі міндеттерінің қатарына мыналар жатқызылады: 1) заңды тұлғаларды тіркейтін әділет органына таратылғаны туралы жазбаша түрде кешіктірмей хабарлау; 2) тарату тәртібі мен мерзімдерің белгілеу; 3) тарату комиссиясын құру (ол өз кезегінде орталық әділет органының ресми басылымдарында тарағу туралы ақпаратты, кредит берушілердің арыздану тәртібі мен мерзімдерін жариялауға, сонымен қатар кредит берушілерді анықтау және оларды хабардар етудің барлық шараларын қабылдауға міндетті; ондай кезде жарияланған сзттен бастап, наразылық арыздарын беру мерзімі 2 айдан кем болмауға тиіс).

Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырудан кейін қалған мүлік құрылтайшылық құжаттарда көрсетілген мақсаттарға бағыт- талады. Таратылушы қазынашылық кәсіпорынның мүлкі, ал тараты- лушы мекеменің кредит берушілердің талабын қанағаттандыруға ақшасы жеткіліксіз болған кезде, соңғылар талаптарының қалған бөлігін осы кәсіпорын немесе мекеме мүлкін иеленуші есебінен қанағаттандыру *туралы* сотқа шағымдануға құқылы (ҚР АҚ 50-бабы- ның 9-тармағы).

Заңды тұлға таратылған кезде оның кредит берушілерінің талаптары төмендегідей кезектілікіен қанағаттандырылады:

1) *ірінші кезекте* - жалақыдан және (немесе) басқадай кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сонымен қатар солардың алдында өміріне немесе денсаулығына залал келтіргені үшін таратылып

жатқан заңды тұлға жауапты болатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру жолымен қанағаттандырылады;

2) *екінші кезекте* - еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбекақысын және өтемдерді, Мемлекеттік элеуметтік сақтандыру қорына элеуметтік аударымдар бойынша берешектер төлеу бойынша, жалақыдан үстелетін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөнінде берешектерді, сондай-ақ ҚР «Банкроттық туралы» ҚР Заңының 78-бабында көзделген жағдайларды есептегенде, авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу бойынша есеп айырысулар жүргізіледі (кредит берушілердің еңбекақы төлеу және бір жылдан бастап банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін есептелетін жұмыскердің жалақысын көтеру нәтижесінде пайда болған өтемдерді төлеуді талап етуді ұлғайту сомалары, сонымен қатар кредит берушілердің еңбекақы және өтемдерді (айыппұлдар, өсімдер, индексация және басқалары) өтеу талаптарының қалған сомалары кредит беруші талаптарының тізілімінде бесінші кезек құрамында есепке алынады;

3) *үшінші кезекте* - кредит берушілердің қамтамасыз ету сомасы шегінде, таратылатын банкроттың мүлкін кепілге алу арқылы қамтамасыз етілген міндеттер бойынша талаптары қанағаттандырылады;

4) *төртінші кезекте* - салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектер өтеледі;

5) *бесінші кезекте* - заң актілеріне сәйкес (1997 ж. қаңтардың 21-індегі № 67-1 «Банкроттық туралы» ҚР Заңының 75-бабы) басқа кредит берушілермен есеп айырысу жүргізіледі.

Әрбір кезек талаптары алдыңғы кезек талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады. Таратылып жатқан заңды тұлғаның мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, ол тиісті кезектің кредит берушілері арасында қанағаттандырылуға тиісті талаптар сомаларына тең (егер заңмен (ҚР АҚ 51-бабының 5-тармағы) басқадай жағдай көзделмесе) бөлінеді. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырудан қалған мүлік осы мүлікке заңды құқы немесе заңды тұлғаға қатысты міндетті құқықтары бар (егер заңмен немесе заңды тұлғаның құрылтайшылық құжаттарымен басқадай жағдай көзделмеген болса) заңды тұлғаның меншік иесіне немесе құрылтайшыларына (қатысушыларына) беріледі.

Азаматтық заңға сәйкес төмендегілер: 1) таратылып жатқан заңды тұлғаның мүлкінің жеткіліксіздігі себепті талаптары қанағаттандырылмаған кредит берушілердің наразылықтары; 2) тарату теңгерімі бекітілгенге дейін ұсынылмаған талаптар; 3) тарату комиссиясы мойындамаған талаптар, егер кредит беруші сотқа шағым бермеген болса; 4) сот шешімі бойынша кредит берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда өтелген болып есептеледі.

Банкроттық - таратуға негіз болып табылатын борышкердің сот шешімімен танылған дәрменсіздігі («Банкроттық туралы» ҚР Заңының 1-бабының 6-тармағы).

Дәрменсіздік деп борышкердің - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның кредит берушілердің ақшалай міндеттемелерін қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндердің еңбекақысын төлеуге, сонымен қатар салықтар мен бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге қабілетсіздігі танылады.

Банкрот деп тану ерікті тәртіппен (борышкердің сотқа арыз беруі негізінде) немесе мәжбүрлі түрде (борышкердің, ал заң актілерімен көзделгендей, басқа да тұлғалардың сотқа арыз беруі негізінде) болуы мүмкін. Заң қала құрушы заңды тұлғалар мен ауылшаруашылық ұйымдары үшін банкроттық туралы арнайы ережелер белгілеген.

Таратуды болдырмау мақсатында төлеуге қабілетсіз борышкерге оның төлеуге қабілеттігін қалпына келтіруге бағытталған, заңға қайшы келмейтін кез келген шара қолданылуы мүмкін. Аталған шаралар тәртібі мен мерзімдері заңмен анықталатын *қалпына келтіру амалдары* шегінде жүргізіледі.

Сырттай бақылау амалдары сот арқылы мынандай мақсаттарда жүргізіледі: борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету; 2) әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау; 3) борышкердің қаржылық жай-күйіне және кредит берушілер алдында міндеттемелерін орындаудан жалтару әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талдау жасау;

4) кредит берушілер тарапынан борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметінің жай-күйіне және оның қайта құру өткізуіне бақылау жасау;

5) негізгі құралдарды иеліктен шығару, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелер, сондай-ақ орындалуы борышкерге залал келтіруі мүмкін нарықтық бағадан айтарлықтай төмен бағамен немесе жеткіліксіз негіздемемен бойынша басқа да мәмілелердің жасалуын бақылау (ҚР АҚ 54-1-бабы).

*Конкурсның іс қозғалған* кезден бастап: 1) дәрменсіз борышкердің мүлікті иеліктен шығаруына (иеліктен шығаруға кредит берушілердің жиналысы рұқсат еткен жағдайдан басқа), мүлікті басқа біреуге беруіне және міндеттемелерді өтеуіне тыйым салынады; 2) дәрменсіз борышкердің барлық қарыздық міндеттемелерінің мерзімі өтіп кеткен болып санағады; 3) дәрменсіз борышкердің берешектерінің барлық түрлері бойынша айыпақы және сыйақы (мүдделілік) есептеу тоқта- тылады; 4) дәрменсіз борышкердің мүлікке өндіріп алуға берген талап- арыздарын заңдық шектеу алынып тасталады; 5) егер дәрменсіз борышкердің қатысуымен сотта қаралып жатқан мүліктік сипаттағы даулар туралы қабылданған шешім заңды күшіне енген болса, олар тоқтатылады (ҚР АҚ 55-бабының 1-тармағы).

Заңды тұлғаның - банкроттың қызметі ол Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімінен шығарылған сәттен бастап тоқтатылады.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 28-бабының 2-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкердің банкроттығы тәртібі заңды тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша, ҚР азаматтық заңдарымен көзделген кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне байланысты ерекшеліктерін сақтай отырып жүргізіледі.

Сот шешімінен мәжбүрлі түрде *жеке кәсіпкерлер үшін қызметті тоқтатудың* мынадай *айрықша негіздері* қарастырылған:

- 1) ол банкрот болып танылған жағдайда;
- 2) тіркеу барысында ҚР-да жоюға жатпайтын сипаттағы заңын бұяу орын алуына байланысты жеке кәсіпкердің тіркелуі жарамсыз деп танылған жағдайда;
- 3) қызметті жүзеге асыру барысында кунтізбелік жыл ішінде ҚР заңдары әлденеше рет немесе өрескел бұзылған жағдайда;
- 4) ол қайтыс болды деп жарияланғанда;
- 5) хабар-ошарсыз кетті деп танылғанда («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 28-бабы 4-тармағы).

Жоғарыда көрсетілген негіздемелерден басқа, жеке кәсіпкердің қызметі сонымен қатар төмендегідей: 1) жеке кәсіпкерлік - жеке кәсіпкер әрекет етуге қабілетсіз деп танылған, қайтыс болған деп немесе өлімі жарияланған жағдайларда; 2) отбасылық кәсіпкерлік немесе қарапайым серіктестік - егер сол жағдайлардың (1-тармақта көрсетілген) орын алуы нәтижесінде бірлескен кәсіпкерліктің бір қатысушысы қалған немесе біреуі де қалмаған болса, сонымен қатар неке бұзылуына байланысты мүлікті бөлу кезінде тоқтатылады.

Ерікті түрде жеке кәсіпкердің қызметі жеке кәсіпкердің өз бетінше (жеке кәсіпкерлік кезінде), барлық қатысушылардың бірлесе (бірлескен кәсіпкерлік кезінде) қабылдаған шешімі (шешім қабылданған болып саналады, егер ол үшін қатысушылардың жартысы дауыс берсе және олардың арасындағы келісіммен басқадай көзделмеген болса) негізінде кез келген уақытта тоқтатылады. Қызметті ерікті түрде тоқтату үшін, жеке кәсіпкер тіркеуші органға өз қызметінің тоқтауы туралы арыз тапсырады.

Жеке кәсіпкердің қызметі оның арызы немесе заң күшіне енген сот шешімі негізінде (тіркеуші органға жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік табыс етілгеннен және кәсіпкерлік қызметке байланысты салық міндеттемелері орындалғаннан кейін) тіркеуші органда жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі.

Жеке кәсіпкерлікті белгіленген жағдайларда тіркеусіз атқарған кезде, ол нақты тоқтаған сәттен бастап — ерікті түрде немесе тиісінше мәжбүрлі түрде — сот шешімі заң күшіне енген сәттен бастап тоқтатылған болып саналады.

Орындалмаған міндеттемелері жоқ шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін ҚР заңдарымен ерікті түрде таратудың оңайлатылған тәртібі белгіленуі мүмкін,

Қорытындылай келсе, ҚР заңдарында әлі шешімін таппаған мәселе - *жеке тұлғалардың - тұтынушылардың дәрменсіздігі* туралы мәселеге тоқтатып кету керек сияқты. Жоғарыда айтылғандай, ҚР заңдарында

банкроттық жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатуға себеп болған негіздемелердің бірі бояыгі табылады (Украинаның шаруашылық заңында азамат-кәсіпкердің банкроттығы туралы нормалар қарастырылған (Украинаның 2003 ж. қаңтардың 16-ындағы № 436-IV Шаруашылық кодексінің 128-бабы). Алайда басқа мемлекеттердің заңдарында жеке тұлға — кәсіпкердің банкроттығынан басқа, жеке тұлға — тұтынушының банкроттығы туралы нормалар бекітілген. Оған қоса Германия мен Францияда жеке құқықтың кез келген жеке және заңды тұлғалары дәрменсіз болып танылуы мүмкін (Германияда жеке тұлғалар - тұтынушылар дәрменсіз болып табылады, егер олар және кредит берушілер арасында тиісті келісімге қол жеткізілмесе); Ұлыбритания мен АҚШ-та дәрменсіздік туралы заң борышкердің қызмет құралына және кейбір басқадай жағдайларға байланысты сараланған (АҚШ-та борышкер жеке тұлғаларға қолданылатын дәрменсіздік туралы нормалар жеке тұлғаның орнықты табысының бар-жоқтығына, ал Ұлыбританияда борышкердің жүзеге асырып жатқан қызметіне байланысты сараланады, бірақ сауда-саттық немесе сауда-саттық емес дәрменсіздік арасында айырмашылық болмайды).<sup>11</sup>

Халықарашық тәжірибе көрсеткендей, жеке тұлға - тұтынушының банкроттығы туралы заңдар жиынтығын (институт) енгізу тұтыну кредитінің және тұтастай алғанда экономиканың өркендеуіне септігін тигізеді, бірақ ТМД елдерінің тәжірибесінде бұл шара әлі өз қолданысын тапқан жоқ.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құру тәсілдерін атаңыз және сипаттаңыз.
2. Кәсіпкерлер — заңды тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу ерекшеліктері қандай?
3. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен екілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қандай мерзімдерде іске асырылады?
4. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру формаларын атаңыз,
5. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезіндегі құқықтық мирасқорлықтың мәнін ашып көрсетіңіз.
6. Қандай жағдайларда заңды тұлға мәжбүрлі түрде таратылуы мүмкін?
7. Заңды тұлға мүлкін иеленушінің немесе заңды тұлғаны гарату туралы шешім қабылдаған органның негізгі міндеттерін атаңыз.
8. Заңды тұлға таратылған кезде кредит берушінің талаптары қандай кезектілікпен қанағаттандырылады?
9. Қандай жағдайларда кредит берушінің талаптары өтелген болып саналады?
10. Заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің дәрменсіздігі

---

<sup>11</sup> Қараңыз: Коммерческое право за рубежом: учебник. /В.Ф.Попондопуло. - СПб: СПбМУ Баспа орталығы, 2005. 121-123-беттер.

(банкроттығы) деп нені түсінуге болады?

11. Жеке кәсіпкерлердің қызметін сот шешімімен мәжбүрлі түрде тоқтатудың негіздемелерін атаңыз.

12. Жеке кәсіпкердің қызметі қандай сәттен бастап тоқтатылған болып саналады?

13. Жеке тұлғалар - кәсіпкерлердің және жеке тұлғалар - тұтынушылардың дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы мәселелерді шешу- дің Қазақстанда және басқа елдерде қандай тәсілдері бар?

#### 7- тарау. КӘСІПкерлік қызметтегі мүлктің құқықтық режимі

7.1. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру негізі ретіндегі меншік құқығы. Мүлкті шаруашылық жүргізу және мүлкті тікелей басқару құқығы

Меншік материалдық және материалдық емес игіліктер жөніндегі құқық субъектілері арасындағы қоғамдық қатынас болып табылады. Меншік құқығы - субъектінің өз иелігіндегі мүлкті қалауы бойынша иеленуін, пайдалануын және билік етуін заң мойындайтын және қорғайтын құқығы.

*Иелену құқығы* \*\* мүлкті іс жүзінде иеленуді іске асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

*Пайдалану құқығы* - мүлктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін шығарудың, сонымен қатар одан пайда табудың (табыс, өсім, жеміс, төл және басқандай табыс түрінде) заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

*Билік ету құқығы* - мүлктің заңды немесе іс жүзіндегі нақты тағдырын анықтаудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Меншік иесі өз қалауымен иелігіндегі мүлікке қатысты кез келген әрекетті орындауға, оның ішінде бұл мүлкті басқа адамдар меншігіне басыбайлы беруге, меншік иесі болып қала отырып, оларға иелену, пайдалану және билік ету бойынша өз өкілеттіктерін беру әрекеттерін іске асыруға, мүлкті кепілдікке беруге немесе оны басқандай тәсілдермен жүктеуге, басқаша түрде билеуге құқылы.

Меншік құқының мерзімі шектеусіз және мәжбүрлі түрде Азаматтық кодекспен көзделген негіздемелер бойынша ғана күшін жоюы мүмкін (мұндай негіздемелерге мыналар жатқызылады: 1) меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлікке өндіріп алу талабын қою; 2) заң актілеріне байланысты осы тұлғаға тиесілі болуы мүмкін емес мүлкті мәжбүрлі түрде иеліктен шығару; 3) иеліктен айыру (реквизиция);

4) тәркілеу; 5) жер телімін апып қоюға байланысты жылжымайтын мүлкті иеліктен шығару; 6) иесіз тұрған мәдени және тарихи құндылықтарды сатып алу; ҚР АҚ кезделген басқа да жағдайлар (ҚР АҚ 249-бабының 2-тармағы).

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлкті ұстау ауыртпашылығын көтереді, яғни оны ұстау, жөндеу және қорғау бойынша, салықтарды төлеу бойынша, сонымен қатар тәуекелдіктер - мүлктің кездейсоқ құрып кетуі немесе кездейсоқ бүлінуі, меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлікке өндіріп

алу тапабын қоюға байланысты шығындарды көтереді және біржақты тәртіппен мұндай ауыртпашылықты үшінші бір тұлғаларға аудара шімайды.

Қолданыстағы заң меншіктің мемлекеттік және жеке формасын тек дәрежеде тануға (ҚР Конституциясының 6-бабы) негізделген. Мүліктің азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және олардың бірлестіктеріне тиесілі болуы жеке меншікте екенін білдіреді. Кез келген мүлік (заңға сәйкес мүліктің азаматтарға немесе заңды тұлғаларға иесілі бола алмайтын жекелеген түрлерін қоспағанда) жеке меншікке бола алады. Заң шығарушы жеке меншіктегі мүліктің қандай да бір сандық және күндық шектеулерін белгілей алмайды, өйткені мұндай мәселелерді меншік иелерінің еЗдері шешуге тиіс деп жорамалданады.

Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік түрінде көрінеді. *Республикалық меншік* мемлекеттік қазынадан және заң актілеріне сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады. ҚР мемлекеттік қазынасын республикалық бюджет қаражаттары, алтын-валгота және алмас қоры, табиғи ресурстар (жер, оның қойнаулары, өсімдік және жануарлар дүниелері, өзге де табиғат ресурстары) және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген басқадай мемлекеттік шдай құрайды. *Коммуналдық меншік* жергілікті қазынадан және заң актілеріне сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады. Жергілікті қазынаны жергілікті бюджет қаражаттары және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген басқадай коммуналдық меншік құрайды. Өз кезегінде, коммуналдық меншік жергілікті мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша *облыстық* (республикалық дәрежедегі қалалар, астаналар) және *аудандық* (облыстық дәрежедегі қалалар) деп бөлінеді.

Заттық құқық жүйесіне төмендегілер: 1) меншік құқығы; 2) меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқығы (оның ішінде: жер пайдалану құқығы; шаруашылық жүргізу құқығы; тікелей басқару құқығы; ҚР АҚ немесе өзгедей заң актілерімен (мысалы, сервитут, жер қойнауын пайдалану құқығы және табиғат пайдаланудың басқадай құқықтары, кепілдік құқығы, ұстап қалу құқығы және т.б.) қозделген басқадай заттық құқықтар) кіреді. Меншік иелері болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқықтары басқадай «бөтен затқа құқық» деп (өйткені олар тұлғаға бөтен мүлікті иелену, пайдалану және билеу құқын береді) немесе «шектеулі заттық құқық» деп аталады (өйткені олардың мазмұны меншік құқықтарымен са-чыстырғанда шектеулі болады), бірақ өзінің туындат сипатына қарамастан, меншік құқықтары сияқты, олар да сондай құралдармен және тәсілдермен қорғалуға жатады.

Дәстүрлі түрде бұл тізілімнен меншік құқығын мүшедей отырып, заттық құқықтың әртүрлі жіктеулері жүргізіледі, өйткені барлық қалған заттық құқықтар, қалай болғанда да, содан туындайды. Заттық құқық ардың ішінен белгілі бір мүлікке телінген (мысалы, жер теліміне) құқықтарды және белгілі бір тұлғаға телінген (бөтен үйде өмір бойы тұру құқығы); көпшілік мүдделерде (көпшілік сервитуттар) белгіленген құқықтарды және жеке мүдделерде белгіленген және т.б. құқықтарды бөліп айтуға болады.

Шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті меншік иесі ретіндегі



мемлекеттен алған және бұл мүлікті заң актілерімен белгіленген шектерде иелену, пайдалану және билеу құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады (ҚР АҚ 196-бабы).

ҚР заңдарындағыдай, Украина заңдарында шаруашылық жүргізу құқығы бастапқыда мемлекеттік кәсіпорындар құқығы ден қана түсінілді. Бұл құқықтық санаттың пайда болуы мемлекеттік меншік құқын және оған бөлінген мүлікке қатысты мемлекеттік кәсіпорын құқығын ажырату қажеттілігінен туындады.<sup>2</sup> Қазіргі кезде шаруашылық жүргізу субъектілерінің шеңбері оған кәсіпкерлік қызметтің барлық субъектілерін енгізу есебінен кеңейді. Сөйтіп, Украинаның Шаруашылық кодексінің 136-бабы 1-тармағына сәйкес, шаруашылық жүргізу құқығы оған меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган) бекітіп берген мүлікті иеленетін, пайдаланатын және билейтін (Шаруашылық кодексімен және басқадай заңдармен көзделген жағдайларда меншік иесінің келісімімен мүліктің жекелеген турлерін билеу құзыретін шектей отырып) кәсіпкерлік субъектісінің заттық құқығы болып табылады.

ҚР Азаматтық заңымен мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік құқықтарын іске асырудың айрықша шарттары белгіленген: *мемлекеттік кәсіпорын* шаруашылық жүргізу құқығымен (еіер заң актілерімен басқадай көзделмесе) меншік иесінің немесе ол өкілеттік берген мемлекеттік органның жазбаша келісімінсіз төмендегілерді: иеліктен шығаруға немесе басқадай тәсілмен билеуге (заңмен көзделген жағдайлардан басқа), ұзақ мерзімді (үш жылдан артық) жалға беруге, өзіне тиесілі ғимаратты, құрылысты, жабдықтарды және кәсіпорынның негізгі құралдарын уақытшіа қайтарымысыз (тегін) пайдалануға беруге, филиалдар, өкілдіктер, еншілес кәсіпорындар құруға, жеке кәсіпкерлермен бірігіп кәсіпорындар және бірлескен өндірістер құруға, оларға өзінің өндірістік және ақшалай капиталын салуға; өзіне тиесілі акцияларға, сонымен қатар дебиторлық берешектерге билік етуге; қарыз беруге; үшінші тұлғалардың міндепері бойынша кепілгер болуға, немесе кепілдік беруге (ҚР АҚ 200-бабы) *құқылы емес*. Сөйтіп, заң шығарушы мемлекеттік кәсіпорынға шаруашылық басқару құқығымен өзіне бекітіліп берілген, негізгі құралдарға жатпайтын мүлікті өз еркінше билеу құқығын береді; ал негізгі құралдарға жататын мүлікке келетін болсақ, онда мемлекеттік кәсіпорын осы мүлікке және оған тиесілі акцияларға қатысты сату және сыйға тарту мәміделерін жасауға құқылы емес.

Тікелей басқару құқығы мекеменің, меншік иесі қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің және мүлікті меншік иесінен алған және бұл мүлікті иелену, пайдалану және билеу құқықтарын өз қызметінің мақсаттарына, меншік иесі тапсырмаларына, мүліктің қызметіне сай және заң актілерімен белгіленген шектерде жүзеге асыратын қазынашылық кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылатын шаруашылық жүргізу құқығынан айырмашылығы - мемлекеттік және

мемлекеттік емес кәсіпорындар, сонымен қатар қазынашылық кәсіпорындар тікелей басқару құқығы субъектілері бола алады.

Украинаның Шаруашылық кодексінің 137-бабының 1-тармағына сәйкес, тікелей басқару құқы болып Шаруашылық кодексі және басқадай заңдармен белгіленген, сонымен қатар мүліктің меншік иесі (ол өкілеттік берген орган) белгілеген шектерде коммерциялық емес шаруашылық қызметін жүргізу үшін меншік иесі (ол өкілеттік берген орган) бекітіп берген мүлікті пайдаланатын және билейтін шаруашылық жүргізу субъектісінің заттық құқы танылады. Соңғы жағдайда мұндай тәсіл ауқымдырақ болып қабылданады, себебі қатысушылардың тізбесі жабық емес (ҚР заңындағыдай), ашық болып табылады, сонымен қоса ҚР заңынан айырмашылығы - мүлікті қызмет мақсаттарына және мүлік қызметіне (заңмен белгіленген шектерден және меншік иесінің тапсырмаларынан басқа) сай пайдаланғанда, қосымша шектеулер көзделмеген.

## 7.2. Мүлік (түсінігі және құрылымы)

Жоғарыда айтылып кеткендей, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін субъектінің оқшауланған мүлкі болуға тиіс.

Заң әдебиетінде «мүлік» ұғымын анықтауда бірмағыналылық жоқ. Бүгінгі күні негізгі үш бағыт қалыптасқан: 1) *мүлктің материалдық түсінігі* (мүлік деп белгілі бір тұлғаның меншік құқы немесе басқадай заттық құқы бар заттардың және мүліктік құқықтардың жиынтығы ұғынылады); 2) *мүлктің міндеттемелік түсінігі* (мүлік деп заттар мен мүліктік құқықтар жиынтығы ұғынылады); *мүлктің кең мағынадағы*

*түсінігі* (мүлік деп иеленушінің мүліктік жағдайын сипаттайтын заттардың, мүліктік құқықтар мен міндеттердің жиынтығы ұтынылады).

Азаматтық заң азаматтық құқықтар нысандарын екі топқа бөледі. ҚР АҚ і 15-бабына сәйкес, азаматтық құқықтар нысандары мыналар бола алады. 1) мүліктік игіліктер және құқықтар (заттар, ақша, оның ішінде шетелдік валюта, бағалы қағаздар, жұмыстар, қызмечтер, шығармашылық қызметтің нысандалған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауар белгілері және бұйымдарды дараландырудың басқадай құралдары, мүліктік құқықтар және басқадай мүлік); 2) жеке мүліктік емес игіліктер және құқықтар (өмір, денсаулық, тұлға мәртебесі, ар-ождан, құрметті есім, іскерлік бедел, жеке өмірге қоясқпаушылық, жеке және отбасылық құпия, есімге берілетін құқық, авторлыққа берілетін құқық, шығармаға қолсұқпаушылыққа берілетін құқық және басқадай материалдық емес игіліктер мен құқықтар). Оған қоса «мүлік» түсініп мүліктік игіліктер мен құқықтарды қамтиды.

Сондықтан заң шығарушы «мүлік» ұғымының кең түсініктемесін қабылдады, себебі ҚР азаматтық заңы *мүліктің* темендепдей *құры-лымын* анықтап берді: заттар (ақша мен бағалы қағаздарды қосқанда); жұмыстар және қызметтер; зияткерлік меншік; мүліктік құқықтар (талап ету құқығы); міндеттер (борыштар). Бұл жерде «мүлік» санатының заңдық анықтамасы, бірінші кезекте, тәжірибе мүдделеріне жауап береді. Мұндай бағыт «мүлік» ұғымын түсіндіргенде қарама-қайшылыққа тап болмауға мүмкіндік береді және азаматтық заңның нормаларын анық және дәл сақтауға себепші болады.

*Мүлік* көпжоспарлы ұғым ретінде: меншік құқығымен немесе басқадай заттық құқықпен белгілі бір тұлғада бар заттар мен материалдық құндылықтар жиынтығын; заттарды немесе басқадай мүліктік қанағаттандыруларды (актив) басқа тұлғалардан алуға мүліктік құқық жиынтығын; заттардың, мүліктік құқықтар және иеленушінің мүліктік жағдайын сипаттайтын міндеттерді (актив және пассив) жан-жақты құқықтық мирасқорлықты белгілеу үшін қолданылады.

Кәсіпкерлік қатынастар, мүліктік қатынастар бола отырып, заттық немесе міндеттемелік құқық қатынастары да бола алады, нысандары ретінде заттар (материалдық дүние заттары), мүліктік құқықтар мен міндеттер, әрекеттер (әрекетсіздіктер) қолданылады. Кәсіпкерлік мүліктік емес қатынастардың нысандары болып рухани шығармашылық өнімдері, мүліктік емес құқықтар мен міндеттер, әрекеттер (әрекеттердің нәтижелері) саналады.

Сонымен, мүліктің темендегідей түрлерін бөлуге болады: 1) заттар; 2) ақша; 3) бағалы қағаздар; 4) жұмыстардың нәтижелері; 5) қыз-

Қараңыз: Қазақстан Республикасындағы заттық құқықтар. М.К.Сүлейменовтің басшылығымен. - Алматы: Жеті Жарғы, 1999. 13-16-беттер.

меттер; 6) шығармашылық зияткерлік қызметтің нысандандырылған нәтижелері; 7) ақпарат; 8) мүліктік құқықтар.

### 7.3. Мүліктің жекелеген түрлерінің құқықтық режимі

Азаматтық құқықтың ең көп тараған нысандарының қатарына заттар жатады, *Заттар деп адамдарды қорыған сыртқы ортаның материалдық нәрселері түсініледі, оған қоса заттардың мәртебесі олардың пайдағы қасиеттерін тек адамдар түйсінетін және игеретін материалдық құндылықтарға ие.* Әдетте, заттың мүлік ретіндегі мәнін ашатын белгілер деп төмендегілер аталады: 1) зат — адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын мүліктік игілік; 2) зат тұтыну- шылық және айырбас құнына ие; 3) заттың көбінесе ақшалай құны болады; 4) әдетте, зат айналымға қабілетті болуға тиіс.

Әлемде заттардың сан алуан түрлері бар және азаматтық құқық ғылымында оларды жіктеудің әртүрлі тәсілдері қалыптасқан. Тіпті эуелі ертерімдік заңгерлер алғаш рет заттардың түрлерін саралауға әрекет жасаған және заттарды жылжитын (геа тоҮилез) және жылжымайтын (гея інтоҮилез), денелі (ге\$ согрогаіек), денесіз (гек інсогрогаіек) және басқадай деп бөлуді негіздеген. Бүгінгі күні ергерімдік заңгерлер ұсынған жіктеу өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ және қазіргі заманғы құқықтық жүйелерде, эрине, белгілі бір толықтырулармен және нақтылаулармен қабылдануда.

Заттарды түрлерге бөлуге қатысты айтылған пікірлерді қоры- тындылай келе, заттардың төмендегідей топтарын ажыратуға болады:

- 1) айналымға рұқсат етілген, айналымға шектеулі қабілетті және айналымнан шығарылған (ҚР АҚ 116-бабы);
- 2) жылжитын және жылжымайтын заттар (ҚР АҚ 117-бабы);
- 3) табиғаттан шыққан заттар және адам еңбегімен құрылған заттар (1996 ж. қаңтардың 27-індегі № 2828-інші «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңының 1-бабы);
- 4) бөлінетін және болінбейтін заттар (ҚР АҚ 120-бабы);
- 5) басты заттар және керек-жарақтар (ҚР АҚ 122-бабы);
- 6) күрделі және қарапайым заттар (ҚР АҚ 121-бабы);
- 7) дара белгілі заттар және тектік белгілерімен айқындалатын заттар (ҚР АҚ 715-бабының 1-тармағы, ҚР АҚ 771-бабы);
- 8) тұтынылатын және тұтынылмайтын заттар (ҚР АҚ 541-бабы- ның 1 тармағы);
- 9) денелі және денесіз заттар;
- 10) жанды және жансыз заттар (ҚР АҚ 124-бабы).

Азаматтық құқықтағы заттарды жіктеудің ең маңызды бөлігісі - олардың **айналымға қабілетілігі, яғни** азаматтық айналым нысаны болу және өзінің меншік иелерін ауыстыру қабілеті болып табылады. Осы белгі бойынша барлық заттар үш топқа бөлінеді: 1) *айналыша рұқсат етілген заттар* (иеліктен еркін шыға алатын немесе бір тулғадан екіншісіне жан-жақты құқықтық мирасқорлық (заңды тұлға- ның мұрагерлігі, қайта құрылуы) тәртібімен немесе басқа тәсілмен өте алатын заттар); 2) айналымда шектелген немесе айналымға шектеулі қабілетті заттар (айналымның белгілі бір қатысушыларына жатқызыла алатын немесе айналымға құзырлы органдардың арнайы рұқсатымен ғана жіберілетін заттар (мысалы, әскери атқыш қол қаруы

және олардың патрондары - әзірлеу, өндіру, жөндеу, сауда-саттық, сатып алу үшін лицензияның болуы қажет);<sup>1</sup> 3) *синалымнан алынып тас- тадған*, меншік иесі мемлекет болып табылатын *заттар* (мәмілелер жасайтын нәрселер бола және меншік иесін өзгерте алмайтын заттар. Оларға көптеген табиғи ресурстар (жер қойнауы, су нысандары, ормандар және т.б. жатады). Мысалы, ҚР 2003 ж. шілденің 9-ындағы № 481-І Су кодексінің 21-бабына сәйкес, су нысандарының айналымы, сондай-ақ су нысандарының және солар орналасқан жерлердің иелік- тен шығарылуына келтіретін сатып алу, сату, кепілдік және басқадай мәмілелер жасауға жол берілмейді).

Заттардың екінші жіктелуі азаматтық құқықтар нысандарының табиғи қасиеттерімен тығыз байланысты және заттарды **жылжитын** және **жылжымайтын** деп бөлуден көрінеді. Жылжымайтын заттар, йдетте, бір жерде тұрақты орналасады, ауыстыруға келмейді және олардың өзіне тән белгілері бар, сол себепті жылжымайтын дүние- мүліктің көпшілігіне тән айрықша белгі олардың жермен үзілмейтін байланысы болып табылады.

ҚР АҚ-і жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар, жылжы- майтын дүние-мүлік) мыналардың жатқызылатынын белгілейді: жер телімдері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық өсімдіктер және жермен тығыз байланысты басқа да мүліктер, яғни орнын ауыстыру олардың атқаратын қызметіне өлшеусіз шығын келтірмей мүмкін болмайтын нысандар (117-бап).

«Жер» және «жер телімдері», «жер қойнауы» және «жер қойнауы телімдері» деген түсініктердің арақатынасына келетін болсақ, онда олардың арасындағы айырым былайша жүргізіледі: жер және жер қойнауы мемлекеттің меншігінде болады, ал жеке меншікке жер телімдері (немесе жердің бір бөлшектері) берілуі мүмкін болса, жер қойнауының телімдері (таудан бөлінші берілген телімдер) пайдалану мақсатында беріледі. Оның үстіне тек табиғи күйінде пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болады, егер оларға адамиың еңбегі қолданылып, жер бетіне шығарылса, онда олар енді тауарға айналады және оларды шығарған адамның меншігі болып табылады (егер келісім талаптарымен (жер қойнауын пайдалану шарты бойышша) басқадай көзделмесе).

Жылжымайтын мүліктің құқықтық режимінің өзгешелігі *жылжымайтын мүлікке берілетін құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуде* болып табылады. Мемлекеттік тіркеуге мүлікке берілетін темендегідей құқықтар жатады: 1) меншік құқығы; 2) шаруашылық жүргізу құқығы; 3) тікелей басқару құқығы; 4) бір жылдан аз емес мерзімге берілетін жерді пайдалану құқығы; 5) бір жылдан аз емес мерзімге басым жер телімі немесе басқадай жылжымайтын дүние-мүлік нысанының пайдасына сервитут. Басқа құқықтар құқық иеленушінің қалауы бойынша тіркеледі (2007 ж. шілденің 26-ындағы № ЗЮ-ІІІ ҚРЗ «Жылжымайтын мүлікке берілетін құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңы).

Мемлекеттік тіркелуге тиісті ауыртпалықтар қатарына заң шыға- рушы мыналарды жатқызады: 1) бір жылдан кем емес мерзімге бері- летін пайдалану

құқығы, оның ішінде жалдау, өтемсіз пайдалану, сер- витуттар, емір бойы асырап, қамқорлық жасау құқығы; 2) сенімгер-лікпен басқару құқығы, оның ішінде қамқоршы, жанашыр болу кезінде, мұрагерлік құқық қатынастарында, банкроттықта және т.б.; 3) кепілдік;

4) тыйым салу; 5) жылжымайтын мүлікті пайдалануға, билеуге немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға мемлекеттік органдардың өз құзы-реттері шегінде шектеу қоюы (тыйым салуы); 6) басым мүдделерді қоспағанда, жылжымайтын мүлікке ҚР заңдарымен көзделген басқадай құқық ауыртпашылықтары.

Құқықтарды (ауыртпашылықтарды) тіркеудің арнайы ережелері өздерінің табиғи қасиеттеріне байланысты «жылжитын» болып табы-латын нысандарға белгіленген, бірақ заң шығарушы оларды жылжы-майтын мүлікке (эуе және теңіз кемелері, ішкі жүзу кемелері, жүзудің «езен-теңіз» кемелері, ғарыштық нысандар) жатқызады. Атап айтқан- да, бұл нысандарға берілетін құқықтарды (ауыртпашылықтарды) тіркеу 2001 ж. желтоқсанның 15-індегі № 271-11 «Азаматтық авиацияны мем-лекеттік реттеу туралы» ҚР Заңымен, ҚР 2002 ж. қаңтардың 17-індеп «Теңізде жүзу сауда-саттығы туралы» ҚР Заңымен және 2004 ж. шіл-денің 6-ындағы «Ішкі су транспорты туралы» ҚР Заңымен реттеледі,

Заттардың үшінші жіктелуі екі топты: 1) шығу тегі табиғи заттарды (құндылықтар) және 2) азаматтық құқықтар ретінде кері- нуге қабілетті, адам еңбегінен туған заттарды қамтиды. Қоғамның сыртқы әлемі адам еңбегінің коаданылуына байланыссыз өмір сүретін материалдық құндылықтардан, сонымен қатар адам еңбегі пайдала- нылған заттардан тұрады. Алғашқы түріне жер, жер қойнауы, орман- дар, сулар және басқа да табиғат нысандары, ал екінші түріне тауар қасиеттерін иеленген материалдық құндылықтар жатады.

Тауар-материалдық құндылықтардың құқықтық режимінің табиғат нысандарының құқықтық режимінен айырмашылығы бар. Мұндай айырмашылықтарға бірінші кезекте басқа материалдық ресурстармен салыстырғанда, табиғи ресурстардың айрықша эконо- микалық мәнділігі себеп болған. Тауар-материалдық құндылықтардың меншік иесі өз құқықтарын іске асырудың формалары мен әдістерін таңдауға ерікті және мүлікті иелену, пайдалану және билеу бойынша өз құзыреттілігін еркін іске асырады; табиғи ресурстарға қатысты таби- гақты пайдалану бойынша әрекеттер жасауға құқылы заңды және жеке тұлғалардың мұндай еркіндігі жоқ.

Табиғат нысандарының маңыздылығын құзыреттердің жекелеген азаматтарды меншік иеленушілерге (бұл сөздің айқын мағынасында) айналдыра алмайтындай көлемі алдын ала айқындайды. Экономикасы дамыған елдердің өзінде де жерге және басқа табиғат байлығына жеке меншік құқығы шектеусіз және шексіз болып табылмайды, себебі қоғам (мемлекет) мүдделеріне үінтасады және белгілі бір, ал кей жағ- дайда айтарлықтай шектеулер есепке алына отырып жүзеге асыры- лады. Сөйтіп, мысалы, бұл саладағы мемлекеттік реттеу шаралары ішінен төмендегілерді бөліп қарауға болады: әртүрлі салық режимінің тағайындалуы (оның ішінде жеңілдікпен де); меншік иесіне өте отырып, жерді қоғамдық мақсаттар үшін иеліктен айыру;

мүрагерлері жоқ қайтыс болған адамның жерінің мемлекет меншігіне өтуі; қандай да бір табиғат нысанының мақсатты пайдаланылуын меншік иесінің өз еркімен өзгертуіне жауапкершілік тағайындау және т.б. Екінші жағынан, табиғат нысандарының бөлініп көрсетілген айрықша ерекшеліктері олар злі де азыяаттық-күқықтық мағынада заттар деп таныла алмайды деуге жеткілісіз.

Төртінші жіктеу заттарды белінетін және белінбейтін (физика- лық мағынасында кез кезген зат бөлінетін болса да) деп ажыратуды қамтиды. Белінетін заттар - олар физикалық та, заңды да беліне алатын заттар және осыдан кейін оның бөліктерінің әрқайсысы тұтастай алғанда заттың өзі атқаратын қызметті атқара алады. Болінбейтін заттар олардың бастапқы қызметін (шаруашылық немесе басқадай мақсатты қолданылуын) айтарлықтай бұзбай, заттай болудің мүмкін еместігімен ерекшеленеді.

Ары қарай, заттарды басты заттар және керек-жарақтар деп белуге болады. Керек-жарақ басты затқа қызмет етуге арнапған және онымен ортақ міндеті бойынша байланысты, сол себепті, жалпы қағидаға сай, ол басты затпен тағдырлас болады (егер шартпен басқадай көзделмесе). Бұл жағдайда тіпті басты заттың құнынан жоғары болуы мүмкін керек-жарақтың құны айқындаушы маңызға ие бола алмайды, вйткш өзінің міндетіне қарай қашанда қосымша рөл атқаратын болады.

**Күрделі зат** - бұл бір зат ретінде пайдалану үшін біріктірілген эртекті заттар жиытығы. Өзара ортақ міндетпен байланысқанмен (мысалы, скрипка мен оның қорабы), екі дербее нысан болып табылатын басты заттар мен керек-жарақтардан айырмашылығы: күрделі зат - бұл бірнеше құрамдас бөлшектерден тұратын (мысалы, автокөлік) бірубүтін нысан.

Жетінші жіктеу заттарды екі түрге бөлуді болжайды: 1) **өзіндік белгілерімен анықталған заттар** (жеке-дара анықталған заттар) және 2) **текті белгілерімен анықталған заттар** (текті заттар). Жеке-дара анықталған заттар нақты, тек соларға тән белгілермен сипатталады және заңдық мағынада ауыстырылмайтын болып табылады. Ал бір тектен шыққан болғандықтан, текті заттар заңдық мағынада ауыстырылатын заттар саналады. Алайда егер текті зат дараландырылса, онда ол жеке-дара анықталған зат мәртебесін алады (мысалы, көне заманнан қалған заттар, сирек коллекциялық заттар және т.б.).

Заттарды **тұтынылатын** және **тұтынылмайтын** деп бөлудің практикалық та, теориялық та маңызы бар. Тұтынылатын заттар - олар пайдалану барысында жойылатын заттар (мысалы, шикізат және тауар ендірісінде пайдаланылатын материалдар). Тұтынылатын заттар пайдалану барысында өзінің табиғи қасиеттерін жоғалтатындықтан және оны бастапқы иесіне қайтару мүмкін болмайтындықтан, мүлктік жалдауға беруге жатпайды. Тиісінше, тұтынылмайтын заттар - бұлар жеткілікті ұзақ уақыт кезеңінде пайдаланылуы мүмкін заттар (әрине, олардың да біртіндеп және ішінара тозуы мүмкін (мысалы, әуе және теңіз кемелері).

Заттар **денелі** (түйсінетін) және **денесіз** заттар (мүлктік құқық- тар), **жанды** (мысалы, үй жануарлары немесе зоопарк және цирк үшін сатып алынған жабайы жануарлар) және **жансыз** болуы мүмкін.

Заттардың ерекше түрлеріне олардың **жемістері, өнімдері және табыстары** жатады. Бұның барлығы негізгі заттарды пайдалану нәтижесінде алынуы мүмкін түсімдердің сан алуан түрлері. *Жемістер* - негізгі заттың (астық, төл және т.с.с.) табиғи көбеюі; *өнім* - бұл заттар немесе жұмыстар мен қызметтердің негізгі затты пайдалану нәтижесінде алынған заттанған нәтижелері; *табыстар* - бұл мүліктің, әдетте, ақша түріндегі (табиғи түрде де бола алады) өсімі (экономикалық ұлғаюы). ҚР АҚ 123-бабына сәйкес, жемістер, өнім және табыстар, егер заңмен немесе бұл мүлікті пайдалану туралы шартпен басқадай көзделмесе, осы мүлікті заңдық негізде пайдаланатын тұлғаға тиесілі болады.

Құқық нысаны ретіндегі кәсіпорын деп кәсіпкерлік қызметші жүзеге асыруға пайдаланылатын мүліктік кешен танылады. Мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын құрамына ғимаратты, құрылысты, жабдықты, саймандарды, шикізатты, өнімді, жер теліміне берілген құқықты, талагі ету құқығыш, борыштарды, сонымен қатар оның қызметін даралайтын белгілерге (фирмалық атау, тауар белгілері) берілетін құқықты қосқанда, егер заң актілерімен немесе шартпен басқадай көзделмесе, оның қызметіне арналған мүліктің барлық түрлері және басқадай айрықша құқықтар кіреді (ҚР АҚ 119-бабы). Кәсіпорын жылжымайтын мүлік деп танылады және сол себепті оған қатысты жасалған мәмілелер мемлекеттік тіркеуге жатады.

Кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын мүліктің маңызды түрлерінің бірі ретінде ақша саналады. Ақша екі негізгі формада: 1) ақша белгілері (қолма-қол ақша) және 2) олардың клиенттерінің банктегі шоттарында жазылған жазу түріндегі банктердің ақшалай міндеттемелері формасында (қолма-қол емес ақша) өмір сүреді. Қолма-қол ақша текті белгілерімен (оларды дараландыру да мүмкін болғанмен) анықталатын заттар, сонымен бірге тұтынылатын заттар ретінде қарастырылуы мүмкін. Қолма-қол емес ақша - бұл банк шоттарында есепке алынатын және заттанған формасы болмайтын ақша сомалары.

Ақша бірқатар қызметтерді: 1) телем құралы қызметін; 2) жинақ- тау құралы қызметін; 3) күн шамасы қызметін атқарады (1998 ж. маусымының 29-ындағы «Төлемдер және ақша аударымдары туралы» ҚР Заңы 5-бабының 1-тармағы). Алғашқы қызметі басты болып табылады, бірақ ақша ерекше тауар ролінде - кейбір мәмілелердің, мысалы, банк қарызы шарты бойынша дербес құрал (ҚР АҚ 727-бабының 1-тармағына сәйкес қарыз беруші қарыз алушыға төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақша беруге міндеттенеді) ретінде әрекет ете алады.

ҚР АҚ қолма-қол ақшаны жылжитын мүлікке, ал қолма-қол емес ақшаны мүліктік құқықтарға (талаптарға) жатқызады (ҚР АҚ 115-бабының 2-1-тармағы). *Қолма-қол емес ақша мүліктің бір түрі болып табылады және мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның құрамына кіре алады немесе азаматтың құқықтардың дербес нысаны болуы мүмкін.*

Бағалы қағаздар да мүліктің ерекше бір түрі болып саналады. Бағалы қағаз — белгілі бір жазулардың және мүліктік құқықтарды куәландыратын



басқа да белгілердің жиынтығы (ҚР АҚ 129-бабының 1 -тармағы).

Бағалы қағаздар шығарылу формасына байланысты құжат- тамалық және құжаттамалық емес бағалы қағаздар деп бөлінеді. *Құ- жаттамалық бағалы қағаздар* - құжаттамалық формада шығарылған бағалы қағаздар (қағаз немесе басқадай материалдық негізде бағалы

қағаздың мазмұнын арнайы техникалық құралдарды пайдаланбай оқу мүмкіндігімен).

*Құуісаттіталық емес бағалы қағаздар* — құжаттамасыз формада інығарылған бағалы қағаздар (электрондық жазулар жиынтығы түрінде).

Айналыс саласына байланысты бағалы қағаздар *эмиссиялық бағалы қағаздар* (бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірбүтін шарттар негізінде орналастырылатын және айналысқа түсетін біртектес белгілер мен реквизиттерге ие бағалы қағаздар) және *эмиссиялық емес бағалы қағаздар* (эмиссиялық бағалы қағаздар белгілеріне сай келмейтін бағалы қағаздар).

Эмиссияның екі түрі болады: бағалы қағаздар эмиссиясы және ақша эмиссиясы. *Бағалы қағаздар эмиссиясы* айналысқа акциялар, облигациялар және басқа да құралдар (бір жалпы атауға біртүрлі - эмиссиялық бағалы қағаздар) шығару жолымен іске асырылады. Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдар да, мемлекеттік ұйымдар да шығара алады, ал ақша белгілері эмиссиясын тек мемлекет шығарады.

2003 ж. шілденің 2-індегі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 4-бабына сәйкес, эмиссиялық бағалы қағаздардың негізгі түрлері мыналар болып табылады: 1) ҚР ұйымдары-резиденттерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары; 2) ҚР резидент емес ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары; 3) халықаралық қаржы ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздары; 4) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар; 5) шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар; 6) туынды бағалы қағаздар және басқадай қаржы құралдары.

Сонымен қатар эмиссиялық бағалы қағаздар үлестік (акциялар) және борыштық (облигациялар) болуы мүмкін. *Акция* - акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу құқы, сол бойынша дивиденд және тарату кезінде АҚ мүлкінің бір бөліктерін алуды, сонымен бірге ҚР заң актілерімен көзделген басқа да құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз (ҚР АҚ 139-бабының 1-тармағы). *Облигация* — оны шығарған кезде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, шығару шарттарына сәйкес облигация шығарған тұлғадан сол бойынша сыйақы, ал оның айналыс мерзімі біткенде, ақшалай немесе басқадай мүлкілік балама түрінде облигацияның нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз (ҚР АҚ 136-бабының 1-тармағы).

Эмиссиялық емес бағалы қағаздарға банктік депозиттік сертификаттар (бағалы қағаз үшін белгіленген шығару, айналыс мерзімі өткеннен кейін немесе ол мерзім біткенге дейін оны ұстаушының оның нақты құнын, сонымен қатар шығару шартымен белгіленген көлемде сыйақы алу құқығын куәландыратын атаулы бағалы қағаздар), тауарлық билік құралдары (коносамент) және басқалары жатады.

Бағалы қағаз иеленушісін көрсететін тәсіл бойынша бағалы қағаздар: атаулы, ұсынбалық және ордерлік деи бөлінеді. *Атаулы бағалы қағазда* ол куәландырылған құқықтардың (оларға акциялар, атаулы облигациялар, атаулы депозиттік және жинақ сертификаттары және т.б. жатады) аталған тұлғаға тиесілі екені расталады.

*Ұсынбалық бағалы қағазда* нақты адам көрсетілмейді, ал ол куәландырылған барлық құқықтар (оларға утыс лотерея билеттері, ұсынбалық облигациялар, ұсынбалық банк және жинақ сертификаты каттары және басқалары жатады) бағалы қағазды ұсынушы, яғни оның нақты иесіне тиесілі болып табылады.

*Ордерлік бағалы қағаз* — ол куәландырылған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілі екендігін растайтын бағалы қағаз, ал ҚР жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заңдарында қарасғырылған жағдайды қоспағанда (ҚР АҚ 132-бабының 3-тармағы) ордерлік бағаты қағаз (индоссант) бойынша құқықтарды берген адам құқықтың болуы үшін ғана емес, сонымен бірге оның жүзеге асуына да жауапты болады.

Пайдалылықты (табыстылықты) анықтау тәртібін есепке ала отырып, бағалы қағаздарды негізгі үш топқа бөлуге болады: 1) *тір- келген табысы бар бағалы қағаздар* (облигациялар, депозиттік сертификаттар (кредит беру мекемелерінің салымшының депозит алу құқық растайтын, ақша қаражаттарының денозитке салынғаны туралы жазбаша куәлігі); 2) *тіркелмеген табысы бар бағалы қағаздар* (акционерлік қоғамдардың акциялары, акциялар сертификаттары және т.б.); 3) аралас формалар (опциондар, фьючерстер және т.б.).

Бағалы қағаздарға айналдырылған құқықтардың мазмұны негізінде олар: 1) *ақша құжаттары* (материалдық игіліктерді телеу есебінен берілген және ақша сомасын алу құқын бекітетін бағалы қағаздар (чек, депозиттік сертификат); 2) *инвестициялар нысаны болып табылатын ұзақ мерзімді борыштық бағалы қағаздар* (өздерінің жинақтарының құнын сақтау және инвестициялық табыс табу мақсатында инвесторлар сатып алатын орташа мерзімді және ұзақ мерзімді корпорациялық облигациялар және мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар); 3) қандай да бір компанияға, кәсіпорынға және т.б. қатысу құқын бекітетін бағалы қағаздар (яғни корпорациялық құқықтар - капиталдағы, жарғылық қордағы үлес, кәсіпорынды басқаруға қатысу және тарату кезінде оның мүлкінің бір бөлігін (дауыс беру құқымен акциялар, корпорациялық облигациялар және басқалары) алу құқығы; 4) запық құқықтарды бекітетін тауарлық билеу құжаттары, әдетте, меншік құқығы немесе иелік ету, қандай да бір негіздемелерде басқа адамның иелігінде тұрған тауарларға кепілдік құқығы (коносамент, қойма және ипотека куәлігі)<sup>12</sup>

Кәсіпкерлік қатынастар нысаны ретінде сонымен қатар **зияткерлік меншікті**, яғни азаматтың немесе заңды тұлғаның зияткерлік қызметші немесе соған теңестірілген заңды тұлғаның дараланған құралынын, жеке және заңды

---

<sup>12</sup> Қараңыз: Объекты гражданских прав: монография. / Жауапты ред. М.К.Сүлейменов. - Алматы: ҚазМЗУ-нің жеке құқық ҒЗИ, 2008. 172-175-беттер.

тұлғаның өнімінің, солар орындайтын жұмыстар мен қызметтердің (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі жән т.б.) нәтижелеріне айрықпа құқын атауға болады. ҚР АҚ 125-бабының 2-тармағына сәйкес, айрықша құқық (зияткерлік меншіктің) нысаны бола алатын зияткерлік шығармашылық меншік және даралау құралдары нәтижелерін үшінші тұлғалардың найдалануы тек құқық иленушінің рұқсатымен ғана жүзеге асырыла алады.

Айрықша құқық: 1) шығармашылық қызмет нәтижелеріне; 2) азаматтық айналым (фирмалық атау) қатысушыларының даралау құралдарына; 3) орындалатын жұмыс немесе көрсетілетін қызметтердің (тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) даралау құралдарына және тауардың шыққан орнына белгіленуі мүмкін.

*Фирмалық атау* - бұл коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның тіркелгеннен кейінгі атауы (АҚ 38-бабының 2-тармағы). Керіп отырғанымыздай, заң шығарушы «заңды тұлғаның атауы» және «фирмалық атау» ұғымдарын коммерциялық ұйымдар ғана езінің фирмалық; атауын пайдалануға айрықша құқық иеленетінін және басқа адамдарға шартта (мысалы, лицензиялық шартта) негізделген тәсілдер арқылы пайдалануға рұқсат ете алатынын түспалдай отырып, айқын ажыратып көрсетіп отыр.

Фирмалық атау заңды тұлғаның жарғысын бекіту барысында анықталады және заңды тұлғалардың Мемлекеттік тіркеліміне енгізіледі. Бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдаланғаны үшін, заң бұзушы құқық иеленушіге келтірген шығындарын етеу түрінде (оған қоса тұлға бөтен фирмалық атауды пайдалануды тоқтатуы керек) жауапкершілікке тартылады. Жаңадан тіркеліп жатқан және бұрын тіркелген заңды тұлғалардың фирмалық атауларының бірдейлігінен шығуы мүмкін келеңсіз зардаптарды болдырмау үшін, тиісті заңды тұлғалардың теңдестірілуіне, сонымен қатар олар шығаратын тауарларға немесе көрсететін қызметтерге қатысты шатасушылыққа келтірмеуі үшін, бұрын тіркелген заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас атауды пайдалануға рұқсат етілмейді (ҚР АҚ 1020-бабының 3-тармағы).

*Тауар белгісі* (қызмет көрсету белгісі) деп тіркелген немесе халықаралық шарт негізінде тіркеусіз қорғалатын, бір тұлғаның тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғаның біртекті тауарларынан немесе қызметтерінен ажырату үшін қолданылатын сөз, бейнелеу белгісі, көлемді немесе басқадай белгі танылады (ҚР АҚ 1024-бабының

I-тармағы). Тауар белгісіне құқы бар адам өнімін тіркеткен сәттен бастап 10 жыл бойы өзіне тиесілі белгіні пайдалануға және билеуге айрықша құқыққа ие болады. Тауар белгісін пайдалану болып оның айналымға түскен кез келген формасы: тауар белгісін немесе осы таңбамен белгіленген тауарды азірлеу, қолдану, енгізу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайшадағы жазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе басқадай іс құжаттамаларында пайдалану саналады. ҚР АҚ тауар белгісіне берілген құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеген ҚР АҚ 1032-бабына сәйкес, тауар белгісін немесе араласып кету дәрежесіне дейінгі соған ұқсас таңбалауды заңсыз пайдаланған тұлға, біріншіден, заң бұзушылықты тоқтатуға және тауар белгісінің иесіне келтірген шығынды өтеуге міндетті; екіншіден, тауар белгісінің эзірленген

бейнелерің жоюға, тауардан немесе оның орауынан заңсыз пайдаланылып жатқан тауар бейнесін немесе араласып кету дәрежесіне дейінгі соған ұқсас тағбалауды кетіруге тиіс (егер оны орындау мүмкін болмаса, онда тиісті тауар жоюға жатқызылады).

*Тауардың шықан орнының атауы* болып тауарды таңбалау үшін қолданылатын елдің, елді мекеннің, жердің немесе басқа географиялық нысанның атауы танылады; тауардың ерекше қасиеттері айрықша немесе ең алдымен осы географиялық нысанға тән табиғи шарттармен немесе басқадай факторлармен немесе табиғи шарттар және осы факторлардың үйлесімімен (онымен қатар географиялық нысанның тарихи атауымен) анықталады (ҚР АҚ ІОЗЗ-бабының 1-тармағы). Географиялық нысан болып табылатын немесе оның атауын құрайтын, бірақ оны даярлау орнына байланысты емес белгі бұл ережеге бағынбайды - ол тауардың шыққан орнының атауы ретінде тіркеуге жатпайды. Сонымен бірге мұндай атау оділетсіздікпен пайдаланылып, құқықтары бұзылған тұлға оларды заң актілерімен (мысалы, «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңының ережелеріне сәйкес) қызделген басқадай тәсілдермен қорғай алады. ҚР АҚ 1037-бабына сәйкес, тауардың шыққан орны атауын пайдалану құқығы бар тұлға, сонымен қатар тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдары осы атауды заңсыз пайдаланатын адамнан оны пайдалануды тоқтатуды, тауардан, оның орамынан, бланктерден және басқадай құжаттамадан іздестіріп пайдаланып отырған атауды немесе араласып кету дәрежесіне дейінгі соған ұқсас таңбаны кетіруді, тауар бедгісінің эзірленген бейнелерін, немесе араласып кету дәрежесіне дейінгі соған ұқсас таңбалауды жоюды, егер оны орындау мүмкін болмаса, онда тауарды және (немесе) оның орауын құруды талап ете алады, Онымен қоса, тауардың шыққан орны атауын пайдалану құқығы бар тұлға бұл құқықты бұзған адамнан келтірілген шығынның орнын өтеуді талап етуге құқылы.

Сонымен, *қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат* кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын мүліктің жеке бір түрі бола алады (ҚР АҚ 126-бабы). 1999 ж. наурыздың 15-індегі № 349-І «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңының 1-бабына сәйкес, «қызметтік құпия» - бұл мемлекеттік құпия құрамына кіруі мүмкін, жария болуы немесе жоғалуы мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, ҚР мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мүдделерше залал келтіруі мүмкін жекелеген деректер еипатындағы мәліметтер болып табылады. «Коммерциялық құпия» болып жеке кәсіпкерлік субъектісі белгілейтін және қорғайтын, заңдық негізде оған шектеулі адамдар тобының ғана қолы жететін, жария болуы, алынуы, пайдаланылуы оның мүдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпарат танылады («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының 1-бабы). Бағалы қағаздар нарығына қатысты коммерциялық құпияны: 1) акционерлік қоғамның жай акциялары және бағалы қағаздар иеленушілердің тізілімдері жүйесіндегі және нақты ұстау есебі жүйесіндегі жеке шоттарда оның жай акцияларына айырбас талатын эмиссиялық бағалы қағаздарының қалдықтары мен қозғалысы туралы; 2) бағалы қағаздар иеленушілердің тізілімдері жүйесіндегі және нақты ұстау есебі жүйесіндегі жеке шоттарда эмиссиялық бағалы қағаздардың болуы және олардың иеленушілері туралы, осы

шоттар- дағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпарат кұрайды. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметтік кұпия бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметі туралы мәліметтерді қамтыса, ал азаматтық заң қызметтік және коммерциялық кұпияны кұрайтын ақпаратты қорғайды. Ақпараттың нақты немесе элеуетті коммерциялық кұндылығы болған жағдайда, оның үшінші тұлғаларға белгісіз болуы себепті оған заңдық негізде еркін қол жетпейді және ақпарат иеленуші оның кұпиялылығының сақталуы шараларын қабьшдайды. ҚР АҚ 126-бабының 2-тармағына сәйкес, мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен алған тұлға\* сонымен қатар қызметкерлер - еңбек шартына немесе шарт жасаушы агенттер - азаматтық-кұқықтық шартқа қайшы қызметтік немесе коммерциялық кұпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті,

Мүлікпң кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын негізгі түрлері және олардың құқықтық режимінің ерекшедіктері осындай.

#### Өзін-өзі бақылауға арналған сурактар:

1. Меншік құқығы деген не және оны қандай құқықтық өкілет- тіктер кұрайды?
2. Қандай негіздемелер бойынша меншік құқығы мәжбүрлі түрде тоқтатылуы мүмкін?
3. Қазақстан Республикасы заңдары бойынша меншіктің негізгі формалары мен түрлерін атаңыз және сипаті'аңыз.
4. Заттық құқық жүйесіне қандай құқықтар кіреді?
5. Шаруашылық жүргізу құқығына сипаттама беріңіз.
6. Тікелей басқару құқығының мазмұнын ашыңыз және оның айрықша белгілерін атаңыз.
7. «Мүлік» ұғымын анықтаудың қандай тәсілдері бар?
8. Қазақстан Республикасы заңы бойынша мүлік құрамына не кіреді?
9. Азаматтық-кұқықтық мағынадағы «заттар» ұғымын ашып көрсетіңіз және оның сипаттама белгілерін атаңыз.
10. Қазақстан Республикасы заңы бойынша заттардың жалпы жіктеуін көрсетіңіз.
11. Заттың «айналым қабілеті» деген не және осы белгіге байланысты заттардың қандай түрлерін ажыратуға болады?
12. Заттарды жылжитын және жылжымайтын деп бөлудің мәні неде?
13. Жылжымайтың мүліктің құқықтық режимшің ерекшеліктері қандай?
14. Шығу тегі табиғи заттардың және адам еңбегімен жасалған заттардың құқықтық режим ерекшелігі неде?
15. Бөлінегін және бөлінбейтін заттар болып не саналады?
16. Басты заттар және олардың керек-жарақтары қалай ажыра- тылады?
17. Күрделі заттардың түсінігін және мәнін ашып көрсетіңіз.
18. Заттарды дара анықталған және текті заттар деп бөлу ерекшеліктерін атаңыз.

19. Заттарды тұғынылатың және тұтынылмайтын деп саралаудың маңыздылығы неде?
20. Заттардың тағы қандай түрлері бар және олардың ерекше-ліктері неде?
21. Жемістердің, өнімнің, табыстардың құқықтық режимі қандай?
22. Мүлік кешені іспетті кәсіпорынның құқықтық режимінің ерекшеліктерін атаңыз.
23. Кәсіпкерлік қатынастар нысаны ретіндегі ақшаның түсінігін, формалары мен қызметтерін ашып көрсетіңіз.
24. Бағалы қағаздар деген не және бағалы қағаздардың қандай түрлерін бөліп атауға болады?
25. Зияткерлік меншіктің құқықтық режимінің ерекшеліктері қандай?
26. Заңды тұлғаның фирмалық атауын құқықтық қорғаудың мәні неде?
27. Тауар баяғісін (қызмет көрсету белгісін) құқықтық қорғаудың мазмұнын ашып көрсетіңіз.
28. Кәсіпкерлік қатынастар нысаны ретіндегі «тауардың шыққан орңының атауы» нені білдіреді?
29. Қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қорғаудың ерекшелігі неде?
- 8- **тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМК Г ГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЕТТЕУ**

#### 8.1. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу түсінігі және түрлері

Мемлекет кәсіпкерлік қатынастарды реттей отырып, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез-құлқына әсер етудің сан алуан түрлері мен тәсілдерін пайдаланады. Нарықтық қатынастарды **мемлекеттік реттеудің** объективті қажеттілігі көпшілік (қоғамдық) мүдделерді қорғау қажеттілігінен туады, себебі тек мемлекет қана өз органдары атынан қоғамдық мүдделерді қорғай алады және қорғауға тиіс,

Қоғамдық қатынастар жүйесінде кәсіпкерлік қызметті реттеу бойынша, бір жағынан, қолданыстағы заңдарға сәйкес кәсіпкер мәрте- бесін неленуші жеке тұлғалар және заңды тұлғалар, екінші жағынан, уәкілетті мемлекеттік органдар (министрліктер, комитеттер және т.с.х.) піығады. Оған қоса, көрсетілген субъектілер арасында қалыптасатын қоғамдық қатынастар тұтастай және толық билікке және бағыныш- тылыққа құрылған *сатылас қатынастар* (мысалы, лицензиялау, серти- фикаттау саласындағы және т.б. қатынастар) да, ешқандай бағыныш- тылық жоқ (мысалы, келісім-шарт қатынастары) *денгейлес қатынас- тар* да болуы мүмкін. Адағашқы жағдайда көпшілік-құқықтық қатынас- тар, ал екінші жағдайда жеке-құқықтық қатынастар туралы сөз болмақ.

Қолданыстағы жеке кәсіпкерлік туралы заңдарда жеке кәсіпкер- лікті мемлекеттік реттесудің негізгі мақсаттары ретінде: 1) жеке кәсіп- керліктің дамуына қолайлы жағдайлар туғызу; 2) мемлекеттің мүд- делері мен тұтынушылардың құқықтарын жеке кәсіпкерлікті әкімшілік басқаруды енгізу жолымен қорғау («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның

4- бабы) шаралары аталған. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік әкімшілік

басқару мақсаттарына қатысты айтатын болсақ, онда оларға: жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және сататын адамдардың өмірі мен денсаулығына арпалғап өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың мүлкі қорғау, қоршаған ортаның қауіпсіздігін және және ҚР ұлттық қауіпсіздігін қорғау; алдап-арбау практикасының алдын алу; табиғи және здергетикалық ресурстарды үйемдеу; ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жатқызылады.

**Мемлекеттік акімілілік басқару түрлері** мыналар:

1) ҚР заңдарының жеке кәсіпкерлік өніміне, үдерістеріне талағтар белгілеуі (мемлекет ҚР заңдары арқылы өнімге, үдерістерге жеке қосінкерлік субъектілерінің барлығы орындауға міндетті талағтар белгілейді);

2) сөйкестігін растау бойынша, тексеру, калибрлік және сынақ зертханаларын (орталықтарын) тіркесу (сөйкестігін растау бойынша, тексеру, калибрлік және сынақ зертханаларын (орталықтарын) тіркеу ҚР заңдарына сөйкес жүрпізледі);

3) өяімнің жекелеген түрлерінің ҚР заңдарына сөйкестіпін міндетті растау (өнімнің жекелеген түрлерінің, үдерістердің ҚР заңдарына сөйкестігін міндетті растау белгіленеді, егер бұп ҚР техникалық реттеу туралы заңымен белгіленген мақсаттарға жету үшін қажет болса);

4) жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау (жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау ҚР заңдарымен өнімге, үдерістерге қойылған талағтардың орындалуы, өнімнің жекелеген түрлерінің, үдерістердің сөйкестііін растау бойынша талағтардың орындалуы мемлекеттік әкімшілік мақсаттары үшін жеткіліксіз болғанда белгіленеді);

5) жеке кәсіпкерліктің жекелеген түрлерін лицензиялау (егер жеке кәсіпкерлік субъектісі уәкілетті органға лицензия алу үшін қажет- гі құжаттарды табыс етсе, жеке кәсіпкерліктің жекелеген түрлерін ли- цензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жеке кәсіпкердік субъектісіне ол өтініш білдірген қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беруге немесе негізді түрде лицензиялау туралы ҚР заңдарымен көзделген мерзімдерде лицензия беруден бас тартуға міндетті);

6) ҚР заңдарына сөйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық- құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (егер мемлекеттік әкімшілік басқару түрлерін қолдану мемлекеттік әкімшілік басқару мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етпесе, ҚР заңда- рымен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауап- кершілігін міндетті сақтандыру белгіленеді);

7) ҚР заңдарымен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін тағайындау (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдар- дың және олардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі ҚР заңдарымен тағайындалады).

Мемлекеттік реттеу түрлерін жіктеу экономнканың әртүрлі салаларында қандай да бір қатынастарға *мемлекеттің ықпсш ету дәрежесіне* негізделеді. Атап айтқанда, экономнканы мемлекеттік реттеудің ең жоғарғы, орташа және ең

төменгі деңгейш (режимін) бөлуге болады. Ең жоғарғы деңгей мемлекеттік реттеудің барлық немесе көпшілік құралдарын (аспаптарын) пайдалану дегенді білдіреді. Ол, мысалы, табиғи монополияларға қатысты белгіленген. Мемлекеттік реттеудің ең төменгі деңгейі шығармашылық қызметке байланысты кәсіпкерлікті реттеуге бағытталған.

Мемлекеттік реттеу түрлерін *аумақтық белгісі* бойынша, яғни ықпал ету құралдарының қандай да бір түрлерін қолдану аумағына байланысты жіктеуге болады. Соған байланысты мемлекеттік реттеуді республикалық деңгейде, аймақтық деңгейде, жергілікті деңгейде бөлуге болады.

Сонымен қатар *ықпал етудің қолданылатын тәсілдерінің сипатына* қарай, *тікелей* және *тікелей емес* (жанама) мемлекеттік реттеуді бөліп қарауға болады. *Тікелей мемлекеттік реттеу* реттеудің әкімшілік (биліктік) әдістерін пайдалануға негізделген, ал *жанама мемлекеттік реттеу* ықпал етудің экономикалық әдістершің көмегімен жүзеге асырылады (әдетте, ынтапандырушылық сипатта).

Экономика саласында мемлекеттік реттеудің басқа да жіктеу түрлері болуы мүмкін,

## 8.2. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу органдары жүйесі

Жалпы құзырет органдарыша, бірінші кезекте, ҚР Үкімегі жатады. Жеке кәсіпкерлік қызмет туралы Заңның II-бабына сәйкес ол:

1) мемлекеттік саясаттың жеке кәсіпкерлікке қолдау және дамыту саласындағы негізгі батыстарды әзірлейді;

2) жеке кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік жүйесін қалыптас- тырады;

3) Үкімет жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша консультациялық-кеңесушілік органдарын құрады және таратады;

4) сараптама кеңестерінің оргалық мемлекеттік және жергілікті атқару органдары әзірлеген жеке кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қарауын ұйымдастырады;

5) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жеке кәсіпкерлік субъекті- лерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) номенклатурасын және олардың көлемін (пайыздық түрде) бекітеді;

6) шағын және орташа кәсіпкерліктің дамуын ынталандырады;

7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өнеркәсіптік енді- ріс және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін жалға немесе сенімділікпен басқаруға берілген нысандарды өтеусіз беру тәртібін анықтайды;

8) бәсекеге қабілетті салаларды құруды және жетілдіруді, жеке кәсіпкерлік субъектілерін орқснетуд: және солар ендіретін өнімнің сапасын көтеруді ынталандыратын мемлекеттік саясатты белгілейді және жүзеге асырады;

9) бәсекенің дамуына және инновациядағы инвестицияларды, материалдық активтерді, сонымен қатар ұзақ мерзімді инвести- цияларды ынталандыруға себепші болатын нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

10) экономиканың жекелеген секторларында кластерлер құруды



ынталандырады;

11) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің дамуы үшін тосқауылдарды жою мақсатында экономика салаларының жұмыс істеуіне талдау жасайды;

12) инвестицияларды көбейту және ҚР экономикасына инновацияларды енгізуді жеделдету мақсатында ұлттық даму институттарын құрады;

13) жекелеген салаларда жеке кәсіпкерлік субъектілері арасында бәсекені дамыту үшін жағдайлар туғыза отырып, сол салаларды тарифтік және тарифтік емес әдістермен уақытша қорғауды жүзеге асырады;

14) ұлттық экспортқа шығарушыларға қатысты басқа елдің белгілеген тосқауылдарын жою шараларын қабылдайды;

15) жеке кәсіпкерлік субъектшірін кеяісілген, бірлескен экспорттық саясат жүргізуге ынталандырады;

16) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ішкі және сыртқы нарықтардың жай-күйі туралы экономикалық ақпарат беріп отыруды ұйымдастырады;

17) сәтiа менеджменті жүйелерін ентізуді ынталандыру жолымен ұлттық өнімнің бәсекеге қабілетілігін көтеру үшін жағдайлар туғызады;

18) ұлттық экспортқа шығарушылардың басқа елдердің аумақтарындағы мүдделеріне лобби жасау жолымен сыртқы сураныс үшін жағдайлар туғызады;

19) жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерін қолдап отырады, жеке кәсіпкерлік субъектілері мен жұмыс берушілер бірлестіктерімен өзара әрекеттеседі;

20) бәсекеге қабілетті салалар құру мақсатымен жеке салаларды қолдау бағдарламаларын бекітеді;

21) ғылыми-зерттеу ұйымдарын құрады, саланың қиындықтарын және кластерлерін шешу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландырады;

22) республика экономикасы үшін білікті мамандар даярлау бойынша мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді;

23) халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын жеке кәсіпкерлікке тарту бойынша шаралар әзірлейді.

Жалпы құзырет органдары қатарына сонымен бірге ҚР жергілікті уәкілеттік және атқару органдары жатады. *Жергілікті өкілеттік* органдар:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың аймақтық бағдарламаларын бекітеді;

2) жергілікті атқару органдары басшыларының Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері бойынша есеп-қисаптарын қарайды.

*Жергілікті атқару органдарымың* құзыретіне мыналар кіреді:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

2) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар тудызу;

3) аймақтарда мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды және

орындауды қамтамасыз ету және жауапкершілік көтеру;

4) жеке кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу және іс жүзіне асыру;

5) аймақта жеке кәсіпкерлік және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымын құруды және дамытуды қамтамасыз ету;

6) жергілікті атқару органдарының жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлесіктерімен және нарық инфрақұрылымы нысандарымен өзара қарым-қатынастарын дамытудың стратегиясын белгілеу;

7) сараптау кеңесгерінің қызметін ұйымдастыру;

8) жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар және қызметкерлер даярлауды, қайта даярлауды және біліктіліктерін көтеруді ұйымдастыру.

Аталған саладағы арнайы құзырет органдары болып қолданысқа тағы заңдарға сәйкес: ҚР Индустрия және сауда министрлігі, оның құрамына кіретін комитеттер (Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық даму комитеті, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитет, Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет, Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитет), сонымен қатар оның аумақтық бөлімшелері саналады.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі - бұл мемлекеттік саясатты әзірлеу және индустриялық салада нормативтік құқықтық реттеу бойынша, оның ішінде елдің қорғаныс-өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық және инновациялық дамуы, сонымен қатар сауда қызметін, кәсіпкерлікті дамыту және бәсекелестікті, құрылысты, сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты қорғау саласында, өлшемдер бірлігін техникалық реттеу және қамтамасыз ету, экономиканың шикізаттық емес секторында жеке инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар туғызу бойынша қызметтер атқаратын орталық атқару органы (ҚР Үкіметінің 2004 ж. қарашаның 26-ындағы № 1237-қаулысымен бекітілген ҚР Индустрия және сауда министрлігі туралы Ереженің 1-тармағы).

Индустрия және сауда министрлігі:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың мемлекеттік саясатын жүргізуді жүзеге асырады;

2) жеке кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын әзірлейді және іс жүзіне асырады;

3) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың мемлекеттік шараларын ұйымдастырады және орындалуын үйлестіреді;

4) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстарды әзірлейді;

5) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерліктің даму инфрақұрылымына талдау жүргізеді;

6) жеке кәсіпкерлік қызмет салаларында зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

7) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және ҚР Үкіметіне ұсынады;

8) республика аймақтарында шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымының қалыптасуына және дамуына себепші болады;

- 9) шағын кәсіпкерлік саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін көтеру жүйесін қуру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 10) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғауға бағытталған ҚР заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 11) жеке кәсіпкерлікті дамыту бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқару органдарының ведомстволық үйлесімділігін іске асырады;
- 12) орталық мемлекеттік және жергілікті атқару органдары жанындағы сараптау кеңестерінің қызметін үйлестіреді;
- 13) шағын кәсіпкерліктің инновациялық, инвестициялық және индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуы үшін жағдайлар туғызады;
- 14) жеке кәсіпкерлікті қолдау, қорғау мәселелерінде инвесторлар, шетелдік ұйымдар - грант берушілер үшін жағдайлар туғызады;
- 15) жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін әдістемелік көмек ұйымдастырады;
- 16) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) халықаралық нарықтарына шығуына жағдайлар туғызады;
- 17) жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 18) жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты насихаттайды;
- 19) мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғалары тарапынан жол берілген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттейтін ҚР заңдарының бұзылуы туралы ҚР Президентін және Укіметін хабардар етеді.

### **8.3. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу әдістері мен бағыттары**

Экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу әдістері тікелей және жанама деп бөлінеді.

Мемлекеттік реттеудің *тікелей әдістері*, негізінен, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез-құлқына ықпал етудің әкімшілік құралдарын пайдалануға байланысты. Мемлекеттік реттеудің ондай әдістеріне кәсіпкерлік қызмет субъектіяерін мемлекеттік ірқоу, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау және т.б. жатқызуға болады.

Тікелей әдістерден айырмашылығы - мемлекеттік реттеудің жанама әдістерінің мәні кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез- құлқына тікелей билік әсері жолымен емес, экономикалық мүдделер тұрғысынан жанамачай ықпал етуден көрініетіні ықпал етудің экономикалық құралдарына негізделген. Атап айтқанда, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің тиісін мінез- құлық уәждемесіне әсер етегін материалдық ынталандыру және қолдау (мысалы, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген субъектілеріне жеңілдіктер мен арғықшылықтар беру жолымен) жағдайларын жасау арқылы ықпал ету қажет.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің маңызды бағытта- рының бірі енімнің, жұмыстардың және қызметтердің сапасына бақылау жасау болып табылады.

Нарықтық қатынастар жағдайында тұтынушылардың құқықта- рын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері маңызды және елеулі мағынаға ие болады. Нормативтік-құқықтық актілерде қазіргі таңда негізге алынатын ұстанымдар айқын тұжырымдалған:

- тұтынушылардың тауарлар қауіпсіздігіне құқығы;
- тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы дұрыс ақпарат алу құқығы;
- сапасы нашар тауарлар мен қызметтер келтірген залалды өтеу.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды және тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жетіспеушілігі салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершілікті көздейтін иегізгі ережелер азаматтық заңдардың және тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы арнайы заңның нормаларында белгіленген. Атап айтқанда, Қазақ КСР-інің 1991 ж. маусымының 5-індегі № 640-ХІІ «Тұтынушылардың құқық- тарын қорғау туралы» Заңына сәйкес тұтынушы төмендегілерге:

- сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе қызметтің кәсіпкерлік қызметінің тиісті сапасына - тұтынушыны сатушы немесе тауар өндіруші алдын ала тауардың кемшіліктері туралы ескерткен және ол келіскен жағдайды есептемегенде (тұтынушылардың құқықтарына қандай да бір тура және жанама шектеулер қоюға жол берілмейді);

- сатып алынған тауардың сапасын, жинақтылығын, мелшерін, салмағын және бағаларын тексеруге, олардың ыңғайлылығын көрсеттіруге, сонымен қатар оларды қауіпсіз және дұрыс пайдалануды үйреттіруге;

- тауарлар мен қызметтерді еркін таңдауға (өндіру және коммерциялық қызметінде тұтынушыны тауарлар мен қызметтердің тиісті дәрежеде емес сапасымен, өнімнің езіне қажетсіз ассортиментімен келісуге немесе өзінің тұтынушы ретіндегі құқық қолданудан бас тартуға мәжбүр ету мақсатында өндірушінің, сатушының өздерінің басымдық жағдайын пайдалануына тыйым салынады);

отандық және шетелдік тауарлар сатылғаннан кейін олардың кепілді қызметіне;

- сапасы лайықты тауарлармен айырбастауға (егер қандай да

себептермен тауарлар тұтынушының талаптарын қанағаттандырмаса немесе қажетті қасиеттері болмаса);

- өнім туралы мәлімет алуға;
- оның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі қамтамасыз етілуіне

*құқылы.*

Сонымен қатар *тұтынушы* өз бастамасымен өнім (жұмыстар, қызметтер) өндірушіге немесе сатушыға сапасы тиісті дәрежеде емес немесе көтеріңкі бағамен сатылған өнімге қатысты шағым айтуға *құқылы*. Ерікті түрде бұрмалаушылықты жовддан және келтірілген залалды өтеуден бас тартылған жағдайда, тұтынушы сотқа шағым беруге құқылы (ондай кезде піағым бағасы маңызды емес),

*Тұтынушыларды қорғиу төмендегідей!*

- олардың құқықтарын монындау;
- құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру және құқықтарды бұзатын әрекеттердің жолын кесу;

“ табиғи түрдегі міндеттерді орындауды міндетгеу;

- құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту;
- құқық бұзған тұлғадан кедтірілген залалдарды өндіріп алу, ал заңмен немесе шартпен кезделген жағдайларда және заң актілерімен көзделген басқадай тәсілдермен («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 13-бабы) айып төлем (айықшұл, өсім) өндіріп алу жолдарымен іске асырыады.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің келесі бағыты бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу болып табылады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде баға басқарудың маңызды құралы және мемлекеттік реттеу нысаны болып саналады.

*Баға деп тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) ақша.чай құны аталады.* Сонымен бірге жұмыстар мен қызметтерге қатысты «баға» санатына теңестірілген «тариф» деген термин қолданылады.

Қазақстан Республикасында баға бөягілеу жүйесі сұраныс пен ұсыныс ықпалымен қалыптасқан еркін (нарықтық) бағалар мен тарифтерді қолдануға негізделген және *бағалардың* төмендегідей: еркін бағалар; көтерме (босату) бағалар; бөлшек сауда бағалары; реттелетін бағалар *түрлерін* қарастырады.

*Еркін бағалар* тараптардың келісімімен тағайындалады және ҚР Үкіметі белгілеген тізбеден басқа барлық тауарлар мен қызмеітерге таралады.

Еркін бағалар екі түрлі болады: кетерме және бөлшек. *Көтерме (босату) бағалар* дайындаушының тұтынушымен келісімі бойынша құрылады, олар қосылған құн салығы мен акңиздерді қамтиды және жұртшылықтаи басқа барлық тұтынушылармен есеп айырысканда қолданылады. *Бөлшек сауда бағаларын* халыққа тауар сатумен айеалысатын коммерциялық ұйымдар анықтайды, ол бағалар қосылған құн салығын және сауда үстемеақысын енгізе отырып белпяенеді.

*Реттелетін бағаларды* уәкілетті мемлекеттік органдар немесе жергілікті еш-өзі басқару органдары тауарлар мен қызметтерге ҚР Үкіметі тағайындаған тізбе бойынша белгілейді,

*Бағалардың мемлекеттік тәртібін бұзушылықта* төмендеп жатқызылады:

- өнімге, тауарлар мен қызметтерге реттелетін бағаларды (тарифтерді) (белгіленген және шекті бағаларды (тарифтерді), найдалылықтың шекті деңгейлерін және басқаларын) көтеру;

- баға белгілеу органдарында мағлұмдау барысында тіркелген көтерме (босату) бағаларын асырып көрсету;

- ТМД елдерімен және басқа мемлекеттермен уәкілетті кеңесшілер бойынша кәсіпорындар беретін өнімге бағаларды көтеру немесе төмендету;

- бағаларға (тарифтерге) белгіленген үстемеақыларды (үстеме баға) көтеру, кезделмеген үстемеақыларды (үстеме баға) есептеу, сатып алушыға белгіленген шегерімдерді азайған көлемінде бермеу немесе беру;

- реттелетін бағаларды, үстеме бағаларды, тарифтерді осы бағалар мен тарифтерді белгілеу кезінде қарастырылған сипаттамаларға қызмет көрсету деңгейі сай келмейтін қоғамдық тамақтандыру, коммуналдық шаруашылықтардың және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының қолдануы;

- құрылымдық немесе технологиялық кемшіліктердің кесірінен сол бойынша олардың деңгейін келісу кезінде қабылданған тұтынушылық қасиеттерге қол жеткізілмеген өнімге бағаларды көтеру (стандарттарға органдарының қорытындысы болған жағдайда);

- кәсіпорындар-монополистердің еркін бағалар мен тарифтерді мағлұмдау тәртібін бұзуы;

- белгіленген тәртіпте тұтынушылармен келісілмеген еркін (босату) бағаларын, үстеме баға, үстемеақыларды қолдану.

Жоғарыда аталған тәртіп бұзушылықтарға жол берген субъектілерге экономикалық айып төлемдер салынады.

Атап айтқанда, өнім, тауарлар, қызметтер сатуды жүзеге асыру барысында бағалардың мемлекеттік тәртібін бұзған және соның нәтижесінде артық сома алған кәсіпорындарға даусыз тәртіпте артық аяынған сомаларды иайдасынан алу және оларды мемлекет табысына аудару тәртібінде айып төлем салынады. Одан өзге, осы көлемде кәсіпорындар қосымша айыппұл өндіріліп алынады.

Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік баға қолданылған жағдайда мемлекеттік бақылау төменде көрсетілген мәмілелер және салық салу нысандарын түзету бойынша қолданылатын бағалардың нарықтықтан ауытқу фактілерін анықтау мақсатында жүргізіледі (2001 ж. қаңтардың 5-індегі № 136-П «Трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы» ҚР Заңының 3-бабының 1-тармағы).

Атап айтқанда, мемлекеттік бақылау мынадай мәмілелер бойынша жүргізіледі:

- 1) өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар арасында;
- 2) тауар айырбастау (бартер) операциялары бойынша;

3) біртектес ілеспе талаптарды есепке алу (Талаптарға ксңшілік жасау кезіндегі есепке алуды қосқанда) жолымен іске асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау кезінде;

4) қаржы операцияларын іске асыру барысында мәліметтерді ашуды және беруді қарастырмайтын немесе тіркеу (түру) орны бойынша салық салудың жеңілдетілген режимі (оффшорлық аймақты қосқанда) қолданылатын шетелдік мемлекеттерде тіркелген (тұратын) немесе банк шоттары бар тұлғалармен мәмілелер жасау кезінде;

5) салықтар бойынша жеңілдіктері бар немесе солар үшін салық заңы белгілеген мөлшерлемеден езтеше мөлшерлеме белгіленген заңды тұлғалармен мәмілелер жасау кезінде;

6) салықтық мағлұмдамалар бойынша мәміле жасалып жатқан жылдың алдындағы екі салық кезеңінде шығынға ұшыраған заңды тұлғалармен мәміле жасау кезінде.

Көрсетілген белгілер талаптарына жауап бермейтін халықаралық іскерлік операциялар бойынша мемлекеттік бақылау мәміле бағасының тауардың (жұмыстың, қызметтің) нарықтық бағасынан бір немесе екінші жаққа қарай 10%-дан артық ауытқу фактісі анықталған жағдайда жүргізіледі. Мұндай шара жоғарыдағы талаптарға жауап бермейтін, ҚР аумағында жүзеге асырылатын мәмілелерге де қатысты. Мемлекеттік бақылауды ҚР салық қызметі органдары және кеден органдары атқарады.

Табиғи монополиялар субъектілері үшін репелетін қызметтерге (тауарлар, жұмыстар) тарифтер белгілеудің айрықша тәртібі көзделген. 1998 ж. шілденің 9-ындағы № 272-І «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 15-1-бабына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің ретте-летін қызметтеріне (тауарлар, қызметтер) уәкілетті орган белгілейтін тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлері реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар өндірісі) көрсетуге қажетті шығындардың құнынан төмен болмауға және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін есепке алуға тиіс.

Уәкілетті орган тариф (баға, алым мөлшерлемесі) немесе оның шекті деңгейін белгілеу кезінде төмендепдей ережелерді қарастырағын шығындар белгілеудің айрықша тәртібін қолданады:

1) тарифке (баға, алым мөлшерлемесі) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін шығындарды реттеу;

2) табиғи монополия субъектісі шығындарының баптарына шикі-заттың, материалдардың, отынның, энергияның, сонымен бірге нормативтік техникалық ысыраптардың (шығындардың) техникалық және технологиялық нормалары шегінде шектеу қою;

3) тариф (баға, алым мөлшерлемесі) немесе оның шекті деңгейін тағайындау кезінде есепке алынбаған шығыстар тізбесін белгілеу;

4) тарифке (баға, алым мөлшерлемесіне) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін пайданы шектеу;

5) негізгі құралдардың тозуын есептеуде қолданылатын әдістерді келісу;

6) негізгі құралдарды қайта бағалауды және табиғи монополия

субъектісінің тарифтік сметамен қарастырылған амортизациялық ауда-рымдар құралдарын пайдалану бағыттарын келісу.

Қазіргі таңда нарықты қалыптастырудың негізге алынатын бастаулары ретіндегі меншік формалары мен қатынастарыш түрлендірумен қатар, экономигсаны монополиясыздандыру және бәсекелес-тікті дамыту бойынша шаралар жүзеге асырылуда, ал олардың ішінде монополияға қарсы реттеу маңызды орын алады. Бәсекелестікті құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында әділетті бәсекелестік үшін қолайлы шарттар құруға және қолдауға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы табиғи монополиялар салаларына төмендегілер бойынша қызметтер (тауарлар, жұмыстар) жатқызылады:

- 1) мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау;
- 2) газ немесе газ конденсатын сақтау, басты және (немесе) тарату құбыршектері бойынша тасымалдау, газ тарату қондырғылары және соларға байланысты газ тарату құбыршектерін пайдалану;
- 3) электр энергиясын беру және (немесе) тарату;
- 4) жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) жабдықтау;
- 5) электр энергиясын желіге жіберу және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- 6) магистралдық теміржол желілері;
- 7) кірме жолдар;
- 8) аэронавигация;
- 9) порттар, әуежайлар;
- 10) технологиялық мүмкін еместігі себепті бәсекелес байланыс операторының жоқ болуы немесе аталған қызметтерді көрсетудің экономикалық тиімсіздігіне байланысты (телекоммуникациялардың жалпылай қызметтерін қоспағанда) телекоммуникациялар;
- 11) мүліктік жалдау немесе кабельдік канализацияны және басқадай телекоммуникация желілерін ортақ пайдалану телекоммуникацияларына қосуға технологиялық байланысты негізгі құралдарды пайдалануға беру;
- 12) су шаруашылығы және (немесе) канализация жүйелері;
- 13) пошта қызметінің жалпыға ортақ қызметтері («Табиғи монополиялар туралы» Заңның 4-бабының 1-тармағы).

Қолданыстағы заңдарға сәйкес табиғи монополия субъектісіне:

1) төмендегідей қызметтерден басқа табиғи монополиялар салаларына жатпайтын қызметтер көрсетуге және өзгедей қызметпен айналысуға тыйым салынады:

- реттелетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық түрде байланысқан;
- ҚР пошта туралы заңымен белгіленген;
- реттелетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түсетін табыстар табиғи монополия субъектісінің бір күнтізбелік жыл ішіндегі барлық қызметінің бір пайызынан аспайтын жағдайда;
- басқа қызметтен түсетін табыстар табиғи монополия субъектісінің



бір күнтізбелік жыя ішіндегі барлық қызметінің бес пайызынан аспайтын жағдайда;

- қызмет (тауарлар, жұмыстар) көрсететін құрылымдық бөлім- шенің ұйымдық және аумақтық окшаулануы мүмкін болмаған жағ- дайда:

2) табиғи монополия субъектісінің құқық меншігінде және (немесе) шаруашылық жүргізуде өндірумен және реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсетумен, сонымен қатар табиғи монополия субъектісінің заңмен рұқсат етілген қызметке байланысы жоқ мүлкінің болуына;

3) акциялар (үлестер) иеленуге немесе басқадай түрде (мемле- кеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан басқа) коммерциялық ұйымдардың, арнайы қаржы компанияларының, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі үшін заңмен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын басқа да ұйымдардың қызметіне қатысуға;

4) реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті ор- ган тағайындаған көлемнен асатын ақы өндіріп алуға;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын тықпалауға не- месе тұтынушыларды кемсітуге жеткізетін басқадай әрекеттер жасауға;

5- 1) меншік құқығымен немесе басқадай завдық негізде иеленетін, реттелетін қызмеітер (тауарлар, жұмыстар) өндіру кезінде техноло- гиялық кезеңде пайдаланылатын мүлікті сенімгерлікпен басқаруға, мү- ліктік жалдауға (лизингті қосқанда) беруге;

6) реттелетін қызметгер көрсетуге байланысты талап құқығына кеңшілік беруге (арнайы қаржы компанияларының секьюритизация мзмлілері бойынша талап құқығына кеңшілік беруін есепке алма- ғанда, егер бұл табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызмет- теріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) көтерілуіне келтірмесе);

7) жауапкершіліксіз тұтынушылардың реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) павдаланылған көлеміне ақша төле- меуіне байланысты ыждағатты хұтынушыларға реттелетін қызмст (тауарлар, жұмыстар) көрсетуден бас тартуға;

8) реттелетін қызметтер тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшер- лемелеріне) немесе олардың шекті деңгейлеріне қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсетуге байланыссыз шығындарды енгізуге;

9) реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы- на өз күзыреттері шегінде мемлекеттік органдар белгілеген талаптарға сай келмей көрсетілген реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыс- тарға) ақы тәлеуді талап еуге|

10) мынадай:

- тарифтік сметада бар ақпаратты;

- реттелетін коммуналдық қызметтерді есепке алатын аспап- тарды сатып алуға және орнатуға кеткен шығындар және ақы өндіріп алу механизмі туралы, реттелетін коммуналдық қызметтерді есепке алатын аспаптарды сатып

алу және орнату туралы ақпаратты;

- көрсетілетін реттелетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы ақпаратты коммерциялық қуния деп тануға.

ҚР Конституциясы, азаматтық заңдар және арнайы нормативтік актілер монополиялауға және әділетсіз бәсекеге бағытталған экономикалық қызметке тыйым салады. Атап айтқанда, ҚР АҚ 11-бабында тікелей заңды бәсекелестікті шектеуге немесе кіртуге негізсіз артықшылықтар иеленуге, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға жол берілмейтіндігі көрсетілген.

Монополияға қарсы заң құқық құралдары арқылы бәсекелестіктің, яғни кәсіпкерлердің тауар нарықтарында әрбір жеке кәсіпкердің тауарлардың (қызметтердің) айналысының жалпы ережелеріне теріс ықпал ету мүмкіндіктерін шектейтін және тұтынушыға қажетті тауарлар мен қызметтерді өндіруге ынталандыратын жарысушылықтың дамуына себепкер болуға тиіс.

Сөйтін, монополияға қарсы реттеу мемлекеттің және оның органдарының тауар нарықтарында әділетті бәсекелестікті қорғау мақсатында экономикалық қызметті жүргізу ережелерін белгілеу және жүзеге асыру бойынша атқаратын жүйелі қызметі болып табылады.

Кез келген мемлекетке оның қызметтерін жүзеге асыру үшін негізгі қайнар көзі салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер болып табылатын қаржы қаражаттары қажет, Соған байланысты кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің салық міндеттерін және тиісінше салықтық реітеуді ыждағатты және уақытында орындауының орасан зор маңызы бар.

Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының 2008 ж. 10 желтоқсандағы № 99-ІV ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексімен (Салық кодексімен) белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер әрекет етеді.

ҚР салық заңы төмендегі ұстанымдарға негізделеді:

1) *салық салудың міндеттілігі* (бұл ұстаным ҚР салық заңына сәйкес салық төлеушінің салық міндеттемесін, ал салық агентінің салықтарды есептеу, ұстау және аудару бойынша міндеттерін толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті екендік- терін білдіреді);

2) *салық салудың сипаты* (бұл ұстанымға сәйкес ҚР салықтары және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері айқын болуға тиіс - салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салық міндеттемесінің пайда болуының барлық негіздері, олардың орындалуы мен тоқтатылуының тәртібі, сондай-ақ салық агентінің салықтарды есептеу, ұстау және аудару бойынша міндеттері ҚР салық заңдарында белгіленуге тиіс дегенді білдіреді);

3) *салық салудың әділеттілігі* (бұл ұстанымға сәйкес ҚР салық салу жалпыға ортақ және міндетті, оған қоса жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады);

4) *салық жүйесінің біртұтастығы* (бұл ұстаным ҚР салық жүйесі ҚР аумағында барлық салық төлеушілер және сатық агенттері үшін біртұтас болып табылады дегенді білдіреді);

5) *салық заңының жариялылығы* (бұл ұстанымға сәйкес салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда жариялануға жатады).

Әдетте, салықтар *төте* және *жанама* түрлерге бөлінеді. Төте салықтар тікелей табыстан немесе мүліктен белгіленеді және материалдық игіліктерді сатып алу және жинақтау барысында ендіріліп алынады.

Төте салықтар өз кезегінде *яқты* және *жеке* деп бөлінеді. **Нақтыларға табыстың жекелеген түрлеріне және мүлік нысанына, мысалы, жерге, жылжымайтын мүлікке салынатын салықтар жатады. Жеке салықтарға, мысалы, жеке гүлгалардың табыс салығы, әлеуметтік салық жатқызылады.**

**Жанама салықтар** - бұл бағаларға үстемеақы түрінде тауарлар мен қызметтерді тұтынуға салынатын және материалдық игіліктерді шығындау барысында өндіріліп алынатын салықтар. **Жанама салықтарға, мысалы, акциздер, қосылған құн салығы, кеден баждары жағады.**

Кәсіпкерлік қатынастарды салықтық реттеу бір мезгілде мемлекеттің бюджетке түсетін салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің толық түсуін қамтамасыз ету бойынша қызметі де, мемлекеттің орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында жеңілдіктер мен артықшылықтар беруді қызметі де болып табылады. Кәсіпкерлік қызметті ынталандыратын салық құралдары қатарына, мысалы, *салық мөліерлемелерін саралау, негзгі құралдардың жедел-детілген амортизациясын өткззу, әртүрлі еаяғы жеңілдіктерін, кейбір арнайы салық режимдерін жатқызуға болады.*

Арнаулы салық режимдері төмендегідей түрлерге бөлінеді:

1) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі, ал оған кіретіндер: патент негізіндегі арнаулы салық режимі; оңайлатылған мағлұмдама негізіндегі арнаулы салық режимі;

2) шаруа және фермерлік қожалықтар үшін арнаулы салық режимі;

3) заңды тұлғалар — ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі (ҚР СК 426-бабының 1-тармағы).

*Шағын бизнес субъектілері үшін* арнаулы салық режимі телем кезінен ұсталатын салықтарды қоспағанда (оның үстіне басқа салықтар мен төлемдер бойынша шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеуді және есеп-қисап тапсыруды жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүргізеді), әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе жеке табыс салығын есептеудің және телеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді).

Патент немесе оңайлатылған мағлұмдама негізіндегі арнаулы салық режимдерін қолданатын салық телеушілер үшін Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алынуға жататын) табыстарды барлық түрлерінен тұратын салық кезеңі ішіндегі табыс салық салу нысаны болып табылады (ҚР СК-нің 427-бабының 3-тармағы),

Шағын бизнес субъектілері өз қалауы бойынша төменде тізбеленген

салықтарды есептеу мен төлеудің, сонымен қатар солар бойынша салық есеп-кисабын табыс етудің бір ғана тәртібін таңдауға құқылы:

1) жалпыға ортақ белгіленген тәртіп; 2) патент негізіндегі арнаулы салық режимі; 3) оңайлатылған мағлұмдама негізіндегі арнаулы сапық режимі (ҚР Салық кодексінің 428-бабы). Салықтарды есептеу мен төлеудің жалпыға ортақ белгіленген тәртібіне кешкенде, арнаулы салық режиміне келесі көшу жалпыға ортақ белгіленген гэртіпті екі күнтізбелік жыл қолдану өткеннен кейін ғана мүмкін болады.

Төмендегілер арнаулы салық режимін *қо/іоануга құқылы емес*.

1) филиалдары және өкілдіктері бар заңды тұлғалар;  
2) заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;  
3) эртүрлі елді мекендерде оқшауланған құрылымдық бөлім-шелері және (немесе) салық салынатын нысандары бар салық төлеушілер (мүлкін жалдауға беріп қызмет жүргізегін салық төлеуші-лерді сссптемегенде):

4) басқа заңды тұлғалардың қатысу үлесі 25 пайыздан асатын заңды тұлғалар;

5) құрылтайшысы бір мезгілде арнаулы салық режимін қолданылатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғалар.

Арнаулы салық режимі *қызметтің келесідей түрлеріне*:

1) акцизделетін өнімдер өндіруге;  
2) консультациялық, қаржылық, бухгалтерлік қызметтерге;  
3) мұнай өнімдерін өткізуге;  
4) жер қойнауын пайдалануға қолданылмайды (ҚР СК 428-бабының 4 тармағы).

*Патент негізіндегі арнаулы салық режимін* келесі шарттарға сай келетін жеке кәсіпкерлер қолданады: 1) жұмыскерлер еңбектерін пайдаланбайтындар; 2) қызметін жеке кәсіпкерлік формасында жүргізетіндер; 3) салық кезеңі (күнтізбелік жыл) ішіндегі табысы ең аз 200 жалақы мөлшерінен (ары қарай - ЕАЖМ) аспайтындар. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдап ұстау мүмкіндік бермейтін жағдайлар іуғанда, салық төлеуші арыз бере отырып, оңайлатылған мағлұмдама негізіндегі салық режиміне немесе салықтарды есептеу мен төлеудің жалпыға ортақ белгіленген режиміне өте алады.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін, жеке кәсіпкер оны қолдануды бастамас бұрын кәсіпкерлік жүргізетін орны бойынша салық органына өтініш табыс етеді. Аталған мерзімдерде жеке кәсіпкердің салық өтінішін табыс етпеуі - бюджетпен есеп айырысуды жалпыға ортақ белгіленген тәртіпте жүзеге асыруға келіскендік деп есептеуге болады. Жеке кәсіпкерге патент бір айдан кем емес және он екі айдан артық емес мерзімге беріледі. Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік көрсетілмеген жағдайда, патент жарамсыз болып табылады.

Патент құны жеке кәсіпкер жарияланған табыстың 2%-ы көлемінде мөлшерлеме қолдану жояымен есептейді. Патент құны бюджетке: 1) жеке табыс салығы түрінде - патент құнының 1/2 көлемінде; 2) әлеуметтік салық түрінде -

Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына «Міндепi әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын шығарып тастағандағы патент құнының 1/2 көлемінде теленедi.

Кәсіпкерлік қызмет патент жарамдылығының мерзiмi бiткенге дейiн тоқтағанда, жеке кәсіпкердi әрекет етуге қабiлетсiз деп таныған жағдайдан басқа, салықтардың төленген сомасы қайтарылмайды және қайта есептелмейдi (РК Салық кодексiнiң 432-бабының 5-тармағы).

**Оңайлатылған мағлұмдама негiзiндегi арнаулы салық режiмiне** салық кезеңi басталғанға дейiн өту үшiн, шағын бизнес субъектiлерi тұрғылықты жерi бойынша салық органына уәкiлеттi мемлекеттiк орган белгiлеген үлгiде арыз бередi. Жаңадан құрылған Заңды тұлғалар салық органына оңайлатылған мағлұмдама негiзiндегi арнаулы салық режiмiн қолдануға өтiнiштi заңды тұлға тiркелгеннен кейiн жиырма жұмыс күнiнен кешiктiрмей табыс етедi. Жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлер оңайлатылған мағлұмдама негiзiндегi арнаулы салық режiмiн қолдануға өтiнiштi қызмет атқаратын орны бойынша тiркеу есебiнс қойған күнi табыс етедi. Қызметiн бiр елдi мекен шегiндегi әртүрлi аумақтық-әкiмшiлiктiк бiрдiктер аумағында орналасқан бiрнеше нысанда жүрiзген жағдайда, салық телеуип оңайлатылған мағлұмдама негiзiндегi арнаулы салық режiмiн қолдануға өтiнiш беру үшш, жеке кәсіпкер ретiнде тiркелгеннен кейiн 10 жұмыс күнiнен кешiктiрмей салық органын өз қалауынша анықтайды.

Оңайлатылған мағлұмдама негiзiндегi арнаулы салық режiмiн төмендегi шарттар талаптарына жауап беретiн шағын бизнес субъектiлерi қолданады: 1) *жеке кәсіпкерлер үшiн*: салық кезеңi iшiнде жұмыскерлердiң шектi орташа тiзiмдiк саны - жеке кәсіпкердiң өзiн қосқанда, жиырма бес адам; салық кезеңiнде шектi табыс он мың теңге құрайды; 2) *заңды тұлғаяар үшiн*: салық кезеңi iшшде жұмыскерлердiң шектi орташа тiзiмдiк саны — елу адам; салық кезеңiнде шектi табыс жиырма бес мың теңге құрайды.

Оңайлатылған мағлұмдама негiзiнде салықтарды шағын бизнес субъектiсi өз бетiнше салық салу нысанына салық кезеңi үшiн 3% кө- демiнде мөлшеряеме белгiлеу жолымен есептейдi. Егер есептiк кезең қорытындысы бойынша қызметкерлердiң орташа айлық жалақысы айлық жалақы көрсеткiшiнен (ЖАК) жеке кәсіпкерлер үшiн 2 еседен, заңды тұлғалар үшiн 2,5 еседен аспайтын болса, салық кезеңiне есептелген салықтар сомасы қызметкерлердiң орташа тiзiмдiк саны негiзiнде әр қызметкерге шаққанда 1,5% көлемiнде азайтыла отырып түзетiледi.

**Шаруа немесе фермерлiк қожалықтары үшiн арнаулы салық режiмi** бюджетпен бiргүтас жер салығын төлеу негiзiнде есеп айырысудың айрықша тәртiбiн көздейдi және ауылшаруашылық өнiм- дерiп өндiрумен, өз өндiрiсi шығарған ауылшаруашылық өнiмдерiн өндеумен және оны сатумен айналысатын (әкнiздi өнiм өндiру, өндеу және сатудан басқа) шаруа немесе фермерлiк қожалықтарына таратылады. Арнаулы салық режiмiн қолдану құқығы жеке меншiк құқымен және (немесе) жер пайдалану құқымен (қайтара жер пайдалану құқын қосқанда) жер телiмдерi бар шаруа немесе фермерлiк қожалықтарына берiледi. Шаруа немесе фермерлiк қожалықтары аталған

арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпыға ортақ режимін өз бетінше таңдауға құқылы.

тіртүтас жер салығын төлеу негізінде арнаулы сәйкес имін қолданатын шаруа немесе фермерлік қожалықтар мынадай және бюджетке төленетін басқа да міндетті аталған арнаулы салық режимі таратылағыш шаруа немесе фермерлік қожалық қызметінен алынатын сабықтардан жеке табыс салығыш, қосылған күн салығын - аталған арнаулы салық режимі таратылағыш жүзеге асыру айналымдары ооыынша; 3) жер салығын және жер телімдерін пайдаланғаны үшін аталған арнаулы қолданатын қызметте пайдаланылатын жер телімдер; Р салығын және (немесе) ақыны төлеушідер болып табылмайд.

*Заңды тұлғалар - ауылшаруашылық өнімдерін үшін арнайы салық режимі* корпорациялық табыс салығын және күн салығын, элеуметтік салықты, жер салығы, жеке пайдаланғаны үшін алым, мүлікке салынатын, қолік й, салынатын салықты есептеудің айрықша тәртібін қараңыз.

заңды тұлғалардың мынадай: ауылшаруашылық өнімді, ланыгі өндіру, өз өндірісінші аталған өнімін қайта өңдеу және сату бойынша; толық кезеңмен (жас төл есіруден бастап) ауылшаруашылық өнімдері, оларта шаруашылығы, сонымен қатар өз өндірісінші өнімдерін қайта өңдеу және өткізу бойынша қызметіне Қосылған Арнаулы салық режимі селолық тұтыну кооперативтері қызмет түрлері: 1) шаруа немесе фермерлік қожалық - аталған кооперативтердің мүшелері (пайшылары) өндірген ауылшаруашылық өнімдерші өткізу; 2) шаруа немесе фермерлік қожалық - аталған кооперативтердің мүшелері (пайшылары) өндірген өнімдерін қайта өңдеу және осы өнімдерді қайта өңдеу ісінде алынған өнімдерді өткізу бойынша қолданылады (ҚР ЕК № бабының тармағы

2-). Оның үстіне селолық тұтыну кооперативте ріне ісіндегі мүшелері (пайшылары) таза шаруа немесе фермерлік қожалық қызметіне қатысты табылатын; 2) жылдық жиынтық табысының 90%-дан кеміріні жоғарыда көрсетілген қызмет ісіндегі үрші жүзеге асыру

жатын (алынған) селолық кооперативтер жатқызылған заңды тұлғалар - ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер салық режимін қолдануға мыналар құқылы емес: 1) енші құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар; 2) осы арқылы

режимін қолданатын басқа заңды тұлғалардың тіркеліні болып табылатын заңды тұлға. 3) басқа заңды тұлғалардың үлесі 25 пайыздан асатын заңды тұлға; 4) құрылтайшысы арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлға; 5) мүлік ісіндегі

басқа селолық тұтыну кооперативтерінің мүшесі болып табылатын селолық тұтыну кооперативтері А.рм'

^  
”

’ЛЫ СЙЛЫҢ

режимі акцизделетін өнім ендіру, қайта өңдеу және сату бойынша салық төлеушілердің қызметіне қолданылмайды.

Валюталық реттеу кәсіпкерлердің қатысуымен қатынастарды мемлекеттік реттеудің басты бағыттарының бірі болып табылады. Валюталық реттеу елдің төлем теңгерімін (баланс), ұлттық валютаның орнықтылығын нығайтуды, ішкі валюта нарығын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында валюта операцияларын өткізу тәртібін белгілеу және оның сақталуына бақылау жасау бойынша жүргізілетін қызмет дегенді білдіреді. Валюталық реттеудің *міндеттері*: 1) ҚР-да валюталық құндылықтардың айналысы тәртібін белгілеу; 2) Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға ары қарай ықпалдасуы (интеграция) үшін жағдайлар туғызу; 3) валюта операциялары және капитал ағындары бойынша ақпараттық базаны қамтамасыз ету болып саналады.

Валюталық реттеумен қатар, ҚР резиденттері мен резидент еместерінің валюта операциялары жүзеге асыру барысында ҚР заңдарын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында *валюталық бақылау* жүргізіледі. Валюталық бақылаудың *міндеттері*: 1) өткізіліп жатқан валюта операцияларының ҚР заңдарына сәйкестігі; 2) валюталық операциялар бойынша төлемдердің негізділігін және оларды іске асыру үшін қажетті құжаттардың болуын тексеру; 3) валюта операциялары бойынша есепке алудың және есептеменнің толықтығын және дұрыстығын тексеру болып табылады.

Жалпы алғанда, валюталық реттеу және валюталық бақылау экономиканың дамуына елеулі әсер етеді, өйткені олар елдің төлем теңгерімін жақсартуға, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, экономикалық қызметтің басым түрлерін ынталандыру үшін жағдайлар туғызуға және тауар және ақша жиындарының айналыс үдерісін бақылауға септігін тигізеді.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің тағы бір бағыты - лицензиялау. 2007 ж. қаңтардың 11 -індегі № 214-ІІІ «Лицензиялау туралы» ҚР Заңының 4-бабына сәйкес, лицензия беру қызметтің аталған түрі үшін белгіленген талаптарға жауап беретін барлық тұлғалар үшін тең негіздемелерде және тең шарттарда жүзеге асырылады. Қызметтің жекелеген түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізу ұлттық қауіпсіздікті, құқық тәртібін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірлерін, денсаулықтарын қорғау мақсатында тағайындалады.

Лицензиялау туралы заң лицензиялауға жағатын қызметтің түрлерінің, қосымша түрлерінің жете қарастырылған тізбесін белгілейді. Сөйтіп, «Лицензиялау туралы» Заңның 11-бабына сәйкес, **лицензиялауға төмендегі салыптарда қызметтің жекелеген түрлері жатқызылады:**

- 1) өнеркәсіп;
- 2) атом энергиясын пайдалану;

- 3) улы заттар айналымы;
  - 4) техникалық қауіпсіздік;
  - 5) көлік;
  - 6) есірткі, психикаға әсер ететін заттар, прекурстар;
  - 7) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
  - 8) жедел іздестіру шараларын өткізу үшін арнайы техникалық құралдар;
  - 9) қаруландыру, әскери техника және қарудың жекелеген түрлері, жарылғыш заттар және олар найдаланылатын бұйымдар айналымы;
  - 10) ғарыш кеңістігі пайдалану;
  - 11) ақпараттандыру және байланыс;
  - 12) білім беру;
  - 13) бұқаралық ақпарат құралдары;
  - 14) ауыл және орман шаруашылықтары, жерге орналастыру, геодезия және картография;
  - 25) денсаулық сақтау;
  - 16) жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету;
  - 17) ойын бизнесі;
  - 18) ветеринария;
  - 19) сот-сараптау;
  - 20) мәдениет;
  - 21) қаржы саласы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет;
  - 22) сәулет, қала құрылысы және құрылыс;
  - 23) ҚР мемлекеттік рәміздерін әзірлеу;
  - 24) кеден ісі;
  - 25) этил спирті мен алкоголь енімі өндірісі және айналымы, темекі өнімдерінің өндірісі;
  - 26) валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызмет;
  - 27) тауарлар экспорты және импорты.
- Сонымен қатар лицензияның басыбайлы берілмейтінін және лицензия иесінің оны басқа жеке және заңды тұлғаға бере алмайтынының да маңызы аз емес. ҚР заңдарымен көзделетін жағдайларды қоспағанда, лицензиялардың жарамдылығы ҚР аумағына түгелдей таратылады.

#### 8.4. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау

Бақылау - экономиканы және кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу құралдарының бірі. Мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар жүзеге асыратындықтан, оны мемлекеттік билік жүргізу формаларының бірі деп қарастырған жөн.

**Кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметпен айналысу барысында нормативтік актілер талаптарын сақтауын тексеру және қадағалау болып табылады,**

ҚР-да жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жасау төмендегідей:



- V) заңдылық;
- 2) жеке кәсіпкерлік субъектісі адалдығының презумпциясы (адал дегі санау ұстанымы);
- 3) жариялылық;
- 4) заң және сот алдында барлықтарының тең екендігі;
- 5) тексеру жүргізу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс режимін бұзуына жол бермеу;
- 6) мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының кәсіпқой- дығы және біліктілігі;
- 7) мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының лауазым- дық міндеттерін орындамағаны немесе қанағаттанғысыз дәрежеде орындағаны және өздерінің құзыреттерін асыра пайдаданғаны үшін жауапкершілік ұстанымдарына негізделеді.

Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жасаудың негізгі міндеті: жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және сататын енімнің адамдардың өмірлері мен денсаулықтарына қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың мүліктерін, қоршаған ортаға қауіпсіздігін, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қорғау (экономналық қауіпсіздікті қоса алғанда), алдап- арбау әрекеттерін болдырмау, табиғи және энергетикалық ресурс- тарды үнемдеу, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексеру мемлекеттік органның *тексеру белгілеу туралы кесімі (актісі)* негізінде жүргізіледі. Тексеру белгілеу туралы кесімде; I) кесімнің нөмірі мен айы-күні;

- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексеру жүргізуге өкілетті адамның (адамдардың) фамилиясы, аты-жөні және лауазымы;
- 4) тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы немесе соған қатысты тексеру белгіленген жеке кәсіпкердің фамилиясы, аты-жөні, мекенжайы, салық телеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) тағайындалған тексерудің мақсаты;
- 6) тексерудің басталу және аяқталу күні; тексеру жүргізудің құқықтық негіздеме-лері, оның ішінде негізгі талаптары тексерілуге жататын нормативтік құқықтық актілер;
- 8) тексерілетін кезең;
- 9) кесімдерге қол қоюға өкілетті тұлғаның қолы және мемлекеттік органның мөрі көрсетіледі. Бұл кесім міндетті түрде өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есеп саласында статистикалық қызмет атқаратын мемлекеттік органда тіркелуге тиіс.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдардың тексеру үшін нысанға келген лауазымды тұлғалары:

1) құқықтық статистика жөніндегі органда тіркелгені туралы белгісі бар тексеру тағайындалғаны туралы кесімді (актіні);

2) қызметтік куәлігін;

3) қажет болған жағдайда құзырлы органның режимдік нысан- дарға баруына берген рұқсатын;

4) мемлекеттік орган басшысы бекіткен тексеру жоспарын;

5) нысандарға бару үшін қажетті медициналық рұқсатты көр- сетуге тиіс.

*Тексерудің басталуы* деп тексерілуші жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру тағайындалғаны туралы кесімді табыс ету сәті саналады. Тексеру жүргізу мерзімі отыз күнтізбе күннен аспауға тиіс, ерекше жағдайларда арнайы зерттеу, сынақ, сараптау жүргізу қажеттіп туғанда, сонымен қатар тексеру жұмысының келемі айтарлықтай үлкен болуына байланысты мемлекеттік бақылау органының басшысы (немесе оның орнындағы адам) тексеру мерзімін ұзартуға алады, бірақ 30 күнтізбелік күннен артық емес.

Тексеру мерзімі ұзартылған жағдайда мемлекеттік орган міндетті түрде құқықтық статистика жөніндегі органда тіркете отырып, тексерудің ұзартылғаны туралы қосымша кесім рәсімдеп, онда тексеру тағайындалғаны туралы алдыңғы кесімнің нөмірін, айы-күнін және тексерудің ұзартылу себебін көрсетеді. Тексеру тағайындау туралы бір кесім негізінде бір ғана тексеру жүргізілуге тиіс.

Тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік органның тексеру жүргізуші лауазымды тұлғасы *тексеру нәтижелері туралы* кесімді екі дана етіп әзірлейді. Тексеру нәтижелері туралы кесімде; 1) кесім жасаудың айы-күні, уақыты және орны; 2) тексеру жүргізуші органның атауы; 3) соның негізінде тексеру жүргізілген кесімнің айы-күні, нөмірі; 4) тексеру жүргізген тұлғаның (тұлғалардың) фамилиясы, аты- жөні және лауазымы; 5) тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы немесе жеке кәсіпкердің фамилиясы, аты-жөні, тексеруге қатысқан заңды тұлға екілінің немесе жеке кәсіпкер өкілінің фамилиясы, аты-жөні; 6) тексеру жүргізудің айы-күні және кезеңі;

7) тексеру нәтижелері туралы мәліметтер, оның ішінде анықталған заң бұзушылықтар, олардың сипаты туралы; 8) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің өкілінің, сонымен қатар тексеруге қатысқандардың кесіммен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе бас тартқаны туралы жазу;

9) тексеру жүргізген лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қолы көр- сетіледі.

Тексеру нәтижелері туралы кесімге өнім үлгілерін (сынақ үшін) таңдап алу, қоршаған орта нысандарын зерттеу, өткізілген зерттеулер (сынақтар) және сараптау кесімдері және тексеруге байланысты басқа құжаттар немесе олардың көшірмелері (егер бар болса) қоса беріледі. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысы немесе жеке кәсіпкер немесе олардың акілдері соларды жазбаша түрде баяндайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері *келу және тексеруді есепке алу кітабын*

жүргізуге құқылы. Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жеке кәсіпкерлік субъектілеріне фамлияларын, лауазым- дарыц және кесімде баяндалған деректерді көрсете отырып, келу және тексеруді есепке алу кітабына өткізілген шаралар туралы жазуға тиіс.

Жеке кәсіпкерлік туралы заңмен тексеру өткізу ережелері туралы көрсетілген қағидалар қолданылмайтын төмендегідей жағдайлар қарастырылған:

1) азаматтық-құқықтық қатынастардан өрбитін міндетгерді орын- дау бойынғла;

2) жедел іздестіру шаралары, тергеу жүргізу, алғашқы тексеру, прокурорлық қадағанау және атқару өндірісі аясында;

3) ҚР мемлекеттік шекарасынан өткен жағдайда;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісінің бастамашылығы бойынша;

5) ҚР еалық, кеден және қаржы заңын сақтау бойынша;

6) Білім беру саласында ҚР заңдарын сақтау («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 38-бабының 18-тармағы).

Тексеру жүргізу барысында ҚР заңдарын бұзылуы орын алмаған болса, тексеру нәтижелері туралы кесімде тиісті жазу болуға тиіс. Тексеру мерзімінің аяқталуы болып тексерілуші жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру белгіленгені туралы кесімде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірмей, тексеру нәтижелері туралы кесімді табыс еткен күн саналады. ҚР заңдарымен белгіленбеген тексерудің басқадай түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

*Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жүргізу барысында:*

1) тиісті құжаттарды көрсете отырып, тексерілетін нысанның аумағына немесе тұрақжайына кедергісіз кіруі е;

2) тексеру нәтижелері туралы кесімге қосып тіркеу үшін, қағаз және электронды түрдегі құжаттарды (мәліметтерді) немесе олардың кешірімесін алуға, сонымен бірге тексеру міндетгері мен нысанына сәйкес деректердің автоматты қорларын (ақпараттық жүйелерін) пайдалануға құқылы.

Мемлекеттік органдардың тексеру жүргізуші лауазымды тұлға- ларына талап етуге және тексеруге қатыссыз егініштер айтуға тыйым салынады.

Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары мемлекеттік бақылау жүргізу барысында:

1) ҚР заңдарын, жеке кәсіпкерлік субъектілерінң құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексеруді ҚР заңдары белгілеген тәртіп негізінде және қатаң сақтай отырып жүргізуге;

3) тексеру жүргізген кезде жеке кәсіпкерлік субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) ҚР заңдарымен белгіленген талаптардың бұзылуының алдын алу, ақықтау және жолын кесу бойынша ҚР заңдарына сәйкес екілеттіктерді уақытында және толық көлемде орындауға;

5) жеке кәсіпкерлік субъектісінің тексеру жүргізу барысына

қатысуына, тексеру нысанына қатысты мәселелер бойынша түсініктеме беруге кедергі жасамауға;

б) жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру нысаны және оның өткізілуі тура.ч[ қажетті мәліметті беруге;

7) жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру аяқталған күш тексеру нәтижесі туралы кесімді табыс етуге;

8) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәлі- меттердің сақталуын қамтамасыз етуге *міндетті*.

С-онымен бірге жеке кәсіпкерлік туралы заңда *жеке кәсіпкерлік субъектілерінің* құқықтары мен міндеттері де қарастырылған. Сөйтіп, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 40-бабының 1-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлік субъектілері жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде мыналарға:

1) мемлекеттік органдардың нысанға тексеру жүргізуге келген лауазымды тұлғаларын тексеруге жібермеуге, егер:

- жеке кәсіпкерлік туралы заңда көрсетілген құжаттар берілмесе;
- тексеру белгілеу туралы кесімде лауазымды тұлғалар көрсетілмесе;
- тексеруді бастау күні әлі келмесе немесе өтіп кетсе;
- тексеру белгілеу туралы кесім жеке кәсіпкерлік туралы заң нормаларына сәйкес рәсімделмесе;

2) мәліметтер бермеуге, егер олардың тексеру жүргізілетін нысанға немесе кесімде көрсетілген мерзімге қатысы боямаса;

3) тексеру белгілеу туралы кесімге, тексеру нәтижелері туралы кесімге және мемлекеттік органдардың әрекеттерше (әрекет етпеуіне) ҚР заңдарымен белгіленген тәртіпте шағым беруге;

4) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың жеке кәсіпкерлікті шектейтін, заңда негізделмеген тыйымдарын орын- дамауға құқылы.

Мемлекеттік органдар тексеру жүргізген кезде, жеке кәсіпкерлік субъектілері:

1) жеке кәсіпкерлік туралы заң талаптарын сақтаған жағдайда, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының тексерілетін нысан аумағына және тұрақжайына кедергісіз етуін қамтамасыз етуге;

2) жеке кәсіпкерлік туралы заң талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың тексеру жүргізуші лауазымды тұлғаларына тексеру нәтижелері туралы кесімге қосып тіркеу үйіні, қағаз және электронды түрдегі құжаттарды (мәліметтерді) немесе олардың көшірмесін беруге, сонымен бірге тексеру міндеттері мен нысанына сәйкес деректердің автоматты қорларын (ақпараттық жүйелерін) пайдалануға рұқсат етуге;

3) тексеру белгілеу туралы кесімнің екінші данасына алғаны туралы белгі жасауға *міндетті*,

Қоиданыстағы заң мемлекеттік органдардың және олардың тексеру жүргізуші лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекет- теріге (әрекетсіздіктеріне) шағым беру тәртібін қарастырған. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 41-бабына сәйкес, жеке кәсіпкерлік субъектілері мен

мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларының өзара жауапкершілігі белгіленген, Атап айтқанда\* мемлекеттік тексеру жүргізу барысында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, жеке кәсіпкерлік субъектісі тиісті органның және (немесе) лауазымды тұлғаның әрекетше жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа ҚР заңдары белгілеген тәртіпте шағым беруге құқылы. Мемлекеттік органдардың қылмыстық іс қозғауға және тергеуге байланысты әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке кәсіпкерлік субъектісінің шағым беруі ҚР қылмыстық іс жүргізу заңы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бақылау жүргізуді өздеріне жүктелген бақылау және қадағалау қызметтеріне сай, қолданыстағы заңмен белгіленген ережелерге сәйкес атқарады:

1. Электр энергетикасы саласында жер қойнауын пайдалану және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік орган (ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі):

1) электр энергетикасы саласында бақылау мен қадағалау;

2) жер қойнауын пайдалану саласында келісімдер шарттарының орындалуын сақтауға мониторинг және бақылау;

3) жер қойнауын зергтеу және пайдалану саласында бақылау;

4) мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымына бақылау;

5) халықтың радиациялық қауіпсіздігі саласында бақылау;

6) мұнай операцияларын журызу саласында бақылау;

7) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінң ендірісіне және айналымына бақылау жасайды.

2. Көлік саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Көлік және коммуникация министрлігі):

1) ҚР әуе кеңістігін пайдалану саласында бақылау;

2) азаматтық авиация қызметіне бақылау;

3) халықаралық әуе тасымалдарына бақылау;

4) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бақылау;

5) автомобиль келігі саласында бақылау;

6) теміржол көлігі саласында бақылау;

7) сауда-саттықпен теңізде жүзу саласында бақылау;

8) ішкі су көлігі саласында бақылау;

9) автомобиль жолдарын жобалауға және салуға бақылау;

10) автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін сақтауға бақылау;

11) көлік құралдары иелерінің және тасымалдаушының мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде жолаушылар аэропорттағы азаматтық-құқыққақ жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында бақылау жасайды.

3. Экспорттық бақылау бойынша мемлекеттік орган (ҚР Индустрия және сауда министрлігі):

- экспорттық бақылауға жататын өнімге бақылау жасайды.

4. Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі

комитеті):

1) техникалық реттеу са.пасында бақылау;

2) бағалау және сәйкестік саласындағы аккредитация туралы ҚР заңдарының сақталуына бақылау жасайды.

5. Метрология саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті):

~ метрология саласында бақылау жүргізеді.

6. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті):

- сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында бақылау жүргізеді.

7. Атроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі):

1) ветеринария саласындағы бақылау

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы және омарта шаруашылығы саласындағы бақылау;

3) жануарлар элементін қорғау, ұдайы өндіру және пайдалану саласындағы бақылау;

4) өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы бақылау;

5) тұқым өсіру саласындағы бақылау;

6) астық нарығын реттеу саласындағы бақылау;

7) ҚР орман шаруашылығы саласындағы реттеу;

8) ҚР су заңы саласындағы реттеу;

9) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы бақылау;

10) ерекше қорғалатын табиғат аумақтары саласындағы бақылау жұмыстарын жүргізеді.

8. Жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік орган (**Жер ресурстарын басқару жөніндегі ҚР агенттігі**):

1) жерлерді пайдалану және қорғауға бақылау;

2) геодезия және картография қызметіне бақылау жасайды.

9. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік орган (**ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі**):

1) қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын ұқайы өндіру және пайдалану саласындағы бақылау;

2) шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлеріне бақылау;

3) қоқыстармен айналысуға бақылау;

4) міндетті экологиялық сақтандыру саласында бақылау жасайды.

10. Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік орган (**ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі**):

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы бақылау;

2) азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау;

3) қауіпті өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау;

бақылау;

4) өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау;

5) қызметтері үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупінің болуына байланысты нысандар иелерін міндетті азаматтық-құқықтық сақтан- дыру саласындағы бақылау жұмыстарын жүргізеді.

11. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган **(ҚР Денсаулық сақтау министрлігі):**

1) дәрілік құралдардың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына бақылау;

2) көрсетілетін медициналық қызметтің және арнайы әлеуметтік қызметтердің сапасына бақылау жасайды.

12. Санитарлық-эпидемиологиялық хал-ахуал саласындағы мем- лекеттік орган **(ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті):**

1) санитарлық-эпидемиологиялық бақылау;

2) жұқпалы ауруларға қарсы жұртшылыққа профилактикалық егуді ұйымдастыруға және өткізуге бақылау;

3) жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша шаралар ұйымдас- тыруға және өткізуге бақылау жасайды.

13. Білім беру саласындағы мемлекеттік орган **(ҚР Білім және ғылым министрлігі):**

- білім беру жүйесіндегі бақылауды жүзеге асырады.

14. Әлеуметтік-мәдени қатынастар саласындағы мемлекеттік орган **(ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі):**

- Ұлттық мұрағат қоры құрамына жатқызылған және жеке мұрағаттарда сақтаулы құжаттардың сақталуына бақылау жасайды.

15. Еңбек саласындағы мемлекеттік орган **(ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі):**

1) ҚР еңбек пен еңбек қауіпсіздігі және еңбек пен жұртшылықты әлеуметтік қорғау туралы заңының сақталуына бақылау;

2) ҚР еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау барысында қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін, жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңының сақталуына бақылау;

3) ҚР жұртшылықты жұмыспен қамту заңының сақталуына бақылау;

4) ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңының сақта- луына бақылау;

5) арнайы әлеуметтік қызметтер туралы ҚР заңдарының сақталуына бақылау жасайды.

16. Бұқаралық ақпарат құралдары істері бойынша мемлекеттік орган **(ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі):**

- ҚР бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңының сақталауына бақылау жүргізеді.

17. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы мемлекеттік орган **(ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі):**

1) байланыс саласындағы бақылау;

2) ақпараттандыру саласындағы бақылау;  
3) ҚР электрондық құжат және электрондық сандық қол қою туралы заңының сақталуына бақылау жасайды.

18. Мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган (ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті):

1) салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдердің түсуіне, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы аударымдарының және Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақытында аударылуына салықтық бақылау;

2) ҚР заңдарымен белгіленген құзырет шегінде салықтық емес төлемдердің түсуіне салықтық бақылау;

3) трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау;

4) акцизді енімді өндіруге және оның айналымына бақылау жүргізеді.

19. Банкроттық саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Қаржы министрлігінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті):

- сырттай қадағалау және қалпына келтіру, конкурстық өндіріс шараларын жүргізуге бақылау жасайды.

20. Кеден ісі мәселелері бойынша мемлекеттік орган (**ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті**):

1) кеден ісі саласындағы бақылау;

2) ҚР Валюта заңының сақталуына бақылау;

ішкі құзырет шегінде салықтық бақылау;

4) мәдени құндылықтардың шетелге әкетілуіне бақылау жасау жұмыстарын атқарады.

21. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша мемлекеттік орган (**ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі**):

1) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және бақылау;

2) кредит бюросы қызметін қадағалау және бақылау;

3) инвестициялық қорларды қадағалау және бақылауды жүзеге асырады.

22. **ҚР Ұлттық Банкі:**

1) валюта операцияларын жүзеге асыруға және валюта құндылықтарын пайдалануға байланысты қызметке бақылау;

2) құзырет шегінде қаржы ұйымдарының қызметіне бақылау;

3) ҚР төлемдер мен ақша аударымдары мәселелері бойынша ҚР заңының, вексельдік айналым және ҚР валюта заңының сақталуына бақылау;

4) төлем жүйелерінің жұмыс істеуіне бақылау жасайды.

23. Бәсекелестікті қорғау бойынша мемлекеттік орган - монополияға қарсы орган (**ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті**):

1) экономикалық шоғырландыруға бақылау;

2) нарық субъектілерінің келісімдеріне (келісілген әрекеттеріне) бақылау;

3) мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттеріне бақылау;



4) нарық субъектілерінің басым (монополиялық) жағдайын асыра пайдалануына жол бермеуге бақылау жүргізеді.

24. Әділет органдары (**ҚР Әділет министрлігі**):

1) авторлық құқық және шектес құқық нысандарын, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, топология және интегралдық (ық- палдастық) микро сызбанұсқаларын пайдапануға бақылау;

2) нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерінің кейіннен жариялануы саласындағы бақылауды жүзеге асырады.

25. Табиғи монополиялар және реітелетін нарықтар саласындағы қызметті басқаратын мемлекеттік орган (**ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі**).

- 1) табиғи монополиялар саласына бақылау;
  - 2) өз құзыреті шегінде энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергетикасы туралы ҚР заңдарын сақтауына бақылау;
  - 3) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңдарында белгіленген міндеттерді және бағаларын мемлекет белгілеуін өнім номенклатурасы, тауарлар мен қызметтер туралы ҚР Үкіметі белгілеген бағаларды реттелетін нарықтар субъектілерінің сақтауына бақылау жүргізеді.
26. Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншік жекешелендіру және мониторинг саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Қаржы министрлігіндегі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті):
- 1) жекешелендіруден кейінгі бақылау;
  - 2) Мемлекеттің үлесі, сонымен қатар экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншік нысандарын басқару тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
27. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары (ҚР Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті):
- ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңының сақталуына бақылау жасайды.
28. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Ішкі істер министрлігі):
- 1) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылау;
  - 2) азаматтық және қызметтік қару және олардың патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар және солар қолданылатын бұйымдар айналымы салаында жұмыс істейтін жеке және заңды тұлғалар қызметіне бақылау;
  - 3) түсті бейнелеудің көбейткіш-көшіргіш техникасына, сонымен қатар морфалыптық-нақыштық кәсіпорындар қызметіне бақылау;
  - 4) жарылғыш және улы, радиоактивтік материалдар мен заттарды қолданудың және олардың жұмыс істеуінің белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау;
  - 5) өз құзыреті шегінде шетелдік жұмыс күшін тарту ережелерінің сақталуына бақылау;
  - 6) күзет қызметімен, сонымен қатар күзет сигнализациясы құралдарын құрастырумен, реттеумен және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілер қызметіне бақылау;
  - 7) есірткі құралдарының, психикаға әсер ететін заттардың және прекурсорлардың айналымына бақылау;
  - 8) көлік құралдары иелерінің және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында бақылау жасайды,
29. Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Туризм және спорт министрлігі):
- Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңының

сақталуына бақылау жасайды.

30. Аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Қаржы министрлігі);

- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңының сақталуын бақылайды.

31. Ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік орган (ҚР Туризм және спорт министрлігінің Индустрия комитеті);

- Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңының сақталуына бақылау жүргізеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің мәні неде және ол қандай мақсаттарда жүргізіледі?

2. Жеке кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі түрлеріне сипаттама беріңіз.

3. Мемлекеттік реттеу түрлерін жіктеудің белгілері қандай?

4. Жеке кәсіпкерлік саласындағы жалпы құзырет органдарына қандай органдар жатады және олардың құзыретіне не кіреді?

5. Жеке кәсіпкерлік саласындағы арнайы құзырет органдарының өкшеттіктерін ашып көрсетіңіз.

6. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі әдістерін атаңыз.

7. Өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сапасына бақылау қандай мақсатта жүргізіледі және оның мәні неде?

8. Баға белгілеу саласында мемлекеттік реттеу не үшін жүргізіледі?

9. ҚР заңымен бағалардың қандай түрлері белгіленген?

10. Бағалардың мемлекеттік тәртібін бұзуға не жатады?

11. Монополияға қарсы реттеудің рөлі қандай?

12. Кәсіпкерлік қызметті салықтық реттеу не үшін және қалай жүргізіледі?

13. Кәсіпкерлердің қандай санаттары үшін арнаулы салықрежимі белгіленеді және ол не болып табылады?

14. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу бағыттарының бірі ретіндегі валюталық реттеудің мәнін ашып көрсетіңіз.

15. Лицензиялау деген не және қандай мақсаттар үшін өткізіледі?

16. Қай салаларда кәсіпкерлік қыч.мспін жекелеген түрлері лицензиялауға жатады?

17. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылауға және олардың алдында тұрған міндетгерге түсініктеме беріңіз.

18. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау қандай ұстанымдар бойынша жүзеге асырылады?

19. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексеру қандай негіздемелерде және қандай тәртіппен жүзеге асырылады?

20. Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жүргізгенде, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қандай құқықтар иеленеді?

21. Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жүргізгенде, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қандай міндеттер жүктеледі?

22. Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жүргізу барысында жеке кәсіпкерлік субъектілері иеленетін құқықтар тізбесін атаңыз.

23. Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік бақылау жүргізу барысында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қандай міндеттер жүктеледі?

24. Қандай мемлекеттік органдар және қандай салаларда жеке кәсіпкерлікке бақылау жүргізеді?

## 9- тарау. КӘСІПКЕРЛІК ШАРТ

### 9.1. Кәсіпкерлік шарт түсінігі

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзара қатынастарын реттеудің негізгі құралы шарт болып табылады. Экономикалық айналымның басты құқықтық формасы және тараптардың құқықтарын, олардың жауапкершілігін айқындайтын дәл соның өзі болады.

Кәсіпкерлік шарттың түсінігі және әдәмі туралы мәселе, бірінші кезекте, шарттың түсінігін бұрыннан бар тәсілдеріне талдау жасауды талап етеді. Бұл мәселеге қатысты тәсілдердің алуан түрлілігі римдік құқықтан бастау алады, ал оның ережелеріне сәйкес шартты *құқықтық қатынастардың пайда болуының негіздемесі*, сол негіздемеден шығатын *құқықтық қатынастың өзі* немесе тиісті құқықтық қатынас қабылдайтын *форма* ретінде қарастыруға болады.

Шарт жайындағы қазіргі заманғы түсініктер жоғарыда келтірілген аспектілерді бойына сіңірсең; шарт ретінде екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуы туралы келісімін танумен қатар, шарт деп **оның барлық қатысушыларының еркі бойынша заңдық факт, құқықтық қатынас, құжат, міндеттемелердің пайда болуын тіркейтін кесім және басқалары түсініледі.**<sup>13</sup> Айтылғандарды есепке ала отырып, көпұғымды түсінік ретінде шартты *тараптардың келісімі, заңдық факт* және солардан туған *құқықтық қатынас* деп қарастыруға қолайлы тәсіл болып табылады.

Кәсіпкерлік шарттың мәні туралы мәселеге көше отырып, «шаруашылық шарт» терминінің өткен жүзжылдықтың 30 жылдары бастапқыда өнім беру шартының синонимі ретінде пайда болғанын айтқан жөн,<sup>14</sup> Кейіннен

<sup>13</sup> Мысалы, қараныз: О.С.Иоффе. Обязательственное право. - М.: Заң әдебиеті, 1975. 26-бет; Гражданское право: оқулық. / А.П.Сергеевтің, Ю.К.Толстойдың басшылығымен. —М. Проспект, 1998, 1-бөлім. 428-бет; Халық шаруашылығындағы шарт (жалпы теория мәселелері); М.К.Сүлейменовтің, Б.В.Покровскийдің басшылығымен. -- Алматы: ҚазКСР ғылымы, 1987. 13-бет; және басқалары.

<sup>14</sup> С.Н.Братусь, Л.А.Лунц. Вопросы хозяйственного договора. - М.: Мемзаңбасп., 1954,6-7-б.

шаруашылық шарт түсінігі социалистік ұйымдардың шаруашылық қатынастарында иайдалану үшін арнайы белгіденген шарттарды қамтитын ерекше құрылымға дейін кеңейді. Ғалымдардың «шаруашылық шарттарының» құқықтық жаратылысына қатысты көзқарастары басынан бастап-ақ шаруашылық құқықтың және шаруашылық құқықтың дербестігін жақтаушыларға (Д.Н.Сафиуллин, Н.И.Клейн, И.А.Танчук және басқалары) және бұл көзқарасқа қарсыларға (Д.М.Генкин) бөлінді.

Ғалымдардың пікірлері қазіргі таңда да шамамен дәл осылайша бөлініп отыр. Пікірлердің соншалықты сан алуандылығына қарамастан, оларды екі үлкен топқа бөлуге болады: 1) кәсіпкерлік ш а р т б ұ л ш а р т т ың дербес түрі (тұрнаты);<sup>14</sup> 2) кәсіпкерлік шарт - бұл азаматтық- құқықтық шарттың ерекше түрі (түрпаты)."

Бірінші көзқарастың жақтаушылары ішінен кәсіпкерлік шарт - бұл шарттық түрпат емес, сонымен бірге Азаматтық кодекспен жиынтық мағынада (контекст) азаматтық-құқықтық шарттың бір түрі де болып табылмайды деп санайтын В.С.Белыхты атауға болады/ Ары қарай В.С.Белых кәсіпкерлік шарт құрылымы Азаматтық кодекстің мағыналық ауқымына сыймайтыны және оған заңдық бейне беру Кәсіпкерлік (коммерциялық) кодексте ғана мүмкін екені туралы қорытындыға келеді.<sup>15</sup>

С.С.Занковский де осы ұстанымды жақтайды, оның пікірінше, РФ АҚ-інде құқықтық реттеудің екі режимі бар: кәсіпкерлік және тұрмыстық. Олардың алғашқысы бизнеске, екіншісі азаматтардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған., ал ол оншама қолайлы емес - кәсіпкерлік шарттарының тұрмыстық шартпен ортақ белгілері бар, бірақ ұқсастықтарына қарағанда айырмашылықтары көптеу, сол себепті азаматтықпен қатар, кәсіпкерлік қызмет реттелген арнайы сауда немесе коммерциялық кодекстер шығарылған құқықтық жүйелер қисындылау көрінеді (Германия, Франция, Жапония).

Шындығында, жеке құқық дуализмі жүйесі қалыптасқан елдерде азаматтық-құқықтық шарттар сауда (коммерциялық) шарттарынан ажыратылып көрсетіледі. С.Жамен мен Л.Лакур айтқандай, халықаралық тәжірибеде де коммерциялық шарттардың төмендегідей: 1) ком- мерсантпен коммерциялық қызметке қажетті шарттар (сауда мәмілелері); 2) кәсіпкерлік емес клиентпен шарттар (аралас мәмілелер); 3) ком- мерциялық қызметке

---

<sup>1</sup> Бұл көзқарасты дәстүрлік немесе классикалық деп атауға болады, себебі оны іс жүзінде барлық кеңестік ғалымдар - «шаруашылар» жақтаған және құқық саласы ретіндегі дербес кәсіпкерлікті жақтап отырған ғалымдар әлі де ұстанып келеді.

15

Бұл да сонда, 586-бет. %

Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник. /Н.Н.Вознесенская жз- не басқалары, В.В.Лаптев, С.С.Зайковский басшылығымен. - М.: Волтерс Клувер, 2006. 233-бет.

катысы жоқ шарттар (азаматтық мәмілелер) сияқты түрлері ажыратылады.<sup>1</sup>

Кәсіпкерлік шарттын түсінігі мен мәніне өркениеттік көзқарас кәсіпкерлік шарттың дербестігін жоққа шығаруға және оны азаматтық-күқықтық шарттың сан алуандылығының ерекшелігі деп тануға негізделген. М.И.Брагинский, В.В.Витрянский осыған байланысты РФ Азаматтық кодексінің шарттардың жекелеген түрлеріне арналған 610 бабының 262-сі тұтастай кәсіпкерлердің қатысуына есептелген, алайда қалған (шарттық) баптары да, жоқ дегенде, жалпы ереже бойынша кәсіпкерлердің қатысуын жоққа шығармайтын қатынастарға есептелген.<sup>16</sup> Сол себепті Е.А.Сухановтың жеке (азаматтық) құқық жүйесінің қалыптасқан жағдайында кәсіпкерлік (сауда, коммерциялық, шаруашылық) құқықтың және тиісінше жаңа шарттың жаңа құрылымын құрудың (бірбүтін азаматтық-күқықтық мектеп өкілдері істегендей) мақсаттылығын біржақты жоққа шығаруға болмайтыны туралы көзқарасымен келісу керек.<sup>16</sup> Мұндай жағдайда оң жетістіктерге емес, керісінше, артқа шегіну қадамы болатын құқық жүйесі дамуының объективті үдерісінің бұзылуы орын алған болар еді.

Сөйтіп, кәсіпкерлік шарт — бұл кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында жасалатын, тараптар немесе тараптардың бірі кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылатын келісім,

## 9.2. Кәсіпкерлік шарттын белгілері мен қызметтері

Кәсіпкерлік шарттардың тек өздеріне тән бірқатар ерекшеліктері бар.

Кеңестік шаруашылық құқық теоретиктерінің бірі А.Г.Быковтың пікірі бойынша, шаруашылық шарттың өзгеше белгілері: арнайы субъектілік құрам; шаруашылық шартпен қоғамдық қатынастардың ерекше саласын жанама түрге келтіру; шаруашылық шарттың жоспарлы сипаты болып табылған,<sup>17</sup> Әрине, қазіргі заман жағдайында бұрыннан келе жатқан шарттарды жоспарлы және жоспарлы емес деп бөлу енді қолданыс таппайды. Е.А.Суханов әділдікпен атап кеткендей, *қалыпты, азаматтық шарттан айырмашылығы тек оның қатысушылары бір-бірімен ештеңеге келісе алмай, жоспарлау-реттеу органдарының нұсқаулары бойынша шарт тараптары болып жарияланған шаруашылық шарт құрылысы енді келмеске кетті.*<sup>1</sup> Бірақ, соған қарамастан, шаруашылық шарттың басқадай белгілері нарықтық қатынастар жағдайында да өзектілігін жойған жоқ.

С.А.Паращук шаруашылық шарттың келесідей ерекшеліктерін атайды: 1) ол кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында жасалады; 2) оның тараптары немесе тараптардың бірі болып кәсіпкерлік қызмет субъектілері саналады; 3) қайтарымдық сипатында болады; 4) онда

<sup>1</sup> Е.А.Суханов. Современное развитие частного права. Закон. 2001. № 3. 6-бет.

<sup>17</sup> Хозяйственное право: учебное пособие. /Жауапты ред. В.П.Грибанов, О.А.Кра- савчиков. — М.: Заң әдебиеті, 1977. 306-бет.

кәсіпкерлердің шарттық міндеттемелерінде барынша еркіндік және көтеріңкі талап үйлесім тапқан/ В.С.Белых шарттарды кәсіпкерлік санатына жатқызудың мынадай белгілерін бөлігі көрсетеді: 1) кәсіпкерлік қызметке қатысты әртекті қатынастар туындайтын кәсіпкерлік қызмет саласында қалыптасқан қатынастар; 2) субъектілік құрам - кәсіпкерлік қызметтің екі тарапы да<sup>^</sup> болатын жағдай; 3) мүлкті пайдаланудың кәсіпкерлік мақсаты С.С.Занковский жекелеген зерттеушілердің шартты кәсіпкерлік деп тану үшін ең болмағанда тараптардың біреуі кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылғаны жеткілікті (мысалы, С.А.Парашук ұсынғандай) деген көзқарастарды сын кезбен бағалайды, бірақ кәсіпкерлік шарттарға кәсіпкерлік қызметпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдардың қатысуымен жасалған шарттарды жатқызуға болады деп санайды<sup>Г</sup> (мысалы, В.С.Белых сияқты)<sup>Г</sup> Алайда кәсіпкерлік шарттың елеулі белгісі ретінде «кәсіпкерлердің шарттық міндеттемелерінде барынша еркіндік және көтеріңкі талап үйлесім тапқан» дегенмен келісуге бола қояр ма екен, өйткені ол кәсіпкерлік шарт дейтіндерге емес, тұтастай алғанда, кәсіпкерлік қызметке тән сипат, сол себепті бұл жерде бәрінен бұрын сөз шарт белгісі туралы емес, заң ұстанымы жөнінде болуға тиіс Сонымен бірге «кәсіпкерлік қызметке қатысты әртекті қатынастар туындайтын кәсіпкерлік қызмет саласында қалыптасқан қатынастар» деген белгіні беліп айтудың да мақсатқа сай екендігі күмән тудырады. Тұжырымдаманың өзі біршама сәтсіз құрылған: кәсіпкерлік саласында соншама көп қатынастар туындайды, егер аталып кеткендей, олар

“ Е.А.Суханов. Современное развитие частного права в России. / Заңгер. 2001. № 3. 6-бет.

Предпринимательское право Российской Федерации. Жауапты ред. Е.П.Губин, П.Г.Лахно. -М.: Заңгер, 2006. 911-915-беттер.

В.С.Белых. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России: монография. - М.: ТК Велби, Проспект баспасы, 2005 341-344-беттер.

Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник. /Н.Н. Вознесенская және басқалары. В.В.Лаптев, С.С.Занковский басшылығымен. - М.: Волтерс Кт<sup>^</sup>вер, 2006. 238-бет.

В.С.Белых. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России: монография. - М.: ТК Велби, Проспект баспасы, 2005. 343-бет.

«әртекті» болып табылатын болса, онда оларды бір-бірінен қалай ажыратуға болады? Бұл белгі бір қатынастарды екіншілерінен ажырату үшін ұсынылған ғой, бірақ оны іс жүзінде қалай қолдану керектігі түсініксіз. Шартты кәсіпкерлік деп тану үшін айтарлықтай маңызы жоқ тағы бір белгі - бұл шарттың қайтарымдық сипаты болып саналады, өйткені басты және айқындаушы белгі — *кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін жасалатын шарттың кәсіпкерлік мақсаты*, ал ол кәсіпкерлік қызметтің қайтарымды сипатын да, басқадай белгілерін де алдыт ала айқындайды.

Егер шарттың екі тарапы да кәсіпкерлік қызмет субъектісі болған жағдайда ғана шарт кәсіпкерлікке жатқызылуы мүмкін (бұл кезқарасты

В.С.Белых және С.С.Занковский ұстанады) деген гезиске келетін болсақ, онда кәсіпкерлік қызметті жүргізу барысында шарт жасасқан кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылатын тарап үшін, - тиісті контрагент ретінде тұтынушы немесе коммерциялық емес ұйым шықса да, - шарт кез келген жағдайда кәсіпкерлік болып саналатындықтан, оны қабылдамау керек. С.С.Занковский мұндай шарттарды *кәсіпкер қатысатын міндеттеме* деп бағалауды және оларды кәсіпкерлік шарттар деп танымауды ұсынады.<sup>1</sup> Бірақ ол мынадай фактіні: кәсіпкерлік қызметі жүзеге асыру барысында шарт жасасқан кәсіпкер үшін шарттың екінші тарапының кім болатыны - кәсіпкер ме, әлде өзінің тұрмыстық немесе жеке қажеттіліктерін қанағаттандырушы басқадай қатысушы ма, — оның айтарлықтай маңызды емес екендігін есепке алмайды. Аталған шарттар да кәсіпкерлік шарттар болып табылады, бірақ, әрине, олардың белгілі бір ерекшеліктері бар, сол себепті де біржақты кәсіпкерлік шарттар деп аталған, ал кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасында жасалған шарттар таза түрінде кәсіпкерлік қызмет жүргізу барысындағы кәсіпкерлік шарттар болып санатталуы мүмкін.

Сонымен, кәсіпкерлік шарттың басты және айқындаушы белгісі екеу: 1) айрықша субъектілік құрам (тараптар немесе тарап- тараптың біреуі кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылады); 2) шарт жасасудың мақсаты (шарт кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін жасалады, сол себепті кәсіпкерліктің барлық белгілеріне сай болады).

Кәсіпкерлік шарт қызметтеріне мыналар жатады: 1) кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасында заңдық маңызы бар байланыстар орнату қызметі; 2) келісімге қатысушылардың өзара байланыс қызметінің мазмұнын (яғни кәсіпкерлік қызмет субъектілері ретіндегі тараптардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін) анықтау қызметі; 3) кәсіпкерлік

<sup>1</sup> Предпринимательское (хозяйственное) право. /Н.Н. Вознесенская және басқалары. В.В.Лаптев, С.С.Занковский басшылығымен. - М.: Волтерс Клувер, 2006. 239-бет.





Шетелдік мемлекеттерде шарттарға жазбаша түрдегі талаптар, бәрінен бұрын, бұл белгілі бір сомаларға жасалған шарттар туралы сөз болғанда қойылады (Франция АҚ 1341 -бабы және Испания АҚ 1280- бабы); шарттардың жекелеген түрлеріне нотариалдық форма (мысалы, Германияда, Швейцарияда, Ресей Федерациясында жылжымайтын дүние-мүлікке қатысты мәмілелер үшін) немесе мемлекеттік тіркеу кезделуі мүмкін; біржақты міндеттемелер үшін (яғни ыңғайласпа нәтижесіз міндеттемелер) «мөрмен бекітілген» ерекше форма (күқықтың ағылшын-американ жүйесі елдерінде) қарастырылуы мүмкін. Халықаралық сауда тәжірибесінде «шарт жасасудың еркін формасы» жұмыс істейді, соған сәйкес шарттың бар екендігі кез келген тәсілмен, оның ішінде куәгерлік айғақтармен де расталады (БҰҰ-ның 1980 ж. гауарларды сатып алу-сатудың халықаралық шарттары туралы Вена конвенциясының 11-бабы).

ҚР Азаматтық заңымен шартты өзгерту және бұзу тәртібі белленген, оның үстіне *шартты біржасқты бұзудың мүмкін еместігі* жалпы ереже болып табылады. Егер тараптар ішарт жасасқанда тараптардың біреуінің бастамашылығымен шартты біржақты бұзу мүмкіндігін қарастырмаған болса, онда бұл мәселе тек сот арқылы және белгілі бір себептерге байланысты, атап айтқанда, екінші тарап шартты елеулі бұзған кезде шешіледі (ҚР АҚ 401-бабы). Тараптардың біреуінің шартты бұзуы екіншісіне шарт жасасу кезінде үміттенуге құқылы болған нәтижеден айтарлықтай айырылып қалағын шығынға ұшыратса, мұндай шарттың бұзылуы елеулі деп танылады.

Егер заңдармен, шартпен немесе іскерлік қызмет дағдыларымен өзгедей жағдай кезделмесе, шартты өзгерту және бұзу туралы келісім шарттың жасалған түрінде орындалады. Тараптардың бірі екінші тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы ұсыныстан бас тартатынын хабарлағаннан немесе ұсыныста көрсетілген немесе шартпен немесе заңмен белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім белгіленбеген болса, отыз күн ішінде жауап бермеген жағдайда шартты өзгерту немесе бұзу туралы сотқа арыз бере алады.

Шарт бұзылғанда тараптардың міндеттемелері тоқтатылады, ал өзгергенде әрекет ете береді, бірақ өзгерген түрінде. Міндет- темелердің тоқтатылуының немесе өзгеруінің уақыты тараптардың шартты өзгерту немесе бұзу туралы келіскен сәті болып табылады, ал шартты бұзу немесе өзгерту сот тәртібімен шешілген жағдайда, соттың шартты бұзу немесе өзгерту туралы шешімі заңды күшіне енген сәттен есептеледі.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуға (шарттан бас тартуға) азаматтық заңмен, басқадай заң актілерімен немесе тараптардың қатынастарды қалыптастыру қызметі (кәсіпкерлік қызмет субъектілері шарт жасаса отырып, оның формасын, шарттарын, түрін, тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін және т.б. өз қалаулары бойынша айқындауға құқылы); 4) келісімге қатысушылардың шарт тәртібін сақтауын қамтамасыз ету қызметі (міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің қосымша тәсілдерін белгілеу жолымен және т.б.). Бұл қызметтер барлық кәсіпкерлік шарттарға тән, ортақ қызметтер болып табылады (әдебиетте кәсіпкерлік шарттармен орындалағын

қызметтерге қатысты басқа да пікірлер бар болса да, мысалы, мынадай: коммерциялық ұйымның ішкі қатынастарын оңтайландыру қызметі, сонымен қатар өтемдік және жазалау қызметтері),<sup>18</sup>

### **9.3, Кәсіпкерлік шарт жасасу, оны өзгерту және тоқтату ерекшеліктері**

*Кәсіпкерлік шарттың формасы* мәмілелер мен шарттардың формасына жататын жалпы ережелермен, сонымен қатар кәсіпкерлік шарттардың көптеген түрлерінің формасына жататын арнайы ережелермен реттеледі. Жалпы ереже бойынша мәмілелер ауызша немесе жазбаша түрде (жай немесе нотариалдық рәсімдеу) жасалады. Егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше жағдай арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет аясы машықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау барысында орындалатындардан басқа, кәсіпкерлік қызмет үдерісінде жүзеге асырылатын; сонымен қатар нақты мәмілелерден басқа, жүз есептік көрсеткіштен асатын сомаға жаслатын мәмілелер жазбаша орындалуға тиіс (ҚР АҚ 152-бабының 1-тармағы).

Мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау оның жарамсыз болып қалуына соқтырмайды, бірақ дау туған жағдайда тараптарды мәміленің жасалғанын, оның мазмұнын немесе орындалғанын куәгерлік айғақтармен расғау құқығынан айырады; алайда тараптар мәміленің жасалғанын, оның мазмұнын немесе орындалғанын жазбаша немесе өзге, куәгерлік айғақтардан басқа дәлелдермен растауға құқылы. Заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде тікелей көрсетілген жағдайда мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау оның жарамсыз болып қалуына әкеліп соқпайды (ҚР АҚ 153-бабының 3-тармағына сәйкес, мәмілелердің жай жазбаша түрі сақталмаған жағдайда, сыртқы экономикалық мәмілелер жарамсыз деп танылады).

---

Предпринимательское (хозяйственное) право /Н.Н. Вознесенская және басқалары. В.В.Лаптев, С.С.Занковский басшылығымен, - М.: Волтерс Клувер, 2006. 236-бет



келісімшен қарастырылған жағдайларда рұқсат етіледі. Сонымен, мынандай: шартқа негізделген міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі (ҚР АҚ 374-бабы — орындаудың мүмкін болмауы себепті міндеттеменің тоқтатылуы, егер ол борышкер жауапты болмайтын жағдайдан туындаса); белгіленген тәртіпте екінші тарап банкрот болып танылса; соның негізінде шарт жасалған мемлекеттік органның актісі өзгергенде немесе заң күшін жойғанда; сонымен қатар егер заңмен немесе тараптардың келісімімен басқадай көзделмесе, шарт мерзімі көрсетілмей жасалған жағдайларда тараптардың біреуі шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Егер заңмен немесе тараптардың келісімімен өзгедей белгілен- бесе, тараптар шарт бұзылғанға немесе өзгергенге дейін міндет- темелері бойынша орындағандарын қайтаруды талап етуге құқылы емес. Егер шарттың бұзылуына немесе өзгеруіне тараптардың біреуінің шартты елеулі бұзғаны негіз болса, екінші тарап шарттың бұзылуы немесе өзгеруі себепті келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Шарт дегеніміз не?
2. Шаруашылық шарт түсінігі қашан пайда болды және ол қалай күсінілді?
3. Кәсіпкерлік шартты және оның мәнін түсінудің қандай тәсіл- дері бар?
4. Кәсіпкерлік шартты түсінудің өркениетті тәсілінің мәні неде?
5. Кәсіпкерлік шарттың белгілері қандай?
6. Жеке құқық дуализмі қалыптасқан елдерде сауда (коммер- циялық) шартының өзгешелігі неде?
7. Кәсіпкерлік шартпен орындалатын негізгі қызметтерді атаңыз.
8. Кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылуы барысында жасалған мәмілелер түріне қандай талаптар қойылады?
9. Мәмілелердің түрлерін сақтамаудың қандай зардаптары бар?
10. Кәсіпкерлік шартты өзгерту және бұзудың қандай ерек- шеліктері бар?

#### 10- тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

##### 10.1. Кәсіпкерлік қатынастардағы жауапкершілік түсінігі және маңызы

Заң әдебиетінде экономикалық жауапкершілік дегеннің түсінігі мен маңызын айқындау үшін әлденеше рет әрекет жасалған. Шаруашылық (кәсіпкерлік) құқық теориясында «экономикалық жауапкершілік», **біріншіден, әрбір өндірушінің қоғам алдындағы халықшаруашылық қажеттіліктерді қанағаттандыру және мемле- кет берген ресурстарды**

пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету жауапкершілігі мен (өндірушілік және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруды жоспарлы бағалау жүйесі, ресурстарды пайдалану тиімділігі нормативтерін және соларға байланысты шаруашылық есеп және өндіруші арқылы іске асырылады); екіншіден, өндірушілердің тапсырысқа мен шаруашылық шарттарына, өнім беру жоспарларына, деңгейлес экономикалық байланыстар жүйесіне негізделген, соның өнімдері мен қызметтерін тікелей тұтынатындар алдындағы жауапкершілігі деп ұғынылады,

Сонымен бірге «экономикалық жауапкершілік» түсінігі элеуметтік жауапкершіліктің жиынтық ұғымы ретінде «заңдық жауаптылық» деген ұғымды түншықтырмауға тиіс, оның үстіне «ықпал етудің экономикалық шаралары» түсініп «ықпал етудің құқықтық (заңдық) шаралары» деген ұғымды ауыстыра, яғни соның орнына жүре алмайды, сол себепті «шаруашылық-құқықтық» немесе «кәсіпкерлік- құқықтық» жауапкершілік туралы айтқанда, кәсіпкерлік қызмет туралы заң нормаларын бұзғаны үшін көтеретін заңдық жауаптылықты сипаттау негізділеу болып табылады.

Заңдық жауаптылықтың аталған түрі бүгінгі таңда заңдық жауапкершіліктің азаматтық-құқықтық, материалдық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық сияқты классикалық түрлер деп танылған салалық түрлеріне жатпайды. Алайда жауапкершіліктің бұл түрлері қолданыстағы заңдарды бұзушыларға ықпал етудің барлық тосілдерін түгелдей қамти алмайды. Сонымен бірге, сөз жоқ, жауапкершілік түрлерін салалық белгісі бойынша бөлу, шын мәнінде, құқықтық салалық құрылымына сай келмейді (жауапкершілік түрлерінен гөрі, құқық салалары көбірек; материалдық және тәртіптік жауаптылық құқықтық бір саласы - еңбек құқығына тән; заңдық жауаптылықтың сол бір-ақ түрі құқықтың әртүрлі салалары нормаларының бұзылғаны үшін қолданыла береді). Енді, ақыр соңында, жауапкершіліктің

<sup>1</sup> Ответственность в системе управления (вопросы теории и практики). / Р.А.Белюсовың басқаруымен. - М.: Прогресс, 1987. 14-15-беттер.



С.П. Мороз

# КӘСШКЕРЛІК (ШАРУАШЫЛЫҚ) ҚҰҚЫҚ

**ГТШ! 1РЦДГ1**  
**ПРОВЕРЕНО ?**  
20 ж.

**Алматы, 2009**

түрлерін салалық бөлудің дәстүрлі болуыша ықпал еткен негізгі себептердің бірі құқықтың іргелі (негізгі) салалары деп танылған азаматтық, әкімшіліктік және қылмыстық құқықты орасан үлкен жоспармен әзірлеу және зерттеу болып шықты.

Сол себепті заңдық жауапкершілік түрлерінің көптігі әбден заңды



күбылыс болып саналады және салалық түрлермен қатар, жауапкершіліктің өзіндік (мамандандырылған) түрлерінің бар екендігі туралы да айтуға болады. Кәсіпкерлік-құқықтық жауапкершілікпен қатар, заңдық жауапкершіліктің мамандандырылған түрлеріне: салықтық-құқықтық жауапкершілікті, экологиялық-құқықтық жауапкершілікті, халықаралық-құқықтық жауапкершілікті, конетитуциялық-құқықтық жауапкершілікті және т.б. жатқызуға болады.

Кәсіпкерлік қызмет туралы заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің өзгешелігі мынада; Жеке кәсіпкерлік туралы заң мемлекеттік бақылау, лицензиялау және тіркеу әрекеттерін іске асыру барысындағы мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының жауапкершіліктерінің жалпы ережелері мен түрлерін («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 9-тарауы), жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 10-тарауы), сонымен қатар жеке кәсіпкердің жауапкершілігін («Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 7-бабы) белгілейді. Ал заң шығарушының қабылдаған тәртібіне сәйкес, заң актілерінде заң бұзушылықтың нақты түрлерін және солар бойынша жауапкершілік шараларын қарастыратын нормалар жоқ, себебі бұл нормалар азаматтық-құқықтық, тәртіптік, материалдық-әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық жауапкершіліктің қолданылу негіздемелері мен тәртібін белгілейтін арнайы актілерге (тиісінше, ҚР АҚ, Еңбек кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне және Қылмыстық кодекске) енгізілген.

Заңдық жауапкершіліктің арнайы (мамандандырылған) түрі ретіндегі кәсіпкерлік-құқықтық жауапкершілік сонымен мынадай: мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану, заң бұзушының әрекетін заңсыз деп тану және ол үшін қолайсыз зардаптардың пайда болуы сияқты ортақ белгілерге ие болады.

*Кәсіпкерлік-құқықтық жауапкершіліктің* ерекшеліктерінің қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

1) оның субъектілері болып тек кәсіпкер мәртебесі бар тұлғалар (яғни кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген тұлғалар) саналады;

2) ол, негізінен, әкімшілік-құқықтық тәртіпте (мысалы, кәсіпкердің лицензиясының қызметін тоқтату немесе қайтарып алу түрінде) болады;

3) жеке кәсіпкерлік туралы, бәсекелестік туралы және т.б. арнайы заң нормаларын бұзғаны үшін қолданылады;

4) соған арнайы өкілетті мемлекеттік органдар (мысалы, лицензия беруші орган) арқылы жүктеледі.

#### 10.2. Кәсіпкерлік қызмет туралы заңды бұзғаны үшін заңдық жауаптылық түрлері және олардың сипапамалары

Завдық жауаптылықты салалық және мамандандырылған (өзіндік) деп

бөлумен қатар, заңдық жауаптылық түрлерін жіктеудің басқа да тәсілдері бар, Атап айтқанда, мынадай; *қолданудың негізгі мақсат- тары бойытпш* — жазалау және өтеу (айыппұл салу) жауаптылығы; *санкциялардың қолданылу тәртібі бойытпш* — сот және әкімшілік жауаптылық; *құқық бұзу субъектісі бойытпш* — құқық субъектілерінің жеке және ұжымдық жауаптылығы; *нұқыш бұзушының кінәсінің бар екендігіне немесе жоқ болуына байланысты* — кінәлі немесе кінәсіз жауаптылық (кінәсіз жауаптылық) <sup>19</sup> Қорыта айтқанда, заңдық жауап- тылықтың көрсетілген түрлерін қосалқы (қосымша) деп сипаттауға болады. Оның үстіне басты (*негізгі*) деп заңдық жауаптылықтың салалық және мамандайдырылі ан түрлерін тану қажет.

Жеке кәсіпкерлік туралы заңда жауапкершіліктің екі түрі айрықша көзделген; 1) мемлекеттік бақылау, лицензиялау және тіркеу әрекеттерін іске асыру барысындағы *мемлекеттік органдардың және олардың лауазышды тұлғаларының жауапкершілігі; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің* (оның ішінде жеке кәсіпкердің) *жауапкершілігі,*

*Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғалары* мемлекеттік бақылау, лицензиялау және тіркеу әрекеттерін іске асыру барысында мемлекеттік басқару мақсаттарына жете алмауға соқтырған, сонымен бірге басқадай заңға қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) істеген жағдайда, ездерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе қанағаттанысыз дәрежеде орындағаны үшін ҚР заңдары белгілеген жауапкершілік көтереді.

*Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларына* ҚР заңдары белгілеген жауапкершілік төмендегідей әрекеттер үшін жүктеледі;

1) жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы мәліметті таратқан (оның үстіне жеке кәсіпкерлік субъектісіне оның рұқсатынсыз ақпарат тарату нәтижесінде келтірілген залал өтелуге тиіс); 2) жеке кәсіпкерлікке кедергі жасау (ҚР ҚК 189-бабы - «Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау»; ҚР ӘҚБК 151-бабы «Лауазышды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы»); 3) жеке кәсіпкерлікті тексерудің

---

<sup>19</sup> Қараңыз: мысалы, Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник. Н.Н.Вознесенская және басқалары; Редакциясын басқарған В.В.Лаптев, С.С.Зак- ковский. - М.,: Волтерс Клувер, 2006. 60-63-беттер.

белгіленген тәртібін бұзу (негізсіз тексеру тағайындау, кесім шығармай және оны құқықтық статистика органында тіркемей тексеру жүргізу, құжаттарды заңсыз алып қою, материалдық құндылықтарды заңсыз тізбелеп түгендеу, өндірісті тоқтату, артық анықтамалар жасау, негізсіз сұрау салу және басқадай жағдайларда), Орнын толтыру талап етілген залалдар көлеміне: тексеруге материалдар әзірлегені үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне төленген сыйақы төлемдері, өндірістің амалсыз тоқтатылған мерзімі үшін жалақы, жеке кәсіпкерлік: субъектісі тиісті тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатқаннан түсіруі мүмкін болған, бірақ өндірістің тоқтатылуы себепті алынбай қалған пайда енгізілуі мүмкін. ҚР ӘҚБК-нің «Тексеруді заңсыз жүргізу» деп аталатын 153-бабы бойынша әкімшілік жауаптылық қарастырылған, жеке кәсіпкерлік субъектісіне мемлекеттік бақылау жүргізу барысында мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды тұлғаларының әрекетінен (әрекетсіздігінен) келтірілген, ҚР заңымен белгіленген тәртіпте заңсыз деп танылған залал үшін азаматтық-құқықтық жауаптылық ҚР АҚ-не сай қолданылады (атап айтқанда, «Мемлекеттік органдар, жергілікті басқару органдары, сонымен қатар олардың лауазымды адамдары келтірген залал үшін», ҚР АҚ 922-бабы). Заң шығарушы калибрлік және сынақ зертханаларының (орталықтарының) сәйкестігін растау, тексеру бойынша органдардың ез міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілігін («Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңының 46-бабы) және демпингке қарсы шаралар туралы ҚР заңын бұзғаны үшін («Демпингке қарсы шаралар туралы» 1999 ж, шілденің 13-індегі № 421-1 ҚР Заңы) уәкілетті органның және оның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін ерекше қарастырған және демпингке қарсы шаралар бойынша заңды бұзу жауапкершілігі ҚР заңдарына сәйкес қолданылады).

Жеке кәсіпкерлік субъектілері ҚР бәсекелестік туралы заңын бұзғаны үшін жауапты болады (атап айтқанда, «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңының 10, 11, 12-баптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік жүктеледі. Егер басым немесе монополиялық жағдайдағы нарық субъектісі бір жыл ішінде екі рет аталған заң бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылса және бәсекелестікті шектейтін әрекеттер жасауды жалғастыра берсе, монополияға қарсы орган бәсекелестікті дамыту мақсатында нарықтың аталған субъектісін мәжбүрлі бөлу немесе оны бір немесе бірнеше заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері базасындағы құрамнан шығару туралы сотқа шағым беруге құқылы. Егер жиынтығында келесі шарттар орындалса:

1) құрылымдық бөлімшелердің алдын ала технологиялық келісілген өзара байланысы болмаса; 2) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған заңды тұлғалар үшін тиісті тауар нарығында дербес шімет жүргізу мүмкіндігі бар болса, сот оны мәжбүрлі бөлу немесе құрамнан шығару туралы шешім қабылдайды. Соттың мәжбүрлі бөлу немесе құрамнан шығару туралы шешімін меншік иесі немесе ол өкілеттік берген орган аталған шешіммен қарастырылған талаптарды есепке ала отырып және аталған шешіммен көрсетілген мерзімде,

бірақ алты айдан аспайтын уақытта орындауға міндетті).

*Жеке кәсіпкердің жауапкершілігі* туралы айтқанда, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның 7-бабы, 7-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлер ез міндеттемелері бойынша, ҚР заңына сәйкес әндіріп алу қолданылмайтын мүлкінен басқа, очінін бар мүлкімен жауапты болатынын атап кеткен жөн.

Жеке кәсіпкерді жүзеге асыру барысында жеке кәсіпкер меншік құқымен әзіне тиесілі бар мүлкімен, оның ішінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі үлесімен де жауапты болады. Жеке тұлға жеке кәсіпкерлік жүргізу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайда, оның борыштары бойынша өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне де қатысты жүргізуі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың жеке кәсіпкер болып табылмайтын біреуінші мүлкі жеке кәсіпкерлікпен айналысатын екіншісінің борыштары бойынша өндіріп алу заты бола алмайды.

Ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі орын алған жағдайда — әңгіме басқа: ондай кезде кәсіпкерлік жүзеге асыруға байланысты ерлі-зайыптылардың борыштары бойынша өндіріп алу олардың қайсы-сының іскерлік қызмет атқаратынына байланыссыз жүргізіледі.

Сөйтп, жеке кәсіпкерлік туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершіліктің үш түрі қарастырылған: азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық. Бірақ жоғарыда айтылғандай, заңдық жауаптылықтың негізгі (салалық) түрі бесеу, сол себепті бұдан ары қарай олардың әрқайсысы кәсіпкерлік қызметке қатысты қолданылуына байланысты қаралатын болады.

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігіне тікелей ең көп ықпал ететін заңдық жауапкершілік түрлерінің қатарына азаматтық-құқықтық жауапкершілік жатады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік төмендегідей белгілердің болуымен сипатталады: 1) азаматтық-құқықтық жауапкершілік - бұл мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының бірі;

2) азаматтық-құқықтық жауапкершілік өтем немесе қалпына келтіру сипатында болады; 3) азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтардың немесе міндеттердің бұзылуына жол берген адамға тиімсіз мүлкілік зардаптар жүктеуден көрінеді.

Міндеттемелердің бұзылғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапты болу мынадай түрде болуы мүмкін: залалдардың орнын толтыру; айыпақы өндіріп алу; кепілақыны жоғалту немесе қайтарылған кепілақы сомасының үстіне қосымша кепілақы төлеу; қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған мәміле бойынша алынған пайданың барлығын мемлекет кірісіне тәркілеу; кенілдікке еалынған мүлікке, сонымен бірге ұстап қалу құқына сәйкес ұсталып тұрған мүлікке меншік құқын жоғалту және т.б. Оған қоса, жауапкершіліктің жалғыз түрі болмаса да, ең көп тараған түріне залалдардың орнын толтыру және айыпақыарды өндіріп алу жатады.

Қолданыстағы заңмен *келтіріяген зиянды өтеудің* әртүрлі тәртібі анықталған: *тссуардың жеткіліксіздігі себепті* келтірілген зиянды сатушы немесе өндіруші зиян шеккен сатып алушының таңдауы бойынша өтейді; *жұмыстардың немесе қызметтердің жетіспеушілігі себепті* келтірілген

зиянды оларды орындаушы өтейді; *тауардың қасиеттері және оны пайдалану ережелері туралы толық және анық мәлімет берілмеуі себепті* келтірілген зиянды сатушы немесе тауарды өндіруші өтейді; *жұмыс немесе қызмет туралы дұрыс емес және жеткіліксіз мәлімет берілуі себепті* келтірілген зиянды орындаушы өтейді.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы айтқанда, оның материалдық жауаптылықпен тығыз байланысты екенін атап өтпеуге болмайды, өйткені екі жағдайда да әңгіме келтірілген мүліктік зиянды өндіріп алу туралы болып отыр ғой. Алайда реттелетін қатынастардың ұқсастығына, сонымен қатар еңбек құқығы азаматтық құқықтан тамыр алатындығына және одан құқықтың жеке саласы ретінде бөлініп шыққанына карамастан, материалдық жауаптылық нормалары туралы айтқанда, оны өзіне тән белгілері бар дербес еңбек құқығы институты ретінде көрсетуге болады. Сондықтан да зиян келтіргені үшін көтеретін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті материалдық жауаптылыққа карама-қарсы қоюға негіз жоқ, өйткені жауапкершіліктің екі түрі де құқықтық қалпыла келтіру шаралары (санкциялары) болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен материалдық жауаптылықтың белгілі бір ұқсастығына карамастан, бұл - заңдық жауапкершіліктің және құқықтың (азаматтық және еңбек) әртүрлі салалары институттарының өз алдына бөлек түрлері. Заңдық жауапкершіліктің әдебиетте бөлініп көрсетілген осы түрлері арасындағы дәстүрлі айырмашылықтардан басқа, мынандай өзгешеліктерін де атауға болады: азаматтық-құқықтық жауапкершілік нақты зиян мен жіберіп алған пайданы өтеуді болжалдаса, ал материалдық жауаптылық тікелей іс жүзіндегі (нақты) залалдың елшемдерімен шектеледі; материалдық жауаптылықтан айырмашылығы - азаматтық-құқықтық жауапкершілік моральдық зиянды өтеуді де көздейді.

Сонымен, азаматтық-құқықтық жауапкершілік зиянды толық өтеу ұстанымына негізделген, ал материалдық жауаптылық шектеулі де болуы мүмкін. Атап айтқанда, 2007 ж. мамырдың 15-індегі № 251-ІІІ ҚРЗ ҚР Еңбек кодексінің 167-бабына сәйкес, жұмыс берушіге келтірілген толық көлемдегі залал үшін материалдық жауаптылық жұмыскерге мынандай жағдайларда жүктеледі:

1) өзіне толық материалдық жауаптылық қабылдайтыны туралы жазбаша шарт негізінде жұмыскерге берілген мүлік және басқадай құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегенде;

2) жұмыскер біржолғы талон бойынша есептеме беруге алған мүлік пен басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегенде;

3) ішімдік, есірткі немесе уландырғыш (соларға ұқсас) заітар эсерінен залал келтіргенде;

4) материалдардың, жартылай дайын заттардың, бұйымдардың (өнімнің). сонымен қатар саймандардың, өлшеу аспаптарының, арнайы киім-кешектің және жұмыс бсрушінің жұмыскерге пайдалануға бергеп басқадай заттарының кем шығуы, қасақана жойылуы немесе қасақана бүлінуі кезінде;

5) жұмыскердің ҚР заңдары белгілеген тәртіпте расталған заңсыз әрекеттерінен залал келгенде.

Жоғарыдағы тізбе жабық болып табылады, ал бұл барлық қалған жағдайларда жұмыскердің материалдық жауаптылығы шектеулі болады дегенді білдіреді.

Заң шығарушы жүйіскердің толық жауаптылығы туралы жазбаша түрде мынандай екі шарт жасасу қажеттігі туралы ереже белгілейді: 1) оған берілген мүліктің және басқадай құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін, *жұмыскердің толық жеке жауаптылығы туралы шарт* (лауазым иеленетін немесе өндіру барысында оған берілген мүлік пен басқадай құндылықтарды сақтауға, өндеуге, сатуға (босатуға), тасымалдауға, қолдануға немесе пайдалануға байланысты! жұмыстарды орындайтын жұмыскермен жасалады); 2) оларға берілген мүліктің және басқадай құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін, *жұмыскерлердің толық ұжымдық (ортақ) материалдық жауаптылығы* (залал келтіргені үшін әр жұмыскердің жауапшылығын ажырату мүмкін болмайтын кезде, өндіру барысында оларға берілген мүлік пен басқадай құндылықтарды сақтауға, өндеуге, сатуға (босатуға), тасымалдауға, қолдануға немесе пайдалануға байланысты жұмыстарды бірлесіп орындайтын жұмыскерлермен жасап ады).

Жұмысшылар мен қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі жұмыскер тәртіп бұзған кезде орын алады және тек жеке сипатта болады, жұмыскерлердің барлық санақтарына қатысты тікелей қолданылуы мүмкін. Тәртіптік деп қызмет бабындағы бағыныштылық тәртібімен ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің жұмысшылары мен қызметкерлерінің, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар мүшелерінің кәсіби немесе қоғамдық қызметіне байланысты жасаған теріс әрекеттері (егер бұл теріс әрекеттер өздерінің қоғамдық қауіптілігі ең төмен дәрежеде болуына байланысты қылмыс немесе әкімшілік тәртіпсіздік дегі бағаланбаса) үшін көтеретін заңдық жауапкершілігі аталады.

Тәртіптік жауапкершілік тәртіптік теріс әрекет жасау дегенді білдіреді. *Аталған жағдайда тәртіптік теріс әрекет болып жұмыскерлердің (жұмысшылардың немесе қызметкерлердің) өздерінің жер қойнауын ұтымды және жан-жақты пайдалануды, сонымен қатар оларды қорғауды қамтамасыз етуге байланысты еңбек міндеттерін орындамағаны немесе қанағаттанғысыз дәрежеде орындағаны танылады.* Еңбек кодексіне сәйкес жұмыскердің тәртіптік теріс әрекет жасағаны үшін, жұмыс беруші тәртіптік жазаның төмендегідей: 1) ескері у жасау; 2) сөгіс беру; 4) қатаң сөпс беру;

5) Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс берушінің бастамашылығымен еңбек шартын бұзу сияқты түрлерін қолдануға құқылы. Еңбек кодексіде және ҚР басқадай заңдарында көзделмеген тәртіптік жазалардың қолданылуына жол берілмейді.

Еңбек кодексінің 73-бабына сәйкес тәртіптік жаза белгілегенде, жұмыс беруші орын алған тәртіпсіздік әрекеттің мазмұнын, сипатын және ауырлығын, оның жасалу себебін, жұмыскердің оны жасамастан бұрынғы және одан кейінгі мінез-құлқы, оның еңбекке қатынасын есепке алуға тиіс. Әр тәртіпсіздік әрекет

үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылуға тиіс. Жұмыс беруші жұмыскерге тәртіптік жаза берілгені туралы кесімін мынандай: 1) жұмыскердің уақытша жұмысқа жарамсыздығы; 2) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттер атқарған уақытында жұмыскер жұмыстан босатылған; 3) жұмыскер демалыста болған; 4) жұмыскер іссапарда болған кезеңдерде шығара алмайды. Ондай кезде жұмыскер заңмен белгіленген тәртіпте тәртіптік жазаға шағым беруге құқылы.

Қорыта айтқанда, тәртіптік жаза мемлекеттік те, мемлекеттік емес те кәсіпорындарда, жасалған шарт немесе келісімге сәйкес лауазымды тұлғаларға (басшыларға) да, жұмыскерлердің (жұмысшылар, қызметкерлер) басқадай санаттарына да қатысты қолданылуы мүмкін.

Қазіргі кезде кәсіпкерлік саласында қолданыстағы заңдарда ең көп жарияланып жүрген заңдық жауапкершілік қатарына әкімшілік-құқықтық жауапкершілік жатады. Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік әкімшілік құқық бұзылған, яғни заңға қарсы, мемлекеттік, қоғамдық құрылысқа, меншікке, азаматтардың өмірлері мен денсаулығына қауіп төндіретін кінәлі (қасақана немесе абайсыз) іс (әрекет немесе әрекетсіздік) жасалған жағдайда қолданылады.

2001 ж. қаңтардың 30-ындағы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде «Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық» деп аталатын кәсіпкерлік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жиырма бір құрамын қамтитын арнайы 14-ші тарау (140-158-баптар) бар. Атап айтқанда: 140-бап — «Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасы шегінен тыс әкету немесе жіберу ережелерін бұзу»; 141-бап - «Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасы шегінен тыс әкету немесе жіберу үшін қабылдау ережелерін бұзу»; 143-бап - «Кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу»; 144-бап — «Кино және бейнешығармаларды көпшілікке көрсету ережелерін бұзу»; 145-бап - «Бетен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауардың шыққан орнының атауына немесе фирмалық атауын заңсыз пайдалану»; 147-бап - «Нарық субъектілерінің бәсекеге қарсы келісімдері (келісілген әрекеттері), басым (монополиялық) жағдайын асыра пайдалану»; 147-1-бап - «Мемлекеттік монополия туралы заңды бұзу»; 147-2-бап - «Нарық субъектілерінің экономикалық шоғырландыру кезіндегі заңсыз әрекеттері»; 147-3-бап - «Монополияға қарсы органның шешімдерін орындамау, Ақпарат беру туралы міндеттерді бұзу және тұрақжайға және аумаққа кіруге кедергі жасау»; 147-4-бап - «Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері, әділетсіз бәсекелестік»; 147-5-бап - «Табиғи монополиялар туралы заңды бұзу»; 151-бап - «Лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы»; 153-бап - «Тексерулер жүргізу тәртібін бұзу»; 154-бап - «Жалған кәсіпкерлік»; 155-бап - «Банкроттық кезіндегі құқыққа қайшы әрекеттер»; 155-1-бап — «Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңның конкурстық қалпына келтірушілік басқарушыларының сыртқы бақылау әкімшісінің бұзуы»; 156-бап - «Әдейі банкрот болу»; 157-бап - Жалған банкроттық»; 158-бап - «Коммерциялық құпияны, банк құпиясын, кредит есептемесінің немесе кредит

бюросынын кредит мәліметлерінің деректер қорындағы ақпаратты сақтау міндетін бұзу»; 158-1-бап - «Сактандыру құпиясын сақтау міндетін бұзу»; 158-2-бап - «Зейнетақы жинақтары құпиясын сақтау міндетін бұзу».

Кәсіпкерлік қызметті жүзге асыру барысында жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына сонымен бірге келесідей құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады: меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 13-тарауының 118-136- баптары); сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 15-тарауының 159-204-баптары); салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 16-тарауының 205-219- баптары); өнеркәсіп, жылу, электр энергиясын пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 17-тарауының 220-230- баптары); сәулет-құрылыс қызметі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 18-тарауының 231 -239-баптары); қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 1-тарауының 240-306- 1-баптары);

карантиндік ережелер мен астық нарығы және астықты сақтау, тұқым шаруашылығы және мал дәрігерлік қадағалауда әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 20-тарауының 307-311-баптары); қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұйаын әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 21-тарауының 312-328-1-баптары); кеден істері саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 26-та- рауының 400-438-баптары); көлікте, жол шаруашылығында және байланыста әкімшілік ісқұқық бұзушылық (ҚР ӘҚБК 27-тарауының 439- 501-баптары) және басқалары,

Әкімшілік жауапкершілікке сипаттама бергенде, оған тән мына- дай ерекшеліктерді атауға болады; 1) әкімшілік жауапкершілік жоғары дәрежеде қоғамдық қауіп тудырмайтын құқық бұзушылықтарға жүктеледі; 2) әкімшілік құқық бойынша жауапкершілік қашанда заңды немесе жеке тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті (немесе әрекетсіздігі) болып табылады; 3) әкімшілік жауапкершілік басымдығы бойынша жеке-құқықтық мүдделердің емес, жалпы мемлекеттік саланың құқық бұзушылықтары салдарынан қолданылады; 4) әкімшілік-құқықтық жауапкершілік жедел сипатта болады; 5) соған екілетті әртүрлі мем- лекеттік органдар (олардың лауазымды тұлғалары) қолданады; 6) әкім- шілік заң нормаларына сәйкес қолданылады және алдын алу сипатында болады (*яғни* одан да қауіптірек іс-әрекет - қылмыс жасалуын ескертеді). Кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдану, бәрінен бұрын, мемлекеттік көпшілікке арналған мүдделерін қорғауға, екінші жағынан, басқа кәсіпкерлердің құқықтары мен еркіндіктерін құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ақыр соңында, кәсіпкерлік қызмет туралы заңның тиімділігін көтерудің айрықша тәсілі қылмыстық жауаптылық болып табылады. Әдетте, қылмыстық жауаптылық қашанда мемлекеттік мәжбүрлеумен байланыстырылады және ең қатал (құқық бұзушыға қатысты) ықпал ету шарасы (азаматтық-құқықтық жауаптылық заң бұзушының мүліктік жағдайына ықпал етуде маңыздырақ



болуы мүмкін екені осыған дейін айтылғанмен) ретінде қабылданады.

Қазақстан Республикасының 1997 ж. шілденің 16-ындағы Қылмыстық кодексінің экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға арналған арнайы 7-ші тарауы бар. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды екі топқа бөлуге болады: 1) *мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жасауымен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзатын қылмыстар*; 2) *жеке кәсіпкерлік субъектілері жасауымен қылмыстар*,

Қылмыстардың бірінші тобына мыналар кіреді: 1) ҚР ҚК 189-бабы - «Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау»; 2) 200-баптың 2-белімі — «Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді зақсып алу және жария ету»; 3) «Табиғатты пайдалану жөніндегі заңсыз мәліметтерді тіркеу».

Қылмыстардың екінші тобын құрайтындар: 1) 190-бап - «Заңсыз кәсіпкерлік»; 2) 191-бап - «Заңсыз банктік қызмет»; 3) 192-бап - Жалған кәсіпкерлік»; 4) 193-бап - Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе басқадай мүлікті заңдастыру»; 5) 194-бап - «Кредитті заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану»; 6) 195-бап - «Кредит берешегі өтеуден қасакана жалғару»; 7) 196-бап - «Монополистік әрекет және бәсекелестікті шектеу»; 8) 197-бап - «Көпшілік сауда-саттық, аукциондар өткізудің белгіленген тәртібін қасакана бұзу»; 9) 198-бап - «Көрінеу жалған жарнама беру»; 10) 199-бап - «Тауарлық белгіні заңсыз пайдалану»; 11) 200-бап - «Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз алу және жария ету»; 12) 201-бап — Кәсіптік спорт жарыстарының және ойыш-сауықтық коммерциялық конкурстардың қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып алу»; 13) 202-бап - «Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару тәртібін бұзу»; 14) 202-1-бап - «Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды тұлғасының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәлімет беруі»; 15) 203-бап - Бағалы қағаздар ұстаушылар тізіліміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу»; 16) 204-бап - «Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының көрінеу жалған мәліметтер беруі»; 17) 205-бап - Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу ережелерін бұзу»; 18) 206-бап - «Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату»; 19) 207-бап — «Жалған төлем карточкалары мен езде төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе сату»; 20) 208-бап - «Акциздік делетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану»; 21) 209-бап - «Экономикалық контрабанда»; 22) 213-бап - «Шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау»; 23) 214-бап — «Кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалғару»; 24) 215-бап - «Банкроттық кезіндегі заңсыз іс-әрекеттер»; 25) 216-бап - «Әдсіі банкроттық»; 26) 217-бап - «Жалған банкроттық»; 27) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-қисап туралы заңын бұзу»; 28) 219-бап - Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер беру»; 29) 220-бап — «Банктің ақша қаражатын заңсыз пайдалану»; 30) 221-бап - Азаматтың салық төлеуден жалғаруы»; 31) 222-бап -

Ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару»; 32) 223-бап - «Түтынуптыларды алдау»; 33) 224- бап - «Заңсыз сыйақы алу»; 34) 226-бап - «Мәміле жасауға немесе одан бас тартуға мәжбүр ету»; 35) 227-бап - «Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламалар жасау, пайдалану және тарату»; 36) 227-1-бап «■ «Ұялы байланыстың абоненттік құрылғы- сының сәйкестендіру кодьга, абоненттің сәйкестендіру кодын құқыққа сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын озісрту үтщ. бағдарламаларды құқыққа сыйымсыз жасау, пайдалану, тарату».

Сонымен қатар кәсіпкерлік саласына коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың да тікелей қатысы бар (ҚР ҚК 8-тарауы). Атап айтқанда, 228-бап - «Өкілет- тіктерді теріс пайдалану»; 229-бап - «Жеке нотариустардың және аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы»; 230-бап - «Жеке күзет қызметі қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы»; 231-бап - «Ком- мерциялық сатып алу»; 232-бап - Міндетгеріне адал қарамау».

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты қылмыстардың тағы бір тобы - ол мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар» (ҚР ҚК 13-тарауы). Аталған қылмыстарды сонымен бірге субъектілік белгілеріне қарай былайша саралауға болады: 1) *лсіуазымды адамдар, мемлекеттік қызлтптер атқаруға өкілетті адамдар жасайтын қылмыстар* (307-бап - «Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану»; 308-бап - «Билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану»; 309-бап - Лауазымды адамның өкілеттігін иелену»; 310-бап - «Кәсіпкерлік “\* қызметке заңсыз қатысу»; 311-бап - «Пара алу»; 314-бап - «Қызметтік жалғандық жасау»; 315-бап - «Қызметтегі әрекетсіздік»; 316-бап - «Салақтық»); 2) *кәсіпкерлік ңызмет субъектілері де, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланатын адамдар да жасауы мүмкіа қылмыстар* (313-бап - «Парақорлыққа делдал болу»); 3) *субъектілері кәсішерлер болуы мүмкін қылмыстар* (312-бап — «Пара беру»).

Әдебиетте кейде жеке кәсіпкерлік саласында қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-құқықтық шараларды азаматтық-құқықтық шаралар- ға ауыстыру туралы ұсыныстар ұшырасып қалады, алайда бұл жерде кәсіпкерлік саласында жауапкершіліктің бір түрін қолдану екшшісін қолдануды жоққа шығармайтынын және мүліктік зиян келтірілген жағдайда, қышмыстық- жазалық іс-әрекет жасалуына байланысты жауаптылықтың екі түрі де: *азаматтық-құқықтық және қылмыстық- құқықтық жауаптылық* (ол толықтай орынды және негізді болып табылады, ал жеке кәсіпкерлік саласында қылмыстық жауаптылықты қолданудан толық бас тарту жеке кәсіпкерліктің тиімділігін көтеруі'е, заңсыз кәсіпкерлікті және кәсіпкерлік саласындағы басқадай заң бұзушылықтарды түп-тамырымен жоюға септігін тигізе қояр ма екен) қатар қолданылатын болады, Екінші жағынан, нарықтық қатынастар жғиғдайында өмірде орын алып жататын бас бостандығынан айыру емес, қылмыстық жазаның: айыппұл салу, тәркілеу, қызметтің белгілі

бір түрімен айналысуға тыйым салу; қоғамдық жұмыстар тапсыру сияқты шараларын қолдануға аса назар аудару қажет, өйткені мүліктік сипаттағы шаралар құқық бұзушыны бостандығынан айыруға байланысты амалдармен салыстырғанда, аса тиімді болуы мүмкін.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. «Экономикалық» және «кәсіпкерлік-құқықтық» жауапкершілік деген түсініктердің арақатынасы қандай?
2. «Кәсіпкерлік-құқықтық» жауапкершіліктің мәні неде?
3. Кәсіпкерлік қызмет туралы заңды бұзғаны үшін заңдық жауапты болудың қандай ерекшелігі бар?
4. «Кәсіпкерлік-құқықтық» жауапкершілікті сипаттайтын белгілерді атаңыз.
5. Заңдық жауапкершіліктің түрлерін жіктеудің қандай тәсілдері бар?
6. Мемлекеттік бақылау, лицензиялау және тіркеуді жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жауапкершілігі қандай жағдайларда орын алады?
7. Жеке кәсіпкерлік субъектілері қандай іс-әрекеттер жасағаны үшін жауапкершілік көтереді?
8. Қазақстан Республикасы заңдары бойынша жеке кәсіпкердің жауапкершілігінің өзгешелігі неде?
9. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектісінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің негізгі белгілеріне сипаттама беріңіз.
10. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік қандай формаларда болуы мүмкін?
11. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен материалдық жауаптылықтың арасындағы ортақ немесе өзгеше белгілер неде?
12. Кәсіпкерлік қатынастардағы тәртіптік жауапкершіліктің өзгешелігі қандай?
13. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды атаңыз.
14. Әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің айрықша өзгешеліктері қандай?
15. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға сипаттама беріңіз.
16. Экономикалық қызмет саласында мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын бұзып жасаған қылмыстары мен жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілері жасаған қылмыстардың арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.
17. Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік қызмет және м.м.с. кеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлықтың және өзге де қылмыстардың өзгешелігі қандай?

11- тарау. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және шаруашылық дауларын шешу

### 11.1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау түсінігі. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қорғау құқығы

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тек кәсіпкерлік қана емес, азаматтық құқықтың да маңызды ұстаным- дарының бірі болып табылады. Сонымен, азаматтық заңның негізгі бастауларына жатқызылатындар:

- азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру қажеттігі;

— бұзылған құқықтардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ету,

Азаматтық құқықтарды сот, терелік сот, аралық сот: құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаушн тугызатын әрекеттердің жолын кесу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның етемін төлету; құқық қатынастарын тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілдің не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін күжжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ заң құжаттарында кезделген өзге де әдістермен жүзеге асырады ((ҚР АҚ 9-бабының 1-тармағы).

Қолданыстағы заңмен сонымен қатар азаматтық құқықтарды қорғауды құқығы бұзылған адамның тікелей нақты немесе заңды әрекеттерімен жүзеге асыру мүмкіндігіне (өзін-өзі қорғауына) рұқсат етіледі.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың барлық осы тәсілдерін азаматтық айналымдардың кез келген қатысушысы, оның ішінде кәсіпкерлік қызмет субъектілері де жүзеге асыра алады (сондықтан да оларды *кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың жалпы тәсілдеріне* жатқызуға болады). Одан өзге, ҚР АҚ 10-бабының 3-тармағында заңдарда тыйым салынбаған қызметпен айналысатын кәсіпкерлердің құқықтарын *қорғаудың арнайы тиімдары* бекітілген, оларға мыналар жатады:

1) лицензия берілетін қызмет түрлерінен басқа кәсіпкерлік қызметті кімнің болса да рұқсатын алмай-ақ жүзеге асыру мүмкіндігі арқылы,

2) экономиканың барлық салаларындағы кәсіпкерліктің барлық түрін бір ғана тіркеуші органда тіркеудің барынша қарапайым өз бетімен жүргізетін тәртібімен;

3) кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерді заң құжаттарымен шектеу арқылы;

4) кәсіпкерлік қызметті заң құжаттарында көзделген негіз бойынша шығарыяған сот шетімі бойынша ғана мәжбүрлеп тоқтату арқылы;

5) жеке кәсіпкерлік үшін тыйым салынған, экспорт немесе импорт үлің

тыйым салынған немесе шек қойылған жұмыстар, тауарлардың гүрлері мен қызметтер тізбесін заң құжаттарында белгілеу арқылы;

б) мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдарды, сондай-ақ өзге тұлғалар мен ұйымдарды кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз кедергі жасағаны үшін, олардың алдындағы заңдарда белгіленген мүлктік жауапкершілікке тарту арқылы;

б-1) атқарушы бақылау және қадағалау органдарына кәсіпкерлік субъектілерімен осы органдардың қызметтері болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде шарттық қатынастарға кіруге тыйым салу арқылы;

7) заңдарда көзделген басқа да амалдар.

Нарықтың қалыпты жұмыс істеуі кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өздеріне қабылдаған барлық міндеттемелерін тиісті дәрежеде, ерікті негізде, заң нормаларына және жасалған шарттарға сәйкес (яғни өкілетті органдардың араласуынсыз) орындауы дегенді білдіреді. Сонымен бірге іс жүзінде тараптардың барынша көп пайда табуға, өз мүдделерін қамтамасыз етуге және өзгелердің мүдделерін бұзуға, жауапкершіліктен жалтаруға немесе оны шектеуге және т.б. ұмтылуынан туындаған даулы жағдайлар және шаруашылық дау- дамайлар пайда болып жатады. Осының барлығы Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуге кесірін тигізеді және кәсіпкерлердің төмен құқықтық мәдениетіне және кәсіпкерлік ортадағы құқықтық жұтан- дыққа дәлел болады.

## 11.2. Дауларды талап коні негізінде реттеу тәртібі

Кәсіпкерлік қызметтің нақты субъектілерінің сотқа шағымдану құқығы (шағым беру құқығы) тараптар дауды талап қою тәртібімен тікелей реттеу бойынша шаралар қабылдағаннан кейін ғана туындайды.

Кінәрат-талап қоя отырып, шаруашылық жүргізуші субъект оның құқықтарын бұзатын және заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін екіншісінің заңсыз әрекеттері туралы айтады. Шарттың бір тарапы нормагивтік құқықтық актілерге, жасалған шарттың ережелеріне және істің нақты жағдайына сүйене отырып, шарт жасасушы агенттен ерікті түрде анықталған заң бұзушылықтарды жоюды талап етеді. Кез келген кінәрат-талаптың маңызы осында, ал егер заң бұзушы ерікті түрде аталған кінәрат-талапты қанағаттандыратын болса, онда сотқа шағымданудың қажеті болмай қалады,

Демек, *кінәрат-талаптың мәні* — тараптардың ортақ мүдделерін өзара есепке алуды қамтамасыз ететін олардың өздерінің барынша оңтайлы шешім табу мүмкіндігі деген сөз.

*Талап қою тәртібі:*

- шаруашылық дауы туған жағдайда тараптардың мүдделерін реттейтін шешімді олардың өздерінің қабылдауына;

- тараптардың әрқайсысына дау-дамайды шешудің мүмкін жолдарын ұсынуға;

- заң органының шешуіне жататын елеулі келіспеушіліктер аясын белгілеуге мүмкіндік береді.

*Талап қою жұмысы нәтижесінде шешістің міндеттер* қатарына мыналар жатады:

1) кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және олардың заңды мүдделерін қорғау;

2) шарт міндеттемелерінің орындалмауын немесе қанағатан- ғысыз дәрежеде орындалуын және басқадай заң бұзушылықтарды тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау;

3) заң нормаларының және жасалған шарт ережелерінің бұзылуының алдын алу;

4) зардап шеккен тарапқа келтірілген залалдың орнын кінәлі адамдар есебінен толтыру.

*Талап қою жұмысы кәсіпкерлік қышметті жүзеге асыруды тежейтін немесе кедергі жасайтын тергс зардаптарды жоют немесе шідын алуға бағытталған, ал оны кясіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдерінің бірі ретінде қарастыруға болады.* Контрагенттеріне бұзылған шарт міндеттемелері бойынша талап қою арқылы кәсіпкер өзінің заңды құқықтарын қорғайды, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді талап етеді, өзінің мүліктік және мүліктік емес мүдделерін қорғайды.

Щаруашылық дауларын талап қою тәртібімен реттеу туралы айтқанда, қазіргі таңда барлық кәсіпкерлер үшін бірдей, ортақ талаптар қою ережелерін белгілейтін қандай да бір нормативтік актінің жоқ екенін атап өту артық емес. Сол себепті жекелеген құқықтық қатынастар үшін талап қою ендірісі ҚР АҚ-інде немесе нормаларда немесе басқадай жарғыларда (мысалы, Теміржолдардың уақытша жарғысы) арнайы қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, талап қою тәртібі шын мәнісінде реттелмеген және тараптардың қарауына берілмеген.

### 11.3. Дауларды аралық сотта қарау

2004 ж. желтоқсанның 28-індегі № 22-ІІІ «Аралық сот туралы» ҚР Заңына сәйкес, жеке және заңды тұлғалар жасасқан азаматтық- құқықтық шарттардан туатын дау, егер ҚР заңдарында басқадай көзделмесе, аралық соттың қарауына берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасындағы аралық соттар тұрақты жұмыс істейтін аралық сот немесе нақты бір дауды шешуге арналған аралық сот түрінде құрылуы мүмкін.<sup>1</sup> Аралық шешім төмендегідей ұстанымдарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) **тараптар еркінің дербестігі** - ол тараптар өзара алдын ала келісу арқылы пайда болған дау бойынша істі аралық қарауды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын өз беттерінше шешуге құқылы екендіктерін білдіреді;

2) **заңдылық** - аралық соттар және соттар өз шешімдерінде тек ҚР Конституциясы нормаларын, ҚР заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады дегенді білдіреді-

3) **тәуелсіздік** - оларға берілген дауларды шешуде аралық соттар және соттар өздеріне қандай да бір қысым жасалуын болдырмайтын жағдайларда шешім қабылдайтынын білдіреді;

4) **тараптардың жарысушылығы және теңдігі** - аралық іс қарауда тараптар құқықтардың тең көлемін пайдаланады және тең көлемде міндеттер көтереді, езінің ұстанымын, оны дербес қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және аралық сотқа, басқадай заңды органдар мен тұлғаларға қатыссыз тандайды дегенді білдіреді;

5) **әдеттілік** ~ өздеріне берілген дауларды шешу кезінде аралық соттар мен соттар және аралық іс қарауға қатысушы тараптар белгіленген талаптарды, қоғамның адамгершілік ұстанымдарын және іскерлік этика ережелерін сақтай отырып адал әрекет етуге тиіс;

6) **иң пиялық** - бұл аралық соттар мен соттардың оларға шешуге берілген дауларды қарау барысында аралық іс қарау кезінде белгілі болған тараптардың немесе олардың құқықтық мирасқорларының келісімінсіз мәліметтерді жария етуге және оларға іс қаратқан кезде мәлім болған мәліметтер туралы куәгер ретінде сұралуға (заңда азаматтық мәліметті тиісті органға хабарлауға тиіс екені көзделген жағдайды қоспағанда) құқылы емес.

«Аралық сот туралы» Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес, дау аралық соттың қарауына тараптар арасында аралық келісім жасалған жағдайда берілуі мүмкін, Осы баппен аралық соттың *ведомстволық бағыныстылығын шектеу* белгіденген, атап айтқанда: мемлекеттің,

<sup>7</sup> Бұл туралы кенірек оқыңыз: Комментарий к Закону «О третейских судах». Жауапты ред, И.П.Гршников. - Алматы: Раритет, 2009. 36-40-беттер.  
мемлекеттік мекемелердің, кәмелетке толмаған адамдардың; заңмен белгіленген тәртіпте әрекет етуге қабілетсіз деп танылған адамдардың, аралық келісімге қатыспайтын тұлғалардың мүдделері қозғалатын даулар; табиғи монополиялар субъектідерінің қызметтер көрсету, жұмыстар орындау, тауар өндіру туралы шарттарынан туындайтын, сондай-ақ банкроттық туралы істер бойынша даулар (ҚР заңдарында көзделген жағдайлардан басқа) аралық соттардың қарауына берілмейді.

Заңдарда *аралық соттың қазылары* сай болуға тиісті белгілі бір талаптар қарастырылған. Сөйтіп, аралық қазы тараптармен байланысы жоқ және істің нәтижесіне мүдделі емес, қажетті, жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа жеткен және аралық қазы міндеттерін орындауға келісім берген жеке тұлға сайлана (тағайындала) алады. Дауды бір өзі шешетін қазының жоғары заңгерлік білімі бар және заңгерлік жұмыс өтілі екі жылдан кем емес болуға тиіс. Дауды бірлесіп шешкен жағдайда аралық сот төрағасының жоғары заңгерлік білімі болуға тиіс.

Аралық қазы бола алмайтына адам - ол:

- 1) ҚР заңдарына сәйкес құзырлы сотқа қазы болып сайланған;
- 2) заңмен белгіленген тәртіпте сот әрекет етуге қабілетсіз немесе ішінара қабілетті деп таныған;

3) сотталғаны элі алынбаған немесе әтелмеген немесе қылмыс жасады деп айып тағылған;

4) мемлекеттік қызметші болып табылатын адам.

Аралық сот езінде оның қарауына берілген дауды қарайтын құзыретінің бар-жоқтығы туралы мәселені, - оның ішінде тараптардың біреуі аралық келісімнің жоқтығы немесе жарамсыздығы себепті аралық соттың іс қарауына қарсылық білдірген жағдайда, - өз бетінше шешеді.

Тараптардың біреуі ол алғаш рет арыз берместен бұрын, аралық соттың дау мәселесі бойынша шешуіне берілген дауды қарайтын құзыретінің жоқ екендігі туралы мәлімдеуге құқылы. Егер аралық іс қарау барысында қаралуы аралық сот келісімімен көзделмеген немесе заңға немесе аралық іс қарау ережелеріне сәйкес аралық іс қарау тақырыбы бола алмайтын мәселе бойынша тарап аралық соттың өз құзыретін асыра найдаланғаны туралы мәлімдеуге құқылы.

Егер тараптар аралық іс қараудың басқадай ережелерін қолдану туралы келіспеген жағдайда, *тұрақты түрде әрекет ететін аралық сот* аралық іс қарауды тұрақты әрекет ететін сот тәртібіне сәйкес жүзеге асырады. *Нақты бір дауды шешу үшін. аралық сот* аралық іс қарауды тараптар келіскен ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Талап қоюшы өз талаптарын аралық сотқа жазбаша түрде бері- летін талап ету арызында баяндайды. Талап-арыздың кешірмесі жауап берушіге табыс етіледі. *Талап-арызда* төмектегілер көрсетілуге тиіс:

1) талап-арыздың берілген айы-күні;

2) тараптардың атауы, олардың мекенжайлары немесе, егер тараптар заңды тұлғалар болып табылса, онда тұрғылықты жері, банк реквизиттері,;

3) аралық сотқа жүгінудің негіздемесі;

4) арызданушының талаптары;

5) арызданушының өз талаптарын неспздейтін жағдайлар;

6) арызданушының талаптарын растайтын дәлелдер;

7) егер талагі-арыз бағалауға жататын болса, онда талап бағасы;

8) талап-арызға қосымша берілетін құжаттар және басқадай материалдардың тізбесі.

Талап-арызға арызданушы немесе оның екілі қол қоғаға тиіс. Егер талап-арызға арызданушының өкілі қол қойған жағдайда, талап-арызға сенімхат немесе өкілдің өкілетгін растайтын өзге құжат қоса гір- келеді. Аралық іс қарау ережелері арқылы талап-арыздың мазмұнына қосымша талаптар қарастырылуы мүмкін.

Жауап беруші арызданушыға және аралық сотқа өзінің қарсылықтарын баян етіп, *талап-арызға қарсы сын-пікірін* беруға құқылы, Талап-арызға қарсы пікір арызданушыға және аралық сотқа аралық іс қарау ережелерімен көзделген тәртіпте және мерзімде беріледі. Егер аралық сот ережелерімен қарсы пікір беру мерзімі анықталмаса, онда аталған қарсы пікір аралық соттың алғашқы отырысына он күн қалғанға дейін берілуге тиіс.



Өз ұстанымын және құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, әр тарапқа тең мүмкіндіктер беріледі. Егер тараптар басқадай туралы келіспеген болса, онда аралық іс қарау аралық соттың отырысында тараптардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

*Аршінің іс қарау қатысушы тараптар мыналарға:*

- 1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмесін түсіріп алуға;
- 2) дәлелдер келтіруге;
- 3) өтініш беруге, аралық сотқа қарсылық білдіруге-;
- 4) іс қарауға қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазба- ша түсініктер беруге;
- 5) іс қарау барысында туындаған барлық сұрақтар бойынша өз дәлелдерін келтіруге;
- 6) екінші жақтың өтініштері мен дәлелдеріне қарсы екенін білдіруге;
- 7) аралық сот отырысының хаттамасымен танысуға және сол бойынша жазбаша ескертулер беруге;
- 8) құзырлы сот алдында аралық сот шешімінің мәжбүрлі орындалуы туралы өтініш жасауға;
- 9) заңда белгіленген жағдайларда аралық сот шешіміне шағым беруге құқылы.

*Аралық келісім жасаған тараптар өздеріне* аралық сот шешімін орындау *міндетін* алады. Тараптар және аралық сот аралық сот шешімінің заңды түрде орындалуы үшін барлық күш-жігерлерін жұмсайды («Аралық сот туралы» Заңның 33-бабы).

*Аралық сот шешімі* жазбаша түрде баяндалады және оған аралық іс қарау құрамына енген, оның ішінде айрықша пікірі болған аралық қазы да қол қояды. Аралық сот шешімінде мыналар көрсетілуге тиіс:

- 1) шешімнің қабылданған айы-күкі;
- 2) аралық сот туралы заң нормаларына сәйкес белгіленген аралық соттың іс қарайтын орны;
- 3) аралық сот құрамы және оны құру тәртібі;
- 4) дау тараптарының атауы, олардың өкшдерінің (өкілеттігі көрсетіле отырып) фамилиясы және аты-жөні, яауазымдары;
- 5) аралық сот құзыретінің негіздемесі;
- 6) арызданушының талаптары, жауап берушінің қарсылықтары, тараптардың өтініштері;
- 7) даудың, арыздың, өтініштің мәні, іс қарауға қатысушы адамдардың түсініктемелері;
- 8) істің аралық сот белгілеген жағдайлары; сол жағдайлар туралы аралық соттың қорытындылары негізделген дәлелдер, шешім қабылдау барысында аралық сот басшылыққа алған ҚР нормативтік құқықтық актілері.

Шешімнің қорытынды бөлігінде аралық соттың әрбір мәлімделген арыздың талаптарын қанағатандырғаны немесе қанағаттандырудан бас тартқаны, дауды аралық сотта қарауға байланысты шығындар сомасы, аталған шығындардың тараптар арасында бөлінуі және қажет болған жағдайда қабылданған шешімнің орындалу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Аралық сот шешіміне *құзырлы сотқа шағымдану* ҚР азаматтық іс жүргізу заңы белгілеген тәртіппен, тек егер аралық сот шешімін қайтару туралы арыз берген, құқықтары қозғалған тарап немесе тұлға төмеидеплерді дәлелдеген жағдайда мүмкін болады:

1) аралық келісім ҚР заңдарында көзделген негіздемелер бойынша жарамсыз болып табылады;

2) аралық сот шешімі аралық келісіммен көзделмеген немесе оның шартына сай келмейтін дау-дамай бойынша немесе аралық келісім шегінен шығып кететін мәселелер бойынша қаулылардан тұратындықтан, сондай-ақ даудың аралық сотқа бағыныстылығы салдарынан шығарылған.

Егер аралық келісім қамтитын мәселелер бойынша шығарылған аралық соттың қаулысының ондай келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шығарылған қаулылардан айырмашылығы бар болса, онда аралық сот шешімінің аралық келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шығарылған қаулыларына тұратын белігі ғана күшін жояды;

3) аралық сот құрамы немесе аралық іс қарау ҚР аралық іс қарау туралы

заңдарына сәйкес болмады;

4) тарап тиісті дәрежеде аралық соттардың сайлануы (тағайын- далуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты және орны туралы хабардар етілмеді немесе басқадай себептермен аралық сотқа ©зінің түсініктемелерін табыс ете алмады;

5) аралық сот шешімі ҚР заңдылық үстанымына және көпшілік тәртібіне қайшы келеді;

6) дау аралық іс қарау тақырыбы бола алмайды.

*Аралық сот ішешімі күшін жойтн жагдайда*, тараптардың эрқайсысы аралық келісімге сәйкес жоғары тұрған аралық сотқа жүгінс алады. Егер аралық соттың шешімі толықтай немесе ішінара аралық келісімнің жарамсыздығына немесе шешім аралық келісіммен көздел- меген немесе оның шартына сай келмейтін дау бойынша қабылданғаны немесе аралық келісіммен қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұрғанына байланысты толық немесе ішінара күшін жойған болса, тиісті дау аралық сотта ары қарай қаралуға жатпайды.

*Аралық соттың шешімі міндетті түрде* шешімде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде орындалуға жатады. Егер аралық сот шешімінде мерзім көрсетілмесе, онда ол дереу орындалуға тиіс. Егер аралық сот шешімі ерікті түрде белгіленген мерзімде орындалмаса, онда ол аралық сот шешімінің орындалу уақытында қолданыста бояған орындау өндірісінің ережелері бойынша құзырлы сот аралық сот шешімін мәжбүрлеп орындату үшін берген орындау қағазының негізінде *мәжбүрлі түрде* орындалады.

Атқару парағын беру туралы арызды қараған кезде, *тиісті құзырлы соттың аралық сот шешімін маңызы бойғыиша қаь.та қарауға құқы жоқ.* Құзырлы сот орындау қағазын беруден бас тарту туралы мынандай жағдайларда ұйғарым шығарады, егер:

1) соған қарсы аралық сот шешім шығарған тарап құзырлы сотқа темендегілер туралы дәлелін табыс етсе:

- аралық келісім жарамсыз болып табылады;

~ аралық сот шешімі аралық келісіммен көзделмеген немесе оның шартына сай келмейтін дау-дамай бойынша немесе аралық келісім шегінен шығып кететін мәселелер бойынша қаулылардан тұратындықтан, сондай-ақ даудың аралық сотқа бағыныстылығы салдарынан қабылданған. (Егер аралық келісім қамтитын мәселелер бойынша шығарылған аралық соттың қаулысының ондай келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шығарылған қаулылардан айырмашылығы болса, онда аралық сот шешімінің аралық келісіммен қамтылатын мәселелер бойынша шығарылған қаулыларынан тұратын бөяігін орындауға атқару парағын беруден бас тартуға болмайды);

- аралық сот құрамы немесе аралық іс қарау ҚР аралық іс қарау туралы заңдарына сәйкес болмады;

- тарап тиісті дәрежеде аралық соттардың сайлануы (тағайын- далуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты және орны туралы хабардар егілмеді немесе басқадай себептермен аралық сотқа өзінің түсініктемелерін табыс ете алмады;

“ тараптардың біреуі аралық келісім жасау кезінде әрекет толықтай қабілетсіз немесе шектеуді қабілетті болды;

- сол тараптар арасындағы дау бойынша сол мәселе және сол негіздемелер бойынша арыз бсрушінің талан-арыздан бас тартуына байланысты өндірісті тоқтату туралы құзырлы соттың немесе аралық соттың іс бойынша заң күшіне енген шешімі немесе құзырлы соттың немесе аралық соттың ұйғарымы бар;

- аралық соттың шешім шығаруы сот үкімімен белгіленген қылмыс істелуі нәтижесінде мүмкін болды;

2) құзырлы сот төмендегіні белгілесе:

- ҚР заңдарына сәйкес дау аралық іс қарау мәселесі бола алмайды;

- аралық сот шешімі жоғарыда белгіленген талаптарға және ҚР көпшілік тәртібіне қайшы келеді.

Қорытындысында аралық соттың артықшылықтарын атап кетуге болады. Біріншіден, бұл - дауларды шешудің шапшаңдығы; екінші- ден, істі қарайтын төрешіні тараптардың өздерінің таңдауы; үшінші- ден, аралық іс қараудың құпиялығы; төртіншіден, аралық іс қараудың екі жаққа бірдей әділ болуы; бесіншіден, дауды шешу үдерісінің үнемділігі (дауларды жалпылай құзыретті соттарда қарау кеп уақыт алады және тиісінше тараптардан айтарлықтай шығын талап етеді).

#### 11.4. Дауларды халықаралық коммерциялық төрелікте қарау

Дауларды халықаралық коммерциялық төрелікте қараудың ерекшеліктері туралы айтқанда, 1976 ж. БҰҰ Комиссиясының халықаралық сауда-саттық күқығы бойынша төреліктер құрамы, төрелік іс қарау тәртібі және төрелік шешім қабылдау және т.б. туралы жалпы ережелер тағайындаған төрелік ЮНСИТРАЛ тәртібін қабылдағанын атап өткен жөн. 1985 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясы ЮНСИТРАЛДЫҢ «Халықаралық сауда-саттық арбитражы туралы» үлгі заңын мемлекеттердің өз заңында пайдалану мүмкіндігі үшін мақұлдады (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 ж. желтоқсанның 11-індегі 40/72-шешімі). ҚР 2004 ж. желтоқсанның 24-індегі «Халықаралық сауда-саттық төрелігі туралы» Заңы төрелік іс қараудың пайдалылығын мойындаудан туындаған және ЮНСИТРАЛ үлгі заңының негізгі ережелерін қамтиды. Аталған заңның реттеу саласына халықаралық коммерциялық төреліктің ҚР аумағындағы қызметі барысында туындаған қатынастар, сондай-ақ Қазақстанда халықаралық коммерциялық төреліктің шешімдерінің орындалу тәртібі және мойындау шарттары кіреді.

*Халықаралық коммерциялық төрелік* жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен жасалған азаматтық-құқықтық шарттардан туған, халықаралық коммерциялық төрелік шешетін (егер ҚР заңдарында өзгедей кезделмесе) дауларды қарайды, («Төрелік» деп нақты дауды қарау үшін құрылған немесе тұрақты негізде жұмыс істейтін халықаралық коммерциялық төрелік, сонымен бірге дауды жеке бір тарап қарайтын төрелік түсініледі («Халықаралық

коммерциялық төрелік туралы» Заңның 2-бабының 1-тармағы).

Төрелік іс қарау төмендегідей ұстанымдарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) *тараптар еркінің дербестігі* — бұл тараптар туындаған дау бойынша алдын ала өзара келісіммен төрелік іс қарауды жүзеге асырудың тәртібі және шарттары туралы мәселелерді өз қалауларына шешуге құқылы дегенді білдіреді;

2) *зсцдылық* - ол төрешілер мен төреліктер өз шешімдерінде тараптардың келісімі бойынша қолданылатын құқық нормаларын басшылыққа алағынын көрсетеді;

3) *тараптардың жарысушылығы және тең құқықтығы* тараптардың төрелік іс қарауда құқықтардың бірдей көлемін иелене- тінін және бірдей көлемде міндеттер арқалайтынын, өз ұстанымын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және төрелікке, басқа органдар мен тұлғаларға байланыссыз тавдайтынын білдіреді;

4) *әдметтілік* - төрешілер мен төреліктер оларға қарауға берілген дауларды шешу барысында және төрелік іс қарау тараптары белгіленген талаптарды, қоғамның адамгершілік ұстанымдарын және іскерлік этика ережелерін сақтай отырып, адалдықпен әрекет етуге тиіс дегенді білдіреді;

5) *құпиялық* - төрешілер төрелік іс қарау барысында оларға мәлім болған ақпараттарды тараптардың немесе олардың құқықтық мирас-корларының келісімінсіз жария етуге, төрелік іс қарау барысында оларға мәлім болған ақпараттар бойынша куәгер ретінде сұралуға (заң- да азаматтың мәліметті тиісті органға хабарлауға тиіс екені кезделген жағдайдан басқа) құқылы емес дегенді білдіреді.

Сондай-ак төрелік іс қарау ұстанымдарыша төреші мен төреліктің оларға қарауға берілген дауларды шешу барысында өздеріне мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың кдндай да бір ыкгіал етуше жол бермейтін жағдайларда шешім қабылдайтын *тәуелсіздігін* жатқызуға болады.

Төреліктің қарауына дау тараптар арасында төрелік келісім жасалған жағдайда беріледі. Төрелік келісім тараптар арасындағы нақты бір азаматтық-құқықтық шарт бойынша туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты жасалуы мүмкін. Құзырлы соттың қарауында жатқан дауға қатысты төрелік келісімді аталған сот дау бойынша шешім шығарғанға дейін жасауға болады. Бұл жағдайда құзырлы сот арызды қараусыз қалдыру туралы анықтама шығарады.

Егер ең болмағанда тараптардың біреуі ҚР *резиденті* болмаса, тараптардың келісімі бойынша төрелікте жеке тұлғалар, коммер- циялық және өзге де ұйымдар арасындағы азаматтық-құқықтық шарттардан туындаған дау-дамайлар берілуі мүмкін («Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» Заңның 6-бабы).

*Төреші* болып істің нәтижесіне тікелей немесе жанама мүддесі жоқ,

тараптарға тәуелді емес және төреші міндеттерін орындауға келісім берген, жиырма бес жасқа жеткен және жоғары білімі бар жеке тұлға сайланады (тағайындалады).

Дауды бір өзі шешетін төрешінің жоғары білімі және заңгерлік мамандығы бойынша екі жылдан кем емес жұмыс отілі болуға тиіс. Дауды бірлесе (алқалы түрде) шешкен жағдайда, төрелік төрағасының жоғары заңгерлік білімі болуға тиіс. Тараптардың келісуі бойынша төреші болып ҚР азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам сайлана алады.

Төреші үміткерлеріне қойылатын талаптарды тікелей тараптар келісе алады немесе төрелік гәртiбiмен анықталады. Мынандай:

1) ҚР заң акiлерiнде белгiленген тәртiппен құзырлы сот қазысы сайлаған немесе тағайындаған;

2) ҚР заңдарында белгiленген тәртiппен құзырлы сот әрекет етуге қабiлетсiз немесе iшiнара қабiлеттi деп таныған;

3) сотталғаны алынбаған және өтелмеген;

4) мемлекеттiк қызметшi болып табылатын адам терешi бола алмайды,

Тараптар төрешiдердiң тақ болуға тиiс санын анықтауға құқылы, егер тараптар өзге туралы келiспесе, онда дауды төрелiкте шешу үшiн үш төрешi сайланады (тағайындалады).

Төрелiк құрамын құру терешiлердi (терешiнi) сайлау (тағайындау) жолымен жүзеге асырылады. Тұрақты жұмыс iстейтiн төрелiкте төрелiк құрамын құру тұрақты жұмыс iстейтiн төрелiк белгiлеген тәртiппен жүзеге асырылады. Төрелiкте нақты бiр дауды шешу үшiн төрелiк құрамын құру тараптар келiскен тәртiппен жүргiзiледi. Егер тараптар басқадай туралы келiспесе, онда нақты бiр дауды шешу үшiн *төрелiк құрамын құру* келесiдей тәртiппен жүргiзiледi:

1) үш төрешiден тұратын төрелiк құрамын құру кезiнде iаралтардың әрқайсысы бiр төрешi сайлайды, сондай жолмен сай-ланған екi төрешi үшiншi төрешiнi сайлайды. Егер тараптардың бiреуi төрешiнi екiншi жақтан сол туралы өтiнiш түскеннен кейiн алпыс күн iшiнде сайламаса немесе сайланған екi төрешi ездерi сайланғаннан кейiн алпыс күн iшiнде үшiншi төрешiнi сайламаса, онда төрешiнi тұрақты жұмыс iстейтiн төрелiк төрағасы тағайындай алады;

2) егер дау төрешiнiң бiр өзiнiң шешуiне жататын болса және бiр тарап екiншiсiне төрешi сайлау туралы ұсыныс жасағаннан кейiң тараптар алпыс күн iшiнде төрешi сайламайтын болса, онда төрешiнi тұрақты жұмыс iстейтiн төрелiк төрағасы тағайындай алады. Төрешi жоғарыда көрсетiлген талантарға сай болмаған жағдайда, талаптар *төрешiден бас тарту* туралы мәлiмдей алады. Тарап өзi сайлаған төрешiден бас тартатыны туралы мәлiмдеменi бас тартуға негiздеме болын табылатын жағдайлар тарапка осы төрешi сайланғаннан кейiн мәлiм болса ғана осы бапқа сәйкес жариялай алады. Егер төрешiден бас тарту шарасы тараптармен келiсiлмеген немесе тұрақты жұмыс

істейтін төрелік тәртібімен белгіленбеген болса, онда терешіден бас тарту туралы дәлелі бар жазбаша арызды тарап төрелікке бас тартуға себеп болған жағдайлар өзіне мәлім болғаннан кейін отыз күн ішінде беруге тиіс. Егер өзінен бас тарту туралы мәлімделген төреші оны қанағаттандырудан бас тартса немесе тараптардың біреуі төрешіден бас тартуға келіспесе, онда бас тарту туралы мәселені терелік құрамына кіретін төрешілер тараптың дәлелі бар жазбаша арызын алғаннан кейін он күн ішінде шешуге тиіс. Дауды бір өзі қарайтын төрешіден бас тарту мәселесін осы төреші шешеді. Егер дауды бір өзі қарайтын төреші бір тараптың немесе тараптардың екеуінің бас тарту туралы ұсынысын қанағаттандырудан бас тартса немесе тараптардың біреуі төрешіден бас тартуға келіспесе, онда бас тарту туралы мәселе төрелік іс қарауды тоқтату туралы тараптардың келісім қабылдауы жолымен шешіледі.

Төрешінің өкілеттіктері тараптардың келісуімен, сондай-ақ оның бойында өз міндеттерін атқаруға ауыруы себегіті тұрақты қабілетсіздік болған немесе тереші қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Дауды жеке қарайтын тереліктің немесе төрешінің өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда, қарауда жатқан дау бойынша өндіріс басқа төрелік сайланғанға (тағайындалғанға) дейін тоқтатыла тұрады. Төрешінің өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда *басқа төреші* оның орнын ауыстырушы төрешіні сайлау (тағайындау) кезінде қолданылған ережелерге сәйкес сайланады (тағайындалады). Ауыстыру тәртібімен сайланған (тағайындалған) төреші іс бойынша қайта қарау белгілеуге құқылы.

Дауды терелікте шешуге байланысты *шығындарға*: терешілердің сыйақылары; төрелік іс қарауға қатысуға байланысты төрешілер көтерген шығындар, оның ішінде дауды қарайтын орынға жету, туру және тамақтануды төлеуге кеткен шығындар; сарапшылар мен аудар- машыларға төленетін сомалар; төрешілердің жазбаша және заттай дәлелдерді олардың тұрған орындары бойынша қарауға және зерттеуге байланысты шығындары; куәгерлер комері ен шығындар; төрелік шешімі соның пайдасы үшін шешім қаралған жақтың өкілінің қызмет- терін төлеуге кеткен шығындары; төрелік іс қараудың ұйымдасты- рушылық және материалдық қамтамасыз етілуіне жұмсалған шығын- дар жатады.

Дауды төрелікте шешуге байланысты шығындарды тараптар арасында бөлу тараптардың келісіміне, ал ондай болмаған жағдайда тепе-тең қанағаттандырылған және бас тартылған талаптарға сәйкес төрелік арқылы жүзеге асырылады. Соның пайдасы үшін шешім қаралған жақтың өкілдің қызметтерін төлеуіне кеткен шығындары, сондай-ақ төрелік іс қарауға байланысты өзге де шығындар, егер шыққан шығындардың орнын толтыру туралы талап төрелік іс қарау барысында мәлім етілсе және төреші қанағаттандырса, төрелік шешімі бойынша екінші жаққа жатқызылуы мүмкін. Дауды төрелікте шешуге байланысты шығындарды бөлу төреліктің шешімінде немесе анық- тамасында көрсетіледі.

Төрелік оған шешу үшін берілген дауды қарауға өзінің өкілеттігінің бар немесе жоқ екендігін, оның ішінде тараптардың біреуі төрелік келісімінің

жарамсыздығы себепті төрелік іс қарауға қарсылық білдірген жағдайда да, өз бетінше шешеді.

Арызданушы өз талаптарын терелікке жазбаша беретін талап- арызында баяндайды. Талап-арыздың көшірмесі жауап берушіге табыс етіледі. *Талст-арызда* мыналар көрсетілуге тиіс:

- 1) талап-арыздың берілген айы-күні;
- 2) тараптардың атауы, олардың пошталық мекенжайы және банк реквизиттері;
- 3) төрелікке жүгіну негіздемелері;
- 4) арызданушының талаптары;
- 5) арызданушының талаптарын негіздейтін жағдайлар;
- 6) талап-арыздың негіздемелерін растайтын жағдайлар;
- 7) егер талап-арыз бағалауға жататын болса, онда талап-арыздың бағасы;
- 8) талап-арызға қосымша берілетін құжаттар мен өзге де материалдардың тізбесі.

Талап-арызға арызданушы немесе оның өкілі сенімхаттың немесе өкілдің өкілеттіктерін растайтын басқа құжаттың түпнұсқасын қоса отырып, қол қоюға тиіс. Төрелік тәртібімен талап-арыздың мазмұнына қосымша талаптар қарастырылуы мүмкін.

Жауап беруші арызданушыға және төрелікке өзінің қарсы-лықтарын баяндай отырып, *талап-арызға қарсы сын-пікір* беруге құқылы. Талап-арызға сын-пікір арызданушыға және төрелікке төрелік белгілеген тәртіпте және мерзімдерде беріледі. Егер төрелік тәртібімен талап-арызға қарсы пікір беру мерзімі белгіленбесе, халықаралық коммерциялық төрелік гуралы заңда өзгедей көзделмесе, онда аталған сын-пікір төреліктің алғашқы отырысына дейін он күн ішінде беріледі. Төрелік іс қарау барысында тарап өзінің арыздағы талаптарын немесе талап-арызға қарсы қарсылықтарын өзгертуге немесе толықтыруға құқылы.

Егер тараптар басқадай туралы келіспеген болса, нақты бір дауға қатысты төрелік іс қарау жауап беруші бұл даудың төрелік қарауына берілгені туралы хабарлама алған күні басталады.

Егер: 1) тараптар арасында төрелік келісім болмаса; 2) талап-арыз төрелік келісімде қарастырылмаған төрелікке берілсе; 3) талап-арыз мәселесі төрелік келісім шеңберінен шығып кетсе; 4) талап-арызға оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойған болса; 5) арызданушы талап- арызды қайтару туралы өтініш берген жағдайда; 6) осы немесе басқа төрелік өндірісінде осы тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір мәселе және сол негіздемелер туралы іс бар болса, *төрелік арыз- талапты кері қайтарады*. Талап-арызды қайтарғанда төрелік дәлелді анықтама шығарады. Арызды қайтару арызданушының сол жауап беруші. сол бір мәселе және сол негіздемелер бойынша төрелікке қайтадап жүгінуіне кедергі бола алмайды.

Тараптардың өз қалаулары бойынша төрелік іс қарау барысында пайдаланылатын *тіл* немесе *тілдер* туралы келісіп алуына болады. Мұндай



келісу болмаса, іс қарау үшін мемлекеттік, ап сонымен қатар орыс тілін немесе басқа тілдерді терелік анықтайды.

Құжаттарды немесе басқа материалдарды табыс етпеу, оның ішінде төрелік отырысының ететін уақыты мен орны тиісті дәрежеде хабарданған тараптардың біреуінің немесе олардың өкілдерінің тере-лік отырысына келмей қалуы төрелік іс қарауға және төреліктің шешім қабылдауына кедергі бола алмайды (егер құжаттарды немесе басқа материалдарды табыс етпеуін, тараптардың біреуінің немесе олардың өкілдерінің терелік отырысына келмей қалуын ол дәлелді себеп деп таппаса) Жауап берушінің талап-арызға қарсы қарсылықтарын бермеуі арызданушының талаптарын мойындау болып саналмайды.

*Төрелік іс қарауға қатысушы тараптар төмендегілерге:*

1) іс материалдарымен танысуға және осы материалдардан көшірме түсіріп алуға;

2) дәлелдемелерін табыс етуге;

3) етініш беруге, төрешілерден бас тартуға;

4) іс қарауға қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;

5) іс қарау барысында туындаған барлық мәселелерге өз дәлелдемелерін келтіруге;

6) екінші тараптың өтінішіне және дәлелдемелеріне қарсылық білдіруге;

7) құзырлы сот алдында төреліктің шешімін ҚР заңдарына сәйкес мжзбүрлі орындату туралы өтініш жасауға;

8) Халықаралық коммерциялық төрелік туралы заңда белгіленген жағдайларда төрелік шешіміне шағым беруге *құқылы*.

Тараптар терелік іс қарау барысында дауды реттей және татуластық шешімге келе алады.

Төрелік дауды тараптардың іс қарауда қолдануға жарамды деп таңдаған құқық нормаларына сәйкес шешеді. Қандай да бір мемлекеттің құқығына немесе құқық жүйесіне сілтеме жасау оның қайшылықты нормаларына емес, тікелей осы мемлекеттің материалдық құқығына сілтеу деп түсінілуге тиіс. Қолданылатын құқық туралы тараптардың келісімі болмаған жағдайда, төрелік қолданылатын құқықты ҚР заңдарына сәйкес анықтайды.

Төреліктің шешімі жазбаша түрде баяндалады және оған төрелік құрамына кірген төрешілер, оның ішінде өзгеше пікірі бар, жазбаша ұстанымы төрелік шешімнің белінбес белшегі бодып табылатын төреші де қол қояды. Егер төрелік іс қарау бірлесе жүргізілген болса, онда шешімге басқа төрелердің қолы қойылмауының дәлелді себепін көрсете отырып, төрелік құрамына кірген төрешілердің көпшілігі қол қояды.

Төрелік іс қарауды тоқтату туралы анықтама шығару арқылы *төрелік іс қарау* мынандай жағдайларда тоқтатылады, егер:

— арызданушы талап-арыздан бас тартса және төрелік оның бас тартуын қабылдаса, алайда жауап беруші мәселе бойыяша даудың шешілуінде езінің заңды мүдделері бар болуына байланысты терелік іс қараудың тоқтатылуына қарсылық білдірмеген жағдайда ғана;

— тереліктің оның шепіуіне берілген дауды қарауға құзыреті жоқ екендігі туралы терелік анықтама шығарса;

— сол тараптар арасындағы, сол бір мәселе және сол бір негіздемелер бойынша құзырлы соттың немесе төреліктің шығарған, заң күшіне енген шешімі болса;

— тараптар төрелік іс қараудың тоқтатылуы туралы келісімге келсе;

— терелік іс қараудың бір тарапы болып табылатын коммерциялық ұйым тарап кетсе;

— төрелік іс қараудың бір тарапы болып табылатын жеке тұлға қайтыс болса немесе ол хабарсыз кетті деп танылса.

Мынандай жағдайларда ғ;ша егер:

1) шешімнің күшін жою туралы мәйімдеген тарап төмендегілерге:

- төрелік келісімнің тараптарының біреуін құзырлы *сот* әрекет етуге қабілетсіз немесе тараптардың күштеп бағындырған заңы. ал мұлдай нұсқау боямаса, онда ҚР заңы бойынша төрелік келісімді жарамсыз деп танығанына;<sup>5</sup>

- төрешінің немесе төрелік іс қараудың тағайындалғаны туралы тарап тиісті дәрежеде хабардар етілмегеніне немесе құзырлы сот дәлелді деп тапқан басқадай себептермен өз түсініктемелерін бере алмағанына;

- төрелік шешімнің төрелік келісіммен көзделмегеніне немесе оның шарттарына сай келмейтін немесе төрелік келісім шеңберінен шығып кеткен мәселелер бойынша қаулылардан тұратын дау бойынша, сондай-ақ даудың төрелікке бағыныстылығы себепті шыға-рылғанына, (егер төреліктің шешімдері төрелік келісіммен қамтылған мәселелер бойынша ондай келісіммен қамтылмаған мәселелерден бөлектенетін болса, онда төрелік шешімінің төрелік келісіммен қамтылмаған мәселелер бойынша шешімдерден тұратын бөлігі ғана күшін жояды);

- төрелік құрамы немесе төреліктің іс қарау әрекеті тараптардың келісіміне және төрелік тәртібіне сай келмегеніне *дәлелдер келтірсе*;

2) құзырлы сот төрелік шешімнің ҚР-дағы көпшілік тәртіпке қайшы екендігін немесе сол бойынша төрелік шешім шығарылған дау ҚР заңдарына сәйкес төрелік іс қарау мәселесіне жатпайтынын анықтаса, *құзырлы сот арқылы төрелік шешім күшін жояды*.

Құзырлы сот төрелік шешімнің күшін жою туралы мәселе бойынша ҚР азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес шағым берілуі немесе қарсылық білдірілуі мүмкін екендігі туралы анықтама шығарады.

*Төрелік шешім ліндетті деп танылады* және құзырлы сотқа жазбаша өтініш берілген кезде ҚР заңдарына сәйкес орындалады.

Шет мемлекетке шығарылған төрелік шешімді құзырлы сот мойындайды және орындау өндірісі органдары оны өзаралық бастамаларда орындайды.

*Құзырлы сот төрелік шешімді мойындаудан немесе оны орындаудан* қай елде шығарылғанына қарамастан, төмендегідей негіздемелер бойынша бас тартады:

1) егер бұл тарап құзырлы сотқа төмендегілерге:

- төрелік келісім тараптарының біреуін құзырлы сот әрекет етуге қабілетсіз немесе шектеулі қабілетті деп танығанына;

“» төрелік келісімнің тараптар бағынысты еткен заң бойынша жарамсыз екеніне;

- соған қарсы шешім шығарылған тарап төрешінің немесе төрелік іс қараудың тағайындалғаны туралы тиісті дәрежеде хабардар етілмегеніне немесе құзырлы сот дәлелді деп тапқан басқадай себептермен өз түсініктемелерін бере алмағанына;

- төрелік шешімнің төрелік келісіммен көзделмегеніне немесе оның шарттарына сай келмейтін немесе төрелік келісім шеңберінен шығып кеткен

мәселелер бойынша қаулылардан тұратын дау бойынша, сондай-ақ даудың төрелікке бағыныстылығы себенті шығарылғанына,

Егер төреліктің шешімдері төрелік келісіммен қамтылған мәселелер бойынша ондай келісіммен қамтылмаған мәселелерден бөлектенетін болса, онда төрелік шешімінің төрелік келісіммен қамтылмаған мәселелер бойынша шешімдерден тұратын бөлігі ғана күшін жояды;

- төрелік құрамы немесе төреліктің іс қарау әрекеті тараптардың келісіміне сай келмегеніне және ондайдың болмауы төрелік орын алған елдің заңына сәйкес еместігіне;

- шешім элі тараптар үшін міндетті еместігіне немесе күшін жойғанына немесе оны орындау соның заңына сәйкес шешім шығарылған елдің сотымен тоқтатылғанына *дәлелдер келтірсе*

2) егер құзырлы сот бұл төрелік шешімді мойындау және орындау ҚР-дағы көпшілік тәртілге қайшы екенін немесе сол бойынша шешім шығарылған дау ҚР заңдарына сәйкес төрелік іс қарау мәселесі болып табылмайтынын анықтаса.

Құзырлы сот төрелік шешімді мойындау немесе орындау туралы мәселе бойынша *анықтама* шығарады. Аталған анықтамаға ҚР азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес шағым беруге немесе қарсылық білдіруге болады.

#### 11.5. Шаруашылық дауларды қараудың соттық тәртібі

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері азаматтық іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіпте сотқа шағымдана алады.

Егер бұзылған немесе қарсылық білдірілген құқықтар, еркіндіктер және заңмен қорғалатын мүдделер басқадай сот тәртібімен қорғалмаса, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне (АДЖК) және басқа да заңдарға сәйкес, соттар оларды азаматтық іс жүргізу тәртібімен қарайды.

Соттар азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, әкімшілік, қаржы, шаруашылық, жер мәселелері бойынша құқықтық қатынас- тардан, табиғат ресурстарын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау қатынастарынан және басқадай құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екіншісіне биліктік бағыныстылығына негізделген қатынастардан туатын даулар бойынша талап-арыздарды қарайды.

Сотта мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адамы қабылдаған кесімге (акт) қарсылық білдіру де қаралуы мүмкін.

Соттар ерекше талап-арыз ендірісінің істерін қарайды. Кәсіп- керлік қызмет субъектілеріне қатысты қолданылатын істер қатарында заңды тулғалардың және жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы сияқты істердің санаттарын атауға болады (ҚР АДЖК 35-тарауы). Атап айтқанда, осы кодекстің 313-бабына сәйкес, заңды тулғалардың және жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істі сот банкроттық заңмен белгіленген ерекшеліктермен қоса, АДЖК-інде қарастырылған жалпы ережелер бойынша қарайды. Ерекше өндіріспен талап етушінің жоғалған бағалы қағаздары және ордерлік бағалы қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіру орындалады (шақырылмалы

ондіріс (ҚР АІЖК 39-тарауы).

Егер халықаралық ілартпен, ҚР заңдарымен немесе тараптардың келісімімен езгедей көзделмесе, соттар істерді сондай-ақ шетелдік азаматтардың, азаматтыгы жоқ адамдардың, шетелдік ұйымдардың, шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдіктер қатысатын ұйымдардың, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың қатысуымен жүргізеді.

Азаматтық іс жүргізу заңышен *ишртты түрде сотты болушы*- *шш*, яғни тараптардың езара келіеуі бойынша аталған іс үшін аумақтық сотта қаралуын өзгерту құқығы кезделген (ҚР АІЖК 34-бабы). Алайда бұның тараптардың келісуі арқылы өзгертіле алмайтын *ерекше сотты* болушылыққа қатысы жоқ. Ерекше сотты болушылыққа сәйкес:

1) жер телімдеріне, ғимараттарға, тұрғынжайларға, құрылыстарға, жермен тығыз байланысты басқадай нысандарға (жылжымайтын мүлік) құқықтар туралы, мүлікті тыйым салудан босату жөніндегі талап-арыздар осы нысандар немесе тыйым салынған мүлік орналасқан мекен бойынша беріледі;

2) мұра белгілеушінің кредит берушшерінің мұрагерлер мұраны қабылдағанға дейін берген талап-арыздары мұрагерлік мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің тұрған жері бойынша сотта қаралуға жатады;

3) тасымалдаушыларға жүктер, жолаушылар немесе жолжүгін тасымалдау шарттарынан туындайтын талап-арыздар көлік ұйымының тұрақты жұмыс істейтін органының тұрғылықты жері бойынша беріледі (ҚР АІЖК 33-бабы).

Тараптары кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асыратын азаматтар (жеке кәсіпкерлер) және заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша азаматтық істерді қарау үшін, Қазақстан Республикасында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылған.

ҚР Президентінің 2002 ж. ақпанның 9-ындағы «Мамандан- дырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарыш құру туралы» Жарлығына сәйкес, мамандандырылған экономикалық соттар Астана қаласында, сондай-ақ Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау; Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында құрылды.

Мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша азаматтық істердің экономикалық соттарда қаралуы (ҚР Жоғарғы Сотының 2003 ж. наурыздың 20-ындағы «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңының кейбір нормаларын қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының

11- тармағында көрсетіпгендей) талап-арыз бағасына байланысты емес.

*Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар төмендегілер туралы істерді қарауға құқылы емес:*

1) министрліктердің, басқа республикалық атқару органдарының және тікелей ҚР Президентіне есеп беретін бағынысты органдардың нормативтік

құқықтық актілеріне қарсылық білдіру туралы;

2) референдум еткізуге, ҚР Президентін, өкілетті органдар депутаттарын сайлауға дайындық және өткізу бойынша аумақтық сайлау комиссияларының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекет-сіздіктеріне) қарсылық білдіру туралы;

3) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында қаралуға жататын азаматтық істер (1999 ж. шілденің 13-індегі № 411-1 ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 29-бабымен көзделген);

4) ҚР аумағынан тыс жерлерде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының ҚР дипломатиялық өкілеттіктерінің немесе консулдық мекемелерінің лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттеріне берген талап-арыздары бойынша істер, сондай-ақ ҚР Үкіметінің, министр-ліктер мен басқа да республикалық атқару органдарының және тікелей азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне, ұйымдардың құқық-тарына қатысты ҚР аумағында және (немесе) басқа мемлекеттің Астана қаласының сотында қаралатын экстремизм мен террорлық қызмет атқаратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды мойындау туралы Қазақстан Президентіне бағынысты және есеп беретін органдардың нормативтік емес актілеріне қарсылық білдіру туралы істер;

5) Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығы қатысушы-ларының Алматы қаласы аймақтық қаржы орталығының лауазымды адамдары мен органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) берген шағымдары, сондай-ақ, егер тараптардың біреуі Алматы қаласы аймақтық қаржы орталығының қатысушысы болып табылса, мамандандырылған қаржы сотында қаралатын басқа да азаматтық істер (ҚР АЖК 30-бабының 1-тармағы).

Тиісінше, кәсіпкерлік қызмет субъектілері бұзылған немесе қарсылық білдірілген құқықтарды қорғау үшін, азаматтық іс жүргізу заңында көзделген негіздемелер бойынша және тәртіпте жалпы құзырлы соттарға немесе мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарға жүгіне алады.

Шетелдік мемлекеттерде шаруашылық (сауда-саттық, коммерциялық) дауларды шешу жалпы құзырлы соттарда да, осындай дауларды шешу құзыреті саласына кіретін мамандандырылған соттарда да қаралуы мүмкін. Ағап айтқанда, Нидерланды мен Италияда коммерциялық дауларды шешу жалпы соттарда (Италияда олар «трибуналдар» деп аталады), Кипр мен Люксембургте округтік соттарда, Литва мен Эстонияда бірінші деңгейлі жалпы құзыретті соттарда жүргізіледі. Германияда, жалпы құзыретті соттар жүйесі төрт деңгейді қахмтиды (оның үстіне нақты құқықтық дау екі немесе үштен аспайтын деңгейде қаралады); 1) учаскелік соттар; 2) жер соттары (оның құрамында сауда палатасы бар); 3) жерлердің жоғарғы соттары; 4) Федералдық жоғарғы сот.<sup>1</sup> Францияда сауда-саттық дауларын қарау бойынша айрықша құзыреті бар 228 соттан тұратын сауда соттарының жүйесі жұмыс істейді.” АҚШ-та дауларды шетелдік кәсіпкерлердің қатысуымен шешу жөніндегі халықаралық сот, ал Данияда теңіз және сауда-саттық соттары жұмыс істейді.

Қорыта айтқанда, шаруашылық дауларды шешудің шетелдік тәжірибесіне тән жалпы үрдісті айқындауға болады: дауларды аралық соттар мен халықаралық төрелікте шешкенге карағанда, сот қорғауы үшін мемлекеттік соттарға жүгіну гиімсіздеу болып саналады, өйткені олар қымбаттау және уақыты бойынша ұзақтау мерзімге созылады, сол себепті кәсіпкерлер қорғау үшін коммерциялық дауларды шешетін мемлекеттік емес институттарға жүгінгенді жөн көреді (ондай үрдіс Қазақстан Республикасына да тән болып келе жатыр).

Өзін-өзі бақылауға арналған сұр^қтар:

1. Азаматтық құқықтарды қорғау деген не және ол қандай формаларда жүзеге асырылады?
2. Кәсіпкердің құқықтарын қорғаудың жалпы және арнайы тәсілдерін атаңыз.
3. Шаруашылық дауларды шешудің талап қою тәртібі деген нені білдіреді?
4. Талап қою тәртібінің артықшылықтары қандай?
5. Аралық іс қараудың негізгі ұстанымдарына сипаттама беріңіз.
6. Қандай даулар аралық сот қарауына берілемейді?
7. Қазы (судья) заңмен белгіленген қандай талаптарға сай болуға тиіс?
8. Талап-арызда қандай сұрақтар қарастырылуға тиіс?
9. Қандай жағдайларда азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес, тараптар аралық сот шешіміне қарсы құзырлы сотқа шағымдана алады?

<sup>1</sup> Қараңыз: Проблемы гражданского и предпринимательского права в Германии. / Неміс тілінен аударылған. - М.: «Бек» баспасы, 2001. 6-7-беттер.

<sup>4</sup> Коммерческое право *чарубжѣіх стран*: учебник. В.Ф.Лопондопулоның басшылығымен. - СПб.: СПбМУ баспа үйі, 2005, 484-487-беттер.

10. Аралық сот шешімінің орындалу тәртібін ашып көрсетшіз,
11. Қандай жағдайларда құзырлы сот атқару қағазын беруден бас тарту туралы анықтама шығарады?
12. Халықаралық коммерциялық төреліктің құзырына қандай дауларды шешу кіреді?
13. Төрелік іс қарау қандай ұстанымдарда жүзеге асырылады?
14. Төрелік келісім (төрелік ескертпе) деген не?
15. Төреші үміткерлеріне қандай талаптар қойылады және төрелік құрамын құру қалай жүзеге асырылады?
16. Талап-арызда және талап-арызға сын-пікірде не міндетті түрде көрсетілуге тиіс?
17. Қандай жағдайларда төрелік талап-арызды кері қайтарады?
18. Төрелік іс қарауға қатысушы тараптардың құқықтары қандай?
19. Қандай жағдайларда төрелік іс бойынша өндірісті тоқтату тзфалы анықтама шығарады?
20. Қандай жағдайларда құзырлы сот төрелік шешімнің күшін жоя алады?
21. Құзырлы сот қандай иегіздемелер бойынша төрелік шешімді мойындауды және қандай елде шығарылғанына қарамастан, оны орындауды жүзеге асырудан бас тартады?
22. Соттар азаматтық сот өндірісі тәртібімен қандай дауларды қарайды?
23. Соттардың айрықша талап-арыз өндірісі істерін қарауының өзгешелігі қдс?
24. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар қан- дай дауларды қарау үшін құрылған?
25. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар қандай істерді қарауға құқылы емес?
26. Шетелдік мемлекеттерде және Қазақстан Республикасында шаруашылық (коммерциялық, сауда-саттық) дауларын шешудің қазіргі заманғы тәжірибесінің ерекшеліктері қандай?

## **ІІБӨЛІМ. КӘСІПКЕРЛІК (ШАРУАШЫЛЫҚ) ҚҰҚЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕ БӨЛІМІ**

### **1- тарау. БИРЖА ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

#### **1.1. Биржа және биржа сауда-саттығы түсінігі мен негізгі белгілері. Биржа түрлерін жіктеу**

Биржа - бұл биржа сауда-саттығын ұйымдастыру және еткізу үшін құрылған заңды тұлға. Биржа сауда-саттығы - ол өнімді (бағалы қағаздарды, валюта және басқадай құндылықтарды) айырбастау және сату еаласы.

Биржалар капиталдың бастапқы жинақталу заманында пайда болған. Алғашқы биржалар тауарлық болған: XV ғасырда Венеция- ның,



Генуяның, Флоренцияның және Италияның және басқа да сауда- саттық қалаларының базарлары мен сауда биржалары кеңінен танымал болды, ал XVI ғасырда оларға Нидерландының, Францияның, Англияның ірі тауар биржалары қосылды. Тауар биржалары Антверпенде (1531 ж.), Леонда (1545 ж.), Тулузда (1549 ж.), Лондонда (1556 ж.), Амстердамда (1608 ж.) құрылды. Ресейде алғашқы биржа Пётр I бұйрығымен 1703 жылы (Санкт-Петербург тауар биржасы), Жапонияда алғашқы күрішпен сауда жасау биржасы 1730 жылы, АҚШ-та 1792 жылы Нью-Йорк биржасы, ал 1848 жылы Чикаго тауар биржасы (оның үстіне АҚШ-тың ең көне биржасы Нью-Йорк биржасы емес, XVIII ғасырда үзіліспен болса да, 1754 жылдан жұмыс істейтін Филадельфия қор биржасы саналады) пайда болды.<sup>20</sup>

Кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретіндегі *биржаны ситаттайтын белгілер* төмендегілер болып табылады: 1) белгілі бір биржа тауарымен сауда-саттық (биржа тауары болып белгілі бір түрдегі және сападағы айналымнан алынбаған, оның ішінде экспортқа шығаруға рұқсат берілген (квота және лицензия), биржалық сауда-саттыққа белгіленген тәртіппен көрсетілген тауарға биржа берген стандартты шарт және коносамент саналады); 2) жария және көпшілік сауда-саттық өткізу (қалауы бойынша барлық адамдар жасалған мәмілелер мен қалыптасқан бағалар туралы ақпарат ала алады); 3) сауда-саттықты алдын ала белгіленген және белгілі бір уақытта жүргізу; 4) биржа сауда-саттығын өткізу ережелерін белгілеу.

Қандай мақсатта құрылуына байланысты биржалар *коммерциялық* және *коммерциялық емес* ұйымдар болып бөлінеді, өз қызметінің басты мақсаты ретінде пайда табуды кездейтін және оны құрылтайшылар арасында бөлісетін биржа коммерциялық ұйым болып табылады, ал коммерциялық емес биржалар құрылтайшылардың мүшелік жарналары есебінен қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда, негізінен, биржалар коммерциялық емес ұйымдар болып құрылуда, өйткені биржаның коммерциялық емес атауы оның мәртебесін айтарлықтай көтереді.<sup>21</sup> Сөйтіп, АҚШ-та жекелеген биржалар, әсіресе ірілері, мәртебелерін көтеру үшін, кейде ездерінің жылдық есеп- қисаптарында миллиард доллар айналыммен 500-1000 долларлық қана мүлдем мардымсыз пайда қорстеді. Алайда бұл барлық биржалар коммерциялық емес дегенді білдірмейді, мысалы, Сидней қор биржасы ЖШС болып еаналса, Мәскеу банкаралық валюта биржасы жабық түрпақты АҚ ретінде құрылған және т.б.

Биржалық сауда-саттыққа келушілерге рұқсат етуге байланысты биржалар ашық және жабық болуы мүмкін. Тарихи тұрғыдан алғанда, алғашында *ағиық* - жиынға келушілердің барлығы үшін қолжетерлік, сатушы мен сатып алушы делдалсыз-ақ сату-сатып алу шартын жасай

<sup>20</sup> В.Т.Мусатов, США. Биржа и экономика. - М., 1985, 21-23-беттер.

<sup>21</sup> В.С.Белых, С.И.Винниченко. Биржевое право. - М.: Норма баспасы (Норма - Инфра баспа тобы, М.)2001, 11-бет.

алатын биржалар пайда болады. Қазіргі заманғы биржалар, әдетте, *жабьц* болып келеді, яғни сауда-саттыққа тек қана осы биржада тіркелген биржа делдалдары (брокерлер, дилерлер) қатыса алады (басқа адамдар биржада тек солардың көмегімен тиісті шарт жасасу негізінде тауарын сата алады немесе тауар сатып алады). Сонымен қатар ашық биржалардың мынандай: *мүлтіксіз ашық* биржалар (оларда контрагенттерді делдалдар қызметін пайдалануға ешкім міндеттемейді, ал биржаға хелген кез келген адам мәміле жасай алады) және *арапас тұрпатты* биржалар (оларда сатушылармен және сатып алушылармен тікелей делдалдардың екі тобы - брокерлер мен дилерлер жұмыс істейді) деп аталатын түрлері де кездеседі.

Жасалағын биржа мәмілеяерінің басым түріне байланысты биржалар *нақты тауар биржапары* (қолма-қол биржа) және *фьючерлік биржалар* деп ажыратылады. Бастапқыда нақты тауармен сауда-саттық жасайтын (биржа мәмілесі міндетті түрде кейіннен тауар беруге жалғасады) қолма-қол биржа пайда болды. Бүгінгі күні фьючерлік биржалар кең таралған, яғни кейіннен тауар берілмей-ақ сауда-саттық жасауға рұқсат етіледі; мұндай сауда-саттықтың негізгі мақсаты - шартты қайта сатқаннан (мәмілені тоқтатқаннан) кейін шарт жасасқан заттың бағасының мүмкін болатын өзгерісінен түсетін айырымды алу, сонымен бірге қолма-қол тауармен жасалған мәмілені оған қойылған бағаның қолайсыз өзгеруінен сақтандыру (хеджерлеу - сақтандыру мақсатында уақытша мәміле жасау) болып табылады (қаржы фьючерстерімен сауда-саттық жасаудың негізгі орталықтары АҚШ-тағы Чикаго, Миннеаполис және Каипас-Сити биржалары, сондай-ақ фьючерстер сату бойынша 1982 ж. мамандандырылған биржа ашылған Лондон биржасы болып табылады).

Биржа тауарының түрлеріне қарай олар: тауар, қор және валюта биржалары деп бөлінеді.

*Тауар* биржалары белгілі бір материалдық құндылықтардың сауда-саттығын ұйымдастырады және *жан-жақты* (яғни әртүрлі тауарларды сатуды ұйымдастырады) және *мамандандырылған* (яғни тауарлардың жекелеген түрлерін сауда-саттыққа салады) бола алады. Жан-жақты биржалар арасынан Чикаго тауар биржасын, Токио тауар биржасын, Сидней фьючер биржасын, Сан-Паулу (Бразилия) тауар биржасын атауға болады. Оның үстіне мамандандырылған тауар биржалары *тар шеңберде мамандандырылған* (мысалы, «Канзас Сити борд оф трейд» астық, жапондық қант, каучук, тоқыма ишкізаты және астық-бұршақ өнімдері биржалары) және *кең шеңберде мамандандырылған* (тауар-шикізат биржасы) болуы мүмкін.<sup>3</sup> *Қор* биржалары бағалы қағаздармен (акциялармен, облигациялармен, опциондармен және т.б.) сауда-саттық өткізу үшін құрылады. *Валюта* биржалары шетелдік валюта сату және оның бағамын белгілеуге арналған. Аралас биржалар — тауарлармен (материалдық құндылықтармен), бағалы қағаздармен және шетелдік валютамен сауда-саттық жасалатын *тауар-қор* биржалары да бар.

Әлемдік саудадағы орны мен рөліне, сондай-ақ олардың атқаратын

қызметтерінің сипатына байланысты биржаларды: *халық- аралық* және *ұлттық* деп бөлуге болады. Халықаралық биржалар - бұл тұрақты жұмыс істейтін көтерме сауда нарығының бірнеше мемлекетті қамтитын, соларда сатып алу-сату мәмілелері жасалатын гүрі болып табылады. Ұлттық биржалар қызметінің саласы бір мемлекеттің аумағымен шектеледі. Мемлекеттің биржа айналымы саласына араласуы дәрежесі бойынша *еркін* немесе *жске-құқықтық* биржалар (дербес бастамаларда АҚШ-та және Англияда кәсіпкерлердің бірлестіктері ретінде ұйымдастырылатын және жұмыс істейтін биржалар, мысалы, Лондон қор биржасы, Нью-Йорк биржасы) және *көпшілік-құқықтық* биржалар немесе қызметін мемлекет жан-жақты реттеп отыратын биржалар (көпшілік құқығы нормалары негізінде құрылатын биржалар батысеуропаық елдерде, мысалы, Францияда кең таралды, мысалы, Францияда қор биржасын құру немесе тарату туралы шешім экономика және қаржы министрлігінің қаулысымен қабылданады, ал Милан қор биржасы көпшілік институты болып табылса, оның брокерлері мен басқару органдарының мүшелері мемлекеттік қызмет атқарады және оларды қаржы министрі тағайындайды) деп ажыратылады.

## 1.2, Тауар биржалары

Тауар биржасы - биржа тауарларын көгерме саудамен сату бойынша ұйымдастырушылық және реттеушілік қызметін тұрақты түрде белгілі бір орында және белгілі бір уақытта көпшілікке арналған сауда-саттық жасау жолымен жүзеге асыратын меншіктің кез келген түрлеріне негізделген заңды тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1995 ж. сәуірдің 7-індегі № 2170-ші «Тауар биржалары туралы» Заңына сәйкес, тауар биржалары *жабық* (биржа сауда-саттығына тек биржа мүшелері ғана қатысатын) және *ашық* (биржа сауда-саттығына келушілерге де рұқсат етілетін) болуы мүмкін.

Биржа езіне берілген *биржалық ницетия* негізінде (тауар биржалары бойынша өкілетті орган биржаға өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей, егер төмендегі шарттар орындалған: құрылғайлық құжаттар мен биржалық сауда-саттық ережелерінің ҚР заңына және басқадай нормативтік актілеріне сәйкестігі анықталған; жарғылық қордың толенген бөлігі оның жария етілген сомасының 70%-ынан кем емес бөлігін құраған жағдайда) биржа тауарларының көтерме саудасын жүргізумен тікелей байланысты ұйымдасты- рушылық және реттеушілік қызметін жүзеге асырады. Сонымен қатар биржаларға биржа сауда-саттығымен тікелей байланысы жоқ сауда, сауда-делдалдық және басқадай кез келген қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Тауар биржаларындағы *биржа сауда-саттығы* мыналардан тұрады: 1) брокерлік қызмет (яғни клиент атынан және соның есебінен, клиент атынан және өз есебінен немесе өз атынан және клиент есебінен биржа мәмілелерін жасау); 2) дилерлік қызмет (яғни биржада қайтадан сату мақсатымен өз атынан және өз есебінен биржалық мәмілелер жасау); 3) өз атынан және өз есебінен

біржолғы келушілермен биржалық мәмілелер жасау.

Биржа құрылтай құжаттары тіркелген күннен бастап құрылған және заңды тұлға мәртебесін алған болып саналады. *Биржа жарғысында* міндетті түрде: 1) биржаның атауы, түрі және тұрғы-лықты жері; 2) биржа мүшелігіне қабылдау, мүшелікті кідірте тұру, тоқтату тәртібі; 3) ұйымдық-құқықтық түрін айқындау; 4) биржаның негізгі міндеттері; 5) биржаның мүшелері және басқа биржа сауда-саттығына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері; 5) биржа мүшелерінің мүліктік жауапкершілігі; 7) жарғы капиталының елшемі; 8) биржа құратын қорлардың тізбесі және құру тәртібі; 9) биржаның басқару құрылымы және бақылау органдары, олардың қызметтері және өкілеттіктері, олардың шешімдер қабылдау тәртібі; 10) биржа сауда-саттығы ережелерін қабылдау (бекіту) тәртібі; 11) биржалық мәмілелер, биржаның, оның филиалдарының және басқа оқшауланған бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру және реттеу бойынша биржа сауда-саттығы қатысушылары арасындағы дауларды шешу тәртібі; 12) биржаның қызметін тоқтату тәртібі керсетіледі.

*Биржаның мүшелері* болып биржада брокерлік орындар алған заңды және жеке, оның ішінде шетелдік те, тұлғалар санала алады. Биржа мүшелігіне қабылдау, мүшелік қызметті кідірте тұру және тоқтату тәртібі биржаның жарғысында белгіленеді.

Биржалар іуралы заңда биржа мүшесі бола алмайтын адамдардың жекелеген санаттары үшін шектеулер белгіленген, олар төмендегідей: осы және қандай да бір басқа биржаның қызметшілері; ұйымдардың барлық түрлері, егер олардың лауазымды адамдары, оның ішінде олардың филиалдары мен оқшауланған бөлімшелерінің басшылары осы биржаның қызметшілері болып табылса; қоғамдық, діни және қайырымдылық бірлестіктері (ұйымдары) және қорлары; қолданыстағы заңдарға сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алмайтын жеке тұлғалар («Кәсіпкерлік туралы» Заңның 15-бабының 3-тармағы).

Биржаның мүшелері төмендегілерге: биржаның қай түрге жататынына қарамастан, көпшілік сауда-саттыққа қатысуға; кеңесу дауысымен биржаның басқару органдарының жұмысына қатысуға; биржа сауда-саттығына қатысу өкілеттігін орындауды бір ғана заңды немесе жеке тұлғаға табыстауға (кепілгерлік шарты биржада тіркелуіне тиіс, биржа сауда-саттығына қатысу құқын басқадай түрде қайта табыстауға рұқсат етілмейді) құқылы.

*Биржа органдары* мыналар: биржа құрылтайшыларының жалпы жиналысы (биржа мен оның мүшелерінің барлық құқықтары мен міндеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін биржаның жоғарғы органы; биржа кеңесі (биржаның атқаушы органы), ревизишлық комиссия болып табылады. Сонымен қатар биржалар жанынан биржалық мәмілелер жасауға байланысты дауларды шешегін арбитраждық комиссиялар құрылады.

*Биржа сауда-саттығы ережелері* төмендегілерді:

- биржаның негізгі құрылымдық бөлімшелерінің міндеттерін;
- алдағы қоишілікке арналған жария саудалар туралы биржа сауда-

саттығы қатысушыларын хабардар ету тәртібін;

- сол сауда-саттықтарды биржада өткізу тәртібін;
- биржалық мәмілелердің түрлерін;
- оларды тіркеу және есепке алу тәртібін;
- биржа тауарлары бағаларын белгілеу тәртібін;
- бұрын өткен көпшілікке арналған жария саудалардағы биржалық

мәмілелер, оның ішінде биржалық мәмілелердің бағалары жайында және биржалық тауарлардың бағаларын белгілеу туралы биржа сауда-саттығына қатысушыларды хабардар ету тәртібін;

- тауар нарықтары және биржа тауарларының нарықтық конъюнктурасы туралы биржа мүшелерін және биржалық сауда- саттықтың басқа мүшелері хабардар ету тәртібін;

- биржа мүшелершін және биржалық сауда-саттықтың басқа мүшелерінің биржалық мәмілелер жасау кезінде өзара есеп айырысу тәртібін;

- бағалар деңгейінің кенет көтеріліп кетуін немесе төмендеуін, бағаларды жасанды көтеруді немесе төмендетуді, бағаларға әсер ету үшін келісш алуды немесе қасақана жалған сыбысгар таратуды болдырмау мақсатында биржада баға белгілеу үдерісіне бақылау жасау бойынша шараларды;

- биржа өткізетін көпшілікке арншіған сауда-саттық барысында тәртіп пен тәртіп сақтауды қамтамасыз ететін шараларды, сондай-ақ сол шараларды қолдану тәртібі мен шарттарын;

- биржа мүшежерінің және биржалық сауда-саттықтың басқа мүшелерінің қолданыстағы заңдарды сақтауын қамтамасыз ететін шараларды;

- биржа тауарларының тізбесін;

- биржа сауда-саттығына қатысушылардан биржа айыиуіл өндіріп алатын заң бұзушылықтар тізбесін, сондай-ақ айыппұлдардың мөлшері және оларды еидіріі алу тәртібін;

- биржаның қызметі үшін төленетін төлемдердің мөлшерін және биржаның оларды өндіріп алу тәртібін қарастыруға тиіс,

Биржа төмендегілерді; биржаның пайдасына оның мүшелеріпен және биржалық сауда-саттықтың басқа қатысушыларынан биржаның және оның бөлімшелерінің көрсеткен қызметтері үшін ендірілетін төлемдер мөлшерлемесін; биржа жарғысыш, биржа шартында көзделген биржалық сауда-саттық ережелерін және биржа белгілеген басқа да ережелерді бұзғаны үшін өндірілетін биржа шарттарымен кӨзделген экономикалық айыпақылар мөлшерлерін өз бетінше белгілеуге құқылы.

Биржаға: биржа тауарына бағалар деңгейлерін және шектерін; биржалық сауда-саттықтағы делдалдық қызметі үшін биржалық сауда- саттық қатысушыларының өндіріп алатын сыйақыларының мелшерін белгілеуге тыйым салынады.

Сейтіп. тауар биржалары темендегідей ідазметтерді орындайды:

1) биржалық сауда-саттықтарды ұйымдастыру (биржалық сауда- саттық

өткізу ережелерін әзірлеу, оларды өткізуді материалдық- техникалық қамтамасыз ету және т.б.);

2) биржалық шарттар жасау (биржа тауарларының сапалы сипаттамаларына, биржа тауарлары партияларының мөлшерлеріне, сондай-ақ биржа мәмілелері бойынша есеп айырысуға қойылатын тадаптарды стандарттау);

3) биржалық бағаларды қалыптастыру және реттеу (биржалық баға оны белгілеу, яғни биржа ережелері бойынша соңынан жариялай отырып, биржалық бағаларды тіркеу барысында айқындалады);

4) биржалық мәмілелер бойынша дауларды шешу (бұл даулар биржада арнайы тәуелсіз орган - терелік комиссиямен шешіледі);

5) биржалық сауда-саттық қатысушыларын болашақта болуы мүмкін шығындардан сақтандыру (сақтандыру мәмілелерін жасау арқылы);

6) мәмілелердің орындалуына кепілдік беру (клиринг және есеп-қисаптың биржалық жүйелері көмегімен қамтамасыз етіледі - биржа сауда-саттыққа қатысушылардың өзара талаптары мен міндеттемелерін есепке алу жолымен қолма-қол емес есеп айырысу жүйесін пайдаланады, сондай-ақ олардың орындалуын ұйымдастырады);

7) биржаның ақпараттық қызметі (биржалық бағаларды кейіннен қорытындылап және жариялай отырып, оларды жинау және тіркеу; әлеуетті клиенттерге тауарлардың бары туралы ақпарат беру және т.б.).<sup>1</sup>

Биржа қызметінің тоқтатылуы биржаның жоғарғы органының биржа жарғысымен белгіленген тәртіпте немесе ҚР заңдарында көзделген негіздемелер бойынша шығарылған шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Қараңыз: Биржевая деятельность: учебник. / А.Г.Грязнованың, Р.В.Корневаның, В.А.Галаннның басшылығымен. - М., 1995. 8-9-беттер; Ресейдің кәсіпкерлік құқығы: оқулық. / В.С.Белых, Г.Э.Берсункаев, С.И.Винниченко және басқарығы / Жауапты ред. В.С.Белях. -М.: Гроспект баспасы, 2008, 492-493-беттер.

### 1.3. Қор биржалары

Қор биржасы - бұл сауда-саттықтардың ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ету қызметін оларды тікелей сауда- саттықтың дәл осы ұйымдастырушысының сауда жүйелерін пайдалана отырып өткізу жолымен жүзеге асыратын, АҚ-дың ұйымдық-құқықтық түрде құрылған заңды тұлға (2003 ж. шілденің 2-індегі № 461-11 «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңы 1-бабының 44-тармағы). Қор биржасының айрықша өзгешеліктері ретінде оның коммерциялық емес ұйым болып табылатындығын айтуға болады (коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық-құқықтық түрдегі АҚ-ын құру мүмкіндігі 2003 ж. мамырдың 13-індегі № 415-11 («Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы 3-бабы, 3-тармағында көзделген).

Қор биржасының органдары, олардың қызметтері және өкілеттіктері, олардың құрылу тәртіптері мен шешімдер қабылдауы ҚР заңымен, сауда-

саттықты ұйымдастырушының жарғысымен және оның ішкі құжаттарымен айқындалады. Қор биржасының құрылымына қойылатын міндетті заң талабы сауда-саттықтарды ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау қызметін жүзеге асыратын бөлімше құру болып табылады («Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 83-бабының 2-тармағы). Қор биржасының аталған құрылымдық бөлімшесінің негізгі қызметтері мыналар:

- бағалы қағаздармен жасалған, өлшемдері мен шарттары бұл мәмілелердің бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы ұйымдастыру мақсатында жасалғанын болжамдауға дәлелдеме болатын мәмілелерді анықтау (күдікті мәмілелер);

- мұндай мәмілелер туралы мәліметтерді қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі өкілетті мемлекеттік органға беру;

- сауда-саттықтарды ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленген басқа да қызметтер.

- ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 ж. маусымның 12-індегі № 152-ші «Сауда-саттықтарды ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына қойылатын талаптар туралы және қызметін сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді қадағалау бойынша жүзеге асыратын сауда-саттықтарды ұйымдастырушының ұйымдық құрылымының қызметі ережелерін бекіту туралы» қаулысымен қор биржасының (сауда-саттықтарды ұйымдастырушының) ұйымдық құрылымының негізгі *міндеттері* мынадай дербес бөлімшелерден тұрады:

- 1) сауда-саттықтарды қаржы құралдарымен ұйымдастыру;
- 2) бағалы қағаздар листингі және листингтен кейінгі шаралар;
- 3) биржалық ақпаратпен жұмыс істеу;
- 4) сауда-саттықты ұйымдастырушы қызметіне қосымша бағдарлама жұмысын орындау;

- 5) сауда-саттықты ұйымдастырушы қызметіне қосымша техникалық жұмыс орындау;

- 6) сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау жүргізу бойынша қызметін жүзеге асыру,

*Қор биржасының* (сауда-саттықты ұйымдастырушының) *акциялары* бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылмайтын, бірақ ҚР заңдарына сәйкес құнды қағаздардан басқа өзгедей қаржы құралдарымен мәмілелерді іске асыруға құқылы заңды тұлғалар арасында орналастырылады.

Қор биржасының әрбір акционері, оған тиесілі акциялардың санына байланысты, биржа акционерлерінің жалпы жиналысында бір ғана дауыс иеленеді.

Қор биржасы *акционерлерінің жалпы жиналысы* бір мезгілде акциялардың шығарылуын тіркей отырып, оларды шоғырландыру (қор

биржасының орналастырылған акцияларының жалпы санына эр акционерге тиесілі акциялардың сандық қатынасын сақтай отырып, аталған қордың жарияланған акцияларының санын азайту) мақсатында жарияланған акциялардың күшін жою туралы шешім қабылдауға құқылы. Шығарылатын акциялардың жиынтық құны акцияларды шығарудың күшін жою күніне қор биржасының жарғылық капиталының өлшеміне сәйкес болуға тиіс.

Қор биржасы *директорлары кеңесінің* құрамына тұрақты негізде өкілетті органның дауыс құқы бар өкілі кіреді.

*Қор биржасының ережелері* төмендегілерді:

1) қор биржасындағы мүшелік санатты, қор биржасы мүшелігіне кірудің шарттары мен тәртібін, қор биржасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, қор биржасындағы мүшелікті кідірте тұрудың және тоқтатудың шарттары мен тәртібін;

2) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізу жоспарланған немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды;

3) бағалы қағаздарды қор биржасы тізіміне енгізудің, оларды сол тізімнен шығарудың және тізім санатын ауыстырудың шарттары мен тәртібін;

4) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген эмитенттердің міндеттері мен жауапкершілігін (оның ішінде ақпаратты жариялап қою бойынша да);

5) бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттық өткізудің тәртібін;

6) қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттықтарда жасалған мәмілелер бойынша есеп-қисапты жүзеге асыру тәртібін;

6-1) қор биржасында сауда-сағшқты тоқтата тұру және қайтадан жандандыру шарттары мен тәртібін;

7) қор биржасының сауда жүйесі айналысына жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесін;

8) биржа сауда-сағгығы ережелерін бұзғаны үшін қор биржасы мүшелерінің жауапкершілігін, қор биржасы өндіріп алатын айыппұлдардың мөлшерін және төлеу тәртібін;

9) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыру барысында туындайтын даулар мен кикілжіндерді шешу тәртібін белгілеуге тиіс.

*Қор биржасының мүшелері* болып бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және ҚР заңдарына сәйкес, бағалы қағаздардан басқа қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға құқылы өзге де заңды тұлғалар (оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сай келетін шетелдік заңды тұлғалар да) саналады. Қор биржасы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының оннан кем емес мүшесіне ие болуға тиіс.

Ақшалай жарналар мен алымдарды сауда-саттықты ұйымдастырушы мынадай жағдайларда ендіріп алады: 1) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелігіне кіргені үшін; 2) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүлкін



пайдаланғаны үшін; 3) бағалы қағаздар листингі және олардың сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінде болғаны үшін; 4) мәмілелерді тіркегені және рәсімдегені үшін; 5) ақпараттық қызметтер үшін; 6) сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерінде көзделген басқа да жағдайларда.

Қор биржасы төмендегідей *қызметтерді*:

1) сауда жүйелерін пайдалану және қолдау;  
2) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізу жоспарланған немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ бағалы қағаздарға және қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) басқадай қаржы құралдарына талаптар белгілеу;

3) бағалы қағаздармен және қор биржасында айналысқа жіберілген басқадай қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мақсатында ер мүшелеріне сауда жүйелеріне баруға рұқсат беру;

4) бағалы қағаздары және қор биржасында айналысқа жіберілген басқадай қаржы құралдары бойынша тұрақты сауда-саттық ұйымдастыру және өткізіп отыру;

5) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер мониторингін және талдауды жүзеге асыру;

6) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айлы-шарғы жасау мақсатында орындалған мәмілелерді мойындау мәселелері бойынша сараптау қорытындысын әзірлеу;

7) бағалы қағаздармен және қор биржасында айналысқа жіберілген басқадай қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп-қисапты жүзеге асыруды немесе осындай есеп-қисаптарды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты дайындауды ұйымдастыру;

8) өзінің мүшелеріне ұйымдастырушылық, кеңес берушілік, ақпараттық және басқадай қызметтер көрсету;

9) бағалы қағаздар және азге де қаржы құралдарының нарығы мәселелері бойынша сараптық зерттеулер өткізу;

10) ҚР банк заңдары белгілеген тәртіпте банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру;

11) қор биржасында сауда-саттықты тоқтата тұру және қайтадан жандандыру шарттары мен тәртібін анықтау;

12) қор биржасының ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

#### **1.4. Валюта биржалары**

**Валюта биржасы** - шетелдік валютамен және басқадай валюталық құндылықтармен жария және көпшілікке арналған сауда-саттық түрінде алдын ала анықталған орында, белгіленген мерзімде және күні бұрын қарастырылған ережелер бойынша жүзеге асырылатын биржалық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін құрылған заңды тұлға. Онымен қоса, шетелдік тәжірибе валюталық мәмілелердің айтарлықтай бөлігін дилерлердің электрондық және жер серіктері байланысын (90%) пайдалана отырып,

ұйымдастырылмаған, биржалық емес немесе банкаралық валюта нарығында жүзеге асыратынын көрсетіп отыр.<sup>1</sup>

Экономикасы дамыған жекелеген мемлекеттерде валюта мәміле-лері, негізінен, банктер арасында жасалады және соя себепті валюта бағамдары банкаралық нарықта сұраныс пен ұсыныстың арақаты-насынан қалыптасады. Мысалы, АҚШ-та күн сайын валюта бағамдары-ның ресми белгіленуші айқында>та болатын валюта биржалары жоқ, сауда-саттық банкаралық нарықта жүргізіледі (ірі: валюта оргалықта-ры - бұл Нью-Йорк, Бостон, Чикаго, Сан-Франциско, Жаңа Орлеан) Валюта биржасы Швейцарияда да жоқ, онда валюта бағамы валютамен сауда-саттық жасайтын жетекші саудагерлерді (әдетте, олар банк БОлып табылады) күн сайын сұрау жолымен белгіленеді.

Басқа мемлекеттерде банкаралық сауда-саттықпен қатар, арнайы валюта биржалары бар. Германияда бес валюта биржасы - Майнедегі Франкфуртта, Дюссельдорфта, Берлинде, Мюнхенде және Гамбургте

<sup>1</sup> В.С.Белых, С.И.Винниченко. Банковское право. - М.: Норма баспасы (Норма - Инфра баспа тобы, М.) 2001, 110-111-беттер.

<sup>2</sup> Э.Роде, Банки, биржи, валюты современного капитализма, / В.Н.Шенаев басшылығымен. М., 1986. 288-бет.

жұмыс істейді. Оның үстіне жетекші валюта биржасы болып Франкфурт биржасы саналады, себебі дәл сол биржада бардық биржа аландары үшін валютаның заң күші бар ресми бағамы тағайындалады.<sup>22</sup>

Кейінгі уақытта дәстүрлі валюта биржаларымен қатар. валюта мен қаржы құрадарының жедел сауда-саттығына мамандандырылған биржалар пайда болуда. Мысалы, Лондон қаржы фьючерстерінің халықаралық биржасы, Амстердамдағы Еуропалық опцион биржасы, Франкфурттағы Жедел неміс биржасы, Сингапур биржасы, Сиднейдегі жедел сауда-саттық биржасы, Венадағы Австрия жедел опцион биржасы."

Қазақстан Республикасында валюта нарығында биржа сауда- саттығын құқықтық реттеу 2005 ж. маусымның 13-індегі № 57-Ш «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады. «*Валютса*» термині мемлекеттер заңды төлем құралы немесе қолма-қол және қолма-қол емес түрдегі банкнот, қазына билеттері және оның ішінде қымбағ металдан жасалған (айналыстан алынып тасталған немесе алынып жатқан, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне ауыстыруға жататын) мәнәттер түрін-дегі құнның ресми стандарттары деп қабылданған ақша бірліктері, сонымен қатар шоттардағы қаражаттар, оның ішінде халықаралық ақшалай немесе есеп-қисап бірліктеріндегі қаражат деп ұғынылады.

«*Валюта құндылықтарыта*» жатқызылғандар:

<sup>22</sup> С.Лизелот. Валютные операции. Основы теории и практики. Неміс тілінен аударылған. - М., 1998. 39-бет.

В.С.Белых, С.И.Винниченко. Биржевое право- - М.: Норма баспасы (Норма - Инфра баспа тобы, М.) 2001, 117-118-беттер.

- ~ шетелдік валюта;
- бағалы қағаздар және нақты құны шетелдік валютамен берілген төлем құжаітары;
- резидент еместер шығарған нақты құны жоқ бағалы қағаздар;
- құйма түріндегі тазартылған алтын;
- ұлттық валюта, бағалы қағаздар және нақты құны ұлттық валютамен белгіленген төлем құжаітары (олар арқылы резиденттер және резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместердің арасында операциялар жасалған жағдайда қолданылатын);
- резиденттер шығарған нақты құны жоқ, олар арқылы резиденттер және резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместердің арасында операциялар жасалған жағдайда қолданылатын бағалы қағаздар («Валюталық реттеу туралы» Заңның 1-бабы, 4-тармағы).

«Валюгалық операциялар» болып: меншік құқығының және басқа да құқықтардың валюталық құндылықтарға отуіне байланысты операциялар, сондай-ақ валюта құндылықтарын төлем құралы ретінде пайдалану; валюха құндылықтарын, ұлттық валютаны, бағалы қағаздарды және нақты құны ұлттық валютамен белгіленген төлем құжаттарын, резиденттер шығарған нақты құны жоқ бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасына енгізу, жолдау және аудару, сондай-ақ ҚР аумағынан шығару, жолдау және аудару операциялары танылады («Валюталық реттеу туралы» Заңның 1-бабы, 3-тармағы).

Заң шығарушы валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруға қойылатын арнайы талаптарды белгілеген. «Валюталық реттеу туралы» Заңның 6-бабы, 1-тармағына сәйкес, валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметтердің төмендегідей түрлері:

1) қолма-қол шетел валютасы үшін бөлшек сауда жүргізу және қызметтер көрсету;

2) уәкілетті органдардың шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруы ҚР Ұлттық Банкінің лицензиялауына жатады.

Аталған қызметті жүзеге асыруға яицензия өз қызметін бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимінде, сондай-ақ халықаралық тасымал жасайтын теңіз, ішкі су, ауа, теміржол және автомобиль көліктерінде жүргізетін адамдарға беріледі.

ҚР Ұлттық банкі валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметке біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша сауда орындары мен айырбастау пункттерін тіркеу (ашу) тәртібін белгілейді. Айырбастау пунктін тіркеу кезінде белленген үлгідегі құжат — айырбастау пунктінің тіркеу куәлігі беріледі. Уәкілетті ұйымдар үшін қосымша құрылтай құжаттарын келісу, құрылтайшылар құрамына, жарғы капиталын құрудың ұйымдық-құқықтық формасына, өлшеміне және тәртібіне, болімшегер құруды шектеуге және басқа заңды тұлғалардың қатысуына талаптар қою тәртібі белгіленеді,

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар немесе лицензия беруден бас тарту құжаттардың

толық топтамасын резидент табыс еткен күннен бастап, отық күнтізбелік күн ішінде беріледі. Лицензия беруден бас тартылған жағдайда өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады. Лицензия беруден бас тартуға негіздеме болып табылатындар:

1) валюталық реттеу туралы заңға сәйкес көзделген құжаттардың немесе басқадай мәліметтің табыс етілмеуі;

2) өтініш берушінің валюталық реттеу туралы заңға сәйкес белгіленген талаптарға сай болмауы;

3) ҚР заң актілерімен көзделген өзге де негіздемелер.

ҚР Ұлттық банкі *валюта операцияларын тіркеуді* жүзеге асырады. Тіркеу режимі валюта шартын тіркеуді және кейіннен резиденттің тіркелген валюта шарты бойынша мәліметтер беруін қамтиды.

Тіркеу резидент құжаттардың толық топтамасын табыс еткеннен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Валюта шартын тіркеген кезде өтініш берушіге белгіленген үлгідегі құжат - тіркеу куәлігі беріледі.

Лицензияны тіркеуден бас тарту мынандай: 1) дұрыс емес ақпарат берілген немесе валюталық реттеу туралы заңға сәйкес көзделген ақпарат берілмеген; 2) өткізілетін операция ҚР заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда орын алады.

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарға, сондай-ақ валюталық реттеу туралы заң белгілеген валюталық реттеу режимдерінің талаптарына сәйкес резиденттер ҚР Ұлттық банкіне төмендегілерді:

3) өтініш;

2) валюта шартының тігілген, қол (жеке және заңды тұлғалар үшін) және мөр (заңды тұлғалар үшін) кою арқылы! куәландырылған көшірмесін;

3) жеке тұлға куәлігінің көшірмесін (валюта операциясын жүргізетін тұлғалар үшін);

4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгеш туралы куәліктің көшірмесін (заңды тұлғалар үшін);

5) құрылтай құжаттарының нотариалдық куәландырылған көшірмесін (заңды тұлғалар үшін);

6) салық төлеушінің мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

7) өтініш берушінің талаптарға, оның ішінде ҚР Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

8) резиденттің шетел валютасында шоты бар екендігі туралы банктің анықтамасын;

9) валюта шарты бойынша міндеттемелердің пайда болуын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмесін табыс етеді.

Қазақстан Республикасының төлем теңгерімінің орнықтылығын бағалау мақсатында ҚР Ұлттық банкі *валюта мониторингін* жүзеге

асырады, оның негізгі міндеттері мынадай:

1) валюта мониторингі нысандары жүзеге асыратын валюталық операциялар бойынша ақпараттар қорын құру;

2) ҚР төлем теңгерімінің, сыртқы қарызының және халықаралық инвестициялық ұстанымының статистикасын, талдауын және болжамын жетілдіру.

Валюта мониторингі нысандары болып заңды тұлғалар-резидент еместердің ҚР аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін филиал-дары мен өкілеттіктері саналады, Валюта мониторингі таратылатын қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейді.

Резиденттер мәміле шарттарында қарастырылған мерзімдерде уәкілетті банктердегі банк шоттарына мыналардың:

1) резиденттің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортын төлеуіне алған ұлттық және шетелдік валютасының;

2) резидент емес адам міндеттемелерді орындамаған және (немесе) толық емес көлемде орындаған жағдайда, резиденттің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) импортын жүргізу үшін резидент еместің пайдасына аударған ұлттық және шетелдік валютасының есепке алынуын қамтамасыз етуге тиіс.

Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты, импорты бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде резиденттің ұлттық және шетелдік валютаны өкілетті банктердегі банк шоттарына есепке алуы бойынша міндеттемелер мынадай:

1) резидент еместен алған қарызының шарттарына сәйкес резиденттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған шетел банктеріндегі шоттарына валюталық кірісі есепке алынған;

2) шетелдерде ашылған филиалдары мен өкілеттіктерінің қызметін қамтамасыз етуге арналған резиденттің шетел банктеріндегі шоттарына валюталық кірісі есепке алынған жағдайларда талап етілмейді.

Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты, импорты бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру барысында уәкілетті банктер-дегі шоттарға ұлттық және шетелдік валюта түспеген кезде, валюталық реттеу туралы заңға сәйкес есепке алу бойынша міндеттемелер:

Г) біртектес ыңғайласпа таптапты есепке алу арқылы резидент еместің міндеттемелері тоқтатылған;

2) тұлғалардың арасында бұрын болған баспапқы міндеттемені сол тұлғалар арасында өзге мақсатты немесе орындау тәсілін қарастыратын басқа міндеттемемен ауыстыру арқылы резидент еместің міндеттемесі тоқтатылған;

3) талап ету құқығын басқа тұлға пайдасына берген;

4) резидент еместің міндеттемелерін орындамау қаупін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемін алған жағдайларда, міндеттеме ішінара немесе толық орындалған болып саналады.

ҚР Ұлттық банкі экспорт және импорт бойынша резиденттердің паспорттарды рәсімдеуінің бірдей ережелері мен шарттарын және

резиденттердің репатриация талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді. Экспортшының (импортшының) шарт жасаған күніне 10 мың АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомаға жасалған шарттар бойынша мәміле паспорты рәсімделмейді.

Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспортын, импортын қарастыратын шартта резиденттің уәкілетті банктердегі және (немесе) шетел банктеріндегі шопарына ұлттық және шетелдік валютаны есепке алуына және валюта қаражаттарының қайтарылмауының негізділігіне бақылау жасауды ҚР Ұлттық банкі салық қызметі органдарымен, кеден және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қашан және қандай мемлекеттерде алғашқы банктер пайда болды?
2. Биржаларды кәсіпкерлік қызмет субъектілері ретінде сипаттайтын белгілерді атаңыз.
3. Қазіргі заманда биржалардың қандай түрлері бар?
4. Тауар биржасы деген не және Қазақстан Республикасы заңдарында оның қандай түрлері көзделген?
5. Тауар биржаларында қызметтің қандай түрлері жүзеге асырылады?
6. Тауар биржасы жарғысында не нәрсе міндетті түрде көрсетілуге тиіс?
7. Тауар биржасының мүшелсіне қандай талаптар қойылады және олардың қандай құқықтары бар?
8. Биржа сауда-саттығының ережелерінде қандай қағидалар көрініс табуға тиіс?
9. Тауар биржасының қызметтерін атаңыз.
10. Қор биржасы деген не?
11. Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау жасау бойынша қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесіне сипаттама беріңіз.
12. Қор биржасы ережелерінде не көрініс табуға тиіс?
13. Қор биржасының қызметтері қандай?
14. Валюта биржасына түсінік беріңіз.
15. Экономикасы дамыған мемлекеттерде валюта сауда-саттығын ұйымдастырудың және өткізудің қандай ерекшеліктері бар?
16. «Валюта» және «валюта құндылықтары» дегендерді қалай түсінуге болады?
17. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметтің қандай түрлері лицензиялауға жатады?
18. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия берудің тәртібі және негіздемелері қандай?
19. Валюта мониторингінің қандай міндеттері және нысандары бар?

## 2- тарау. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

### 2.1. ҚР және ТМД-нің басқа елдерінің инвестиция заңдары

ТМД елдерінде *инвестициялық заңның қалыптасуы* КСРО заманы өмір сүріп тұрған кезде-ақ басталған және одақтың ыдырау, тәуелсіз және егемен мемлекеттердің құрылу үдерісін қамтыған. 1990 ж. желтоқсанның 10-ындағы «КСРО-дағы инвестициялық қызмет туралы заң негіздері» және 1991 ж. шілденің 5-індегі «Шетелдік инвестициялар туралы КСР Одағы заңының негіздері» деп аталатын Заңдары республикаларға инвестициялық қызмет және шетелдік инвестициялар туралы өздерінің заңдарын пайдалану құқы берді, - егер ол одақтық конституция мен қолданыстағы заңға қайшы келмесе (кеңестік мемлекетте федерациялық мемлекеттік құрылысқа қарамастан, одақтық заңдардың нормалары республикалық заңдарда ешқандай өзгеріссіз қайтадан қабылданып отырды). *Қазақ КСР-інде* шетелдік инвестициялар туралы заң 1990 ж. желтоқсанның 7-інде, ал инвестициялық қызмет туралы заң 1991 ж. маусымның 10-ында; *Ресей Федерациясында* инвестициялық қызмет туралы заң 1991 ж. маусымның 26-ында, шетелдік инвестициялар туралы заң 1991 ж. шілденің 4-інде; *Белоруссия КСР-інде* инвестициялық қызмет туралы заң 1991 ж. мамырдың 29-ында, шетелдік инвестициялар туралы заң 1991 ж. қарашаның 14-інде; *Украинада* шетелдік инвестицияларды қорғау туралы заң 1991 ж. қыркүйектің 10-ында, инвестициялық қызмет туралы заң 1991 ж. қыркүйектің 18-інде, ал шетелдік инвестициялар туралы заң 1992 ж. наурыздың 13-інде қабылданды. Бұл жерде Қазақ КСР-інің шетелдік инвестициялар туралы заңының шетелдік инвестициялар туралы заң негіздерін қабылдағанға дейін жеті ай бұрын қабылданғанын және бұл саладағы *алғашқы* заң актісі болып табылатынын айрықша атап өткен жөн (тек Литва Республикасының шетелдік инвестициялар туралы заңы 1990 ж. желтоқсанның 29-ында, Ресей Федерациясының ұқсас заңы жалпыодақтық заңнан бір күн бұрын, ал бұрынғы одақтық республикалардың басқа заңдары негіздерді қолданысқа енгізгеннен кейін қабылданған). Қазақ КСР-інің шетелдік инвестициялар туралы заңында 1990 ж. наурыздың 6-ындағы «КСРО-дағы меншік туралы» Заңы, КСРО Президентінің 1990 ж. қазанның 26-ындағы «Шетелдік инвестициялар туралы» Жарлығы көрініс тапты және алғаш рет одақтық республикалар арасында жабық түрпатты экономикадан нарықтық қатынастарға көшу туралы және республиканың халықаралық инвестициялық қатынастарға дайын екендігі жайында жария етілді.

Тәуелсіздік алу жолына түскен *бұрынғы одақтық республикалардың шетелдік инвестициялар туралы алғашқы заңдарының* негізгі қағидаларын сшіаттай отырып, олардың көп дәрежеде мағдүм- дама (декларация) сипатында және бір-бірінен айырмашылыштары шамалы болғакын. бірақ оларды қабылдауда онды сәттердің де орын алғанын атап өткен жөн: біріншіден, бұл республикаларда шетелдік инвесторлардың қатысуымен әлдеқашан қалыптасқан, заңды түрде бекіген актідер еді;

екіншіден, бұл заң актілері шетелдік инвестицияларды ұлттық экономикаға тарту тәртібін айқындады, және, ітас- тай алғанда, шетелдік капиталдың ағылып келуіне септігін тигізді; үшіншіден, алғаш рет шетелдік инвесторларға қызметгерін жүзеге асыруға кепілдік берілетін болды (20 жылдардың заң актілерінен айырмашылығы, мысалы, кеңес мемлекеті шетел капиталын тартуға рұқсат еткенмен, бірақ олардың қауіпсіздігі мен сақталуы бойынша ездеріне ешқандай міндеттемелер алмайтын, Алдымен 1917 ж., содан соң ҰЭС-тен кейін жүргізілген *шетелдік жеке меншікті екі рет ұлттықтандыру* шетелге жақсы таныс еді және Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі мемлекеттерге аса бір сенімділік тудырмайтын, Қазіргі заманда жеткілікті танымал және жұмыс істеп жатқан шетелдік фирмалардың басым бірқатары (швейцариялық «Сандоз», «Хофман-ля-Рош» фирмалары, француздық «Креди Лионе» және басқалары) 1920-1944 ж.ж. қандай да бір қайтарымызсыз КСРО-дағы өз меншікгершен айырылып қалды, одан өзге, өткен ғасырдың 30 жылдарында «Лена-Голдфилдс», «Теттохе Майнинг корпорейшн» сияқты компаниялармен қиыс- сиялық келісімдердің мерзімінен бұрын бұзылуы шетелдік инвесторлар үшін нәтижесіз аяқталған төрелік және соғ істерінің қозғалуына әкеп соқтырған.<sup>23</sup> Сол себепті «Шетелдік инвестициялар туралы» Заңға шетелдік инвестицияларға кепілдік беруге арналған тараудың енгізілуі елеулі инвесторлар тарапынан қызығушылықты арттырды және олардың белсенділігіне айтарлықтай ықпал етті.

90 жылдардың ортасында ТМД елдерінің инвестициялық заңдарының дамуында шетелдік инвесторларға қосымша кепілдіктер мен жеңілдіктер беру қажеттілігінен туған *жаңа кезең* басталды, ал ол шетелдік инвестициялар туралы жаңа заңдардың қабылдануында немесе қолданылып жүрген заңдарға елеулі өзгерістер мен қосымшалар енгізуде көрініс тапты. Алғашқы жолмен Өзбекстан Республикасы (1994 ж. мамырдың 5-інде шетелдік инвестициялар және шетелдік инвесторлар қызметінің кепілдікгері туралы заң қабылдады); Армения Республикасы (1994 ж. шілденің 31-інде шетелдік инвестициялар туралы жаңа заң қабылдады); Қазақстан Республикасы (1994 ж. желтоқсанның 27-інде шетелдік инвестициялар туралы жаңа заң қабылдады) және басқалары жүрсе, ал екінші жолды Ресей Федерациясы және ТМД-нің бірқатар басқа елдері таңдады.

---

<sup>23</sup> Қараныз: М.А.Баратова. Инвестиционные споры: понятие, виды, способы разрешения. - Заң. 1998. № 4. 66-67-беттер



Қазақстан Республикасының 1994 ж. желтоқсанның 27-індегі «Шетелдік инвестициялар туралы» Заңы ұлттық режимнен және шетелдік инвесторларға аса қолайлы режимге рұқсат етуді қамтитын нормалардан; шетелдік инвесторларға берілетін (заңды өзгертуге, экспроприацияға (мемлекеттің жылжығын немесе жылжымайтын мүліктен күштеп айыруы), мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттеріне және тағы басқадай) кепілдіктердің тұғастай бір кешенінен, сондай-ақ экономиканың басым секторларында және әлеуметтік салада шетелдік инвестициялар үшін қосымша жеңілдіктер белгілеу мүмкіндігінен тұрады (4-ізі-баптар).

XX ғасыфдың 90 жылдарының аяғында ТМД еядерінде *инвесттиялық саясатты қайта ойяастыру үдерісі*, яғни қайта құру басталды: «кез келген әдіспен шетелдік инвестицияларды тарту» үстанымынан шетелдік инвестицияларды таңдамалы қолдау - тек қана тура шетелдік иивестициялар (пемесе капитал салымдары түріндегі инвестициялар) үстанымына кошу мақұлданды, оған қоса бірқатар жағдайларда тура инвестицияларды экономиканың жекелеген (басым деген атау алған) секторларына тарту көзделді.

1997 ж. ақпанның 28-інде Қазақстан Республикасында «Төте инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң қабылданып, онда мынандай: жаңа технологияларды, озық техниканы және ноу-хау енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен толтыру; отандық ендірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру; экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірісті дамыту; жаңа жұмыс орындарын құру; қоршаған табиғат ортасын жақсарту және т.б. негізгі міндеттер айқындалды. Төте инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңның маңыздылығы мынада: ҚР инвестициялық заңы оз дамуында сапалы жаңа деңгейге өтті, өйткені төте инвестициялар туралы заң қабылдағанға дейіа мемлекеттің инвестициялық саясаты шетелдік инвестицияларды көбейтуге және аса қолайлы дегеннен де артық құқықтық режим орнатуға бағытталған еді. Ақыр соңында, шетелдік инвестициялардың, негізінен, жер қойнауын пайдалануға ғана салынғанына байланысты, олардың тиімділігі өте аз болды және ел экономикасының оркендеуіне айтарлықтай әеерін тигізбеді, оның үстіне шетелдік инвесторлардың тек жер қойнауларында өктемдік жүргізуді күшейтуіне әкеліп соқырды. Нәтижесінде, төте инвестициялар туралы заң қабылдаумен қатар, шетелдік инвестициялар туралы заң мәтініне айтарлықтай өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Оған негіз болған себептердің ішінде сол кездерде ұлттық инвесторлардың үкіметтік кепілдікпен шетелдік инвесторлармен жасаған шарттары бойыиша қазақстандық тараптың шарт міндеттемелерін бұзуы себепті мемлекетке түскен көптеген миллион шығындардың орын алғанын атауға болады.

1999 ж. ақпанның 25-інде *Ресей Федерациясында «Ресей Федерациясында қаржы сстымы түрінде ітвестіциялық қызмет жүргізу туралы»* Заң, 1999 ж. наурыздың 5-інде *«Багалы қагазоар нарышнда инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорту туралы»* Заң, ал

1999 ж. шілденің 9-ында Ресей заңдарының халықаралық инвестициялық міндеттемелерге сәйкестігі устанымының негізін қалаған **«Ресей Федерациясындағы иіетелдік инвестіциялар туралы»** жаңа Заң қабылданды. 1998 ж. сәуірдің 30-ында Өзбекстан Ресгіубликасында бурьш жұмыс істеп келген шетелдік инвестициялар туралы заңның орнына **екі жаңа**: «Шетелдік инвестициялар туралы» Заң және «Шетелдік инвесторлардың куқыктарын қорғаудың кепшдіктері және шаралары туралы» Заң, ал 1998 ж. желтоксанының 24-інде «Инвестициялық кызмет туралы» жаңа Заң қабылданды. Қызметін орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ететін экономиканың басым салаларында жүзеге асыратын, ресгіубликаның экспорттық әлеуетш нығайтуды және кеңейтуді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды және шағын және орта кәсіпкерлік сала-сында шикізат пен материалдарды ондеуге, тұтынушылық тауарлары мен қызметтерін өндіруге, жүртшылықты жұмыспен қамтуға бағытталған жобаларды іске асыратын шетелдік инвесторларды қорғаудың қосымша шаралары ретінде жобаларды қаржыландыруға көмек көрсетіледі, арнайы салық және төлем режимдері құрылады және т.б.

ТМД елдеріндегі инвестициялық заңды жетілдіру жолындағыз келсеі бір қадам — **иетелдік және ұлттық инвесторлар үйіін біртұтас құқықтық реліш белгілеітін жаңа инвестіциялық эсидардың** қабылдануы болды.

**Беларусь Республикасында** 2001 ж. маусымның 22-інде Беларусь Республикасының **Инвестіциялық кодексі** қабылданып, ол 2001 ж. қазанның 9-ынан бастап заң күшіне енді, **Қазақстан Республикасында** 2003 ж. қаңтардың 8-інде ҚР **«Инвестициялар туралы»** Заңы, ал **Тәжікстан Респхблнкасында** 2007 ж. мамырдың 12-інде ТР **«Инвестициялар туралы»** Заңы қабылданды. Барлық осы заңдарды біріктіретін нәрсе - олар шетелдік және ұлттық инвесторлар арасын-дағы айырмашылықты жойды және инвесторлардың инвестициялық қызмет субъектілері ретіндегі теңдік ұстанымын бекітті, Алайда, онды жағдайларға қарамастан, теріс әсерлер де жоқ емес. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңында шетел инвесторларына қатысты бұрып белгіенген кепілдіктермен салыстыр-ғанда, кепілдіктер тізбесі екі есе кеміген, ал олардың кейбіреулері, мысалы, заңды өзгертуге кепілдіктер елеулі өзгеріске ұшыраған - заң түсініктемесіне негізделіп, келісімдер талаптарының тұрақтылығы ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және адамгершілікті қамтамасыз ету мақсатында енгізілген заң актілеріне таратылмаған («Инвестициялар туралы» ҚР заңы 4-бабының 3-тарма-ғы, 2-тармақшасы).

Ұлттық қауіпсіздік туралы заңда ҚР ұлттық мүдделерін қорғау. оның ішінде онеркәсігітік әлеуетті сақтау және нығайту мақсатында мемлекет шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырыл, Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдардың немесе шетелдіктердің қатысуы бар ұйымдардың басқаруындағы және мешшгіндегі нысандарының жай-күйіне және пайдаланылуына бақы-лау жасау белгіленген (1998 ж. маусымның 26-ындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» № 233-1-ші

ҚР Заңы). Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікке залал келтіретін немесе ҚР мемлекеттік тәуелсіздігін жоюға және ҚР егемендік құқықтарыш тарылтуға жеткізетін халықаралық шарттар жасасуға жол берілмейтіні көзделген.

Бұл жерде қабылдаушы мемлекеттің **трансшекараық қосылуы- ның жете сатып тунарының** экономиканың оркендеуіне әсері эрка- шан жағымды бола бермейтінін де есепке алған жөн. Мүмкін болатын жағымсыз әсердің негіз! себентерінің арасынан трансұлттық компаниялардың коммерциялық мақсаттарының және инвестиция- ларды қабылдаушы мшлексттердің өркендеу мақсаттарының бір- біріне сай келмеуін атауға болады; тұтастай алғанда, маңызды кәсіпорындарға меншік құқықтарын шетелдіктердің қолына беруді қайта отарлауға тең саналатын ұлттық егемендікті жою деп қарастыруға болады.<sup>24</sup> Трансшекаралық қосылу және сатып алулар мәселесі бойынша тек дамушы елдер ғана емес, дамыған елдер де (барлық трансшекаралық қосылулар мен сатып алулардың шамамен 90%-ы, оның ішінде әрқайсысы 1 миллиард АҚШ доллары сомасына жасалған 109 мегамәмілеленің кепшілігі дамыған елдерде орын алған) әлдебір мазасыздық сезінуде.<sup>25</sup> Осының барлығы шетелдік инвестшция- ларды тартуға және найдалануға деген ниеттерді таразылауда шетел капиталын тартудың жағымды да, жағымсыз да сәтгерін жан-жақты есепке алуды талап ететін ұтымды тәсілдердің қажеттігіне дәлел болады.

**Шетелдік инвестицияларға байланысты ұлттық режимнен шектеуі ситатты алып тастауды** тек халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде немесе заң жолымен ғана қолдануға болады. Барлық қалған жағдайларда шетел инвесторларының қызметіне шектеу шараларын қолдану мүмкін бола қоймас. Шетелдік тәжірибе шетел инвестициялары үшін әртүрлі жеңілдіктер беру және белгілі бір шектеулер қою экономикасы дамыған елдерде кең тарағанын көрсетіп отыр, ал бірақ ол үшін бұл салада арнайы заң актісінің болуы тіпті де міндетті емес. Сол себепті шетелдік жеке меншік пен қабылдаушы мемлекеттің жеке және заңды тұлғаларының жеке меншігі арасындағы айырмашылықтың болуына байлзнысты шетел инвестициялары туралы заңның күшін жою шетелдік және ұлттық инвестициялардың құқықтық режимдерін автомагты түрде теңестіруге жеткізбеуге тиіс. Шетелдік мемлекеттердің тәжірибелерін зерттеп-білу олардың айырмашылық- тарын сақтаудың шетел инвестициялары үшін жалпыұлттық режимді белгілеуге әбден сәйкес кедетінін, және бұл, бәрінен бұрын, өзінің экономикалық және саяси тәуелсіздігін сақтауға үмтылып отырған қабылдаушы мемлекеттің мүддегеріне, сондай-ак отандық ннвсстор- ларды ынталандыруға қатысты екенін растап отыр. ТМД елдеріндегі экономиканың стратегиялық маңызды салаларықда жүзеге асырылып жатқан шетелдік инвестицияларды арнайы құқықтық реттеудің мысалы ретінде 2008 ж. сәуірдің 29 ында қабылданған № 57-ФЗ **«Елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтсиіасыз**

<sup>24</sup> Доклад о мировых инвестициях: трансграничные слияния и приобретения и процесс развития. - Нью-Йорк Женева: БҰҰ, 2000. иМСТАОЛУК/2000 (Оуегуісг), 36-бет.

<sup>25</sup> Бұл да сонда. 28-бет.

*ету үшін, иетелдік инвестіиин.іарды стратегыялық маңызды бар иируашылық когамдарына тарту тэртібі турапы»* Федералдық зацды келтіруге болады.

Жоғарыда айтылғандай, шетелдік инвесторларға шектеу кою әлемдік практикада кейінгі уакыпа көптен-көп қолданыс тауып отыр, бірақ ТМД елдерінің ішінде бұл жолға алғашқы болып экономиканың маңызды салаларында жүзеге асырылып жатқан шетел инвес- тицияларына рүксат беретін тэртіп орнатқан *Ресей Федерациясы* түсті. Экономиканың маңызды салаларына резидент еместердің енуіне шектеу кою туралы заң жобасың әзірлеуді РФ 2005 жылдан бастады. Оған ресейлік «Әскери машиналарды» «8іетепк» концерннің сатып алған тарихы себеп болды (Федералдық моноолияға қарсы қызмет энергетикалық құрал-жабдық цығаратын Ресейдегі ірі «Әскери машиналар» кәсіпорнының акцияларын сатып алуға ниеттенген «3іетепв» неміс компаниясына тойтарыс берген), дәл сол қолайсыз оқиғадан кешн, РФ Үкіметі болашақтағы мүмкін болатын мәмілелерде, әсіресе «қорғанысқа» қатысы бар стратетиялық салаларда өзін де, шетелдік инвесторларды да қалай сактандыруға болатынын ойлаетыра бастады.<sup>26</sup>

Мұндай тэжірибе бірқатар себептерге, бэрінен бұрын, мемлекеттің ұлттық (отандық) инвесторлар мүдделерін қорғауға және оларды экономиканың беягілі бір салаларында және жүйелерінде ұнамсығи шетелдік бэсекелестерден қорғауға тиісті екендігіне байланысты қалыптасты. *Экономикасы дамытн мемлекеттерге* қатысты айтатын болсақ, олар ел экономикасы үшін маңызды салаларда отандық өндірушілерін шетелдік бэсеклестіктен қорғауға тырысады (сол себепті халықаралық инвестициялау тэжірибесінде дәстүрлі болып кеткен: дамыған елдерде іс жүзінде ұлттық режимнен алыш тастау жоқ немесе олар аса елеусіз деген тезис өзекті болудан қалған). Егер *экономикасы оркендеудің белгілі бір децгейіне әпі жете қойшағаа мемлекеттер* (дамып келе жатқан немесе экономикасы ауыспалы деп аталатын) туралы айтсақ, мысалы, алдыңғы қатарлы технологиясы бар салаларда ұлттық инвесторлардың тең дәрежеде шетелдік инвесторлармен бэсекелесуге әлі шамалары келмейтіні себепті олар шегелдік бэсекелестікті қаламайды. Сонымен қатар *шектеу сипатындағы шаралар* экономиканың жекелеген салаларын шетелдік инвесторлар жаулап алу қаупі туғанда қолданылуы мүмкш, ал ол, тұтастай аліанда, бэсекелестікке қабілеттілік жағдайына теріс әсер етеді. Алайда мемлекеттің шетел капиталы ағынына ез әрекеттерін жеткілікті экономикалық негіздемей тұрып тыйым салу ені ізуі осы салада қолданылатын халықаралық кслісімдер бойынша кемсітпеу туралы шарттарды бұзушышық деп қарастырылуы мүмкін. Бірақ шетелдік инвестициялар ағынына бақылау жасауды белгілейтін заң актілерінің санын көбейту үрдісі сакталып отыр.

Қазақстан Республикасында сонымен бірге бақылау жасалмаса да, дегенмен экономиканың стратегиялық салаларына салынып жатқан шетелдік

---

<sup>26</sup> Инвестициялар. Өнеркәсіптік даму апталығы, 2007, ақпанның 5-11-і. № 3 (46). һір: \\y\y. тіпргош. §оу. ш. 8-бет.

инвестицияларды зерттеп-білуге әрекет жасалды. Қазақстан Республикасының 2003 ж. қарашаның 4-індегі № 490-ІІ «**Экономика-ның стратегиялық маңызы бар салаларында меншікке мемлекеттік мониторинг жариялау**» Заңына сәйкес, ондай салаларға томендегілер: отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды (көмір, мұнай, газ, уран және металл рудалары) өндіру және өндеу; машина жасау, химия өнеркәсібі. көлік және байланыс, электр энергиясын өндіру және тарату, сонымен қатар әскери-өнеркәсіптік мақсаттағы өнім өндіретін салалар жатқызылады (1-бабтың 3-тармағы). Сонымен бірге заң шығарушы мұнымен иіектелмес, келешекте Қазақстан Республикасының «Эко-номиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы шетелдік инвестициялар туралы» деген Заңы қабылданар деп болжауға болады (дей тұрғанмен бұл атау түрін басқадай өзгертсе де, оның мазмұнының өзгеруі екіталай).

Сөйтіп, құқықтық жағдайда шетелдік және ұлттық инвесторларды теңестіруге бағытталған инвестициялық саясат жүрізу нәтижесінде шетелдік инвестициялар туралы арнайы заң шығарудың қажеттігі болмай қалады. Бірақ бұл шетелдік инвесторлардың инвестициялық жобаларын тарту және жүзеге асыру үшін құқықтық негіздер жасалмайды дегенді білдірмейді. Бірыңғай инвестициялық заң қабылдау арқылы инвестордың қай мемлекетке жататындығына қарамастан, инвестициялық қызметті жүзеге асырудың негізгі бастаулары қаланады, ал шетелдік инвестицияларды тиісті дәрежеде құқықтық реттеу қашанда ТМД елдерінде дамыған экономика құру және оларды ары қарай әлемдік экономикалық кеңістікке ықпалдастыру ісінде маңызды және елеулі болып қала бермек.

## 2.2. Қазақстан Республикасының инвестиция заңдары жүйесі

ҚР инвестициялық заңының негізін **инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейтін нормаларды біріктірген және шетелдік және ұлттық инвестициялар үшін ортақ құқықтық режим белгілеген, қызметін Қазақстанда жүзеге асырып жатқан инвесторларға кепілдіктер бере отырып, ҚР инвестициялар туралы заңы** құрайды. Атап айтқанда, олар төмендегідей: ҚР аумағындағы инвесторлар қызметін құқықтық қорғау кепілдігі (инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін ҚР заңдарымен және нормативтік актілерімен, сондай-ақ Қазақстанда бекітілген халықаралық шарттар арқылы толық және созсіз қорғау; мемлекеттік органның заңға сай келмейтін акт шығаруы нәтижесінде, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде инвесторға келтірілген шығындарды азаматтық заңға сәйкес өтеу құқығы); табыстарды пайдалану кепілдіктері; мемлекет меншігіне алу және иеліктен айыру (реквизиция) кезінде инвесторлар құқықтарына кепілдіктер беру. Аталған заң актісімен инвесторлар қызметін бақылауды және қадағалауды оларға мұндай құқық заң актілеріне сәйкес берілген мемлекеттік органдар жүргізетіні белгіленген («Инвестициялар туралы» Заңның 7-бабы). Анығында, бұл қағиданы кепілдіктерге де

жатқызуға болады, өйткені онда бақылау мен қадағалауды ондай құқық қолданылып жүрген заңдарға сәйкес берілген мемлекеттік органдар ғана жүзеге асыратын ереже белгіленген.

***Бірыңғай инвестициялық заңның болмауы себепті қай салаға жататынын анықтау айтарлықтай күрделі болуы мүмкін басқа нормативтік актілер де инвестициялар туралы жана заң төңірегіне топтаса бастады, өшкені ол актілер - кешенді (жст-жсшты) сипаттағы актілер.*** Бірінші кезекте, бұл жерде Қазақстан Республикасының 2005 ж. шілденің 8-інде шығарылған «Теңізде мұнай операцияларын орындау барысында өнімді бөлу жайындағы келісімдер (шарттар) туралы» Заңын және 2006 ж. шілденің 7-індегі «Концессиялар туралы» ҚР Заңын атауға болады. Мұнда концессиялар туралы заңның жан-жақты заң актісі екендігін айтқан жөн, өйткені онда концессионер-инвесторларға тек жер қойнауларын ғана емес, сонымен бірге әртүрлі құқықтық режимі бар жерлерді, суларды және басқа да табиғи ресурстарды, сондай-ақ тауар-материалдық құндылықтарды беру тәртібі белгіленген.

Ары қарай, реттеу саласын инвестициялық қатынастар құрайтын кешенді сипаттағы заң актілерінің арасынан «Қазақстанның инвестициялық қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы шілденің 6-ындағы № 575-ІІ ҚР Заңын және 2004 ж. шілденің 7-індегі «Инвестициялық қорлар туралы» № 576- ІІ Заңын да беліп айтуға болады. Сонымен қатар мұндай актілерге: ҚР Үкіметінің 2003 ж. мамырдың 3-індегі «Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңын жүзеге асырудың кейбір мәселелері тура-пы» қаулысын; ҚР Үкіметінің 2003 ж. мамырдың 30-ындағы «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамын құру турмы қаулысын, 2004 ж. қаңтардың 22-індегі «Инвестициялық компания: Қазақстанның инвестициялық қоры», «Қазақстанның Даму банкі», «Үлттық инновациялық қор» акционерлік қоғамдарын құру туралы» қаулысын; ҚР Үкіметінің 2005 ж. мамырдың 24-індегі «Мемлекеттік кепілдікпен 2005 жылға мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» қаулысын; ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» 2003 ж. наурыздың 18-індегі бұйрығын; ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының «Инвестициялық артықшылықтарды кездейтін инвестицияларды жүзеге асыру келісімдерінің талаптарын сақтауға мониторинг және бақылауды орындау Ережелерін бекіту туралы» 2005 ж. тамыздың 9-ындағы бұйрығын және басқа актілерді жатқызуға болады. (Инвестициялық заңдар жүйесіне сондай-ақ бюджеттік заң және, бірінші кезекте, 2004 ж. сәуірдің 24-інде шыққан, 12 бөлімнен, 48 тараудан тұратын, оның ішінде арнайы «Бюджеттік инвестициялар» деген 8-тарауы мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларға арналған «Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі» (32-ші тарауы - «Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру»; 33- тарауы - «Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың және оның тиімділігінің мониторингі»)

кіреді; сонымен қатар мемлекеттік инвестициялау мәселелерін қозғайтын бөлімдер бар (10-бөлім - «Бюджеттік кредит беру» және 11 -бөлім - Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген алыс-берістер мен қарыз, мемлекеттің кепілгерлігі»).

ҚР инвестициялық заңының дамуындағы қазіргі кезеңді *шетелдік және ұлттық инвесторлар үшін тең мүмкіндіктер кезеңі* деп айқындауға болады. Бірақ, оған қоса, жалпымемлекеттік мүдделердің және ұлттық та, шетелдік те инвесторлар мүдделерінің оңтайлы үйлесуінсіз орнықты экономикалық өркендеуді қамтамасыз ету мүмкін еместігін ұмытуға болмайды: өзара тиімділік ұстанымы бірінші орынға қойылуға тиіс. Шетелдік және ұлттық инвестицияларды тиісті дәрежеде құқықтық бекітпей тұрып, бұрыннан бар инвестицияларды сақтау, ал жаңаларын (ең алдымен шетелдік инвестицияларды) еліміздің экономикасына тарту іс жүзінде мүмкін болмайды.

### 2.3. Инвестициялар ұғымы және түрлері

Инвестицияларды, кез келген басқа құбылыс сияқты, *кең және тар мағыналарында* қарастыруға болады.

**Кен мағынасында** (қазіргі таңда тым таралған) пайда (табыс) табу және (немесе) әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік және басқа қызмет нысанына салынатын мүліктің кез келген түрін инвестициялар деп түсінуге болады. Аталған жағдайда «инвестициялар» ұғымының түсіндірмесі аса кең болып табылады, өйткені инвестициялар ретінде мүліктік және зияткерлік (интел- лектуалдық) құндылықтардың, сондай-ақ оларға деген құқықтардың ең бір алуан түрлері шығатынына болжам жасалады. Алайда инвес- тиялардың бастапқы түсінігін де, яғни «инвестициялар» пайда болған мезеттен бастап-ақ, олардың тек бос ақша қаражаттарымен ұқсастырылған мағынасын есте ұстаған жөн. Сондықтан да **тар мағынасында** инвестициялар - ол *инвестордың пайда (табыс) табу мақсатында салатын және материалдың немесе рухани игіліктер құруға бағытталған жеке, қарызға алған немесе иартыпқан ақша қаражаты.*

**Инвестициялардың белгілері.** Инвестицияларды мүліктің кез келген түрі деп түсінуге сүйене отырып, инвестициялар ретінде қарастырылуы үшін, ол құндылықтар иеленуге тиіс белгілерді тұжы- рымдап алған жөн. Инвестициялардың негізгі және айқындаушы белгісі - олардың жеке тұтынуға емес, *материалдың немесе рухани игіліктер* құруға бағытталуы болып табылады. Бұл белгі кәсіпкерлік нысандарына немесе қызметтің басқа түрлеріне салынатын инвести- **циялардың** мақсатты жұмсалынуынан көрінеді. Мысалы, егер берілетін **тауар** құрал-жабдық немесе инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты басқадай қажеттіліктерге арналған материалдар болмаса, **шетелдік** тауар кредиттері инвестициялар санатынан шығарылуға тиіс; **бүп** жағдай ресми техникалық қызмет немесе біздің елімізге берілетін гранттар шегінде келіп түсетін қаражағарға да қатысты.

Кселесі белгілер *инвестициялардың кәсіпкерлік маңызын* ашады - олар, негізінен, пайда (табыс) табу мақсатында салынады және оларды инвестор өз атынан және өзі тәуекелге бара отырып жүзеге асырады. Бұл жерде инвестициялық қызмет, кәсіпкерлік қызмет сияқты\* дербестігімен, яғни өз бетінше зрәкет ететіндігімен және бастама- шылығымен сипатталатынын айрықша атап өту қажет, бірақ қызметтің бұл түрлері бір-бірімен сәйкесуі де, сәйкеспейуі де мүмкін; тиісінше инвестордың кәсіпкер мәртебесін иеленуі де, иеленбеуі де мүмкін.

Ал енді, ақыр соңында, инвестициялардың ерекше белгісі - дәстүрлі және үйреншікті түсшігінде қысқа мерзімге арналатыны да болғанмен, біржолғы сипатта еместігі мағынасында олардың *ұзақ мерзімді* болатыны. Уақыттың белгілі бір ұзақтығы инвестицияларды басқадай қаржы құралдарынан ажыратуға да, оларды жіктеуге де әсер етеді. Оның ішінде, әрекет ету мерзіміне байланысты, инвестицияларды ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді деп бөлуге болады.

Сонымен, *инвестициялар* - бұл пайда (табыс) табу және (немесе) әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік және басқа қызмет нысанына салынатын мүліктің барлық түрлері болып шықты.

Инвестициялардың сан қилы түрлерінің ерекшеліктерін анықтау- дың және оларды жіктеудің үлкен теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені олар инвестициялық қатынастарды реттеуге және инвестициялық заңдарды ары қарай жетілдіруге себепкер болады.

*Инвестицияларды жіктеудің* әртүрлі негіздемелері және әрқилы тәсіл- амалдары бар. Негізгі бөлу ретінде инвестициялардың түрлерін: *капитал тудырушы және зияткерлік, мемлекеттік және жеке, шетелдік және ұлттық (спандық)* деп жіктеуді ұсынуга болады. Инвестициялардың басқа түрлеріне келетін болсақ, мысалы, төте және қоржындық, нақты және қаржылық, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, тәуекелі жоғары және тәуекелі аз деген сияқты, онда олар негізгі жіктеуге жатады және инвестициялардың қосымша түрлері болып табылады.

**Капитал тудырушы және зияткерлік (әлеуметтік) инвестициялар.** Инвестицияларды белудің негізгі жіктік белгілерінің бірі болып инвестициялардың мақсаты - пайда (табыс) табу және немесе әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу мақсаты аталады, Осыған байланысты инвестициялар *капитал құрушы және зияткерлік (әлеуметтік)* деп бөлінеді.

*Капитал тудырушы инвестициялар* — ол материалдық және материалдық емес активтерді көбейтуге немесе оның өсіміне бағытталған инвестициялар. Басқаша айтқанда, бұл олардың дәстүрлі іүсінігіндегі инвестициялар, өйткені, әдетте, инвестициялар капитал тудырушы болып табылады, яғни пайда немесе табыс табудың тәсілі немесе құралы ретінде қолданылады. Өз кезегінде, капитал тудырушы инвестициялар нақты және қаржылық инвестициялар немесе тура және қоржындық инвестициялар деп бөлінеді.

*Зияткерлік инвестициялар* — ол әртүрлі деңгейдегі мамандарды даярлауға, сондай-ақ олардың біліктілігін көтеруге, ғылыми зерттеулер



жүргізуге және т.б. мақсаттарға бағытталған инвестициялар. Мысалы, қазіргі заманда зияткерлік инвестициялардың ең көп тараған түрлері жоғары білім аяу үшін берілетін мемлекеттік және жеке кредиттер болып табылады. «Зияткерлік инвестициялар» түсінігін **«әлеуметтік инвестициялар»** ұғымына дейін кеңейтуге болады, өйткені екі жағдайда да инвестициялар нысаны әлеуметтік сала болып шығады және негізгі мақсат ретінде әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу жорамалданады (ондай кезде бір мезгілде пайда немесе табыс табу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды).

Мемлекеттік және жеке инвестициялар. Әдетте, меншік инвестициялар ұғымының бөлінбес бөлшегі болып саналады, сондықтан да меншік түрі де оларды жіктеуге негіздеме бола алады. Тиісінше, **мемлекеттік инвестициялар** (бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылатын) және **жеке инвестициялар** (мемлекеттік емес заңды тұлғалардың немесе азаматтардың жеке немесе қарызға алған қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын) деп бөлуге болады.

Бұл жерде мынаны дереу анықтап алған жөн: инвестициялар туралы заң мемлекеттік бюджет қаражатынан шығатын инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, яғни мемлекеттік инвестицияларға байланысты туындаған қатынастарды реттемейді (заң шығарушы «бюджеттік инвестициялар» түсінігін пайдаланады). Жаңа инвестициялық заңның реттеу саласынан қатынастардың бұл тобының шығып қалуының олардың көпшілік-құқықтық сипатымен түсіндірілетіні айдан-анық болып отыр. Бірақ бұл мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың шығу тегінің осындай елеулі өзгерісі олардың да жеке инвестициялар сияқты, инвестициялардың теңдей құнды түрлері болып табылатын фактісін жоққа шығаруға әкеп соғуы мүмкін деген сөз емес. Сонымен бірге қаржы (бюджет) заңдарының жүйесін құрайтын нормативтік актілер арқылы белгіленген мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларды жүзеге асыру барысында туындаған қатынастарды реттеудің ерекшеліктері де жоқ емес (ҚР «Бюджеттік кодексі. 2001 ж. сәуірдің 25-інде шыққан № 178-ІІ «Қазақстанның Даму банкі туралы» ҚР Заңы және т.б. туралы сөз болып отыр).

**Мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың жеке инвестициялардан айырмашылығы** мынада: 1) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар көздері бюджеттік қаражат болып табылады; 2) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар қайтарымды және ақылы негізде жүзеге асырылады; 3) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар оларды берудің негіздемесін және тәртібін мемлекет белгілейтіндігімен сипатталады; 4) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың көлемі мен мелшері мемлекеттік бюджеттің бекітілуіне байланысты; 5) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың мақсатты пайдаланылуына мемлекет бақылау жасайды; 6) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар мемлекеттік қазына мүлкімен қамтамасыз етіледі.

Жеке инвестициялар және оларды жүзеге асыру тәртібін инвестициялар туралы заң, азаматтық заң, жер қойнаулары және жер қойнауларын пайдалану заңы және заңның басқа салаларының нормалары реттейді. Мемлекеттік

(бюджеттік) инвестициялардан айырмашылықтары бар **жеке инвестициялардың басты ерекшеліктері** мынада: инвестициялардың кездерін, олардың көлемдері мен мөлшерлерін инвестордың өзі белгілейді, ал мемлекет инвестордың құқықтарын мүмкін болатын қолсұғушылықтан, оның ішінде мемлекеттік органдардың да қол сұғуынан қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде инвестициялар туралы заңның мемлекеттік (бюджеттік) емес, дәл сол жеке инвестициялармен байланысты қатынастарды реттейтінін тағы да бір рет атап өткен жөн.

Шетелдік және ұлттық инвестициялар. Жуық уақытқа дейін заңдық тұрғыда инвестициялардың шегелдік инвестициялар және тура инвестициялар деген сияқты түрлері ең бір реттелген инвестициялар болып келді (оларға шетелдік және ұлттық инвестицияларды да жатқызуға болушы еді). **Шетелдік және ұлттық инвестицияларға** бөлудің жалпыға ортақ белпсі болып мынадай ұстаным танылады: инвестициялар инвестордың елінде немесе басқа бір елде жүзеге асырылады. Бұл жерде қандай меншік (ұлттық меншік пе, әлде мемлекеттік меншік пе; шетелдік жеке меншік пе, әлде шетелдік мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың жеке меншігі ме) туралы сез болып отырғаны да аса маңызсыз емес. Қазіргі таңда заңда шетелдік және ұлттық инвестициялар арасын ажырату деген жоқ, тиісінше (шыққан көзінс қарамастан), барлық инвестициялар ұлттық инвестициялар болып саналағын болды.

Соқымен бірге, біздің кезқарасымыз бойынша, инвестициялық қызметті реттейтін және шетелдік инвестицияларды құқықтық мәртебесінде сақтап келген (бірінші кезекте, салық заңында), бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді инвестициялар туралы заңға сәйкестендіру бойынша маңдай терін сыпырып жұмыс істеу қажет бояып тұрғанда, барлық шетелдік және ұлттық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық режим орнату туралы айту әлі ертерек. Шетел инвесторларымен инвестициялар туралы заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімдер туралы айқанда, ол келісімдердің шарттарын қайта қарау, сірә, бола қояр ма екен. Оның себебі, біріншіден, халықаралық келісімдермен басқадай ережелер белгіленуі мүмкін екендігінде; екіншіден, шетелдік инвестордың жағдайын нашарлатуға жеткізуі мүмкін болғандықтан, келісімдердің шарттарын қайта қарау тараптардың келісуі бойынша іске асырылмайды (қандай шетелдік инвестор өз еркімен өзінің құқықтық жағдайының нашарлауына келісуші еді); үшіншіден, мемлекет инвесторлар мен ҚР мемлекеттік органдары арасында жасалған келісімдер шарттарының тұрақтылығына кепілдік береді (демек, шетелдік инвесторлардың келісімдерінің мерзімі аяқталғанға дейін, олардағы шарттар және қарастырылған жеңілдіктер мен артықшылықтар өзгеріссіз қала береді). Сөйтіп, шетелдік және ұлттық инвестицияларды құқықтық реттеудегі ерекшеліктерді сақтау - шетелдік және ұлттық инвесторлардың құқықтық мәртебесіндегі айырмашылықтарды сақтауға себепші болмақ.

Инвестицияларды мемлекеттік және жеке, шетелдік және ұлттық деп бөлуді **субъектілік белгісі бойынша жіктеу** сияқты да анықтауға болады.

Инвестициялардың қосымша түрлері және сипаттамасы.

Инвестицияларды жіктеудің басқадай маңызды бір негіздемесі болып инвестициялардың нысаны саналады. Осы белгіні негізге ала отырып, инвестициялар нақты және қаржылық, немесе төте және қоржындық, немесе бір мезгілде екеуі де болуы мүмкін.

**Нәсіпті инвестициялар** - ол нақты активке салынған инвестициялар немесе материалдық өндіріс саласындағы инвестициялар, өйткені олар ғылыми-техникалық прогрестің дамуына, өндірістің тиімділігін көтеруге, құрал-жабдықтарды ауыстыруға және т.б. мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

**Қаржылық инвестициялар** -- ол бағалы қағаздарға салынған салымдар (оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарға, корпорациялық бағалы қағаздарға және т.с.с).

Осыған байланысты әдебиетте төте және нақты инвестициялар, сондай-ақ қоржындық және қаржылық инвестициялар ұғымдарының араласып кеткеніне және теңестірілгеніне ерекше назар аудару керек, ал ол негізсіз емес, өйткені олар өзара тығыз байланысты және мазмұны мен атқаратын міндеттерінің түрлері бойынша парапар, яғни сәйкес болуы мүмкін. Алайда төте және қоржындық инвестициялар деп бөлуге инвестициялау нысаны ғана емес, инвестиция салынатын нысанға бақылау жасау дәрежесі және инвестордың өзінің белсенділігі де себеп болған.

Тиісінше, **төте инвестициялар** — бұл материалдық та, материалдық емес те құндылықтар, сондай-ақ қор және мүліктік құндылықтар түріндегі активтерге талап қою құқықтарын иелену мақсатында инвестордың кәсіпкерлік қызмет нысандарына салған сол құндылықтарға деген құқығы.

Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) анықтамасы бойынша, егер акционерлік қоғамның жарғылық капиталының кем дегенде 25%-ы шетелдік инвестордың меншігінде болса, онда шетелдік инвестициялар төте инвестициялар болып танылады. АҚШ, РФ заңдары бойынша жарғылық капиталдың шетелдік инвесторға тиесілі мелшері 10%-дан кем емес, ЕО елдерінде — 20-25%, Канада, Австралия және Жаңа Зеландия елдерінің заңымен — 50%.

Шетелдік төте инвестициялардың ерекшеліктері көлемі, ұзақтығы және тиісінше тәуекелдік дәрежесі бойынша олардың қоржындық инвестициялардан анағұрлым айырмашылығы бар екендігімен анықталатынын ерекше атап өту керек, ал бұл шетелдік капиталды сыртқа шығарушы ел үшін аса қолайлы. Жалпы алғанда, халықаралық талдау көрсеткендей, 1998 жылы ішінде 60 елде шетелдік тура инвестицияларды тартуды реттейтін режимдерге 145 өзгеріс енгізілді, оның үстіне мұндай өзгерістердің 94%-ы шетелдік төте инвестициялар үшін аса қолайлы шарттар туғызуға бағытталды. Алайда шетелдік инвестициялардың халықаралық ағындарын бөлуде әрекетшілік сақталып отыр. Сонымен, 1999 жылы 10 елге шетелдік төте инвестициялардың халықаралық ағындарының 74%-ы түсті: шетелдік төте инвестициялардың жиынтық ағынының 80%-ы дамып келе жатқан елдердің ішінде 10 елге ғана бұйырды.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында қандай

инвестициялардың қоржындық деп танылатыны туралы тікелей нұсқау жоқ. Шетелдік инвестициялық заңдарға жасаған талдау және олардың іс жүзінде қолданылуы қоржындық инвестицияларды ірі қаржы салымы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ал оның заңды тұлға капиталына қатысу үлесі төте инвестициялар үшін белгіленген шектен төмен, сол себепті инвестор сол заңды тұлғаның қызметіне бақылау жасау құқығын иеленбейді, бірақ пайда үлесін (дивиденд) алу құқығына ие болады.

Қабылдаушы ел үшін қолайлы болып саналатын шетелдік төте инвестициялардан айырмашылығын айтсақ, қоржындық инвестициялар шетелдік инвесторлардың өздері үшін аса тиімді. Бұл, бәрінен бұрын, шетелдік инвесторлар үшін (оның ішінде трансұлттық корпорациялар да), тек қоржындық инвестицияларды алып қана, шетелдік кәсіпорындарды нақты бақылап отыру мүмкіндігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар төте инвестициялармен салыстырғанда, шетелдік инвестор үшін қоржындық инвестициялардың қолайлылығының маңызсыз емес факторларының бірі — қабылдаушы елдің нарығынан жылдам кегіп қалу мүмкіндігі болып табылады. Америкалық әдебиетте қоржындық инвестициялар басқаша — жанама инвестициялар деп аталады және олар қаражатты қоржынға салу, яғни бағалы қағаздар немесе құндылықтар жинағы деп анықталады; инвестициялық қоржын бір немесе бірнеше мақсатқа жету есебімен таңдалынып алынған қаржы құралдары деп түсіндіріледі<sup>27</sup>.

Сонымен, дербес түрлер ретінде *төте, және сәмкелік инвестициялар, нақты және қаржылық инвестициялар* бар. Нақты және қаржылық инвестициялар деп бөлудің негіздемесі болып инвестициялар нысаны (инвестиция салу саласы) саналса, төте және қоржындық инвестициялар деп бөлудің негіздемесі ретінде инвестордың инвестиция салынатын нысан қызметіне белсенді немесе енжар (жанама) қатысуын атауға болады. Әлемдік тәжірибеде төте және қоржындық инвестициялар деген түсініктердің, бәрінен бұрын, бағалы қағаздарға инвестиция салуға қатысты пайдаланылатыны да маңызсыз емес.

Атап айтқанда, *бағалы қағаздарға инвестиция салу* деп, негізінен, меншік иесі (акцияларды сатып алушы) ретінде капиталға қатысу мүмкіндігі немесе борыш міндеттемесінің туындауы (облигациялар сатып алу) жорамалданады. Опциондар борыштық та, үлестік те бағалы қағаздарға жатпайды, өйткені бұл — инвесторға келешекте алдын ала белгіленген (әдетте, жеңілдікпен) баға бойынша басқа бағалы қағаздар немесе активтер сатып алуға құқық беретін бағалы қағаздар. Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық салымдардың келесідей түрлерін ажыратуға болады: акциялар (меншік құқымен қатысу); облигациялар (борыш міндеттемелері) және

---

<sup>27</sup> Доклад о мировых инвестициях: прямые иностранные инвестиции и проблема развития. - Нью-Йорк - Женева: БҰҰ, 1999. (O'eter). 10-бет.

■ Доклад о мировых инвестициях: трансграничные слияния и приобретения и процесс развития. - Нью-Йорк - Женева: БҰҰ, 2000. (O'eter). 3-бет.

опциондар (қатысудың белгілі бір үлесін сату және сатып алудың заңды құқығы).

Инвестицияларды түр-түрге бөлудің іс жүзінде жеткілікті кең таралған негіздемесі олардың ұзақтығы, осы белгіге сәйкес **ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестициялар** (кейде орташа мерзімді инвестициялар деген де кездеседі) деп бөлу қалыптасқан, ҚР заңдарында инвестицияларды олардың ұзақтығына байланысты саралау жүргізілмейді, Инвестициялық кредиттер өтеу мерзімдері бойынша қысқа мерзімді (1 жылға дейін), орташа мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан астам) деп бөлінеді; мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар әрекет ету мерзімі бойынша 1 жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді, 1 жылдан ] 0 жылға дейінгісі орташа мерзімді, ал 10 жылдан астамы ұзақ мерзімді деп сараланады. Алайда көпшілік дамыған елдердің заңдары бойынша, қысқа мерзімді инвестициялардың мерзімі бір жыл ішінде өтіп кетеді, ал ұзақ мерзімді

инвестициялар бір жылдан астам мерзімге есептелген немесе тіпті қандай да бір мерзіммен шектелмеген.

Шетелдік мемлекеттердің тәжірибесінде инвестициялар түрлерін тәуекелдік дәрежесіне байланысты саралау қалыптасқан. **Инвести- иялық тәуекелдік деп инвестициялық салымнан түсетін пайда- ның абсолюттік немесе салыстырмалы шамасы күтілгеннен аз болып шығуы түсініледі немесе, басқа сөздермен айтқанда, тәуекелдік қаламаған нәтижелердің орын алу мүмкіндігі дегенді білдіреді.** Инвестициялық тәуекелдікпен қатар, саяси тәуекелдік, валюталық тәуекелдік сияқты тағы басқа түрлер кездеседі. Кез келген инвестиция тәуекелдіктің (коммерциялық та, коммерциялық емес те) бар екендігімен сипатталады, дегенмен бір жағдайда ол көбірек, ал басқа жағдайда азырақ, Бұдан келіп шығатыны - инвестициялар жоғары тәуекелді немесе аз тәуекелді болуы мүмкін.

**Тәуекелі аз инвестициялар** - ол белгілі бір табыс табу мүмкін- дігінің жоғары дәрежесіне негізге ала отырып, қауіпсіз деп танылған инвестициялар, алайда өзінің айрықша кепілділігіне байланысты, инвестициялардың басқа түрлерімен салыстырғанда, олардың табыс- тылығы төмен (дамыған елдерде бұл - мемлекеттік бағалы қағаздарға, жетекші және беделді компаниялардың акцияларына салынған салымдар). **Тәуекелі жоғары инвестициялар** - ол белгілі бір табыс табу мүмкіндігінің төмен дәрежесін негізге ала отырып, алыпсатарлық деп танылған инвестициялар. Инвестициялау және алыпсатарлық «\*- бұл, жалпы алғанда, инвестициялық қызметке деген бір- біріне қарама- қайшы екі кереғар түсінік. Халықаралық тәжірибеде олардың арасын ажырату инвестициялық табыстың қаншалықты жорамалды және күтілетін нәтижесіне байланысты болады: инвестициялау барысында сатып алынып жатқан бағалы қағаздардың құны орнықты болып қала береді және олар табыс әкеледі деген толық сенімділік сақталады, ал алыпсатарлықта мұндай сенімділік жоқ. Әрине, алыпсатарлық инвес- тицияларды жүзеге асыру барысында тәуекелдік жоғары болып тұрғанда, көбірек табыс табу да кезделеді ғой.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, егер бағалы қағаздардың қазақстандық нарығы туралы айтсақ, онда қазақстандық кәсіпорын- дардың бағалы қағаздарына инвестициялар салудың жеткілікті дәрежеде тәуекелді іс екендігі байқалады. Біздің еліміздің азамат- тарының отандық қаржы және экономика институттарына деген орнығып қалған сенімсіздігін жою үшін, көп жылдар бойы адалдықпен тер төгігі, қызмет ету қажет.

Әлемдік тәжірибеде ғылыми-техникалық зерттеулерге, жаңалық ашуға және өнертабыстарға кредит беруге және қаржыландыруға байланысты венчурлік операциялар аса тәуекелді болып саналады.

Тәуекелдіктің жоғары дәрежесіне қарамастан, венчурлік бизнес шетелдік мемлекеттерде ғылым мен техниканың дамуына септігін тигізеді, дегенмен бұл, негізінен, іргелі ғылымның емес, қолданбалы ғылымның дамуын

камтамасыз ететінін ұмытпаған жөн.

Қорытындылай келе, іс жүзінде инвестициялардың кез келген түрі (мемлекеттік және жеке, шетелдік және ұлттық және басқалары) гөмендегідей: **төте** (инвестор инвестицияларды жүзеге асыруға тікелей қатысатын жағдай); **жанама** (инвестордан белсенді түрде езінін қатысуын талап етпейтін жағдай); **несиелік** (қарыз және кредит беру) түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін екендігін атап өту керек. Одан өзге, инвестицияларды жүзеге асырудың бір түрі ретінде «ірі қаржы салу» (мысалы, РФ-да ірі қаржы салымы түрінде жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет туралы арнайы заң бар, сол бойынша ірі қаржы салу - бұл негізгі капиталға (негізгі қаражатқа) салынатын инвестициялар, оның ішінде жаңа құрылыс жүргізуге кететін шығындар, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту, қайта салу және оларды техникалық қайта жабдықтау, машиналар мен құрал-жабдықтар, саймандар, керек-жарақтар сатып алу, жобалау-іздігіру жұмыстарын орындауға жұмсалатын және басқа да шығындар (і-бап) қарастырылған). Шын мәнінде, «ірі қаржы салымы түрінде жүзеге асырылатын инвестициялар» - бұл капитал тудырушы инвестициялардың бір түрі.

Инвестициялардың негізгі түрлері осындай. Оларды айқын заңдық түрде орнықтыру және икемді қолдану республикада қолайлы инвестициялық жағдайлар орнатуға септігін тигізетініне және жүзеге асырылып жатқан инвестициялардың тиімділігін көтеретініне үміт артқымыз келеді.

#### 2.4. Шетелдік инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу

Шетелдік инвестицияларды екіжақты халықаралық-құқықтық реттеу. Шетелдік инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу XIX ғасырдың соңында, сол уақытқа қарай қалыптасып дәстүрлі болып үлгірген теңіз және сауда құқықтары нормалары мен институттарын қолдана отырып, пайда болды. Шетелдік инвестицияларды реттеу барысында халықаралық саудасаттық шарттары қолданылды, ал шетелдік инвестициялау саласында мемлекетаралық қатынастарды реттеудің бастапқы формасы ретінде саудасаттық, теңізде жүзу және концессиялар және т.б. туралы екіжақты келісімдер жасалды. Мысалы, Қытай, Ұлыбритания (1842 ж.), АҚШ (1844 ж.), Франция (1844 ж.), Ресей (1858 ж.), Германия (1861 ж.) Австрия- Венгрия (1869 ж.) және Жапония (1871 ж.) сияқты елдермен көмір өндіру саласында және теміржол салуда шетелдік кәсіпкерлердің концессиялық қызмет барысында құқықтық режимін реттеген бірқатар екіжақты шарттар топтамасын жасады,<sup>28</sup>

XX ғасырдың ортасынан бастап, АҚШ және басқа да капитал экспорттаушы елдер екіжақты негізде инвестициялық қатынастарды реттеу жөнінде арнайы халықаралық шарттар мен келісімдер жасай бастады.<sup>29</sup>

<sup>28</sup> И.З.Фархутдинов, Международное инвестиционное право: теория и практика. / И.З.Фархутдинов: ғылыми-практ. бас. - М.: Водтерс Клувер, 2005. 112-бет.

<sup>29</sup> А.Г.Богатырев. Инвестиционное право, -М.: Ресей құқығы, 1992. 41 -42-беттер.

Инвестициялық қатынастарды екіжақты реттеудің өткен ғасырдың 60-90 жылдары қалыптасқан негізгі екі бағытын атап көрсетуге болады: АҚШ инвестициялардың кепілдіктері туралы келісімдер жасайды; Германия шетелдік инвесторларды қолдау, жәрдемдесу және қорғау туралы келісімдер жасайды. Оның үстіне, егер алдыңғылары оңайлатылған тәртіпте (ноталарды айырбастау жолымен), ал екіншілері, керісінше, келіссөз және бекіту үдерістерінің барлық сатыларынан өте отырып, рәсімделген. АҚШ-тың инвестициялардың кепілдіктері туралы келісімдерінде, әдетте, шетелдік инвестицияларды саяси тәуекелдіктерден қорғау мәселелері реттелсе, ал Германияның екіжақты келісімдері шетелдік ірі қаржы салымдарына берілетін басқадай кепілдіктерді қоса отырып, қатынастардың аса кең кешенін қамтыды. Реттеу құралы шетел капиталын инвестициялауға байланысты қатынастар болып табылатын барлық осы шарттар арнайы мемлекетаралық келісімдер болып табылады. 1980 жылдың соңында әлемде жасалған екіжақты инвестициялық келісімдердің санының барлығы 181 болса, ал 1999 жылдың соңында ол сан 1856-ға жетті (оның үстіне, 1998 ж. ішінде қол қойылған 170 шарттың 40%-ға жуығы дамығы келе жатқан елдер арасында жасалған келісімдер болып саналады).<sup>30</sup> Халықаралық инвестициялар жүйесінде «күштің түпқазығы» болып АҚШ, Еуроодақ елдері және Жапония алдыға шығады, негізгі инвесторлар және инвестицияларды алушылар (көпшілік деңгейде де, жеке деңгейде де) дәл солар болып табылады, оған қоса бұл инвестиция орталықтары капиталдарының өзара тоқайласуы жалпы әлемдегі үдеріске қарағанда жылдамырақ жүреді."

Бұрынғы КСРО Экономикалық өзара көмек сідсі (ЭӨКЕ) аясында социалистік елдермен белсенді ынтымақтаса жұмыс істеді және демократиялық даму жолына жанадан түскен елдерде кең көлемде көмек көрсетіп отырды. Капиталистік деп аталатын мемлекеттерге келер болсақ, олар мен КСРО арасындағы ірі капитал салымдарын өзара қолдау және өзара қорғау туралы алғашқы екіжақты келісімдер тек XX ғасырдың 80 жылдарының соңына қарай жасалды. Атап айтқанда, олар: КСРО Үкіметі мен Финляндия Республикасы, Бельгия Корольдігі Үкіметі мен Люксембургтің Ұлы Герцоігі, Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі және Солтүстік Ирландия, Германия Федерациялық Республикасы, Франция Республикасы Үкіметі, Нидерланды Корольдігі, Канада Үкіметі, Италия Респуб-ликасы Үкіметі, Австрия Республикасы, Испания, Швейцария Федералдық Кеңесі араларындағы және тағы басқа Келісімдер.

КСР Одағы атынан ірі капитал салымдарын өзара қолдау және қорғау туралы шетелдік мемлекетгермен барлығы 14 келісім жасалды, соларға байланысты Ресей Федерациясы шарттарда көзделген мемлекетгердің құқықтық мұрагерлігіне арналған халықаралық нормаларды басшылыққа ала отырып, құқықтарды жүзеге асырып, міндеттемелерді орындауды жалғастырып келе жатыр {1991 ж. желтоқсанның 8-інде ТМД құру туралы

---

" Әлемдік инвестициялар туралы баяндама: трансшекаралық қосылу, сатып алулар және даму үдерісі. - Нью-Йорк - Женева: БҰҰ, 2000. ЦМСТАВЛУКІЮОО (0\egyicr). 2-бет.



Келісімге сәйкес (Минск қ.), Ресей КСРО-мен жасалған халықаралық шарттар бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелерді өз мойнына алған).

Тәуелсіздік жарияланған кезден бастап, Қазақстан Республикасы **инвестицияларды өзара қолдау және қорғау туралы екіжақты келісімдер жасау** үдерісіне бәсең араласып кетті. Алғашқылардың бірі болып: ҚР мен АҚШ арасындағы ірі қаржы салымдарын өзара қолдау және қорғау туралы; ҚР мен Түрік Республикасы арасындағы өзара көмек және инвестицияларды қорғау туралы; ҚР мен ГФР арасындағы ірі қаржы салымдарын өзара қолдау және қорғау туралы; ҚР Үкіметі мен КХР арасындағы инвестицияларды өзара қолдау және қорғау туралы; ҚР Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметі арасындағы келісімдер жасалып, бекітілді. Азғантай құлдыраудан кейін, халықаралық келісімдер бекіту үдерісі тек 90 жылдардың соңына қарай қайта жанданды. Содан 1995 ж. өзара қолдау және инвестицияларды қорғау туралы мына мемлекетгермен: Украина Үкіметімен; Испания Корольдігімен; Моңғолия Үкіметімен; Венгрия Республикасы Үкіметімен, Польша Республикасы Үкіметімен, Италия Республикасы Үкіметімен, Мысыр-Араб Республикасы Үкіметімен; 1996 жылы - Иран Ислам Республикасы Үкіметімен, Израиль Мемлекеті Үкіметімен, Румыния Үкіметімен, Ұлыбритания Солтүстік Корольдігі Үкіметімен, Корея Республикасы Үкіметімен; 1997 ж. - Чехия Республикасымен, Малайзия Үкіметімен, Қырғыз Республикасы Үкіметімен, Финляндия Республикасы Үкіметімен, Әзірбайжан Республикасы Үкіметімен, Грузия Үкіметімен; 1998 ж. — Үндістан Республикасы Үкіметімен, Швейцария Федералдық Одағымен, Ресей Федерациясы Үкіметімен; 1999 ж. - Бельгия-Люксембург Экономикалық Одағымен;

2000 ж. — Франция Республикасы Үкіметімен және Кувейт Мемлекетімен; 2001 ж. - Болгария Республикасы Үкіметімен және Тәжік Республикасы Үкіметімен; 2006 ж. - Латвия Республикасы Үкіметімен, Швеция Корольдігі Үкіметімен және Пәкістан Ислам Республикасы Үкіметімен келісімдер жасап, бекітілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметі инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы ҚР Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметімен келісімдерге, ҚР Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметімен сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдениет салаларындағы, сондай-ақ спорт және жастар ісі жөніндегі салада ынтымақтастық туралы бас келісімге қол қойып, бекітті.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы инвестицияларды қолдау және қорғау туралы 43 екіжақты келісімге қол қойды, оның ішінде 36 келісім жасалып, бекітілді, 5 келісімге (Грекиямен, Армениямен, Иорданиямен, Финляндиямен, Болгариямен) қол қойылғанмен, бірақ бекіту шарасынан өтпеді. Онымен қоса инвестицияларды өзара қорғау және қолдау туралы екіжақты келісімдердің (мысшы, Таиланд, Ливия, Сирия, Катар, Ауғанстан, Сингапур, Норвегия, Австрия, Канада және т.б. сияқты елдермен келісімдер) бірқатары, сондай-ақ ШЫО және ЕурАзЭС аясында келісімдер дайындалды.

ҚР жасаған инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы келісімдерде мемлекет-қатысушылардың инвесторларына өзара негізде екі

режим: аса қолайлы режим немесе ұлттық режим беріледі. Инвес- тор әрбір нақты жағдайда ол үшін олардың қайсысының тиімдірек болуына байланысты, режимді езі тандауға құқылы. Екіжақты келісімдердің негізгі мақсаты - тәуелсіз және егемен елдердің өздеріне өзара міндеттемелер қабылдауы, ал ол аймақтық немесе кепжақты келісімдердің жалпы және ұсыныс сипатындағы жағдайына қарағанда, жеткілікті дәрежеде айқын және нақты сипатқа ие.

Шетелдік инвестицияларды аймақтық реттеу. Қазақстан Республикасында шетелдік инвестицияларды аймақтық реттеу тәуелсіз мемлекеттердің ынтымақтастығы аясында жүзеге асырылады (ШЫО және ЕурАзЭс шеңберіндегі ынтымақтастық әлі тиісті даму сатысына жеткен жоқ). Сонымен, Тәуелсіз елдердің достастығы (ТМД) өмір сүрген 5 жыл ішінде ұжымдық қауіпсіздік мәселелерін қосқанда, өндірістік, элеуметтік және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы **1300 келісім** жасалды (оның ішінде «Достастық елдері- қатысушыларының шаруашылық заңдарын жақындату ұстанымдары туралы» Келісім; «Өндірістік, коммерциялық, кредит-қаржы, сақтан- дыру және аралас трансұлттық бірлестіктерді құруға және дамытуға көмек көрсету туралы» Келісім және басқалары бар). Аймақтық өзара іс-әрекеттің құжаттық мысалы ретінде: Өзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Респуб- ликасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы және Украина Үкіметтерінің арасында жасалған **«Инвес- тиция саласындағы ынтымақтастық туралы»** Келісімді айтуға болады (Ашғабат қаласы, 1993 ж. желтоқсанның 24-і). Бұл келісімді дамыту үшін, мемлекеттер басшыларының кеңесі **«Инвестордың құқықтарын қорғау туралы конвенцияны»** мақұлдады, ал оның мақсаты жалпы кепілдікті инвестициялық кеңістік құру болып табылады. Инвесторлардың құқықтарын қорғау туралы конвенция елдер-қатысушылар аумағында тіркелген инвестициялардың барлық түрлерін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін және инвестицияларды жүзеге асырудың және олардан пайда табуының кепілдіктерін белгілейді. Жалпы алғанда, конвенция мемлекеттер-қатысушылардың ұлттық экономикасына инвестициялар тартуға көмектесуге және инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты мәселелерді келісіп шешуге бағытталған. Сонымен қатар қатысушылары ТМД елдері болып табылатын конвенциялар арасынан 1998 ж. наурыздың 6-ында қол қойылған **«Трансұлттық корпорациялар туралы конвенцияны»** және 1998 ж. қарашаның 25-інде қол қойылған **«Мемлекетаралық тізинг туралы конвенцияны»** айрықша атап өтуге болады.

Сонымен бірге ТМД аясында ықпалдастыру (интеграция) үдерісі көбінесе ресми сипатта болады да, көптеген факторлар (әділ де, әділ емес те) эсерімен қиындай түседі. ТМД елдерінің әлі күнге дейін біртұтас экономикалық кеңістік құра алмай жатқанын өкінішпен айтуға тура келеді, ал шетелдік инвестицияларды тиімді аймақтық реттеу басқа қауымдастықтарда (мысалы, ЕО елдерінде, МСШЕҰ (мұнайды сыртқа шығарушы елдер ұйымы)

елдерінде, Анд тобы елдерінде) жүзеге асырылып келеді, бірақ, дегенмен экономикалық мүдделер саяси мүдделерден басым түсуге, ап ТМД елдерінің ынтымақтастығы жақын уақытта өркендеудің жаңа сапалы деңгейіне көтерілуге тиіс.

Аймақтық деңгейде ықпалдастыру ісінде зор табыстарға *Еуропа Одағы (ЕО) елдері* жетіп отыр, 2005 ж. ЕО елдері мүшелерк Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Дания, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Франция, Финляндия, Швеция, Кипр, Чехия, Эстония, Венгрия, Латвия, Мальта, Польша, Словакия, Словакия, Литва болып табылады' ЕО-ның түпкілікті мақсаты - кедендік, экономикалық және саяси одақтар құру. Жалпы

алғанда, ЕО елдері егемендігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып, адамдардың, капиталдардың, тауардар мен қызметкердің еркін қозғалысы бар ортақ нарық құруға қол жеткізді.

**Шетелдік инвестицияларды жан-жақты халықаралық құқықтық реттеу.**

Шетелдік инвестицияларды жаи-жақты реттеу екінші дүние- жүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастады, ал бұл салада көпжақты конвенциялар құруға алғашқы талпыныстар ХХ ғасырдың басында-ақ жасалған. Сөйтіп, 1929 ж. Парижде Ұлттар Лигасының бастамашылығы бойынша шетелдіктерді және олардың меншігін пайдалану жөнінде көпжақты халықаралық конвенция құру мақсатында конференция шақырылды. Жоба қағидаларының мағынасы бойынша, шетелдіктерге және олардың мүлкіне ұлттық режимге қарағанда, анағұрлым қолайлы құқықтық режим берілуге тиіс болды. 1965 ж. *а.Метекеттер және шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу тәртібі туралы» Вашингтон конвенциясы* қабылданды, ал соған сәйкес «Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық» (ИДРЖХО) құрылды.

Вашингтон конвенциясы заң күшіне 1966 ж. қазанның 14-інде кірді, ал 2001 ж. қыркүйек айына оған 149 ел қол қойды' (оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар, ол үшін конвенция заң күшіне 2000 ж. қазанның 21-інде енді). Қол қойған 149 елдің 134-і бұл шартты бекітті, тиісінше 15 ел қол қойғанмен, ол конвенцияны бекітпеді (салыстыру үшін мынадай сандарды келтіруге болады: 1996 ж. Вашингтон конвенциясына 139 мемлекет қол қойып, олардың ішінде 120-сы ол шартты бекіткен)/ Конвенция дауларды шешу үшін, тараптардың ұлттық соттарға жүгінуін және мемлекеттік егемендікке сілтеме жасауын алып тастаған. Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық тәжірибесінде шетелдік инвестордың заттық құқықтарын қорғау қайшылықты нормаларды дербес біліктілік қолданығы түсіндіру жолымен (ішкі құқықтың материалдық нормаларына байланыссыз, эрултты жүйелердің ұғымдарын жинақтап қорыту негізінде) жүзеге асырылады. Оның үстіне Конвенция элементтік төрелік тәжірибесінде бірден-бір өзгеше ішкі бақылау жүйесін қарастырған: ісі жеңіліс тапқан тарап ИДРЖХҰ-ның Бас секретарына шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы (бұл талап тек белгілі бір қатаң негіздемелерге, бәрінен бұрын, іс жүргізудегі

бұрмалаушылықтарға негізделуге тиіс, ал оны қарау үшін, шешімнің күшін толық немесе ішінара жоюға құқылы арнайы комитет құрылады).<sup>1</sup>

1985 ж. қыркүйек айында Халықаралық жаңғыру және даму банкінің (ЮКДБ) Сеулдегі сессиясында инвестиция саласында халықаралық келісімдер мен келіеушіліктердің сақталуына кепілдіктер беруді қамтамасыз ететін «Инвестициялар кепілдіктері бойынша көптарапты агенттік құру туралы» Конвенцияға (*Сеул конвенциясы*) қол қойылды. Бұл конвенцияның қағидаларына сәйкес. Инвестициялық кепілдіктер жөніндегі көпжақты (халықаралық) агенттік (ИККА) заңды тұлға болып табылады және шарттар жасасуға, мүлік сатып ануға және сатуға (жылжитың да. жылжымайтын да) және т.б. құқылы. Оның негізгі міндеті - елдер-мүшелер арасында, әсіресе дамушы елдерге инвестициялар ағынын ынталандыру, сол арқылы Халықаралық жаңғыру және даму банкі (ХЖДБ) және Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) және басқадай халықаралық қаржы мекемелерінің қызметін толықтыру. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ИККА: басқа елдер-қатысушылар арасынан қандай да бір ел-қатысушыда жүзеге асырылатын инвестицияларға байланысты коммерциялық емес тәуекелдіктерден бірлесе және қайтара сақтандыруды қоса отырып, кепілдіктер береді; дамушы елдер-мүшелерге инвестициялар ағынын келтіруге және солар арасында көмек беру бойынша тиісті қосымша қызмет жүргізеді; осы мақсатқа қол жеткізу үшін қажет болып қалуы мүмкін басқа да қосымша өкілеттіктерді пайдаланады. Сеул конвенциясы 1988 ж. сәуірінде заң күшіне енді (21 мемлекет бекіткеннен және жарғы капиталының үштен бірінен кем емес мөлшерде қаражат енгізгеннен кейін), бүгінгі таңда Инвестициялық кепілдіктер жөніндегі халықаралық агенттікке 150-ге жуық мемлекет қатысады."

Шетелдік инвестицияларды реттейтін көпжақты шарттардың ішінде басты мақсаты энергетика саласындағы инвестицияларды көтермелеу, энергетикалық нарықтарға ену еркіндігін және энергетикалық ресурстарды тасымалдау еркіндігін қамтамасыз ету болып табылатын, *1994 ж. Лиссабонда қол қойылған Энергетикалық хартияға ширт* ерекше орын алады. Энергетикалық қауымдастық құрумен және ©зара эрекет ету және әлемдік экономикаға ықпалдасумен қатар, шартқа қатысушы елдің бірқатар халықаралық ұйымдарға да мүше бола алатыны жорамалданады. Отандық әдебиетте Энергетикалық хартияға (шартқа) қол қою толық көлемде ҚР мүдделеріне сай келеді, дегенмен оның теріс жақтары да жоқ емес; шарт толықтай инвесторлардың құқықтарын қорғауға бағытталған, ал қабылдаушы мемлекет ретіндегі Қазақстанға өз құқықтарының бір бөліктерін, егемендігін шектеуге баруға, атап айтқанда, сот ісінен бас тартуға тура келген, бұл эрекеттер шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді мемлекеттік шенеуніктердің қол сұғуынан тиюігі дәрежеде қорғау жолымен күшейту үшін жасалған. Тиісінше, бұл шарттың ерекшелігі мынада: Қазақстан зуел бастан-ак шарттың қатысушы елдерінің инвесторлары үшін қабылдаушы тарап болып саналатын. Ресей әдебиетінде Еуропалық Энергетикалық хартияның Еуропа шегінен асып, біртіндегт ғаламдық сипатқа ие болып келе жатқанына аса

назар аударылған; Ресей, Жапония, Австралия және Орта азия елдері бұл үдеріске белсене қатысуда, ал еонымен бірге ол элі толықтай ғаламдық элшемге жете койған жоқ, өйткені АКШ пен Канада 1991 ж. Энергетикалық хартияның өзіне қол койғанмен, оны күру үдерісінде эзірше тек бақылаушылар болып қала отырып, Энергетикалық хартия шартына қосылған жоқ."

Шетелдік инвестицияларды Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСУ) аясында халт.ғара;і ыі к-ю/қыкі ык реттеу де көпжақты сипат ала бастадыт (бүгінгі таңда элемнің 140 мемлекеті ДСУ мүшелері болып табылатынын есепке алғанда). Атап айтқанда, инвестициялық қызметті реттесу негізгі үтп акт - *Сауда саласындағы ітвеспциияларға байланыс- ты шаралар туралы келісім* (ССИШК), *Қызметтердің сауда-сат- тығы тура.ы Бас келісім* (ҚСБК) және *Згтткерлік меншік цыыцтары аспекттерінің сауда- саттығына байланысты келісім* (ЗМҚАСК) көмегімен жүзеге асырылады. ССИШК-нің басты маңызы - оның ұлттық режим ұстанымы мен сандық шектеуге тыйым салу ұстаны- мына қайшы келетін шетелдік инвестицияларды жүзеге асыруға теріс ықпал ететін сауда-саттық шараларын пайдалануға тыйым сала- тындығы болып табылады. Ондай шаралардың арасынан шетелдік- тердің қатысуымен жұмыс істейтін кәсіпорындарға өндірісте ұлттық тауарлардың белгілі бір бөлшегін пайдалану туралы және өндірілетін өнімнің нақты бір белігін міндетті түрде экспортқа шығару туралы койылған талаптарды ерекше атап өтуге болады.

1995 ж. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ - 1961 ж. құрылған, дамыған елдер мүдделерін білдіретін халықаралық ұйым екі іұрақты ұйым: Халықаралық траисұлттық корпорациялар жөніндегі комитет және Капитал және жасырын операциялар қозғалысы жөніндегі комитет құрды) аясында инвес- тициялар бойынша көпжақты келісім жасау төңірегінде келіссөздер жүргізіле бастады. 1995 ж. қыркүйегінен 1997 жыл басталғанға дейшгі аралықта келіссөздер үдерісі тек техникалық сипатта жүрді; ал 1997 ж. бастап аталған келісімнің қағидаларын эзірлеу үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да мүдделі тараптардың басты назарында болды,<sup>31</sup> 1998 ж. келісімнің эзірленген жобасын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының елдер- қатысушыларының министрлері бекітіп, талқылауға берді.

*Инвестициялар бойынша көпжақты келісім*, оның эзірлеуші- лерінің жоспары бойында, инвестициялық режимдерді ырықтандыру ұстанымдарын сақтауға және инвестицияларды қорғауға, инвестиция- лық дау-дамайларды шешуге негізделген халықаралық инвестициялық қатынастарды реттеудің көпжақты кең механизмін орнықтыруға тиіс. Бұл

---

<sup>31</sup> С.А.Жапарбекова. Законодательство США об иностранных инвестциях. // Заң элемі. 2000. № 6. 14-бет.

<sup>31</sup> А.С.Булатов. Вывоз кагштала: своя компания за рубежом. Кәшкерлерге арналған оқу құралы. - М.: «Бек» баспасы, 1996. 232-бет.

жобаның құнды қасиеттері қатарына төмендегілерді жатқызуға болады: 1) келісімнің ережелерін барлық инвесторларға қатысты ешбір шектеусіз қолдануға болатындығы қарастырылған; 2) «инвестициялар» түсінігі жеткілікті кең дәрежеде айқындалған және қандай түрде болса да, шетелдік жеке меншіктің кез келгенін қамтиды. Елдер-қатысушылардың Инвестициялар бойынша кепжақты келісімнің алдымен негізгі қағидаларын келісу, содан кейін оның өзін қабылдау және бекіту үдерісі ұзаққа созылған іске (мүмкін, орындалмайтын іске, өйткені оны қабылдаудың бастамашылары, бәрінен бұрын, бұл акт солардың мүдделерін көздейтін экономикасы дамыған елдер болып отыр ғой) айналуы мүмкін болғанмен, бұл халықаралық инвестициялық қатынастарды көпжақты реттеу ісінде маңызды қадам болатыны сөзсіз.

Сейтіп, шетелдік инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу үш деңгейде, атап айтқанда: екіжақты, аймақтық және көпжақты реттеу түрінде жүзеге асырылады.

#### 2.5. Шетелдік инвестицияларды ұлттық-құқықтық реттеу

Қазіргі уақытта орнығуына бірқатар объективті және субъективті себептер ықпал еткен *гигиендік инвестицияларды қабылдаушы елдің ұлттық заңдары жауап беруге тиіс белгілі бір стандарттар, ережелер* қалыптасты. Алдыңғы себептерге мынаны жатқызу керек: шетелдік инвестор коммерциялық емес тәуекелдіктерден қорғалуға тиіс, өйткені ұлттық инвесторлармен салыстырғанда, олар инвестициялық қызметпен «бөтен» елдің аумағында айналысу қажеттілігінен туған шығын мен ысырапты көбірек көтеруге мжбүр. Себептердің екінші тобына шетелдік инвестордың ең үлкен дәрежеде жеңілдіктер мен артық-шылықтар алуға, ал өз міндеттемелерін ең аз дәрежеде орындауға ұмтылатынын жатқызуға болады (әлбетте, пайда табу — шетелдік қана емес, ұлттық инвестордың да мақсаты екенін ұмытпаған жөн).

Яғізінен, *шетелдік инвестицияларды ұлттық-құқықтық реттеудің үгі тәсілі* қалыптасқан: экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Австрия және басқалары) *шетелдік инвестициялар туралы арнайы заң жоқ*; шетелдік инвесторлар қымбатты азаматтық айналымның басқа субъектілерінің қызметіне қойылатын нормалар мен ережелер, яғни азаматтық, сауда-саттық (коммерциялық) заңдардың және ұлттық заңның басқа да салаларының нормалары қолданылады. Сонымен бірге *шетелдік инвесторлар қызметіне қойылатын белгілі бір шектеулер* де бар. Әдетте, ол шетел инвестициясының салынғаны құпталмайтын немесе шектелген экономика салаларының тізбесін жасаудан, сондай-ақ шетел инвесторының қызметін осы мемлекеттің аумағында жүзеге асыруға рұқсат алуының арнайы шаралары белгілеуден көрінеді. Атап айтқанда, *АҚШ-та* федералдық шектеудің төрт тобы бар: 1) тиімді тыйым салу (энергетика, федералдық жер, тау-кен өнеркәсібі, пайдалы қазбалар шығару, теңіз көлігі және қорғаныс салаларында қолданылады); 2) өзара іс-әрекет ұстанымына негізделген, АҚШ азаматтарына қатысты осындай ұстаным қолданатын

елдердің азаматтарына байланысты тыйым салу (федералдық жерді жалға беру, пайдалы қазбалардан кен шығару, оларды тасымалдау, банк ісі, бағалы қағаздар және сақтандыру салаларында қолданылады); 3) акцияларды иеленуге шектеу қою (эуе көлігінде дауыс беру құқымен акциялардың 25%-ына дейін; жағалаудағы және өзен кемесі шаруашылығында - 25%-ға дейін; байланыс және радио-телекоммуникация құралдарында - 25%-ға дейін; телефон-телеграфта - 25%-ға дейін; жер серігі байланысында - 20%-ға дейін; балық аулау шаруашылығында - 4.9%-ға дейін). 4) эконо-миканың кейбір салаларында шетелдіктердің басқару ісіне қатысуын директоратта қызметшілердің белгілі бір пайызы немесе белгілі бір санының болуы арқылы шектеу (мысалы, кеме шаруашылығында серіктестіктің негізгі оріптестері АҚШ азаматтары болуға тиіс, ал шетелдіктер жеке құрамның 10%-ынан аспауы керек, сондай-ақ эуе көлігі және банк ісіндегі директорлар кеңесінде қатысушылардың ең аз саны белгіленген). *Австрияда* шетелдік инвестицияларға аудиторлық және заң компанияларында тыйым салынған; көлікте, кен өндіру және энергетика өнеркәсібінде шетелдік инвесторлардың қызметіне аралас компания түрінде ғана лицензия алғаннан кейін рұқсат беріледі. *Франияда* энергетикаға, қорғаныс өнеркәсібіне, сонымен қатар капитал салғанда шетелдік инвесторлар көпшілік гэртіпке, адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін салаларға шетелдік инвестор инвестиция сала алмайды."

*Шетелдік инвесторлардың мәмічелер жасауы үйіін рұқсат беру тэртібі* АҚШ-та, Испанияда, Францияда және бірқатар басқа елдерде қолданылады. Шетелдік төте инвестициялар туралы 1990 жылғы заң АҚШ Конгресінің АҚШ-тағы инвестициялармен жұмыс істейтін шетелдік кэсіпорындардың қызметі туралы тұрақты түрде есептемесін қарап отыруды қарастырады. 1950 ж. шыққан «Өндірісті қорғау туралы» Заңға 1988 ж. енгізілген Эксон-Флорио түзетуі (Нхкоп-Floro ргоуізіоп) АҚШ билігі органдарына және жекелеген штаттарға ұлттық қауіпсіздіктің эртүрлі жағдайлары бойынша АҚШ-тың ұлттық мүдделеріне қатысты салаларға салынған и квссти иияларды бақылауға құқық берген. Аталған акт өзінің ниеттері турапы шетелдік инвестордың Шетелдік инвестициялар жөніндегі комитетті (СҒЦ8) хабардар етіп отыруын міндеттейді. Бұл комитеттің мүшелері 12 экономикалық және әскери блоктың өкілдері болып табылады және АҚШ-тың қаржы министрінің басшылық етуімен кез келген мәмілені кез келген сатысында тексере алады және ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда, президент оның күшін жояды. \* Англияда шетелдік тура инвестицияларға «Валюталық реттеу туралы» Заңға сэйксс, Англия Банкінің жеке рұқсаты негізінде жол беріледі. Италияда шетелдік инвесторға алдын ала рұқсат алу сақтандыру, банк ісі, авиация және теңіз көлігі қызметтері үйіін қажет.

Экономикасы ауыспалы, сондай-ақ нарықтық экономикасы орнықты жекелеген елдерге бастапқы кезеңдерде шетелдік инвестициялар туралы заң актілері қабылданады, бірақ соңынан даму барысында мүлдем алынып

тасталарды немесе шетелдік және ұлттық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық режим тағайындайтын *инвестициялық заңдармен ауыстырылады*. Мысалы, *Канадада* 1973 ж. «Шетелдік инвестициялар туралы» Заң қабылданып, ол 1985 ж. «Канададағы инвестициялар туралы» Заңмен ауыстырылды.<sup>1</sup> Шетелдік инвестициялардың құқықтық режимін жан-жақты реттеу тәжірибесі шетел кішіталын тартуда және оны елдерінің экономикалық дамуы міндеттерін шешу үшін пайдалануда белсенді саясат жүргізетін елдерде (*ҚХР, Польша, Венгрия* және т.б.) бар.<sup>4</sup> ҚХР-да шетелдік инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты бірқатар нормативтік актілер қабылданды (1995 ж. маусымның 27-індегі «Шетелдік инвестициялар бойынша басшылыққа алынатын уақытша реттеу», 1997 ж. желтоқсанның 27-інде қабылданған «Шетелдік инвестициялар үшін басшылық каталог» және басқалары), оның ішінде бірлескен кәсіпорындар құру мәселелеріне қатысты заң актілері бар (мысалы, ҚХР-дің 1979 жылғы бірлескен кәсіпорындарды пайдалану туралы заңы бар, соған сәйкес шетелдік инвестициялардың ең аз мөлшері 25% болып белгіленген, ал жоғарғы шегі мүлдем айтылмайды (шетелдіктердің қатысуы шектелетін басқа елдерден айырмашылығы - осы).

Дамығі келе жатқан елдерде (Африка, Латын Америкасы, Азия елдерінде) *шетелдік инвестициялар туралы арнайы заңдар* (шетелдік инвестициялар туралы кодекстерді және шетелдік инвестициялар туралы заңдарды және басқадай инвестициялық заңдарды қамтыған) бар. Әлемде барлығы *40-тан астам*, оның ішінде: Африкада - 26, Азияда - 9, Латын Америкасында және Кариб бассейні елдерінде - 7 *инвестициялық кодекс* қабылданған. Негізінде, экономикасы дамыған елдер мен дамып келе жатқан елдерде шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеуде елеулі айырмашылықтар бар екендігіне қарамастан, шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру барысында рұқсат беру тәртібін орнату сияқты эрекеттерден көрінетін ортақ белгілер де кездеседі (мысалы, *Мысырда* 1974 жылғы «Араб және шетелдік ірі қаржы салымдары және еркін аймақтар туралы» Заңға сәйкес, уәкілетті және мемлекеттік орган шетелдік инвестицияларды жүзеге асыруға рұқсат береді; *Үндістанда* шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру үшін, шетелдік инвесторлар Өнеркәсіп министрлігі жанындағы секретариатқа тапсырыс беруге міндетті),<sup>1</sup> ал бұл шетелдік инвестицияларды қабылдаушы мемлекеттер өзінің даму деңгейіне қарамастан, шетелдік ірі қаржы салымдарына бақылау жасаудан, тіпті өздерінің экономикалық мүдделеріне зиян келтірілсе де, бас тартуға әр кез дайын бола бермейтіндігін білдіреді (трансұлттық корпорациялардың мақсаттарына бола, мемлекет-репизиенттер өз мүдделерінен бас тартқан жағдайлар да іс жүзінде кездесетіні белгілі).

Жалпы алғанда, халықаралық тәжірибе шетелдік инвестициялар саласында *арнайы заңдардың қабылдануына* шетелдік инвестициялар үшін қолайлы ахуал тудырып және жеңілдік режимдер орнату жолымен ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тартуға ұмтылу себепкер болатынын дәлелдеп отыр. Экономикалық даму деңгейіне қарай, шетелдік



инвестициялар үшін айрықша жағдайлар туғызудың қажеті болмай қалады, ал *бұл* саладағы арнайы заңдар күшін жоюға жатқызылады. Демек, әртүрлі елдердің шетелдік инвестициялар туралы ұлттық заңдарын дамытудағы ортақ үрдісті: экономиканың өркендеуіне, халықтың әл-ауқатын көтеруге жеткізетін, жүйелі түрде жүргізілетін инвестиция саясатының нәтижесінде айқындауға болады, яғни шетелдік және ұлттық инвестициялар арасындағы айырмашылықтардың жойылу үрдісі өтуде. Өз кезегінде, бұл шетелдік инвестициялар саласындағы арнайы реттеудің ұлттық заң (инвестициялық, азаматтық, сауда-саттық және т.б.) арқылы қамтамасыз етілетін жалпы реттеумен ауыстырылуына жеткізетін болады.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Қашан және қандай себептерге байланысты ТМД елдерінде инвестициялық заңның қалыптасуы басталды?
2. Бұрынғы одақтық республикалардың шетелдік инвестициялар туралы алғашқы заңдарының негізгі ережелеріне сипаттама беріңіз.
3. «Қайткенде де шетел инвестицияларын тарту» ұстанымының және «шетелдік инвестицияларды тарту» ұстанымының мәні неде?
4. «Төте инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңының рөлі және маңызы қандай?
5. Қай елдерде шетелдік және ұлттық инвесторлар үшін бірыңғай құқықтық режим орнатқан жаңа инвестициялық заңдар қабылданды және олар немен сипатталады?
6. Шетелдік инвестицияларға байланысты ұлттық режимнен алынып тасталған қандай шектеулер шетелдік мемлекеттер тәжірибесінде таралған?
7. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңдары жүйесі қандай актілерден тұрады?
8. «Инвестициялар» ұғымын кең және тар мағыналарында ашып көрсетіңіз.
9. Инвестицияларды түрлерге жіктеген кезде қандай тәсілдер қолданылады?
10. Капитал тудырушы және зияткерлік (элеуметтік) инвестициялар түсініктерін ашып көрсетіңіз.
11. Мемлекеттік және жеке инвестициялардың өздеріне тән айрықша белгілерін атаңыз.
12. Шетелдік және ұлттық инвестицияларды сипаттап беріңіз.
13. Нақты және қаржы инвестицияларына түсініктеме беріңіз.
14. Төте және қоржындық инвестициялардың арасындағы айырмашылықтарды көрсетіңіз.
15. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестицияларға сипаттама беріңіз.
16. Инвестицияларды тәуекелдік дәрежесіне қарай түрлерге болудің ерекшелігін түсіндіріңіз.

17. Инвестицияларды жүзеге асыру түрлерін атаңыз.
18. Шетелдік инвестицияларды екіжақты халықаралық-құқықтық реттеудегі негізгі бағыттар қандай?
19. Шетелдік инвестицияларды аймақтық халықаралық-құқықтық реттеуге сипаттама беріңіз.
20. Шетелдік инвестицияларды көпжақты халықаралық-құқықтық реттеудің ерекшеліктерін атаңыз.
21. Көпжақты инвестициялық конвенцияларға (келісімдерге) сипаттама беріңіз.
22. Шетелдік инвестицияларды ұлттық-құқықтық реттесудің қан-дай тәсілдері бар?
23. Дамып келе жатқан мемлекеттердегі және экономикасы ауыспалы елдердегі шетелдік инвестицияларды ұлттық-құқықтық реттеудің ерекшеліктері неде?

### 3- тарау. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

#### 3.1. Сыртқы экономикалық қызмет түсінігі

Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайларында кәсіпкерлік қызмет ішкі нарықпен шектеліп қала алмайды. Тауарларды сағыш алу және сату, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету үшін, кәсіпкерлер халықаралық нарыққа шығады, яғни *сыртқы жэопо- микалық қызметті* жүзеге асырады.

«Сыртқы экономикалық қызмет» термині алғаш рет Қазақ КСР- інің 1990 ж. желтоқсанның 15-індегі № 408-ХІІ «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері» деген Заңымен енгізілді. Аталған Заңның 1-бабына сәйкес, «Қазақ КСР-індегі сыртқы экономикалық қызмет» болып «заңды тұлғалардың және азаматтардың шетелдік заңды тұлғалар және азаматтармен экономикалық, сауда- саттық, валюта, ғылыми-техникалық, мәдени және басқадай қатынас- тарын қамтитын қызметі» саналады. Қолданылып жүрген заңда қандай қызметтің сыртқы экономикалық деп танылатыны арнайы айтыл- майды, бірақ көптеген нормативтік құқықтық актілерде бұл термин пайдаланылады (ҚР Азаматтық кодексінде, Кеден кодексінде, Салық кодексінде және т.б.), ал кейбір заң актілерінде бұл ұғымын жекелеген аспектілері ашып көрсетіледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының 1996 ж. маусымның 18-індегі № 9-1 «Экспорттық бақылау туралы» Заңының 1-бабында «сыртқы экономикалық қызметтің қатысушысы» ұғымына «бұл — экспортты, қайта экспортты, импортты, қайта импортты және енім тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары, шетелдік заңды және жеке тұлғалар» деген анықтама берілген. Демек, заң шығарушы тұрғысынан алғанда, «сыртқы экономикалық қызмет» - *бұл экспорт, қайта экспорт, импорт, қайта импорт жэне өнім тасымалдау бойынша жүргізілетін қызмет,*

Заң әдебиетінде «сыртқы экономикалық қызмет» - ол субъек- тілердің

тауарлар (қызметтер) экспорты, импорты, шетелдік инвестициялар, сақтандыру, республиканың нарықтық экономикасы қуру және қалыптастыру мақсатында материалдық және басқадай өндіріс саласында бірлескен кәсіпкерлік қызметі, республиканың әлемдік экономикаға енуі, ал, ең бастысы, республика халқының қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелері бойынша жүргізілетін қызмет деп түсініктеме берілген. Мұндай қызмет **коммерциялық сипатта** (ол жүйелі түрде пайда табуға бағытталған жағдайда) немесе **колтерциялық, емес сипатта** (мысалы, қайырымдылық эрскетсріпде немесе гуманитарлық көмек түрінде) болуы мүмкін. Бірінші жағдайда әңгіме сыртқы экономикалық кәсіпкерлік қызмет туралы болса, ал екінші жағдайда сыртқы экономикалық коммерциялық емес қызмет туралы сез болып отыр. Сыртқы экономикалық кәсіпкерлік қызметтің бір түрі сыртқы сауда қызметі болып табылады.

Сыртқы сауда қызметі - бұл тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді, актіаратты, зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін (сондай-ақ оларға дара құқықты) халықаралық айырбастау саласындағы кәсіпкерлік қызмет. Сыртқы сауда қызметі қызметтің басқа түрлерінен мынандай **бедгілері**, арқылы ерекшеленеді: 1) бұл - кәсіпкерлік қызмет түрі; 2) ол тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және т.б. халықаралық айырбастау (яғни әртүрлі мемлекеттерге жататын тұлғалар арасындағы айырбас) саласында жүзеге асырылады; 3) тиісті мәміле нысанын кеден аумағынан тыс шығару (экспорт кезінде) және, тиісінше, оны осы аумаққа енгізу (импорт кезінде) орын алады (кей жағдайда бұл белгінің болмауы мүмкін, мысалы, шетелдік тұлға тауарды бір резиденттен екінші резидентке өңдеуге беру үшін сатып алған және содан кейін елден тыс тауарды шетелге шығарған жағдайда).<sup>32</sup>

**Кәсіпкерлік қызмет түрі ретіндегі сырнысы экономикалық қымет** кеден шекарасы арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) және мүліктің басқадай түрлерін шетелдік мемлекет аумағына өткізуге байланысты қызмет болып табылады. Жеке тұлғалардың сыртқы экономикалық қызметінің құқықтық формалары ретінде кәсіпкерлік шарттың өзгеше бір түрі болып табылатын сыртқы экономикалық шарттар (ал сыртқы сауда қызметінің құқықтық формасы сыртқы сауда шарттары болып табылатын) қолданылады.

**Көпшілікке арналған халықаралық құқық** мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруы барысында туындаған қатынастарды реттейді (әдетте, оны жүзеге асырудың құқықтық формасы халықаралық шарттар болып табылады). **Халықаралық жеке құқық** әртүрлі мемлекеттерге (ұлтарға) жататын жеке немесе заңды тұлғалардың сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруы барысында туындаған қатынастарды реттейді. **Кәсіпкерлік құқық** сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты қалыптасқан кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қатынастарын реттейді. Демек, сыртқы экономикалық қызметтің негізгі екі түрін бөліп

---

<sup>32</sup> Коммерческое право: учебник. II бөлім. В.Ф.Попандуполовның, В.Ф.Яковлева-ның басшылығымен. СПб, 1998. 360-361-беттер.

айтуға болады:

1) *мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметі* (яғни мемлекеттің сауда, экономика, туризм және т.б. садаларда басқа мемлекетгермен ынтымақтастықты дамыту бойынша жүргізетін қызметі);

2) *заңды және жеке тұлғалардың сыртқы экономикалық қызметі* (ол да екі түрде - кәсіпкерлік (коммерциялық) және коммерциялық емес болуы мүмкін),

Сөйгіп, сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу төмендегілерді: Г) халықаралық көпшілік құқықты; 2) халықаралық жеке құқықты; 3) жеке бір мемлекеттің ішкі заңдарын қамтиды.<sup>33</sup> Құқықты және көпшілік деп болуға сүйене отырып, сыртқы экономикалық қызмет құқығының негізгі екі топтамасын ажыратуға болады: 1) *сыртқы экономикалық қызметті мемлекетаралық реттеу* (көпшілік-құқықтық реттеу); 2) *сыртқы экономикалық қызметті жеке-құқықтық реттеу* (ұлтық-құқықтық реттеу, оның ішінде халықаралық-жеке-құқықтық реттеу).

### 3.2. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілері

Жоғарыда айтылып кеткендей, «Экспорттық бақылау туралы» Заңның 1-бабына сәйкес, экспорт, қайта экспорт, импорт, қайта импорт және енім тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асыратын ҚР заңы және жеке тұлғалары, шетелдік заңды және жеке тұлғалар сыртқы экономикалық қызмет субъектілері бола алады. Бұл жерде «ҚР жеке тұлғалары және шетелдік жеке тұлғалар» деген түсініктің жоқ екендігін айқындап алу керек. ҚР АҚ-нің 12-бабына сәйкес, *«жеке тұлғалар» деп ҚР азаматтарын, басқа мемлекеттердің азамат-піары және азаматтығы жоқ адсидарды* түсінеміз. Демек, ҚР азаматтарын да, шетелдік азаматтарды да, азаматтығы жоқ адамдарды да қамтитын «жеке тұлға» деген жалпы ұғым бар. Сол себепті Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары (ҚР азаматтары, шетелдік мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар), заңды тұлғалары және шетелдік заңды тұлғалар **сыртқы экономикалық қызмет субъектілері** болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан Респуб-ликасы және шетелдік мемлекеттер де сыртқы экономикалық қызмет субъектілері болып санала алады. Алайда, негізінен, сыртқы эконо-микалық қызмет субъектісі - заңды тұлға болып табылады.

Сыртқы экономикалық қызмет субъектілері ретіндегі заңды тұлғаларды үлкен екі топқа: 1) *ҚР заңды тұлғалары*; 2) *шетелдік заңды тұлғалар* деп болуға болады. Өз кезегінде, ҚР заңды тұлғалары сыртқы экономикалық қызмет субъектілері ретінде тағы екі топқа бөліне алады: 1) Қазақстан

---

туралы ксіірек танысыңыз: Қ.С.Мәуленов. Бірлескен ксіпорындардқш, шетелдік ксіпорындардың және трансұлтық корпорациялардың құқықтық жағдайы. - Алматы: Дәнекер, 2000. 38-бет.

<sup>33</sup> Қараңыз: Н.Н.Вознесенская. Правовые формы совместного предпринимательс-тва и практика СССР.// Советское государство и право. 1985. № 3. 60-62-беттер.

Республикасының шетелдік капитал қатыс- пайтын заңды тұлғалары, мұнда қатысудың бар үлесі немесе акциялар пакеті тугелдей ҚР азаматтарына, ҚР заңды тұлғаларына немесе мемлекетке (Қазақстан Республикасына) тиесілі; 2) шетелдіктер қатысатын заңды тұлғалар.

Жалпы алғанда, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, қазақстандық құрылтайшылар ғана құрған заңды тұлғалар және шетелдік құрылтайшылар дербес құрған немесе қазақстандық құрылтайшылармен бірігіп құрған заңды тұлғалар қазақстандық заңды тұлғалар немесе **Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары** болып табылады (ойткені тіркеуден кейін олардың барлығы да қазақстандық заңды тұлға мәртебесіне ие болады). Өз кезегінде, ҚР заңды тұлғалары: **толығымен қазақстаниялық құрылтайшылар меніңше жататын кәсіпорындар және шетелдіктер қатысатын кәсіпорындар** болуы мүмкін. Соңғыларға бар жарғылық капиталын шетелдік құрылтайшылар құрған кәсіпорындарды да, жарғылық капиталын шетелдік және қазақстандық құрылтайшылар құрған кәсіпорындарды да (**бірлескен кәсіпорындар** деп аталатын) жатқызуға болады. Шетелдік капиталдың қатысуы бар- жоқтығына қарамастан, заң шығарушының заңды тұлғаларға қоятын басты талабы - ол заңды тұлғаның ҚР аумағында және ҚР заңдары бойынша құрылуы. ҚР заңдары бойынша, **шетелдік ұйымдар** болып ҚР аумағынан тыс тиісті шетелдік мемлекет заңдарына сай құрылған заңды тұлғалар (компаниялар, фирмалар, ұйымдар және т.б.) табылады.

Өз кезегінде, бірлескен кәсіпорындар әртүрлі, мысалы, **шарттық және корпорациялық** болып бөліне алады. Бірлескен кәсіпорындарды шарттық және корпорациялық деп бөлуді **Ұлыбритания мен АҚШ**. сондай-ақ отарлық билік заманынан бері қарай мұрагерлікпен ағылшындық құқық жүйесін сақтап келген мемлекеттер мойындайды.<sup>34</sup> Шарттық түрдің корпорациялық түрден негізгі айырмашылығы - олардың құқықтық рәсімделуінде және ішкі құрылысында болып отыр, "әйтсе де екі жағдайда да олардың құрылуы шартқа негізделген. **Канада мемлекеті** бірлескен кәсіпорындардың үш түрін мойындайды, олар: 1) бірлескен кәсіпорындардың шынайы немесе классикалық түрпаты (ол келісімге қатысушылардың қаражаттары мен күштерін біріктіру жолымен нақты бір жобаны жүзеге асыруға бағытталған келісімге негізделген ұйым болып табылады); 2) «толымды серік- тәстік» немесе ағылшындық құқықтың сауда-сағтық серіктестігі түрлерінің бірі (бірлескен кәсіпорынның классикалық түрпатына қарағанда, салық органдары үшін табыстарды толымды серіктестіктің езі санағанын талап ететін түрі); 3) заңды тұлға түріндегі бірлескен кәсіпорын.

Шетелдік кәсіпорындардың қабылдаушы мемлекет аумағындағы кәсіпкерлік қызметі, негізінен, келесідей **формаларда** жүзеге асырылады:

1) кәсіпкерлік шарттар жасасу (оның ішінде кәсіпорындар, қатысу үдестерін (үлестік жарналар, акциялар), мемлекеттік бағалы қағаздар және т.б.

---

<sup>34</sup> Оқыңыз: У.Х.Бобоев. К вопросу об организационно-правовых формах совместной хозяйственной деятельности. // Государство и право. Душанбе. 2003. № 3. 94-95-беттер.

сатып алу); 2) заңды тұлға қуру (оның ішінде бірлескен кәсіпорындар, толығымен шетелдік қатысушыға жататын кәсіпорындар, еншілес кәсіпорындар); 3) шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын, өкілеттіктерін құру.

Қорыта келе, сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына байланысты ҚР заңдарында тағы «резидент» және «резидент емес» деген түсініктер де қолданылатынын айтқан жөн. «Валюталық реттеу туралы» Заңның і-бабы, 15-тармағына сәйкес, **резиденттерге** жата- тындар:

- ҚР азаматтары, оның ішінде уақытша шетелде жүргендер не- месе ҚР мемлекеттік қызметімен оның аумағынан тыс жерлерде жүр- гендер, бірақ шетелдік мемлекетте тұрақты тұруға құқық беретін, сол мемлекеттің заңына сәйкес алынған құжаты бар ҚР азаматтарынан басқа;

- шетелдіктер және азаматтығы жоқ, бірақ ҚР аумағында тұрақты тұруға құқық беретін құжаты бар адамдар;

- ҚР заңдарына сай құрылған, ҚР аумағында мекенжайы бар барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың ҚР аумағында және одан тыс жерлерде мекенжайы бар филиалдары мен өкілеттіктері;

- Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлердегі Қазақ- станның дипломатиялық, сауда-сағтық және басқа да ресми өкілет- тіктері,

Резидент еместер болып жоғарыда көрсетілмеген жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілеттіктері танылады («Валюталық реттеу туралы» Заңның і-бабы, 10-тармағы). Сол себепті **резидент еместерге** мыналарды жатқызуға болады:

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық беретін құжатсыз шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

- шетелдік мемлекетте тұрақты тұруға құқық беретін құжатты сол мемлекеттің заңына сай алған ҚР азаматтары;

- ҚР аумағынан тыс шетелдік мемлекеттің заңы бойынша құрыл- ған шетелдік заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері;

~ шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық, сауда-сағтық және басқа да ресми өкілдіктері; халықаралық ұйымдар.

### 3.3. Сыртқы экономикалық қызметті валюталық реттеу

Қазақстан Республикасында сыртқы экономикалық қызметті валюталық реттеудің құқықтық негіздерін валюталық реттеу туралы заң және басқа нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Валюталық реттеуді орнықты экономикалық осуге қол жеткізу және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясатты қолдау мақсатында ҚР Ұлттық банкі, сондай-ақ жалпы қу.зыретті органдар (ҚР Үкіметі және басқа мемлекеттік органдар) жүзеге асырады. Валюталық реттеудің негізгі органы ретінде **ҚР Ұлттық банкі:**

1) резиденттің валюталық құндылықтарды пайдалануға байла- нысты қызметін валюталық реттеу туралы заңға сай жүзеге асыруын талап етуді,

2) резиденттердің және резидент еместердің валюта операция- ларын,

оның ішінде валюталық реттеу режимш жүзеге асырудың мынандай тәртіптерін:

- тіркеу (тіркеу режимі валюта шартын тіркеуді және кейінінен резиденттің тіркелген валюта шарты бойынша мәліметтер беруін білдіреді);

- хабарлама (хабарлау режшүп валюта операцияларынын резиденттері-қатысушылары және (немесе) өкілетті банктер, сондай-ақ валюта операцияларын клиенттердің тапсыруымен орындайтын бағалы қағаздар нарығына қатысушы кәсіби мамандар белгілеген тәртіпте ҚР Ұлттық банкіне ақпарат беруі және содан кейін өткізілген операциялар және валюта шарттарынын өзгерістері туралы да ақпарат беруін білдіреді);

3) қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларына мониторинг (валюталық мониторинг) жария- лау тәртібін;

4) валюта операциялары бойынша уәкілетті мемлекеттік орган- дардың құзыретіне сәйкес олармен келісе отырып, барлық резиденттер де, резидент еместер де орындауға міндетті есеп-қисап және есептеме формаларын белгілейді.

«Валюталық реттеу туралы» Заңның 13-бабына сәйкес, **резидент- тер арасын.Оагы валюта операцияларына** тыйым салынады, ал тыйым салынбайтын операциялар төмендегідей:

1) тараптардың біреуі ҚР Ұлттық банкі және (немесе) ҚР Қаржы министрлігі болып табылатын операциялар;

2) банк операцгошарына және уәкілетті банктер және уәкілетті ұйымдар оларға берілген лицензияларға және (немесе) ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асыруға құқылы басқа да операцияларға жатқызылатын валюталық құндылықтармен жасалатын операциялар;

3) валюта операцияларын өткізу бойынша банк қызметтерін төлеу, сондай-ақ банк қызметтерін шетелдік валютамен көрсетуді қарастыратын шарттар бойынша айыпақы (айыгшұлдар, өсімдер) төлеу;

4) резиденттердің шетел валютасымен шығарған бағалы қағаз- дарын сатып алуға, сатуға, сыйақы төлеуге және (немесе) өтеуге және резидент еместер шығарған бағалы қағаздарға байланысты опера- циялар;

5) экспортты (импорт) жүзеге асыруға байланысты комиссияның шарттары бойынша аударма аккредитивтерін төлем түрінде пайда- ланған кездегі ақша төлемдері мен аударымдары;

6) шетел валютасындағы вексельдерді ақша міндеттемелерін орындау ретінде беру;

7) бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қолма-қол шетел валло- тасы үшін қызмет көрсетуге валюталық реттеу туралы заңда және ҚР Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талап- тарға сәйкес алынған лицензиясы бар резиденттермен есеп айырысу;

8) қызмсткерлерді ҚР аумағынан тыс жерлерге іссапарларға жіберуге байланысты шығындарды төлеу;

9) жеке тұлға.пардың жеке тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық қызметі қайырымдылық шараларына бағытталған зацды тұлғаларға қайтарымсыз ақша

аударуы немесе валюта құндылықтарын қайтарымсыз беруі;

10) жеке тұлғалардың басқа жеке тұлғалар пайдасына банк салымдарын салуы;

11) ҚР заң актілерінде қарастырылған жағдайларда салықтар мен бюджетке теленетін басқа да міндетті төлемдерді телеуге байланысты операциялар.

**Резиденттер** темендегілерді орындауға:

1) ҚР валюта заңына сәйкес, тараптардың келісімі бойынша резидент еместермен ұлттық және (немесе) шетелдік валютада мәмілелер жасасуға;

2) резидент еместермен жасалатын операциялар бойынша шетелдік валютамен вексельдер шығаруға **құқы.ты.**

**Резидент еместер:** салымдар (депозиттер), бағалы қағаздар, қарыз беру және валюталық реттеу туралы заңда кезделген тәртіпте резиденттермен жасалған басқа да валюталық операциялар бойынша шектеусіз дивидендтер, сыйақылар және басқадай табыстар алуға және аударуға **құқылы.** ҚР аумағында резидент еместермен валюта операциялары заң тәртібімен белгіленген талаптарды есепке ала отырып, шектеусіз жүзеге асырылады.

**Резиденттердің және резидент еместердің валюта операциялары бойынша төжыдері мен аударындары** уәкілетті банктердеп шоттар арқылы жүзеге асырылады (төмендегілерді қоспағанда);

1) жеке тұлғалардың төлемдері мен ақша аударымдары және ҚР аумағында ұлттық валютамен соғардың пайдасына ақша аудару;

2) жеке тұлғалардың уәкілетті банктерде шот ашпай-ақ жүргізілетін ақша аударымдары;

3) жеке тұлғалар мен бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қолма-қол шетел валютасы үшін қызмет көрсетуге ҚР Ұлттық банкі берген лицензиясы бар заңды тұлғалар арасындағы төлемдер;

4) жеке тұлғалар мен уәкілетті банктер немесе уәкілетті ұйымдар арасындағы солардың айырбастау орындары арқылы жасалатын төлемдер;

5) заңды тұлғалар-резиденттердің резидент емес қызметкерлеріне жалақы төлеуі, сондай-ақ заңды тұлғалар-резидент еместердің резидент қызметкерлерге және резидент еместерге шетел валютасымен жалақы төлеуі;

6) заңды тұлғалардың қызметкерлерді ҚР аумағынан тыс жерлерге іссапарларға жіберуге байланысты шығындарды шетел валютасымен төлеуі;

7) жеке тұлғалар мен өз қызметтерін ҚР кеден аумағында кеден бақылауымен халықаралық қатынастар үшін ашық әуежайларда, порттарда және шекаралық аймақтарда жүзеге асыратын заңды тұлғалар-резидент еместер арасындағы төлемдер;

8) төлемдер және ақша аударымдары туралы ҚР заңында көзделген сома шегінде заңды-тұлғалар-резиденттер мен өз қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын резидент еместер арабейшадағы ұлттық валютамен жасалатын төлемдер;

9) чек, вексель беру арқылы жасалатын төлемдер;

10) валюталық реттеу туралы заңда белгіленген тәртіппен ашылған



шетел банктеріндегі шоттар арқылы төлемдер жасау және ақша аудару;

II) ҚР Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерімен козделген жағдайларда, резидент еіместердің шетелдік банктердегі шоттарынан резиденттің міндеттерді орындауы есебіне жасаған төлемдері және ақша аударымдары.

ҚР аумағында валюта операцияларын еткізу барысында алған заңды тұтға-резиденттердің және резидент еместердің қолма-қол шетел валютасы уәкілетті банктердің шотына міндетті түрде есепке алынуға тиіс.

**Жеке тұлғалар - резиденттер және резидент еместер** белгі- ленген сома шегінде уәкілетті банктерде шот ашпай-ақ, төмендегідей операцияларды:

1) ҚР аумағында, ҚР-дан және ҚР-ға қайтарымсыз акіна аударуды (салық, лицензия төлемдерін, айыппұлдарды, мура соадасын, алимент- терді, гранттарды және т.б.);

2) Қазақстан Республикасынан: жеке іу иайыц кәсіпкерлік кызмето жүзеге асыруына байланыссыз және сояарға қатысты валютальц реттеу туралы заңда лицензиялау, тіркеу, хабарлау талаптары белгіленбеген баскадай ақша аударымдарын аударуды жүзеге асыра алады.

Резиденттер де, резидент еместер де ҚР-да шетел валютасын сату және сатып алу онсрацияларын тек қана мааегті банктер, олардын айырбастау орындары, сондай-ақ өкілегті ұйымдардың айырбастау орындары арқылы, ҚР Ұлттық банкі белгілеген тәртіштен жүргізеді. Уәкілетті банктер Қазақстан Республикасында да, шетелдс де оларға берілген лицензияға немссе ҚР заң акілерімен берілген құқыкка сәйкес, еркін сатыш ала да, сата да алады.

**Жеке тұлғаар - резиденттер және резидент еместер** Қазақ- стан Республикасынан қолма-қол шетел валютасын 10 мың АҚШ долларының балама сомасынан аспайтын мөлшерде, шығарылатыш қолма-қол соманың шыққан тегін растайтын құжаттарсыз-ақ сыртқа әкете алады. 10 мың АҚШ долларының балама сомасынан асатын қолма-қол ақшаны сыртқа шығару үшін, ҚР кеден органдарына олар- дың шыққан тегінің заңдылығын растайтын құжаттар көрсетілуге тиіс.

ҚР-ға жеке тұлғалар резиденттер және резидент еместердің қолма-қол шетел валютасын және (немесе) 3 мың АҚШ доллары баламасынан асатын ұлттық валютаиы алып келу және сыртқа шы- ғару - кіретін немесе шығатын қолма-қол шетел валютасының және (немесе) ұлттық валютаның барлық сомасына ҚР кеден органында кеден мағлұмдамасын беру жолымен міндетті мағлұмдауға жатқы- зылады. Қазақстан Республикасына нақты құны ұлттық және шетелдік валютамен белгіленген төлем құжаттарын (вексельдерді, чектерді, оның ішінде жол чектерін) кіргізу және одан шығару жазбаша мағлұмдауға жатпайды және шектеусіз жүзеге асырылады,

Қазақсан Республикасындағы резидент еместердің және шетел- дегі резиденттердің тура инвестициялары, резиденттердің резидент еместерге және резидент еместердің резиденттерге 180 күннен асатын мерзімге берген қарыздары тіркеу режимінде жүзеге асырылады.

Капитал қозғалысының басқа операцияларына: 1) ҚР заң актіле- рімен

жылжышайтын дүние-мүлікке жатқызылғаннан басқа, жылжы- майтын мүлікке меншік құқын алу; 2) зияткерлік меншік нысандарына деген дара құқықты иелену; бірлескен қызметке қатысушының міндеттерін орындауы үшін ақша және басқа мүлік беру.

Резидент еместер уәкілетті банктерде шетелдік валютада шек- теусіз шот ашады, бірақ егер ҚР заң актілерінде басқадай көзделмесе, резиденттер де шектеусіз шот аша алады.

ҚР Ұлттық банкі уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың ҚР валюта заңыш бұзғаны анықталған жағдайда, ҚР заңдарында көзделген ықпал ету шараларын қолдануға құқылы. Шетелдік валюта айырбастау операцияларын өткізу тәртібі уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйым- дардың өздерінің айырбастау орындары арқылы бұзғаны анықталған болса, онда ҚР Ұлттық банкі айырбастау пунктiнiң тіркеу куәлігінің жұмыс істеуін 6 айға дейін тоқтатуға құқылы. ҚР валюта заңын лицензия алушылар бұзғаны анықталса, ҚР Ұлттық банкі лицензия жұмысын тоқтатуға құқылы.

***ҚР валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер:***

1) валюталық бақылау органдары өткізген тексерулердің нәтиже- лері туралы анықтамалармен танысуға;

2) ҚР заңдары белгілеген тәртіпте валюталық бақылау органдары мен агенттерінің әрекеттеріне шағымдануға;

3) ҚР заңдарында кезделген басқа құқықтарды жүзеге асыруға ***құқылы***.

***ҚР валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер:***

1) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне барлық сұралған құжаттарды және ҚР Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдердегі валюталық операциялардың жүзеге асырылуы туралы мәліметтерді беруге;

2) валюталық бақылау органдарына олар откізіп жатқан тексеру- лер барысында, сондай-ақ солардың қорытындылары бойынша түсі- ніктемелер беруге;

3) жүргізілетін валюта операциялары бойынша есеп жүргізуге және ҚР Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгі- ленген мерзім ішінде олардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, есея-қисап тодтыруға;

4) валюталық бақылау органдарының анықталған заң бұзушы- лықтарды жою туралы талаптарын (нұсқауларын, ұйғарымдарын) орындауға;

5) өздерінің тұрақжайларына валюталық бақылау органдарының кіруіне, олардың құжаттарды алуына және олар тексеру жүргізіп жатқаа уақытта деректер қорына кіруіне рұқсат етуге ***міндетті***.

Қолданылып жүрген заңдарда ҚР экономикалық қауіпсіздігіне және оның қаржы жүйесінің орнықтылығына қауіп төнген жағдайда, егер экономикалық саясаттың басқа құралымен мәселе шешілмейтін болса, онда арнайы рұқсат режимін енгізу мүмкіндігі қарастырылған («Валюталық реттеу

туралы» Заңның 32-бабы).

#### **3.4. Сыртқы экономикалық қызметті кәсіпкерлердің қатысуымен кедендік реттеу ерекшеліктері**

Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу деп: екілеттік мемлекеттік органдардың тауарлар мен көлік құралдарын ҚР кеден шекарасынан алып өту ережелерін белгідеу және жүзеге асыру (сондай-ақ кеден қызметін керсету бойынша кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру), осы ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оларды бұзғаны үшін, ҚР заң актілерінде кезделген тәртіпте жауапкершілік шараларын қолдану қызметін түсіну керек.

Кедендік реттеуге тап болған *сырпыңы экономикачъың қызметтің субъектілері* болып коммерциялық мақсатта тауарлар мен көлік құралдарын ҚР кеден шекарасы арқылы алып өтетін тұлғалар саналады. Сонымен бірге кәсіпкерлік (бірақ сыртқы экономикалық емес) қызмет субъектілері қатарына кәсіпкерлік қызметті кедендік қызмет керсету бойынша жүргізетін басқа да тұлғаларды жатқызуға болады.

Кедендік реттеу саласындағы негізгі арнайы заң актісі Қазақстан Республикасының 2005 ж. сәуірдің 5-інде қабылданған 401-ІІ Кеден кодексі болып табылады, онда барлық тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын тең негіздемелерде ҚР-ға алып келуге, ҚР-дан алып кетуге және ҚР аумағы арқылы алып өтуге құқық берілген (Кеден кодексінде және ҚР-да тіркелген халықаралық шарттарда (8-бап) көзделгеннен басқа жағдайларда).

*Тауарлар мен көлік құралдарын ҚР кеден аумағына енгізгенде*, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу шарты болып іс жүзінде кеден шекарасын кесіп өту және ҚР кеден заңында белгіленген эрекетгерді жасау саналады. ҚР кеден аумағын құрлық жер, аумақтық су (теңіз) және ішкі сулар, солардың үстіндегі эуе кеңістігі, сондай-ақ ҚР континенталдық қайраңында жатқан жасанды аралдар, қондырғылар, құрылыстар және соларға байланысты ҚР кеден ісінде айрықша құқық иеленетін басқа нысандар құрайды (Кеден кодексі 6-бабының 1 -тар- мағы).

*Тауарлар мен көлік құралдарын ҚР аумағынал шығарған кезде*, өткізу шарты - кеден мағлұмдамасын беру немесе тауарларды және көлік құралдарын шығаруға бағытталған басқа да бір эрекет негіз болып болуы керек. Оларға жататындар;

1) ҚР шегінен тыс шығатын жеке тұлғаның кеден бақылауы аймағына кіруі;

2) тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін адамның тауарлар мен көлік құралдарын ҚР аумағынан шығару туралы хабарлама табыс етуі;

3) ҚР кеден шекарасына шығару мақсатында, автокөлік құралын ҚР кеден шекарасы арқылы өткізу пунктіне кіргізу;

4) ҚР кеден аумағы шегінен шығару үшін, көлік саласында кәсіпкерлік қызмспен айналысатын адамдарға немесе халықаралық пошта жөнелтімдерін орындайтын ұйымдарға тауарларды өткізу.

Қолданылып жүрген заңдарда 17 *кеден режимі* белгіленген;

- 1) тауарларды еркін айналысқа шығару; 2) тауарларды қайта импорттау;
- 3) кеден қоймасы; 4) бажсыз сауда дүкені; 5) тауарларды кеден аумағында өңдеу; 6) тауарларды еркін айналыс үшін өңдеу;
- 7) тауарларды кеден аумағынан тыс өңдеу; 8) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша енгізу; 9) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша шығару; 10) тауарларды экспорттау; 11) тауарларды қайта экспорттау; 12) тауарлар транзиті; 13) тауарларды жою; 14) мемлекет пайдасы үшін тауарлардан бас тарту; 15) еркін кеден аймағы; 16) еркін қойма; 17) арнайы кеден режимі (Кеден кодексінің 16-бабы).

ҚР кеден ісін жетілдіру және кедендік әкімшілік басқарудың тиімді әдістерін енгізу мақсатында кеден органдары сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен өзара байлапыста әрекет етеді; кеден органдары кеден ісі мәселелері бойынша ҚР нормативтік құқықтық актілерін даярлауға сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тартуға құқылы; сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар заңдармен белгіленген талаптарға сәйкес міндеттеме-лердің орындалуын қахчтамасыз ететін адамдар бола алады (Кеден кодексінің 28-бабы).

Заңдарда алып келуге және сыртқа шығар>та тыйым салынған немесе шектелген тауарлар мен көлік құралдарын әкелу және сыртқа шығару кезінде туындайтын әртүрлі құқықтық зардаптар қарас- тырылған. *Алып келуге және сыртқа шығаруға тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдары* дереу ҚР кеден аумағынан шығарылуға немесе тиісінше көрсетілген аумаққа қайтарылуға тиіс, егер ҚР заң актілерінде немесе ҚР-да тіркелген халықаралық шарттарда мұндай тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу қарастырылмаса (тауарлар мен көлік құралдарын алып кетуді немесе қайтаруды тауарлар мен көлік құралдарын алып келген адам немесе тасымалдаушы орындайды). ҚР аумағына *амып келуге* немесе көрсетілген аумақта тыс *шығару шектеу қойылған тауарлар мен көлік құралдарын* заң актілерінде немесе Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптар сақтатқан жағдайда, ҚР кеден органдары шығарады.

Кедендік реттеу шаралары, әдетте, *тарифтік* және *тарифтік емес* деп бөлінеді. Тарифтік шараларды (реттеудің тарифтік шаралары) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және басқадай қызметті мемлекеттік реттеу мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасынан өткізу барысындағы кеден тарифін пайдалана отырып, ҚР Үкіметі белгілейді. Тарифтік шаралар кеден баждарын енгізу, өзгерту, алып тастау, сондай-ақ төлемдердің тиісті түрлері бойынша жеңілдіктер беру сияқты әрекеттермен сипатталады. Кеден баждары мөлшерлемелерінің төмеіндегідей түрлері бар: салық салынатын тауарлардың кедендік құнына пайыздармен есептелетін адвалорлық мөлшерлеме; салық салынатын тауарлардың бір бірлігі үшін белгіленген көлемде есептелетін арнайы мөлшерлеме; кеден салығын салудың аталған екі түрін де біріктіретін аралас мөлшерлеме.<sup>1</sup>

*Тарифтік емес шаралар* (реттеудің тарифтік емес шаралары) кеден

баждарына тікелей байланысты емес. Оларға жататындар: 1) тауарлар мен көлік құралдарын ҚР-ға алып келуге және ҚР-дан шығаруға тыйым салу және шектеу; 2) үлес (квота) беру (яғни белгілі Цр тауарларды алып келу және сыртқа шығару бойынша сандық және құндық шектеулер); 3) лицензиялау (яғни ҚР кеден шекарасынан белгілі бір тауарларды өткізуге арнайы рұқсат беру); 4) тауарлардың қауіпсіздік бойынша стандарттар мен талаптарға (оның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитарлық-эпидемиялық, ветеринарлық, фитосанитарлық, радиациялық, экологиялық стандарттарға) сәй- кестігін растау; 5) ҚР заң актілері және (немесе) ҚР Үкіметінің нормативтік қаулыларында белгіленген басқа талаптар.

Қазақстаы Республикасында томендсгідей **кеден төлемдері** қолданылады:

1) **кеден баждары** (кеден баждары ҚР кедендік тарифтеріне сәйкес шарттары кеден баждарын төлеуді белгілеген кеден режим- дерінде тауарларды мағлұмдау кезінде төленеді);

2) **кеден алымдары** (кедендік рәсімдеу үшін кеден алымы; тауарларды бірге алып жүру үшін кеден алымы, тауарларды сақтау үшін кеден алымы деп төленеді);

3) **алымдар** (кеден қоймасын және уақытша сақтау қоймасын жасауға, кеден тасымалдаушысы және кеден брокері қызметші жүзеге асыруға лицензия беру үшін алынады);

4) **алдын ала шешім үшін ақы** (тауардың шыққан елін және кедендік құнын жіктеуге, анықтау әдістемесіне байланысты күпі бұрын шешім қабылдау үшін алынады).

Кәсіпкерлік қызметтің дамуына себепші болатын маңызды ынталандыру амалы — ол кедендік төлемдер төлеуден босату түрінде және тарифтік артықшылықтар бсру түрінде («Ксден кодексiнiң» 41- тарауы арнайы кедендік жеңілдіктерге арналған) **кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер беру** болып табылады.

Кедендік баж салықтарын салудан темендегілер босатылады:

1) жүктерді, жол жүктерін және жолаушыларды, сондай-ақ материалдық-техникалық жабдықтау заттарын, саймандарды, отын,

<sup>1</sup> Бүді туралы кеңірек біліңіз: С.Т.Әлібеков. Кеден к^Қығы (Ішкі және халықаралық мәселелер). Оқу және практикалық құрал. - Алматы: «Әділет» Жоғары құқық мектебі, Әділет-Пресс баспасы, 1997. 41-42-беттер.

азық-түлік және жол жүрген уақытта, аралық аялдау бекеттерінде оларды пайдалануға қажетті немесе сол келік күрмдарының апаратын (бұзылуын) болдырмау үшін, ніетелде сатып алынған басқа да мүліктерді халықаралық тасымалдауды тұрақты жүзеге асырып отыратын көлік құралдары;

2) материалдық-техникалық жабдықтау заттары, саймандар, отын, азық-түлік және қазақстандық кемелер немесе қазақстандық адамдар жапға алған, теңіз кәсібімен. айналысатын теңіз кемелерінің өндірістік қызметін қамтамаеыз ету үшін, ҚР кеден аумағынан тыс шығарылатын басқа мүліктер,

сондай-ақ олардың кәсібінің ҚР аумағына әкелінетін өнімдері;

3) ұлттық және шетелдік валюта (нумизматтық мақсатта пайдаланылатындарынан басқа), сондай-ақ ҚР заңына сәйкес келетін бағалы қағаздар;

4) акцизделгендерден басқа, қайырымдылық көмек ретінде ҚР кеден аумағына әкелінетін немесе ҚР кеден аумағынан шығарылатын тауарлар;

5) акцизделгендерден басқа (медициналық мақсаттарға арнайы тағайындалған жеңіл автомобильдерді шығарып тастағанда), ҚР кеден аумағына әкелінетін немесе ҚР кеден аумағынан шығарылатын, техникалық көмек көрсетуді қоса отырып, мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар тарапынан өтеусіз көмек ретінде қайырымдылық мақсаттарыша берілетін тауарлар;

6) ҚР инвестициялар туралы заңына сәйкес келетін тауарлар;

7) ақша белгілерін өндіру үшін, ҚР Ұяғтық банкі және оның филиалдары мен өкілдіктері және ұйымдары әкелген шикізат;

8) кедендік баж салықтарын салудан босатуды қарастыратын кедендік режимдер аясында ҚР кеден шекарасына өткізілетін тауарлар;

9) ҚР Үкіметі белгілеген тауарларды бажсыз алып келудің және сыртқа шығарудың нормалары бойынша, жеке тұлғалардың ҚР кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлары;

10) ҚР «Көші-кон туралы» Заңына сәйкес кедендік баж салықтарын салудан босатылған тауарлар;

11) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, сондай-ақ хачықаралық ұйымдар тарапынан берілген, ҚР салық заңында белгіленген грант қаражаттары есебінен сатып алышатын тауарлар;

12) ҚР Үкіметінің нормативтік қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау үшін өткізілетін бітімгершілік немесе басқадай ілімдер аясында ҚР кеден аумағына әкелінетін немесе осы аумақтан шығарылатын тауарлар;

13) шетелдік дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің (олардың отбасыларының солармен бірге тұратын, ҚР азаматтары болып табылмайтын мүшелерін қосқанда) жеке пайдалануы үшін әкелінетін және шығарылатын тауарлар;

14) ҚР кеден аумағына ҚР дипломатиялық қызметінің қызметкерлері әкелетін тауарлар;

15) ҚР кеден аумағына ҚР кеден аумағы арқылы кейіннен сыртқа шығарылатын акцизделетін тауарларды таңбалау үшін әкелінетін шетелде шығарылған акциздік маркалар.

Кедендік рәсімдеу үшін, кеден алымдарын салудан босатылатындар: мемлекет пайдасына тауардан бас тартудың кеден режиміне мәлімделген, сондай-ақ төмендегілерді шығарып тастағанда жоғарыда аталған тауарлар: ҚР инвестициялар туралы заңына сәйкес келетін тауарларды; ҚР кеден аумағы арқылы өткізілетін кеден баждарын салудан босату козделген кеден режимдері шеңберіндегі тауарларды; ҚР кеден аумағына ҚР дипломатиялық қызметінің қызметкерлері алып келген тауарларды, кейіннен ҚР кеден аумағынан экспортқа шығарылатын акцизделген өнімдерді таңбалау үшін ҚР кеден

аумағына әкелінетін шетелде шығарылған акциздік маркаларды.

Кеден баждарын және алымдарын төлеуден босатумен қатар, жеңілдіктер ретінде **кеден артықшылықтары**, яғни сыртқы экономикалық қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекет-терге кеден бажының мөлшерлемесін азайту түрінде немесе тауар-ларды артықшылықпен әкелуге (шығаруға) квоталар белгілеу арқылы беретін арнайы артықшылықтарды атауға болады.

ҚР Үкіметінің шешімімен **тарифтік артықшылықтар** төмен-дегілерге:

1) ҚР кеден аумағына әкелінетін, ҚР-мен кедендік одақ немесе еркін сауда-саттық аймағын (ТМД шеңберінде) құрған мемлекеттерден шыққан тауарларға, сондай-ақ ҚР кеден аумағынан аталған мемлекеттерге шығарылатын, ҚР-дан кеден баждарын салудан босату түрінде шыққан тауарларға;

2) ҚР кеден аумағына әкелінетін, кеден баждары азайтылған мөлшерлемелер бойынша кеден баждарын төлеу түрінде ҚР-дағы артықшылықтардың ұлттық жүйесін пайдаланатын дамушы мемлекет-терден шыққан тауарларға;

3) ҚР кеден аумағына әкелінетін, кеден баждары азайтылған мөлшерлемелер бойынша кеден баждарын төлеу түрінде ҚР-дағы артықшылықтардың ұлттық жүйесін пайдаланатын аса дамымаған елдерден шыққан тауарларға беріледі.

Сөйтіп, кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметін кедендік реттеу тек директивалық (әкімшілік) шаралар көмегімен ғана емес, сонымен бірге жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге және дамытуі-а бағытталған жанама (тура емес) ықпал ету шаралары көмегімен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Өші-олі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сыртқы экономикалық қызметке анықтама беріңіз.
2. Сыртқы экономикалық, сыртқы сауда-саттық және сыртқы экономикалық кәсіпкерлік қызметтің аражігін көрсетіңіз.
3. Сыртқы экономикалық қызметтің негізгі түрлерін сипаттаңыз.
4. Қандай субъектілер сыртқы экономикалық қызметке қатысу-шылар бола алады?
5. ҚР заңды тұлғаларының және шетелдік заңды тұлғалардың сыртқы экономикалық қызмет субъектілері ретіндегі құқықтық режимдерінші ерекшеліктері неде?
6. Шетелдіктер қатысатын кәсіпорындардың қандай түрлері бар?
7. Қабылдаушы мемлекеттің аумағында шетелдік кәсіпорындардың кәсіпкерлік қызметі қандай формаларда жүзеге асырылады?
8. Сыртқы экономикалық қызметтік қандай субъектілері ҚР заңы бойынша резиденттерге және резидент емес еместерге жатады?
9. Валюталық реттеу органы ретінде ҚР Ұлттық банкі құзыретіне қандай өкілеттіктер кіреді?
10. ҚР резиденттері ерекшелік ретінде қандай валюталық операцияларды жүзеге асыра алады?
11. Резиденттердің және резидент емес еместердің қандай валюталық операцияларын жүзеге асыру үшін арнайы ережелер белгіленген?
12. Жеке тұлға-резидент және резидент емес еместер үшін, заң шығарушы

шетел валютасын Қазақстан Республикасына алып келу және одан шығаруға қандай ережелер белгілеген?

13. ҚР валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместердің қандай құқықтары мен міндеттемелері бар?

14. Сырқы экономикалық қызметті кедендік реттеу ұғымын ашып көрсетіңіз.

15. ҚР кеден аумағына әкелгенде және одан шығарғанда, тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің шарттарын атаңыз.

16. Қолданылып жүрген заңдарда кеден режимдерінің қандай түрлері белгіленген?

17. Алып келуге және сыртқа шығаруға тыйым салынған және шектеу қойылған тауарлар мен көлік құралдарын алып келудің және ҚР-дан шығарудың құқықтық зардаптары қандай?

18. Кедендік реттеу шараларын атаңыз және оларға сипаттама беріңіз.

19. ҚР-да қандай кеден төлемдері өндіріліп алынады?

20. Қандай тауарлар мен көлік құралдары кеден баждарын салудан босатылады?

21. Кедендік рәсімдеу үшін кедендік алымдардан босатылатын тауарлар тізбесін атаңыз.

22. ҚР кеден аумағына әкелінетін қандай тауарлар бойынша тарифтік артықшылықтар беріледі?

#### **4- тарау. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІЦ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

##### **4.1. Банк қызметін құқықтық реттеу**

Банк **қызметі** - бұл банктердің арнайы заңмен белгіленген банк операцияларын және басқадай операцияларды жүзеге асыруы бойынша кәсіпкерлік қызметтің бір түрі. **Кәсіпкерлік қызметтің** бір түрі бола отырып, банк қызметі банктердің кәсіптік және жүйелі негізде жүзеге асырылатын және пайда (табыс) табуға бағытталған бастамашылық дербес қызметі болып табылады. Банк қызметінің өзіне тән өзгешелігі мынада: банктер қызметін жүзеге асыру барысында эртүрлі банк операцияларын және басқа да заңдық маңызы бар әрекеттерді (банктік мәмілелер), сондай-ақ негізгі банк қызметін жүзеге асырудың қолайлы және қауіпсіз шарттарын қамтамасыз етуге байланысты бірқатар әрекеттерді орындайды. Соңғы жағдайда банк қызметіне жататын ақпараттандыру, күзет, қауіпсіздік жүйесі және кредит ұйымының эртүрлі бөлімшелері қызметінің соған ұқсас басқа қосымша түрлері туралы сөз болып отыр.<sup>35</sup> Демек, банк қызметін негізгі екі түрге бөлуге болады: 1) **негізгі** (яғни банктің банк операцияларын жүзеге асыру және банктік мәмілелер жасау жөніндегі қызметі); 2) **қосымша** (яғни банктің банк қызметтерінің

---

<sup>1</sup> Соглашение между Правительством РФ и Межгосударственным банком «Об условиях пребывания Межгосударственного банка на территории РФ» от 30.07.1996 г. в Биоплетень международных договоров. 1998. III 5; Соглашение между Банком России и Межгосударственным банком «О порядке и правилах совершения Межгосударственным банком банковской деятельности на территории РФ» от 02.12.1996 г. // Вестник Банка России. 1999. № 64.



тиімділігін және қауіпсіздігін көтеруге ықпал ететін көмекші қызметі).

Банк қызметін жүзеге асырудың, **құқықтық негіздерін** банктер және банк қызметі туралы заң, 1995 ж. наурыздың 30-ында шыққан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» ҚР Заңы, сондай-ақ өкілетті орган - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің (ары қарай - ҚҚА) нормативтік қаулылары (хмысалы, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 ж. сәуірдің 30-ындағы № 121-ші «Банк ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер жүзеге асыратын банк операцияларына және басқадай операцияларға, бағалы қағаздар нарығындағы қызметке лицензия беру ережелерін бекіту туралы» қаулысы) және ҚР Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілері (мысалы, ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2005 ж. қазанның 29-ындағы «Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» № 134-қаулысы; 2003 ж. шілденің 2-індегі «Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметке лицензия беру ережелерін бекіту туралы» № 257-қаулысы және басқалары) анықтайды.

Банк қызметі - оның **субъектілері**, бір жағынан, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, ал екінші жағынан, банк клиенттері (жеке және заңды тұлғалар) болып табылатындығымен сипатталады.

Банк - бұл банк қызметін жүзеге асыруға өкілеттігі бар коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктер негізгі үш **міндетті** орындайды: 1) **кредиттік** (ақылық, мерзімдік және өтемдік шарттармен ақша қаражаттарын беру); 2) **есептік** (клиенттердің ағымдық шоттарын жүргізу, чектерді төлеу және қаражаттарды клиенттердің шоттарына есепке алу); 3) **депозиттік** (адамдардың белгілі емес топтарынан депозиттер тарту және алынған қаражатты пайда алу мақсатында басқа клиенттер арасында орналастыру)/

Банктің **ресми мәртебесті мойындаудың** міндетті шарттары:

і) банк ретінде әділет органдарында мемлекеттік тіркелу; 2) банк операцияларын өткізуге уәкілетті орган берген лицензияның болуы («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 1-бабы, 2-тармағы) саналады.

Банктің ресми мәртебесін алмаған барлық қалған тұлғалар «банк» деп атала алмайды негізсіз ерін банк қызметімен айналысушы тұлға деп сипаттай алмайды, сонымен бірге негізгі және қосымша қызмет ретінде банк операцияларын орындауға құқылы емес. Жоғарыда айтылғандай, заң шығарушы тек «банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйым» деген түсінікті пайдалануға рұқсат етеді, бірақ заңдық шектеуге қарамастан, олар да банк қызметіне қағысушылар деп танылады, себебі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру бойынша өкілеттіліктері бар (мысалы, айырбастау пункті, ломбардтар және т.б.). Мұндай өкілеттіліктер оларға уәкілетті органның және (немесе) Ұлттық банктің лицензиясымен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға ҚР заң актісіне сай берілген («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 5-бабы). **Лицензиясыз** жүзеге асырылған банк операциялары **заңсыз деп танылады** (бұл қызмет өкілетті емес деп танылады және оған тыйым салынады (ҚР заң

актілері бекіткен шектерде мемлекеттік орган, кредиттік серіктестіктер, поштаның ұлттық операторы, сондай-ақ Қазақстанның Даму банкі өткізетін операциялар бұған жатпайды).

Қазақстанның банк жүйесі екі деңгейлі болып табылады: бірінші деңгейде Ұлттық банк, ал екінші деңгейде ерекше құқықтық мәртебеге *т* Қазақстанның Даму банкінен басқа банктер орналасқан.

Сондай-ақ айрықша құқықтық мәртебе халықаралық шарт негізінде құрылған және жұмыс істейтін *Мемлекетаралық банкте* бар, ал оның құрылтайшылары осы шартқа (келісімге) қол қойған ҚР Үкіметі (немесе ол уәкілеттік берген орган) және мемлекеттің (мемлекеттердің) үкіметі (үкіметтері) болып табылады. Мысалы, *ТМД-нің кейбір мемлекеттері* (оның ішінде ҚР) *цұрған Мемлекетаралық банк* Ресей аумағында кәсіпкерлікпен айналысуға, банк операцияларын орындауға және заңды және жеке тұлғалармен мәмілелер жасауға, бұл қызметтен пайда табуға, сонымен бірге федералдық заң белгілеген бірыңғай ережелерден тыс қала отырып, салықтық және басқадай жеңілдіктер алуға Ресей Үкіметінен және Ресей Банкінен ерекше құқық алған (өйткені ол Ресей заңы бойынша кредит ұйымы болып танылмайды, тіркелуге жатпайды және оның қызметіне лицензия берілмейді).

Ұлттық банк өз құзыреті шегінде банк қызметінің жекелеген мәселедері бойынша реттеу және қадағалау әрекеттерін жүзеге асырады, Атап айтқанда, «Ұлттық банк туралы» Заңның 8-бабында ҚР Ұлттық банкінің банктер ашуға, олардың ерікті түрде қайта құрылуына, таратылуына рұқсат беруі, ҚР аумағында, ал банк-резиденттер үшін республика аумағынан тыс жерлерде банктердің филиалдары мен өкілдіктерін ашуға (оларды қосуға), жеке және заңды тұлғалардың банк және банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуына, банктердің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына, банктерге бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензия беруге рұқсат ететіні, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беретіні қарастырылған.

Екінші деңгейдегі банктер арасынан заң шығарушы «шетелдіктер қатысатын банкті» ерекше бөліп көрсетеді, өйткені оның акцияларының 1/3 бөлігі: ҚР резиденттері еместердің; заңды тұлғалар - ҚР резиденттерінің иелігінде, меншігінде және (немесе) басқаруында, ал акциялардың (қатысушылардың салымдарының) 50%-дан астамы ҚР резиденттері еместердің немесе соларға парапар заңды тұлғалар - ҚР резиденттерінің; ҚР резиденті еместердің қаражаттарын иеленуші (сенімді адамдары) болып табылатын ҚР резиденттерінің немесе жоғарыда көрсетілген заңды тұлғалардың иелігінде, меншігінде және (немесе) басқаруында жатыр («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 3-бабы, 5-тармағы).

Банктер туралы заңның 11-бабына сәйкес, банктер ҚР аумағында және одан тыс жерлерде өздерінің еншілес банктері мен өкілдіктерін ашуға құқылы, ал ҚР аумағында шетелдік банктердің филиалдарын ашуға тыйым салынған. Дегенмен заң шығарушы Қазақстан Республикасында шетелдіктердің қатысуымен банктердің филиалдарын ашу мүмкіндігін (ҚР Ұлттық банкі белгілеген тәртіпте) жоққа шығармайды. Демек, ҚР банк заңына

ҚР аумағында *шетелдік банктердің қатысуы түрлерін шектеу* тән болып саналады, өйткені шетелдік банктердің филиалдарын ашуға емес, шетелдіктердің қатысуымен банк филиалдарын ашуға рұқсат беріліп отыр.

Кәсіпкерлік қызмет түрі іспетті банк қызметінің өзіне тән ерекшелігі - оның банктер және банк қызметі туралы заңда белгіленген *банк операцияларының* және *басқа да операциялардың* жиынтығы болып табылатындығы. Сөйтіп, заң тұрғысынан алғанда, банктер жүзеге асыратын операциялардың екі тобы ажыратылады: 1) банк операциялары; 2) банктер жүзеге асыратын басқа да операциялар.

Бірінші топқа банк операцияларының келесідей түрлері кіреді:

1) депозиттер қабылдау, заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

2) депозиттер қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

3) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

4) жеке және заңды тұлғалардың белгілі бір тұлғаға тиесілі тазартылған асыл металдардың және асыл металдан жасалған тиын-дардың мәннеттердің нақты саны көрсетілетін металл шоттарын ашу және жүргізу;

5) қасшық операциялар: депозиттер қабылдаған кезде қолма-қол ақша қабылдау және беру, заңды және жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу; аударылатын, есептік, банктік қарыз операциялары, оның ішінде оларды ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, буып-түю және сақтау;

6) аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер және ақша аудару бойынша тапсырмаларын орындау;

7) есептік операциялар: жеке және заңды тұлғалардың вексельдерін және басқа борыштық міндеттемелерін есепке алу;

8) банктік қарыз операциялары: банктің, ипотекалық ұйымның, атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқы бар брокердің және (немесе) дилердің және акциялардың бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке немесе ұлттық басқарушы компанияға жататын заңды тұлғаның ақылы, мерзімдік және өтемдік шарттармен ақшалай кредит беруі;

9) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;

10) банкноттардың, мәннеттердің және ісқұндылыктардың инкассациясы;

11) төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау (клиенттің тапсыруы бойынша банктің ақша алу және банк шотына жатқызу операциясы);

12) аккредитивті ашу (көрсету) және растау, сол бойынша міндеттемелерді орындау;

13) банктердің ақшалай түрде орындалуын қарастыратын банктік кепілдіктер беруі;

14) банктердің ақшалай түрде орындалуын қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банктік кепілгерлік және басқадай міндеттемелер беруі.

Екінші топқа лицензиясы болған жағдайда банктер жүзеге асыруға құқылы операциялардың төмендегідей түрлері жатады:

1) күймалар түріндегі тазартылған асыл металдарды (алтын, күміс,

платина, платина тобына жататын металдарды). асыл метал- дардан жасалған тиындарды сатып алу, кепшдікке алу, есепке алу, сақтау және сату;

2) құрамында асыл металдар және асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілдікке алу, есепке алу, сақтау және сату;

3) вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау; төлеушінің вексельдерді төлеуі бойынша қызметтер көрсету, сондай-ақ ескертпе (домицилий) вексельдерін төлеу, делдалдық тәртібімен вексельдер акцептісі (төлеуге дайын болуды қуаттау);

4) лизинг қызметін жүзеге асыру;

5) өзінің бағалы қағаздарын шығару (акциялардан басқа);

6) факторингтік операциялар: тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алушыдан төлемеу тәуекеліне бара отырып, төлеуді талал ету құқығын иелену;

7) форфейтинг (сыртқы экономикалық операцияларды несиелеу) операциялары: сатушының айналымынсыз вексельдерді сатып алу жолымен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыттық міндеттемелерін төлеу;

8) сенімділік операциялары: ақшаларды, ипотекалық қарыздар бойынша талаи ету құқықтарын және тазартылған асыл металдарды сенімгердің мүддесінде және соның тапсыруымен басқару;

9) сейфтік операциялар: клиенттердің құжат түрінде шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша сейф жәшіктерін, шкафттар мен тұрақжайларды жалға беруді қоса отырып, қызметтер көрсету.

Одан езге, банктерге бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің томендегідей түрлерін жүзеге асыруға құқық берілген:

1) брокерлік - Қазақстан Республикасының және рейтинг агенттіктерінің бірінің ең аз талап етілетін рейтингін иеленген немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ондайы жоқ, базалық активтерін сатып алудың тізбесі мен тәртібін уәкілетті орган белгілейтін елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, туынды бағалы қағаздарымен жасалатын қызмет;

2) дилерлік - Қазақстан Республикасының және рейтинг агенттіктерінің бірінің ең аз талап етілетін рейтингін иеленген немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ондайы жоқ елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, сондай-ақ базалық активтерін сатып алудың тізбесі мен тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздарымен, басқадай бағалы қағаздарымен «Банктер және банк қызметі туралы» Заң (8-бап) белгілеген жағдайларда жасалатын қызмет;

3) кастодиалдық қызмет (компания акцияларын жауапкершілікпен сақтау жөніндегі банк қызметі);

4) трансфер-агенттік қызмет

Бұл жерде, сонымен бірге заң шығарушының банк операцияларына жатпайтын қызмет түрлерін де белгілейтінш атап өткен жөн. Мұнда Қазақстан Республикасының 2003 ж. наурыздың 6-ында шыққан № 392-ІІ «Шағын кредиттік ұйымдар туралы» Заңы белгілеген тәртіпте шағын кредиттік ұйымдар ретінде тіркелген заңды гүлғалардың шағын кредит беруі бойынша қызмет түрі еоз болып отыр («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 30-

бабы, 3-тармағы).

Маңыздылығы аз емес жағдайлардың бірі' мынау болып табылады: **банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар** банк операцияларының бір немесе бірнеше түрін, яғни бірінші топқа жатқызылған операцияларды орындай алады, ал қалған операцияларды тек банктер жүзеге асырады. Оның үстіне уәкілетті орган немесе Ұлттық банк берген лицензияның болуы міндетті шарт саналады (Қазақстан Республикасының мұндай ұйымның қызметін реттейтін заң актісінде көрсетілген операцияларды лицензиясыз жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген жағдайларды есептегенде. Атап айтқанда, Ұлттық банк банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноттардың, мәнәштердің және құндылықтардың инкассациясын жүргізуге, сондай-ақ қызметі тек қана шетелдік валютаны айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын ұйымдарға (яғни айырбастау пункттеріне) лицензия береді).

Банктердің **шаруашылық дербестігі** және **тәуелсіздігі** сақталған. («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 7-бабы, 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының кез келген себептермен банктердің қызметіне араласуына, ҚР заңында тікелей қозделген жағдайларды қоспағанда, - тыйым салынады. Атап айтқанда, Қаржылық қадағалау агенттігі (ҚҚА) ҚР Үкіметімен келісе отырып, капитал мөлшері теріс банктердің (егер банктің міндеттеме сомасы оның активтерінен артық болса, онда банктің

Г

меншік капиталы теріс болып саналады) акционерлерінің құқықтары мен міндеттемелерін *мәжбүрлі шектеу* туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл шаралар ерекше шаралар болып табылады және ҚР заңдарына сәйкес банктердің кредит берушілерінің мүдделерін қорғау және ҚР банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қабылдануы мүмкін. Мұндай шаралардың қатарына, мысалы, банктің *акцияларды мәжбүрлі сатып алуын* жатқызуға болады. ҚР Үкіметімен келісе отырып, ҚҚА банктің акционерлерінің акцияларын мәжбүрлі сатып алуға және оларды банк капиталының көбеюіне және инвестордың алған міндеттемелерін есепке ала отырып, оның қалыпты жұмыс істеуіне кепілдік беретін шарттармен жаңа инвесторға сатып алынған бағамен сатуға шеппм шығаруға құқылы («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 16-бабы, 8-тармағы).

Банктер акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық формасында құрылады (ол кезде жаңадан құрылған банктің жарғылық капиталын оның акционерлері оны тіркеу сәтіне қарай 50%, ал тіркелген күннен бастап, бір күнтізбелік жыл ішінде толық төлеуге тиіс).

Банктердік құқықтық қабілеті *арнайы* болып табылады, өйткені банктер банк операцияларының және басқа операциялардың орындауға лицензия берілген түрлерін ғана жүзеге асыруға тиіс. Оның үстіне банктер қызметін шектеу жарғыда немесе заңда қарастырылуы мүмкін. Сөйтіп, «Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 8-бабына сәйкес, банктерге кәсіпкерлік қызмет ретінде банк қызметіне жатпайтын операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады. Алайда *банктер* төмендегілердің:

1) қаржы ұйымдарының (банктің сатып алған жарғы капита- лындағы үлестері немесе акциялары, бір заңды тұлғаға шаққанда, банктің меншік капиталының 15%-ынан аспауға тиіс);

2) листингтің ең жоғары санаты бойынша: акциялары қор биржасының тізіміне енгізілген, қаржы ұйымдары болып табыл- майтын, қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын заңды тұлғалардың (бір заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының жалпы санының 10%-ынан артық емес - банктің меншік капиталының 10%-ынан аспайтын мөлшерде);

3) кредит бюроларының, ломбардтардың, ҚР секьюритизация туралы заңдарына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларының, бағалы қағаздарды орналастыру мақсатында құрылған ұйымдар- резидент еместердің, лизинг ұйымдарының, сондай-ақ қызметтері тек банктің операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікті иелену және басқару болып табылатын ұйымдардың, банк қызметін автоматтандыру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың (бір заңды тұлғаға шаққанда, банктің меншік капиталының 15%-ынан артық емес);

4) заңды тұлғалардың: бұл ұйымдардың акциялары немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлестері кепілдік ретінде ҚР азаматтық заңна сәйкес банктердің меншігіне өткен жағдайда;

5) банктер қауымдастықтарының (одақтарының);

6) акционерлік инвестициялық қорлардың - ҚР резиденттерінің (бір заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының жалғыз еанының 10%-ынан артық емес - банктің меншік капиталының 33%-ынан аспайтын мөлшерде);

7) банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мәртебесін иеленуші заңды тұлғалар - ҚР резиденттері емеетердің (бір заңды тұлғаға шаққанда, банк капиталының 15%-ынан артық емес) **акциялары мен жарғы капиталындағы қатысу үлесін сатып ая алады.**

**Банктің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесінің немесе акцияларының, жиынтық құны** төмендегілерден аспауға тиіс:

- қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалар үшін - банктің меншік капиталының 60%-ы;

- сақтандыру ұйымдары үшін - банктің меншік капиталының 40%-ы.

Одан өзге, банктер **қызметтің келесідей түрлерімен** айналысуға **ұқылы!**

1) банктер мен банк операцияларының жскелеген түрлерін орындайтын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

2) банк қызметі мәселелері бойынша арнайы әдебиеттерді ақпаратты берудің кез келген түрінде жүзеге асыру;

3) өз меншігіндегі мүлкті сату;

3-1} төлем карточкаларын және чек кітапшаларын шығару және сату;

3-2) банкаралық клирингі жүзеге асыру (төлемдерді жинау, салыстыра тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есепке алынуын жүргізу және клирингке қатысушылар - банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын ұйымдардың таза үстанымдарын анықтау);

4) қарыз алушының кепілдікке берген мүлкін ҚР заңдары белгілеген тәртіпте сату;

5) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет керсету;

6) банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың, секьюритизация туралы ҚР заңына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясының облигацияларын, инфрақұрылымдық облигацияларды, сондай-ақ ипотекалық және басқа да қамтамасыз етілген облигацияларды иеленушілердің мүдделеріне өкілеттік ету;

7) банк қызметі саласында мамандардың біліктілігін көтеруді бойынша оқытуды ұйымдастыру;

8) сақтандыру ұйымдары - ҚР резиденттері атынаи сақтандыру шарттарын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының атынан зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарттар жасау.

Банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың депозит

салушыларының мүдделерін қорғау, сонымен бірге ҚР ақша- кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдау үшін, ҚҚА төмендегідей **шаралар** көмегімен банктер қызметін **реттгүді**. жүзеге асырады:

1) банктер сақтауға тиіс болып табылатын заңдық нормативтер мен басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді, күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы шараларды белгілеу;

2) банктердің орындауы міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық актілерді басып шығару;

3) банктердің қызметін тексеру;

4) банктің қаржылық хал-ахуалын сауықтыру бойынша ұсыныс- тар беру;

5) банктерге ытқпал етудің шектеулі шараларын қолдану;

6) банктерге немесе олардың лауазымды адамдарына айыпақылар салу («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 41-бабы).

Кез келген заңды тұлға сияқты, банк те **ерікті түрде** (акционерлерінің шешімімен және уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда) және **мәжбүрлі түрде** (заңда қарастырылған жағдайларда сот шешімімен) таратылуы мүмкін.

Ағап айтқанда, банктің **мәжбүрлі таратылуы** сот арқылы мынадай жағдайларда орындалады:

1) банк банкроттыққа ұшырағанда;

2) банк заңында қарастырылған негіздемелер бойынша банк операцияларын орындауға берілген лицензиядан банк айырылғанда;

3) заң актілерінде көзделген басқадай негіздемелер бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар, заңды немесе жеке тұлғалар банк қызметінің тоқтатылғаны туралы мәлімдеме (талап-арыз) бергенде («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 70-бабы).

Банк саласында қайта ұйымдастыру және қайта қалпына келтіру шараларын құқықтық реттеудің өзіндік ерекшеліктерінің қатарына төмендепелерді жатқызуға болады: біріншіден, соттарға банкті **мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру** немесе банкке байланысты **қайтадан қаяпъта кептіру** шараларын еткізу туралы мәселені тек уәкілетті органның тиісті қорытындысы негізінде ғана шешу құқы берілген («Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 74-3-бабының 2- тармағы). Екіншіден, банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру, қайтадан қалпына келтіру өндірісі үшін мшдетті шарт - ол банктің өзіндегі барлық депозиттерді мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жыл ішінде мүдделі тұлғаларға қайтаруы болып табылады (бұның орындалмауы банктің мәжбүрлі түрде таратылуына әкеліп соқтырады). Үшіншіден, қалпына келтіру шарасын банк уәкілето органның бақылауымен жүргізеді, ал мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыруды сот белгілеген арнайы басқарушы (басқару бойынша өкілеттік алған ол сотқа және кредит берушілерге қызметі туралы ай сайын мәдімет беріп отыруға тиіс) жүзеге асырады.

#### 4.2. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу

Сақтандыру қызметі - бұл уәкілетті органның ҚР заңдарының талаптарына сәйкес берілген лицензия негізінде немесе ҚР өзара сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыры- латын, сақтандыру



(қайта сақтандыру) шарпарын жасауға және орын- дауға байланыстыт сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі.

Қазақстан Республикасының сақтандыру заңының қалыптасуы ХХ ғасырдың 90 жындарынан, ҚҒ<sup>3</sup>-дің 1992 ж. шілденің 3-індегі «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңы қолданысқа енген кезден бастау алады, ол сақтандыру қызметтерінің нарығын құруға, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектілері мен азаматтардың сақтандыру қорғанысын кеңейтуге бағытталған. Сақтандыру саласында мемлекеттік монополия билеп келген соншама жылдардан соң (бұрынғы КСРО-да тек мемлекеттік сақтандыру болған), алғаш рет **тұтандыру - бұл жеке және заңды тұлғаларды сақтандыру жағдайларының зардаптарынан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлік қызметінің бір түрі екені заң тұрғысынан бекітілді** (Сақтандыру туралы Заңның 1-бабы).

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы сақтандыру заңы азаматтық қатынастардың әртүрлі субъектілерінің, оның ішінде кәсіпкерлердің де қатысуы бар сақтандыру қатынастарының реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тұтас бір кешенін құрайды.

Сақтандыру заңы жүйесіне арнайы актілер де, жалпы заң актілері де кіреді (мысалы, «Сақтандыру» деген 40-тарауы 43 баптан тұратын ҚР АҚ-і (ҚР АҚ-інің 803-845 баптары).

Сақтандыру қызметін реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актілерді төмендегідей топтастыруға болады:

1) **жалпы бастауларды және сақтандыру қызметін жүзеге асыру ұстанымдарын белгілейтін актілер** (бұрынғы бұрын, негізгі арнайы заң - 2000 ж. желтоқсанның 18-індегі № 126-Н «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңы;

2006 ж. шілденің 5-індегі № 163-ІІІ «Өзара сақтандыру туралы» ҚР Заңы; РҚ Ұлттық банк Басқармасының 2000 ж. ақпанның 15-індегі № 33-шт «Сақтандыру полисін рәсімдеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» қаулысы; ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 ж. тамыздың 12-індегі № 155-ші «Сақтандыру ұйымының инвестициялық қызмет нәтижесінде алған табыстарында сақтандырылушының (пайда табу- шының) қатысуының Ережелерін бекіту туралы» қаулысы; 2007 ж. сәуірдің 30-ындағы № 122-ші «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметші және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқына лицензия беру Ережелерін бекіту туралы» қаулысы және т.б.).

2) **міндетті сақтандырудың жекелеген түрлерін жүзеге асыру- дың ерекшеліктерін айқындайтын актілер** (Қазақстан Республи- қанының; 2003 ж. сәуірдің 25-індегі № 405-ІІ «Міндетті элеуметтік сақтандыру туралы» Заңы; 2004 ж. наурыздың 10-ындағы Ле 533-ІІ «Өсімдік өсіру шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заңы; 2005 ж. желтоқсанның 13-індегі № 93-ІІІ «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңы және басқалары);

3) **жекелеген субъектілердің азаматтық-құқықтық жауапкер- шілігін міндетті сақтандыру ерекшеліктерін айқындайтын актілер**

(Қазақстан Республикасының: 2003 ж. маусымның 11-індегі № 435-11 «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепi сақтандыру туралы» Заңы; 2003 ж. маусымның 13-індегі 440-ІІ «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндеггі сақтандыру туралы» Заңы; 2003 ж. шілденің 1-індегі *III* 444-ІІ «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы; 2003 ж. желтоқ- санның 31-індегі № 513-11 «Туроператордың және турагенттің азамат- тық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы; 2004 ж. шілденің 7-індегі № 580-ІІ «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты нысандар иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндеггі сақтандыру туралы» Заңы; 2005 ж. ақпанның 7-індегі № 30-ІІІ «Жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеггерін орындау кезінде еміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық- құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы және басқалары).

Зандық тұжырымдамасына сәйкес, *сақтандыру .салаларға, топ- тарға* және *түрлерге* бөлінеді. Осылайша жіктеу қажетгігі мемлекеттік репеу және сақтандыру қызметіне лицензия берудің максаттарына және міндеггеріне байланысты туындады. Атап айтқанда, сақтан- дырудың *негізгі екі сапасы* айқындалды: 1) өмірді сақтандыру; 2) жал- пы сақтандыру.

«Өмірді сақтандыру» саласы сақтандырудың ерікті түрінде төмендегі топтарды қамтиды:

1) *өмірді сақтандыру* (сақтанушы қайтыс болған немесе сақтан- дыру мерзімі біткенге дейін немесе сақтандыру шартында белгіенген

жаска дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінң жиынтығы);

2) **аннуитеттік сақтандыру** (жыл сайын төлем жасау) - бұл зейнетақы немесе рента түрінде сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткен, еңбекке қабілеттігін жоғалтқан (жасы бойынша, мүгедектігі бойынша, ауруы бойынша), асыраушысы қайтыс болған және жұмыссыздық жағдайларында немесе сақтанушының жеке табыстарының төмендеуіне немесе жоғалуына жеткізген басқа жағдайларда, шартпен белгіленген мерзім ішінде немесе өмір бойы кезең-кезеңмен сақтандыру төлемдерін төлеп тұруды қарастыратын жинақтық сақтандыру түрлерінің жиынтығы. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша кезектік сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру талабы сақтандыру төлемдерінің көлемін анықтауға, дәлелдеуге және растауға байланысты емес.

3) **өмірде белгілі бір жағдайдың орын алуына байланысты ШҚтандыру** (сақтандырылушының өмірінде алдын ала айтылған оқиға {некеге түру немесе сәбидің дүниеге келуі) орын алған жағдайларда белгіленген сомада сақтандыру төлемін төлеу қарастырылатын жинақтық сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

4) **сақтандырушының инвестициялық інабысына сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру** (сақтандырылушы қайтыс болған немесе сақтандыру мерзімі біткенге дейін немесе сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайда, сақтанушының (сақтандырылған пайда алған адамның) сақтандыру ұйымының қосымша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру немесе сақтандыру сомасын көбейту көмегімен инвестициялық қызмет жүргізу нәтижесінде тапқан пайдасына қатысу шартымен сақтандыру төлемін белгіленген сомада төлеу немесе сақтандыру төлемін зейнетақы немесе рента түрінде төлеу қарастырылатын жинақтық сақтандыру жиынтығы).

«Жалпы сақтандыру» саласы сақтандырудың ерікті түрінде тамып топтарды қамтиды:

3) **жазатимділікпен сақтандыру** (сақтандырылушы қайтыс болған, еңбекке қабілеттігін (жалпы немесе кәсіптік) жоғалтқан (тшкәтәй немесе ішінара) немесе жазатайым оқиға кесірінен сақтанушының денсаулығына зиян келтірілген, кәсіби ауру-сырқау жағдайларына сақтандыру төлемін белгіленген сомада және (немесе) сақтандырылған адамның шығындарын ішінара немесе толық өтеу мүмкіндігінде жүзеге асыру қарастырылатын сақтандыру түрлерінің жиынтығы. Жазатайым жағдай деп сақтандырылған адамның ағзасына сыртқы механикалық, зиянды, химиялық немесе термиялық әсерлер нәтижесінде оның денсаулығына зиян келтірген, оны мүгедек еткен немесе ОЛМШС себепші болған кенет, адам еркінен тыс, кездейсоқ қысқа уақыттық оқиға саналады);

2) **ауру-сырқау жағдайына байланысты сақтандыру** (жазатайым оқиғадан сақтандыруды қоспағанда, сақтандырылушының ауыруына немесе денсаулығының басқадай бұзылуына байланысты, сақтандыру төлемін белгіленген сомада және (немесе) сақтандырылған адамның шығындарын ішінара немесе толық өтеу мөлшерінде жүзеге асыру қарастырылатын сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

3) *автомобиль көлігін сақтандыру,*

4) *теміржол көлігін сақтандыру,*

5) *эуе көлігін сақтандыру;*

6) *су көлігін сақтандыру* (3-6-тармақтарда атап өтілген көлік құралдарын сақтандыру көлік құралдарын иеленуге, пайдалануға, билік етуге байланысты, көлікті айдап, ұрлап әкетуді қосқанда, сондай-ақ оның бүлінуі немесе жойылуы себепті мүліктік мүдделеріне чалал келтірілген адамға шығындарын ішінара немесе толық өтеу көлемінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру қарастырылған сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

7) *жүктерді ссиқтандыру* (жүктерді иеленуге, пайдалануға, билік етуге байланысты, жолжүгін, тауарларды және өнімдердің басқадай түрлерін қосқанда, сондай-ақ тасымалдау тәсіліне байланыссыз, олардың бүлінуі, жойылуы, жоғалуы себепті мүліктік мүдделеріне залал келтірілген адамға шығындарын ішінара немесе толық өтеу көлемінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру қарастырылған сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

8) *ліуілікті залачдан сақтандыру,* 3-7-тармақтарда көрсетілген топтардан басқа (мүлікті иеленуге, пайдалануға, билік етуге байланысты, оның бүлінуі немесе жойылуы, ұрлануы себепті мүліктік мүдделеріне залал келтірілген адамға шығындарын ішінара немесе толық өтеу көлемінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру қарастырылған сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

9) *автомобиль көліктері иелерінің а ісаіаттық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;*

10) *эуе көліктері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ссиқтандыру;*

11) *су көліктері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру* (9-11 -тармақтарда қарастырылған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - көлік құралын пайдалануы себепті үшінші тұлғаларға келтірілген залалдардың орнын толтыру міндетіне байланысты мүліктік мүдделеріне залал келтірілген адамға шығындарын ішінара немесе толық өтеу көлемінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру қарастырылатын (тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоса алғанда) сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады);

12) 9-11-тармақтарда көрсетілген топтарды есептемегенде, *азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру* (барлық тәуекелдіктерді сақтандыруы себепті үшінші тұлғаларға келтірілген залалдардың орнын толтыру міндетіне байланысты мүліктік мүдделеріне залал келтірілген адамға шығындарын ішінара немесе толық өтеу көлемінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

13) *заеыдарды (қарыздарды) сақтандыру* (сақтанушының (қарыз алушының) кредит беруші алдындағы міндеттемелерін орындамауының нәтижесінде кредит берушіге шығын келтірілген жағдайда сақтандыру төлемдерін төлеуді кездейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

14) *ипотекалық сақтандыру* (қарыз алушының ипотекалық тұрғын үй қарычы бойынша кепіл мүлік болып берілген тұрғын үйдің нарықтық құны төмендеген жағдайда, қарыз алушының ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша шарт міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде кредит берушінің

мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтеуді көздейтін сақтандыру түрі);

15) **кепілдіктер беру және кепілдікке алуды сақтандыру** (кепілдік берген немесе кепілдікке алған адамның кепілдік беру немесе кепілдікке алу міндеттемелерін орындауы нәтижесінде мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтеу көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы);

16) **басқадай қаржы иігіншіларын сақтандыру** (жұмыстан шығып қалу, табысын жоғалту, табиғаттың қолайсыз құбылыстары кезінде, үздіксіз, ойластырылмаған шығындар болғанда, нарықтық құнды жоғалту нәтижесінде шығындар туындағанда және 12-15~тармақтарда көрсетілген тәуекелдіктерді сақтандыруды қоспағанда, қаржылық- шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында басқа да шығындар ғайда болғанда сақтандыру төлемдерін тәдеу көзделген сақтандыру түрлерінң жиынтығы);

17) **сот шығындарын сақтандыру** (сотта іс қаралуына байланысты сақтанушының шығынға ұшырауы нәтижесінде оның (сақтандырылған адамның) шығындарын өтеу үшін сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы).

Сақтандыру салаларына белу уәкілетті орган беретін мынандай **лицезиялар түрлеріне** сәйкес келеді: 1) «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензия; 2) «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандырудың тиісті топтары шегіндегі лицензия.

Заң шығарушы сақтандыру салалары мен топтарын қатар алып жүретін бірқатар **шектелулер** белгілеген. Сонымен, «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметті «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметпен қатар орындауға және жинақтаушы сақтандыру түрінде жүзеге асыруға болмайды. Өз кезегінде, «өмірді сақтандыру» саласындағы қызмет «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметпен қатар жүзеге асырыла алмайды, сақтандырудың міндетті түріндегі тиісті топтар да солай (жазатайым оқиғадан сақтандыру және ауру-сырқау жағдайына байланысты сақтандыруды қоспағанда).

Сақтандыру қызметінің жүзеге асырылып жатқан түрлерін ажыратудың тағы бір белгісі ~ **сақтандыру түрі**, ол сақтандыру ұйымының сақтандырудың бір немесе бірнеше тобы шегінде сақтандыру шартын жасау арқылы даярлайтын және сақтанушыға беретін сақтандыру өнімі болып табылады (мысалы, мүлікті табиғаттың қолайсыз құбылысынан (жер сілкінуі, су тасқыны және т.б.) сақтандыру).

Мазмұны мен шарттары ҚР жеке заң актісімен белгіленген міндетті сақтандыру түрлеріне байланысты айтатын болсақ, олардың әрқайсысы **сақтандыру топы** болып танылады. Атап айтқанда, **міндетті сақтандырудың** ондай түрлеріне мыналар жатқызылады: 1) міндетті әлеуметтік сақтандыру; 2) көлік құралдары иелерінің азаматтық- құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 3) тасымал-даушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 4) есімдік есіру шаруашылығындағы міндетті сақтандыру; 5) жеке

нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;  
б) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;  
7) турагенттер мен туроператорлардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 8) жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 9) міндетті экологиялық сақтандыру; 10) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты нысандар иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;  
11) міндетті медициналық сақтандыру.

*Сақтандырудың негізгі формалары*. ерікті және міндетті; жеке және мүлдіктік; жинақтаушы және жинақтаушы емес,

*Міндеттілік* олармен байланысты сақтандыру ерікті және міндетті болып бөлінеді. Тараптардың еркін түрде ерік білдіруіне негізделген *ерікті сақтандырудан* айырмашылығы - *міндетті сақтандыру* заңмен ұйғарылған арнайы заңдық фактілерге негізделген. Ол сақтандыру қорғанысы қоғамдық мүдделер орын алғанда, мысалы, радиация эсеріне ұшыраған азаматтардың, жолаушылардың және т.б. өмірлері мен денсаулықтарын қорғау үшін қолданылады.

*Сақтандыру нысаны* бойынша сақтандыру жеке және мүлдіктік деп ажыратылады. *Жеке сақтандыруға* азаматтың өмірін, денсау-

<sup>1</sup> ҚР Премьер-министрінің 2003 ж. қауырының 21-індегі № 38-ж «Сақтандыру» заңының міндетті түрлерінің оңтайлы тізбесін бекіту туралы» Жарлығы.

<sup>2</sup> Караныз: С.Н.Садырова. Сақтандыру құқығы; дәрістер курсы. - Алматы, КҚУ ГБО, 2009. 28-29-беттер.

лығын, еңбек қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүлдіктік мүдделерін сақтандыру жатады. *Мүлдіктік сақтандыруға* мүлдікті және соған байланысты мүлдіктік мүдделерді сақтандыру жатқызылады (ҚР АҚ 809-1-бабы).

*Сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздемелері бойынша* сақтандыру жинақтаушы және жинақтаушы емес деп ажыратылады. Жинақтаушы сақтандыру - ол сақтандыру жағдайы туған кезде, оның ішінде сақтандыру шартында белгіленген кезең немесе олардың қайсысының бұрын туындауына байланысты сақтандыру шартында көзделген өзге оқиға аяқталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру (жинақтаушы сақтандыру шарттары тек қана жеке сақтандыру бойынша ғана жасала алады). *Жинақтаушы емес сақтандыру* - ол туындауының ықтималдық және кездейсоқ белгілері бар сақтандыру жағдайы туған кезде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру (ҚР АҚ 809-1-бабы).

Сақтандыру заңы сақтандыру субъектілері ретінде қатысушылардың тек екі санатын мойындайды, олар — сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары, ал қалғандары *сақтандыру нарығына қатысушылар*

жатқызылған. Оның үстіне сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары (оның ішінде сақтандыру қызметтерін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий) сияқты топ ерекше аталып көрсетіледі.

Сонымен, *сақтандыру иарығына қатысушылар* тобына мыналар кіреді:

1) *сақтандыру ұйымы* немесе сақтандырушы (сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде немесе ҚР өзара сақтандыру заңына сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын заңды тұлға);

2) *қайта сақтандыру ұйымы* немесе қайта сақтандырушы (қайта сақтандыру жасау және орындау бойынша қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға);

3) *сақтандыру брокері* (сақтандырушымен шарттар жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының тапсырма-сымен соның мүддесіне өкілеттік ететін немесе өз атынан сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасауға байланысты делдалдық қызмет атқарағын, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша кеңес беру қызметін орындайтын заңды тұлға);

4) *сақтандыру агенті* (бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымының атынан және солардың тапсырмасымен өзіне берілген өкілеттіктерге сәйкес сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызмет атқаратын жеке және заңды тұлға);

5) *сақтанушы* (сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе жеке тұлға);

6) *сақтандырылған адам* (соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылған адам; егер шартта өзгедей кезделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам да бола алады);

7) *пайда алушы* (сақтандыру шартына немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылады);

8) *актуарий* (сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің, сақтандыру сыйақылары мөлшерлемелерінің көлемін экономикалық-математикалық есептеуді жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілетінің және қаржылық орнықтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының өткізіліп жатқан және өткізуге жоспарланған сақтандыру түрлерінің пайдалылығын және табыстылығын бағалайтын, өкілетті органның лицензиясын алған жеке тұлға);

9) *сақтандыруға байланысты кәсіпкерлік қышметті жүзеге асыратын басқа да жеке және заңды тұлғалар.*

Заң шығарушы сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын олардың қызметінің саласы бойынша ажыратқанмен, кептеген аспектілер, мысалы, қызметті құру, лицензиялау, реттеу және тоқтату бойынша олар үшін бірыңғай

ережелер белгілейді (сол себепті «Сақтандыру туралы» Заңның мәтінінде көбінесе «сақтандыру ұйымы» және «қайта сақтандыру ұйымы» деген ұғымдар тең мағыналы және бірдей деп пайдаланылады). Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құқықтық жағдайының *ерекишеліктері* ішінен төмендегілерді атауға болады: 1) сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беру үшін, сақтандыру ұйымына қайта сақтандыру бойынша лицензия тапап етілмейді; 2) сақтандыру ұйымының тәуекелдерді қайта сақтандыруға қабылдауы үшін, қайта сақтандыру лицензиясы қажет; 3) «жалпы сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар ұйым қайта сақтандыру лицензиясын сақтандырудың барлық топтары бойынша тек қана өз саласында ала алады; 4) «емірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар ұйым да қайта сақтандыру лицензиясын осыған ұқсас жағдайда алады; 5) қайта сақтандыру лицензиясы негізінде қайта сақтандыруды қызметтің жалғыз түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы «емірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру» салаларында сақтандырудың барлық топтары бойынша қайта сақтандыруды жүзеге асыра алады («Сақтандыру туралы» Заңның 9-бабы).

Сақтандыру заңында сақтандыру ұйымдары - ҚР резидент еместері үшін шектеу белгіленген, яғни олар ҚР аумағында орналасқан заңды тұлғалардың немесе олардың оқшауланған бөлімшелерінің мүліктік мүдделерін және ҚР резиденті болып табылатын жеке тұлғалардың мүліктік мүдделерін сақтандыруды жүзеге асыра алмайды («Сақтандыру туралы» ҚР Заңының 5-1-бабы, 1-тармағы). ҚР аумағынан тыс жерде жұмыс істеу, білім алу, емделу немесе демалу мақсатында уақытша тұрып жатқан, сақтандыру ұйымымен «ҚР резиденті емес адаммен, бірақ ҚР аумағынан тыс болған уақытқа ғана сақтандыру шартын жасай алатын жеке тұлғалар - ҚР резиденттері үшін ерекше жағдай көзделген.

Сақтандыру қызметі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүзеге асыратын қызметтің негізгі (бірақ жалғыз емес) түрі болып табылады. Демек, «Сақтандыру туралы» Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы *сақтандыру қызметінен басқа, қызметтің келесідей түрлерін жүзеге асыра алмайды.*

1) инвестициялық қызмет;

2) өздерінің сақтанушыларына жинақтаушы сақтандыру шартына сай көзделген сатып алу сомасы шегінде қарыз беру (қызметін «өмірді сақтандыру» саласында атқарып жатқан сақтандыру ұйымы үшін);

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдардамалық қамтамасыз етуді сату;

4) сақтандыру және сақтандыру қызметі бойынша ақпаратты берудің қандай түрінде болса да, арнайы әдебиеттерді сату;

5) бұрын ез қажеттіліктері үшін сатып алынған мүлікті сату немесе жалға беру (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты оның билік етуіне түскен мүлікті сату немесе



жалға беру (сақтандыру ұйымы үшін);

6) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша ақыл- кеңес беру қызметін көрсету;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін кетеру мақсатында оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

8) сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдығын орындау;

9) консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысу;

10) ҚР заңдарына сәйкес бағалы қағаздар қоржынын басқару (қыз- метін «емірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін);

11) сақтандыру ұйымдары арасындағы немесе сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін көрсететін басқа заңды тұлғалар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарғ негізінде жүзеге асырылатын ассистанс;

12) сақтандыру төлемдерінің кепілдік жүйесіне қатысу аясында ҚР заңдарында көзделген қызмет.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кәсіпкерлік қызметің басқа түрлерін жүзеге асыруға құқылы емес, ал мұндай тыйымдар коммерциялық мақсатта мәміделер жаеасуға және басқа заңдық маңызы бар эрекеттер жасауға да салынады.

Сақтандыру ұйымы акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық түрінде құрылған *коммерциялық ұйым* болып табылады. Тұтыну кооперативі түріндегі *коммерциялық емес ұйым* өзара сақтандыру қоғамы болып табылады,

#### 4.3. Көлік қызметін құқықтық реттеу

Келік - ол ҚР аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, қалалық электр, оның ішінде метрояодитен де бар, сондай-ақ ҚР аумағындағы магистральдық құбыр жүргізу келігі (1994 ж. қыркүйектің 21-індегі «Көлік туралы» ҚР Заңының 1-бабы).

Көліктің атқаратын негізгі міндеті халықаралық және ішкі тасымалдаулар мен қызметтерде, тасымалдау нарығын құруда және сонымен байланысты қызметтерде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті тиімді дамытуда халықтың қажетгі.тіктерін дер кезінде және саиалы қамтамасыз ету болып табылады (1994 ж. қыркүйектің 21-індегі «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңының 1 -бабы).

*Жүйе.* ретінде көлік төрт элементтен тұрады: 1) катынас жолдары;

2) тасымалдау құралдары (жылжымалы құрам, кемелер, ұшақтар);

3) көлік құралдары; 4) терминалдар.

*Көпшілік пайдаланатын көлікке* теміржол көлігі, жарияланған тариф бойынша жүретін желілік теңіз және өзен кемесі, тұрақты автомобиль және эуе көлігі жатады.

*Көпшілік пайдаланбайтын көлік* болып көпшілікке арналған шарт тйаптарына сай емес, солар жүзеге асыратын тасымалдаулар, атаіг айтқанда: тауарларды өнеркәсіптік көлікпен өндіріс ішінде тасу; теңіз және өзен флоты

трампытқ кемелерімен тасымалдау; жеке шарттар мен багалар бойынша тұрақты емес автомобиль және әуе тасымалдары санапады.

Қазіргі тауа көліктің көптеген түрлері жекешелендірілген, оған төмендегілерді қосқанда, жалпы пайдаланылатын теміржол және автомобиль жолдары кірмейді: солардағы инженерлік құрылыстар; кеме жүретін су жолдары; маяктар; судағы кемелердің қауіпсіздігін реттейтін және кепілдік беретін құрылғылар және навигациялық белгілер; әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылары; телекоммуникация желілері; әуе кемелерінің үшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты инженерлік желілер, сондай-ақ заңға сәйкес жекешелендіру нысандары бола алмайтын метрополитен («Көлік туралы» Заңның 3-бабы),

*Қазақстан Республикасы көлік заңының жүйесін құрайтындар:*

1) *негізгі арнайы заң* - 1994 ж. қыркүйектің 21-індегі № 156-ХСІН «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» ҚР Заңы (ҚР аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, зүе, қалалық электр, оның ішінде метрополитен де бар, сондай-ақ ҚР аумағындағы магистральдық құбыр жүргізу көлігінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық қызметінің негізін айқындаушы);

2) *көліктің жекелеген түрлеріне арналған арнайы кәлік заңдары* — Қазақстан Республикасының: 1995 ж. желтоқсанның 20-ындағы № 2697-ші «Әуе кеністігін пайдалану және ҚР авиациясының қызметі туралы» Заңы; 2001 ж. желтоқсанның 8-індегі № 266-ІІ «Теміржол келігі туралы» Заңы; 2001 ж. желтоқсанның 15-індегі № 271-ІІ «Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы» Заңы; 2002 ж. қаңтардың 17-індегі № 284-11 «Теңізде жүзу сауда-саттығы туралы» Заңы; 2003 ж. шілденің 4-індегі № 476-11 «Автомобиль көлігі туралы» Заңы; 2004 ж. шілденің 6-ындағы № 574-11 «Ішкі су көлігі туралы» Заңы және басқалары;

3) *көлік қызметінің жекелеген аспектічеруі реттеуін жаңы сипаттағы заң актілері* - 1999 ж. шілденің 1-інде шыққан «Азаматтық кодекс» (Ерекше бөлімі), оның «Тасымалдау» деген 34-тарауының 688- 707-баптары және «Келік экспедициясы» деп аталатын 35-тарауы (708- 714-баптары); Қазақстан Республикасының 2003 ж. маусымның 20- ындағы № 442-11 «Жер кодексі» (12-тарауы — «Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа да ауылшаруашылықтық емес мақсаттағы жерлер»); 1995 ж. маусымның 28-індегі № 2350 «Мұнай туралы» ҚР Заңы (8-тарауы - «Магистральдық құбыр жүргізу көлігі»); 1996 ж. шілденің 15-індегі № 29-1 «Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңы; 1998 ж. шілденің 9-ындағы № 272-1 «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы; 2003 ж. шілденің 1-індегі № 444-11 «Тасымал- даушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңы; 2003 ж. шілденің 1-індегі № 446-ІІ «Көлік Есұралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңы; 2003 ж. қарашаның 4-індегі № 490-11 «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салапа- рындағы меншікке мониторинг жариялау туралы» ҚР Заңы; 2006 ж. қаңтардың 31-індегі № 124-

ГП «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңы; 2007 ж. қаңтардың 7-індегі № 214-ІІ «Лицензиялау туралы» ҚР Заңы және басқалары;

4) *көлік жартлары* (мысалы, 1996 ж. қаңтардың 18-інде ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген № 70-ші «Қазақстан Республикасы теміржолдарының Уақытша жарғысы»; оның жүктерді, жолаушыларды, жолжүгін және поштаны ҚР теміржолдарының жалпы желісіне кіретін және көпшілік пайдаланатын ашық теміржолдармен тасуды, оның ішінде жүктерді тасымалдау, тиеу және түсіру кірме теміржолдарда, порттарда және бекеттерде, сондай-ақ салынып жатқан теміржол желілерінде іске асырылатын тасымалдауға қатысты заң күші бар);

5) *жүктер, жолаушылар және жолжүгін тасымалдау ереже-лері* - «Қазақстан Республикасы теміржолдарының «Халықаралық жүк тасымалдаудың теміржол қатынастары турапы» Келісім негізінде халықаралық және мемлекетаралық жүк тасымалдау ұйымына өтуі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. мамырдың 4-індегі қаулысы; ҚР көлік және коммуникациялар министрінің 2004 ж. наурыздың 18-індегі № 122-І бұйрығымен бекітілген «Жолаушыларды, жолжүктерін және жүктерді ҚР теміржол көлігімен тасымалдау Ережелері»; ҚР көлік және коммуникациялар министрінің 2004 ж. қарашаның 23-індегі № 429-І бұйрығымен бекітілген «Жүктерді тасымалдау Ережелері» және басқалары;

6) *тасымалдауды жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған арнайы нормативтік актілер* - ҚР Үкіметінің 1998 ж. шілденің 29-ындағы № 714-қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды лицензиялау Ережелері»; ҚР Үкіметінің 2005 ж. наурыздың 31-індегі № 291-қаулысымен бекітілген «Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүктерді әскери күзетпен қамтамасыз ету Ережелері» және басқалары.

*Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық компетенциялар (келісімдер)* көлік заңы жүйесінде ерекше орын алады. ҚР көлік заңы халықаралық шарт нормаларының ұлттық заң нормалары алдындағы басымдығы ұстанымына негізделген, ал ол «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» ҚР Заңының 2-бабында және басқа да заң актілерінде көрініс тауыш оғыр,

*Халықаралық көлік келісімдерін* келесідей топтарға бөлуге болады:

1) *көліктің жекепеген түрлері қызметінің жалпы ұстанымдары туралы келісімдер* («Жүктерді халықаралық тасымалдау шарты туралы конвенция» (Женева, 1956 ж. мамырдың 19-ы) — автомобиль көлігімен тасымалдау,<sup>36</sup> «Халықаралық азаматтық авиация туралы» 1944 ж. желтоқсанның 7-індегі Чикаго конвенциясы (оның ішінде 18 қосымша)."

2) *елдер арасындағы халықаралық, қатынастарды ұйымдестыру тура.чы келісімдер* (Әзірбайжан Республикасы, Молдова Республикасы, Армения Республикасы, Румыния, Болгария Республикасы, Тәжікстан

<sup>36</sup> Қазақстанда ҚР Президентінің 12.05.1995 ж. Жарлығымен тіркелген.

Республикасы, Грузия, Түркия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Украина қол қойған (Баку қаласы, 1998 ж. қыркүйектің 8-і) Еуропа - Кавказ - Азия дәлізін дамыту жөніндегі халықаралық көлік туралы негізгі көпжақты Келісім"; Ресей Федерациясы Үкіметі, Үндістан Республикасы Үкіметі, Иран Ислам Республикасы Үкіметі және Оман Сұлтанаты Үкіметі қол қойған «Солтүстік — Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі туралы Келісім<sup>37</sup> (Санкт-Петербург қ., 2000 ж. қыркүйектің 12-сі);

3) *жүктерді және жолаушыларды тасымалдау шарттары туралы келісімдер* («Тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осындай тасымалдауларға арналған арнайы көлік құралдары туралы Келісім» (Женева, 1970 ж. қыркүйектің 1-і), Қазақстан үшін заң күшіне 1996 ж. шілденің 17-інде енген; КОТИФ - Халықаралық теміржол тасымалы туралы келісім - бұл халықаралық теміржол тасымалы туралы Берн конвенциясы 1980 ж. мамырдың 9-ында дүниеге келіп, 1985 ж. және 1999 ж. түзетілген);

4) *елдер арасындағы көлік байланыстарын жеңілдетуге бағытталған келісімдер* (Белоруссия Республикасы, Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Көлік одағын құру туралы Келісім (Мәскеу, 1998 ж. қаңтардың 22-сі),<sup>38</sup>

5) *көлік түрлері қызметінің озгеіне жаңа түрлерін реттейтін келісімдер* (қауіпті шығындыларды трансшекаралық тасымалдауға және олардың жойылуына бақылау жасау туралы Базель конвенциясы (Базель, 1989 ж. наурыздың 22-сі);

6) *халықаралық көлік саласында мүліктік мүдделерді қорғауды кәздейтін құқық қорғау сғатындағы келісімдер* («Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы Конвенция» (Монреаль, 1971 ж.), «Кеме бортында жасалған қылмыстар және өзге де басқа әрекеттер туралы» Конвенция» (Токио, 1963 ж.).<sup>39</sup>

*Қазақстан Республикасында қол қойылған және тіркелген халықаралық көлік келісімдері*, сондай-ақ, үш топқа саралануы мүмкін;

1) *көпжақты конвенциялар* (ХТЖҚК - Халықаралық теміржол жүктері қатынастары туралы Келісім (социалистік елдердің халықаралық теміржол жүктері қатынастары туралы Келісімі) (Варшава, 1950 ж.) (1974 ж. түзетілген); ХЖҚК - Халықаралық жолаушылар қатынастары туралы Келісім (Варшава, 1950 ж.) 1978 ж. түзетілген); ХЖТК - Халықаралық жүк тасымалы Конвенциясы (Женева, 1956 ж. мамырдың 19-ы);<sup>11</sup>

2) *аішақтық конвенциялар* (ЕХАТК Еуразиялық халықаралық аралас тасымалдардың маңызды желілері және тиісті нысандар туралы Келісім

<sup>37</sup> Бұл Келісімге Қазақстан 04.07.2003 ж. № 467-ІІ ҚР Заңымен қосылды, ҚР үшін ол заң күшіне 30.10.2003 ж. енді.

<sup>38</sup> Қазақстан Республикасының 07.05.2001 ж. № 196-ІІ Заңымен тіркелген.

<sup>39</sup> Бұл екі конвенцияға да Қазақстан Республикасы 13.05.1994 ж. қосылды.

(Женева, 1991 ж, ақпанның 1-і);<sup>40</sup> Транзит тасымалы бойынша Экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЭЫҰ) негіздемелік келісіміне (Алматы қаласы, 1998 ж. мамырдың 9-ы) Ауғанстан Ислам Мемлекетінің, Иран Ислам Республикасының, Қырғыз Республикасының, Гүзкістан Ислам Республикасының, Тәжікстан Республикасының, Түркия Республикасының, Түркменстанның, Өзбекстан Республикасының Үкіметтері қол қойған;<sup>41</sup> 3) ектжакты кедісімдер (ҚР Үкіметі мен Финляндия Республикасы Үкімеіі арасындағы Әуе қатынастары туралы Келісім (Алматы, 1996 ж, ақпанның 7-сі); ҚР Үкіметі мен Эстония Республикасы Үкіметі арасындағы Теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім)/

Қазіргі уақытқа қарай Қазақстан көлік саласында барлығы 100-ден астам халықаралық келісімге қол қойды.

Көлік қызметін құқықтық реттеудің езіне тән ерекшеліктеріне *көлік саласындағы қызметтің жекепеген түрлерін лицензиялау* жүйесін жатқызу керек, атап айтқанда, лицензиялауға мыналар жа- тады: 1) жолаушылар тасымалы (оның ішінде жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау; жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдау; жолаушыларды өзен көлігімен тасымалдау); 2) қауіпті жүктердің тасымалы (қауіпті жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау; қауіпті жүктерді теңіз көлігімен тасымалдау; қауіпті жүктерді өзеы көлігімен тасымалдау; қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау) («Лицензиялау туралы» ҚР Заңының 16-бабы).

Лицензішлаушы орган *ҚР Көлік және қолтуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті* болып табылады. Лицензиялау субъектілері - ҚР азаматтары мен заңды тұлғалары, шетелдік заңды тұлғалар, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар және халықаралық ұйымдар. Көлік саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды реттейтін арнайы актілер болып ҚР Үкіметінің 2002 ж. шілденің 17-індегі № 794-ші «Қазақстан Респуб- ликасындағы көлік қызметіне лицензия берудің кейбір мәселелері» туралы қаулысы саналады, сол арқылы теміржол жылжымалы құрамын және ҚР-да қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді дайындау және жөндеу бойынша қызметті лицензиялау кезінде қойылатын кәсіптік талаптар және кемелерде және жолаушылар мен жүктерге қатысты қызмет көрсетуге байланысты теңіз бен өзен порттарының қызметін лицензиялау кезінде қойылатын кәсіптік талаптар; сондай-ақ ҚР Үкіметінің 1998 ж. шілденің 29- ындағы № 714-қаулысымен бекітілген жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді ҚР-да теміржол: көлігімен тасымалдауды лицензиялау Ережелері айқындалды.

Сөйтіп, қазіргі таңда ҚР көлік заңын жетілдірудің негізгі бағыты — оны оны жақын және алыс шетел елдерінің нормаларымен сәйкестендіру, сондай- ақ оны көлік саласындағы халықаралық стандарттар мен ережелерге

---

<sup>40</sup> Бұл Келісімге Қазақстан ҚР Президентінің 31.01.2002 ж. № 290-ЛІ Заңына сәйкес қосылды.

<sup>41</sup>ҚР 8.02.2003 ж. № 384-ІІ Заңымен тіркелген.

сәйкестікке келтіру болып табылады.

#### 4.4. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін құқықтық реттеу

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметтің сң көп тараған түрлерінің бірі құрылыс қызметі болып саналады. Қазақстанда құрылыстың 2007 жылы шегіне жеткен шу-шұрқаны елеулі дағдарыспен аяқталды, ал бүгінгі күні жекелеген теріс зардаптарды жеңуге қол жеткізіліп, аяқталмаған құрылыстың «сүрленген» нысандарында құрылыс қызметі қайтадан жанданып келсді, бірақ, әрине, белгілі бір қиындықтар сақта.тұда және олар жақын арада өз шешімін табуға тиіс (бұл, бірінші кезекте, элеуметтік бағдарлама бойынша тұрғын үй құрылысы нысандарына және құрылыстағы үлестік қатысу шарттары бойынша міндеттемелердің бұзылуы себепті аяқталмай қалған тұрғын үйлер нысандарына қатысты).

Жылжымайтын мүлік нысандарының құрылысы олардың қатысушылары арасында әртүрлі құқықтық қатынастар — уәкілетті мемлекеттік органдар мен құрылыс қызметі (лицензия, еертификация беру, стандарттау және т.б.) субъектілері арасындағы көпшілік- құқықтық (деңгейлес) қатынастарды, сондай-ақ тең құқылы қатысушылар - жобалаушылар, сәулетшілер, техникалық және смета- лық құжаттарды даярлаушылар, тапсырыс берушілер, инвесторлар, құрылыс жүргізушілер, мердігерлер, қосалқы мердігерлер және т.б. арасындағы жеке-құқықтық (шарттық) қатынастарды және т.с.с. туғызады.

Құрылысқа қатысушылардың *құқықтық мәртебесі* құқықтық реттеудің екі бағытымен айқындалады: 1) ол өктем нормалардың жеткілікті дәрежеде кеп санмен белгіленген және соған байланысты барлық инвесторлардың, барлық тапсырыс берушілердің және барлық мердігерлердің белгілі бір біртұтас орнықты құқықтық мәртебесін құраушы туралы айтуға болады; 2) бұл құқықтық мәртебе әрбір субъект қатысағын келісімдердің шарттарымен ол үшін жеке-дара анықталады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қатынастарды реттейтін негізгі арнайы акт 2001 ж. шілденің 16-ында шыққан *«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы»* ҚР Заңы болып табылады. Есте каларлығы, б.ул актіде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне қатысушылар- дың құқықтық жағдайының әлдебір ерекшеліктері кезделмеген (бұл Заңда тігхті әуелі оларға кімнің жататыны да көрсетілмеген), ал қызмет түрлерінің аражігі айқын ажыратылған,

*Қала құрылысы қызметі* - ол аумақтар мен елді мекендерді ұйымдасғыру мен дамытуды қала құрылысында жоспарлаудағы, аумақтарды қала құрылысында пайдалану түрлерін анықтаудағы, қалалық және ауылдық елді мекендерді кешенді жобалаудағы қала құрылысы кеңістігін құрудың шығармашылық үдерісін қоса отырып, қала құрылысы жобасын жасау, қала құрылысы құжаттамасының барлық шектее тарауларын үйлестіру қызметі («Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы» Заңның і-бабы, 22-тармағы).

*Сәулет қызметі* — құрылысқа (қайта салуға, қалпына келтіруге, жобаны жүзеге асыру барысында авторлық бақылау жүргізуге) арналған жобалық құжаттаманың сәулеттік бөлімінде белгіленген нысанның сыртқы және ішкі бейнесін жасаудың шығармашылық үдерісін, кеңістік, композициялық келемін жоспарлау жұмыстарын және қызметтік ұйымдастыруды қоса отырып, сәулет нысандарын құру бойынша жүргізілетін қызмет («Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы» Заңның 1-бабы, 53-тармағы).

*Құрылыс қызметі* - жаңа нысандар салу және (немесе) бұрыннан бар нысандарды (ғимараттарды, құрылыстар мен олардың комму-никация кешендерін) өзгерту (кеңейту, жаңарту, техникалық қайта жабдықтау, қайта салу, ірі жондеу жұмыстарын жүргізу), солармен байланысты технологиялық және инженерлік құрал-жабдықтарды құрастыру (бұзу), сондай-ақ құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды дайындау (ендіру), сонымен қатар аяқталмаған нысандар құрылысына тоқтату және өз ресурсын орындаған нысан-дардың постулизациясы бойынша жұмыстарды жүзеге асыру («Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы» Заңның 1-бабы, 31- тармағы).

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы ідазметі \\ *лицензиядстатын түрлеріне жаткызылғандар:*

- 1) жобалау-іздіестіру қызметі;
- 2) құрылыс-құрастыру жұмыстары;
- 3) сертификатталатын өнімді қоспағанда, құрылыс материалда-рын, бұйымдар мен конструкциялар өндіру (шығару);
- 4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптау жұмыстары және инжиниринг қызметтері;
- 5) үлескерлер ақшасын тарту есебінен тұрғынжай ғимарат-тарының құрылысын ұйымдастыру қызметі («Лицензиялау туралы» Заңның 33-бабы}.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі садасындағы қызметтік субъектілері - мемлекеттік органдар, ҚР аумағында адамның өмір сүру ортасы мен тіршілік қарекетін қалыптастыруға және дамытуға қатысушы жеке және заңсыз тұлғалар болып табылады. *Азаматтыш жоқ адалідар да, гуетея мемлекеттерінің азаматтары да жән иетелдік заі(ды тұлғалар да* ҚР аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында жұмыстар (қызметтер) орындай алады (бірақ ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте). Атап айтқанда, ондай заң актілеріне мышалар жатады: 1997 ж. желтоқсанның

13-індегі 204-1 «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы; ҚР Үкіметінң 2001 ж. маусымның 19-ындағы № 836-шы «Қазақстан Республикасының 2001 ж. қаңтардың 23-індегі «Жұртшылықты жү-мыспен қамту туралы» Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыскерлерді тарту Ере-желері» және басқалары. *Шетелдік азаматтар* (оның ішінде осы жерде тұруға рұқсат қағазы бар және ҚР-ға тарихи Отанына оралған болып келген шетелдік азаматтар), сондай-ақ ҚР-да

*тұрақты тұра- тын азаматтығы жоқ адамдар* жеке тұрғын үй құрылысын жүргізгенде және жеке тұрғын үйлерді пайдаланғанда, егер ҚР қолданылып жүрген заңдарында өзгедей көзделмесе, ҚР азаматтары сияқты, бірдей құқықтарды пайдаланады және өздеріне сондай міндеттер алады (Қазақстан Республикасының 1994 ж. қарашаның 3-індегі Л<sup>о</sup> 213-III «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» Заңының 18-бабы).

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің *құқықтары*:

1) сәулет және қала құрылысының тиісті органдарынан, сондай-ақ мемлекеттік қала құрылысы кадастрі қызметтерінен жобалау алдындағы зерттеулерді, техникалық-экономикалық негіздемелерді, құрылысқа салынатын инвестициялар негіздемелерін дайындауға, аумақты игеруді және (немесе) оның құрылысын салуды жоспарлауға, нысандарды жобалау мен салуға, сондай-ақ оларды кейіннен пайдалануға қажетті ақпаратты (мәліметтерді, деректерді, бастапқы материалдарды немесе құжаттарды) сұрату және алу (берілуі шектеулі ақпарат пен құжаттардан басқа);

2) меншікке сатып алынған немесе иеленуге, пайдалануға берілген жер телімдерін қала құрылысы тәртібі, сервитут және өзге нормативтік талаптар (шарттар, шектеулер) шегінде мақсатына сай пайдалану («Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы» Заңның 14-бабы).

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің *міндеттері*:

1) қызметтерін заңға және мемлекеттік нормативтерге (мемлекеттік нормативтік құжаттарға) сай жүргізу;

2) өз меншіктеріндегі (иеліктеріндегі) пайдаланылып жүрген нысандарды азаматтар үшін олардың қауіпсіздігін, нормативтік және басқадай міндетті талаптарға сәйкес (эстетикалық талапты қосқанда) орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тиісті дәрежеде ұстау («Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы» Заңның 16-бабы).

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңымен белгіленген нормалар мен талаптардың (шарттардың, ережелердің, шектеулердің) бұзылғаны үшін жауапкершілік көзделген. Ондай бұзушылықтарға жататындар:

1) жұмыстардың (қызметтердің) лицензияланатын түрлеріне лицензиясыз жүзеге асыру;

2) аумақтардың, қала құрылысы тәртібінің бекітілген қызметтік мақсаттарынан, айрықша қала құрылысы тәртібінің белгіленген режиміне ауытқу;

3) заң тәртібімен белгіленген жер телімдерін таңдау және беру (пайдалануға рұқсат ету), сондай-ақ қала құрылысы мақсаттары үшін алу шарттарынан ауытқу;

4) қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзгедей жобалау (жобалық-



сметалық) құжаттамасын әзірлеуге парапар келісудің, сараптаудың және бекітудің белгілеген тәртібінен ауытқу, заңда кезделген тәртіпте бекітілген құжаттамадан ауытқу немесе оны бекіткен жақтың келюімінсіз оған өзгерістер енгізу;

5) заң белгілеген тәртіпте рұқсат алмастан, құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу;

6) сәулет-құрылыс бақылауынсыз техникалық, авторлық қадағалаусыз (ал қазіргі заңда олардың қатысуының міндеттілігі көзделген) құрылыс жүргізу;

7) ез бетінше құрылыс жүргізуге парапар ғимараттардың, жекелеген тұрақжайлардың және (немесе) ғимараттардың бір бөлік-терінің сәулет бейнесін өзгерту, оларды қайта жоспарлау (қайта жаблықтау, басқа мақсатта пайдалану);

8) елді мекендерді жобалау және құрылысын салу кезінде белгіденген қызыл сызықтардан және құрылыс сату сызықтарынан, сондай-ақ сейсмикалық қауіпшілігі жоғары аймақтарда сары сызық-тардан ауытқу;

9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс, сондай-ақ құрылыс салу және кейіннен нысанды пайдалану барысында еңбек қорғау, өрт және жарыясы қауіпсіздік, санитарлық және экологиялық қауіпсіздік саласында, мүгедектер және халықтың мүмкіндігі аз топтарының әлеуметтік, көлік және демалып үзіліс жасайтын инфрақұрылым нысандарына жетуін қамтамасыз етуде мемлекеттік нормативтердің сақталмауы;

10) құрылысы аяқталған нысандарды қабылдау және пайдалануға беру, сондай-ақ пайдалану барысында оларды ұстап-түтудің заңмен белгіленген тәртібін бұзу;

11) елді мекендерді (елді мекендердің кейбір бөліктерін) жоспарлауға және құрылысын жүргізуге (қайта салуға), байланысты шешімдер дайындау және қабылдау туралы және жобаланып жатқан нысандар бойынша, сондай-ақ өмір сүру және тіршілік қарекеті ортасының жай-күйі, қоғамдық және жеке мүдделерге қатысты ондағы болуы мүмкін өзгерістер жайында лауазымды адамдардың ақпарат беруден дәлелсіз бас тартуы және дұрыс емес мәліметтер беруі;

12) өмір сүру және тіршілік қарекеті ортасы жай-күйінің нашарлауына себепші болатын, азаматтардың, оның ішінде мүгедек-тердің және, тұтастай алғанда, қоғамның құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік мүдделердің зиян шегуіне соқтыратын, ҚР заң актілерінде белгіленген жауапкершілік жүктелетін басқа да әрекеттер («Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы» Заңның 17-бабы),

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Банк қызметіне түсініктеме беріңіз.
2. Банктен қандай қызметтер атқарады?
3. Банктің ресми мәртебесін танудың міндетті шарттарын атаңыз.

4. Қазақстан Республикасының банк жүйесіне сипаттама беріңіз.
5. Банк операцияларының түрлерін атаңыз.
6. Лицензиясы бар болған жағдайда банктер басқадай операциялардың қандай түрлерін жүзеге асыруға құқылы?
7. Бағалы қағаздар нарығында банктер кәсіби қызметтің қандай түрлерін жүзеге асыруға құқылы?
8. Қандай тұлғалардың жарғылық капиталында банктер акциялар мен қатысу үлесін сатып ала алады?
9. Банктер қызметтің қандай қосымша түрлерімен айналыса алады?
10. Банк қызметін мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері неде?
11. Банкті таратудың қандай амал-шаралары бар?
12. Банктерді қайта құру және қалпына келтіру шараларының ерекшеліктерін атаңыз.
13. Сақтандыру қызметі түсінігін талдап көрсетіңіз.
14. Қазақстан Республикасы сақтандыру қызметі жүйесіне қандай нормативтік құқықтық актілер кіреді?
15. «Өмірді сақтандыру» саласына қандай топтар кіреді?
16. «Жалпы сақтандыру» саласына қандай топтар кіреді?
17. Сақтандыру түрлері мен формалары арасындағы арақаты-насты түсіндіріңіз.
18. Міндетті сақтандыру түрлерін атаңыз.
19. Қандай субъектілер сақтандыру нарығына қатысушылар болып табылады?
20. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құқықтық ережелерінің ерекшеліктері неде?
21. Сақтандырудан басқа, сақтапдыру және қайта сақтандыру ұйымдары қызметтің қандай түрлерін жүзеге асыра алады?
22. Көлік дегеніміз не және оның қазіргі заманғы маңызы неде?
23. Көліктің негізгі түрлеріне сипаттама беріңіз.
24. Қазақстан Республикасы көлік заңы жүйесін қандай актілер құрайды?
25. Негізгі халықаралық келіс-імдерін атаңыз.
26. Қазақстан Республикасында көлік қызметін құқықтық реттеудің өзіне тән ерекшелігі неде?
27. «Сәулет қызметі», «қала құрылысы қызметі» және «құрылыс қызмегі» түсініктерінің мазмұнын ашып көрсетіңіз.
28. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметтің қандай түрлеріне лицензия беріледі?
29. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері ретінде кімдер тапыла алады?
30. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
31. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңда қандай

әрекеттер үшін жауапкершілік белгіленген?

5- тарау. КӘСІПКЕРЛІК КЕЛІСІМ-ШАРТТАР ЖҮЙЕСІ

### 5.1. Кәсіпкерлік келісім-шарттардың түрлері және олардың жіктелуі

## 5 у

/Заң әдебиетінде *кәсіпкерлік шарттарды жіктеудің* әр түрлі нұсқалары қалыптасқан/ Атап айтқанда, В.С.Анохиннің пікірі бойынша, кәсіпкерлік шарттарды жалпылай жіктеу төмендегідей көрінеді: мүлікті ақылы сату және сатып алу туралы шарттар; қызмет көрсету туралы шарттар; жұмыстарды орындау туралы шарттар.<sup>1</sup> Кәсіпкерлік шарттарды жіктеудің егжей-тегжейлі жіктемесін В.В.Краснокутский ұсынады: мүлікті сату (көтерме саудамен сатып алу-сату, беру) айырбастау, өзара шарт жасасу (контрактация), газбен, электр энергиясымен жабдықтау және т.б.) шарттары; мүлікті уақытша пайдалануға беру (мүлікті жалдау және мүлікті тегін пайдалану); көлік шарттары (жүктерді тасымалдау, тіркеп сүйреу, кірме жолдарды пайдалану); банк қызметтерін көрсету шарттары (есеп айырысу және ағымдық шоттар, банк несиесі және т.с.с.); басқадай шаруашылық қызметтері (тұтыну кооперациясы ұйымдарының ауылшаруашылық өнімдерін комиссиялық (белгілі бір сыйақы үшін) сатуы, нысандарды милиция органдары жанындағы ведомстводан тыс күзету және т.б.) көрсету туралы шарттар; жан-жақты қызмет көрсету (жұмыстарды жан-жақты орындау, кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктерді материалдық-техникалық жабдықтау және басқадай) шарттары.<sup>2</sup> Сонымен, Т.В.Кашанина кәсіпкерлік шарттардың төмендегідей топтарын боліп көрсетеді: 1) оңіндік ұйымдастырылған шарттар; 2) бірлескен қызмет туралы шарттар (жай серіктестік шарттары); 3) алдын ала жасалатын шарттар; 4) міндетті шарттар; 5) инвестициялық шарттар; б) кәсіпорындарды беру тәртібі туралы шарттар; 7) гйайдаларға қатысу туралы шарттар.<sup>3</sup> Жалпы алғанда, шарттардың ұсынылып отырған түрлерше ортақ, аса маңызды бір кемшілік - оларда соларды топтарға және түрлерге айқын бөлуге мүмкіндік беретін бірыңғай жіктеу белгісі жоқ. Оның үстіне барлық жағдайларда да кәсіпкерлік (шаруашылық) шарттарын азамагтық-күқықтық шарттарды жалпыдай жіктеуді (оған

<sup>1</sup> В.С.Анохин. Предпринимательское право: жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқулық. - М.: «ВЛЛДОС» гуманитарлық баспа орталығы, 2 999. ! 65-бет.

<sup>2</sup> В.В.Краснокутский. Виды хозяйственных договоров и их особенности. » Труды Современного гуманитарного университета. Проблемы гуманитарных наук. - М.: Қазіргі заманғы университет баспасы, 2001. 35-бас, 122-123-беттер.

<sup>3</sup> Т.В.Кашанина. Корпоративное право. (Право хозяйственных товариществ и обществ). ЖОО-ға арналған оқулық. - М.: «НОРМА-ИНФРАМ» баспа тобы, 1999. 52-53-беттер.

ешкандай жаңаша өзгешелік енгізбестен) неіпзге алып жіктеудің сәтсіз тәжірибесі орып алып отыр.

Соған байлапысты М.К.Сулейменовтің міндеттілік құқы инсти- туттарын

күруга ықнал ететін өзара ұйтасқан екі жіктеуді мойындау туралы ұсынысына көңіл аударуға болады: 1) қызмет түрлері бойынша жіктеу; 2) экономикалық салалар (халық шаруашылығы салалары) бойынша жіктеу; бұл жерде негізгісі бірінші жіктеу, ал қосымшасы екінші жіктеу болуға тиіс<sup>42</sup>. Бұл бағыптың *қасиеттері* арасынан төмендегіні атауға болады: біріншіден, экономикалық салалар бойынша жіктеу қызмет түрлері бойынша жіктеуді жокқа інығармайды, керісінше, оны дамытады және толықтырады; екіншіден, қосымша жіктеуді мойындау қолданылып жүрген барлық нiарттарды шектеулі көлемде емес, толық көлемде қамтуға мүмкіндік береді (ҚР АҚ-індегі шарттардың түрлері бойынша жіктелуі барлығын жан-жақты қамтыған деуге бола қоймас); үшіншіден, экономикалық салаға енгізілген шарттардың жекелеген топтары туралы нормативтік актілердің әзірленуі және қабылдануы арқылы заңдағы олқышықтарды жою мүмкін болмақ.

Жоғарыда баяндалғанды есепке ала отырып, шарттарды тек қызмет түрлері бойынша ғана емес, сонымен бірге экономикалық салалары бойынша да жіктеуге болады деген қорытынды жасауға болады. Экономикалық саласына байланысты белінетін шарттардың қатарына, бірінші кезекте, кәсіпкерлік шарттар жатқызылады.

В.С.Белых та кәсіпкерлік шарттарды қызмет салалары бойынша да, міндеттемеге кіре отырып, тараптардың шарттан қандай нәтижеге қол жеткізуді қалайтын бағытына байланысты да саралауға болады деген пікірді қолдайды/ Оның үстіне бірінші топқа төмендегі салалардағы кәсіпкерлік шарттар кіреді: 1) өндірістік кәсіпкерлік; 2) делдалдық кәсіпкерлік; 3) ақылы қызметтер (жалпы жіктеуге қоспай, әртүрлі құрылымдар құруды ерекше көрсете отырып) көрсету<sup>5</sup>.

Ең бір жалпылай жіктеу деп шарттарды *кәсіпкерлік шарттарға* (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында кәсіпкерлер арасында жасалған) және *кәсіпкерлердің қатысуымен жасалған шарттарға* (тараптардың бірі ғана кәсіпкер болып табылатын, ал екінші жағынан жай азаматтық-құқықтық шарт болып келетін) бөлуді мойындау қажет. Бұл жерде шарттардың тағы бір үшінші тобы бар - ол жеке және (немесе) заңды тұлғалардың коммерциялық емес мақсаттарда жасаған шарттары, бірақ бұл шарттар кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, сол себепті олар қаралмайды.

## 5.2. Кәсіпкерлік келісім-шарттар және олардың сипаттамасы

Мазмұны бойынша кәсіпкерлік шарттар мүліктік және ұйымдас-тырушылық шарттарға бөлінеді.

ГМүліктік шарттарға' белшлі бір мүліктік игілікке байланысты құқықтық қатынастарға қатысушылардың қызметін реттеуге бағытталған шарттар жатады. Өз кезегінде, мүліктік шарттар мүлікті беруге, жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге жасалатын шарттар деп бөлінеді (бұл жіктеу қызмет

---

<sup>42</sup> Шаруашылықаралық кәсіпсрындардың құқықтық жағдайы. - Алматы, Ғылым, 1987. 95-бет,

түрлері бойынша жүргізіледі).

*Мүлікті иеліктен шығару (беру) шарттары* екі топтан тұрады:

1) мүлікті меншікке беру, шаруашылық жүргізу немесе тікелей басқару (сатып алу-сату, беру, өзара шарт жасасу, газбен, жылу және электр энергиясымен жабдықтау) шарттары; 2) мүліккі уақытша пай-далануға беру (мүліктік жалдау).

*Жұмыстарды орындау шарттары* тұрмыстық және құрылыс мердігерлігі, жобалау және іздестіру жұмыстарының мердігерлігі, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар мердігерлігі және т.б. шарттары болып табылады.

*Қызметтер көрсету шарттары* қатарына: жүк тасымалдау, тіркеп сүйреу, экспедиция, сақтандыру, банк қызметтері, сақтау, комиссиялар, тапсырмалар және т.с.с жатады.

*Ұйымдастыру шарттары/ кейінгі кәсіпкерлік немесе басқа қызмет үшін алғышарттар* құрайды және, әдетте, мүліктік шарттар жасауға негіздеме болып табылады.

Ұйымдастыру шарттары арасынан *заңды тұлғсаар құру туралы құрыптай шарттарын* бөліп айтуға болады. Ұйымдастыру шарттары қатарына алдын ала жасалатын деп аталатын, солар бойынша тараптар келешекте алдын ала жасалатын шартта көзделген талаптармен мүлікті беру, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету туралы шарт (негізгі шарт) жасауға міндеттенетін шарттарды да жатқызуға болады.

Экономикалық салалар бойынша кәсіпкерлік шарттарды төмендегідей жіктеуге болады: 1) материалдық-техникалық жабдықтау және өткізу саласында — тауар беру, сатып алу-сату, айырбастау, қарыз беру, комиссиялар және кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлеріне жасалатын шарттар; 2) құрылыста - құрылыс мердігерлігіне, жобалау және іздестіру жұмыстарының мердігерлігіне, жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрылыстар мен құрал-жабдықтарды жалға беруге, құрылыстағы делдалдыққа жасалатын шарттар; 3) ауыл шаруашылығында - өзара жасалатын, құрылыстар мен құрал-жабдықтарды жалға беруге, жөндеу жұмыстарын жүргізуге, жан-жақты техникалық қызмет көрсету, басқадай ауылшаруашылық және агрохимиялық жұмыстар орындауға жасалағын шарттар; 4) көлікте - жүк тасымалын ұйымдастыруға, көлік құралдарын беру бойынша міндеттемелер және жүкті тасымалдауға беруге жасалатын шарттар, жүк тасымалдауға, тіркеп сүйреуге, транспорт экспедициясына, теміржолдың кірме жолдарын пайдалануға, вагондарды беру және газалауға, көлік құралдарын жалдауға, авиация қызметтерін көрсетуге, құбыр жүргізу келігінің қатысуына жасалатын шарттар; 5) байланыста - пошта экспедициясы, пошта жөнелтімдері, жалға беру, байланыс кәсіпорындарының телеграф арналарын және телеграфтық абоненттік байланысты беруі, Интернет байланысын беру шарттары; 6) есеп айырысу және кредит саласында (банк саласында) - банк шоттары, ақша аударымдары және банк салымдары бойынша шарттар; 7) ғылыми-техникалық прогресс саласында - ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-

конструкторлық және технолоі иялық жұмыстар;' §) жер қойнауларын пайдалану саласында - концессиялық келісімдер, өнімді бөлу туралы келісімдер, қызмет көрсету шарттары және бірлескен қызмет туралы шарттар; 9) бағалы қағаздар нарығында - бағалы қағаздарды сатып алу-сату.

Бұл жерде шарттардың аталған түрлері тікелей кәсіпкерлік те, кәсіпкерлердің қатысуымен жасалған шарттар болуы да мүмкін екенін, бірақ шарттардың тек бірінші немесе екінші тобына жатқызылатын жекелеген түрдерінің бар екенін ерекше атап өткен жөн. Атап айтқанда, *кәсіпкерлік ишарттары болып* табылатындар мыналар:

- өнім (тауар) беру шарты;
- кәсіпорынды сату шарты;
- лизинг шарты;
- кәсіпорынды жалдау шарты;
- кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты және басқалары.

Кәсіпкерлердің қатысуымен жасалатын шарттарға мыналар жатқызылуы мүмкін:

- бөлшек саудамен сатып алу-сату;
- тұрмыстық мердігерлік шарты;
- прокатқа беру шарты және басқалары.

Сонымен қатар ішарттардың екінші тобына кепшілікке арналған шарттар да жатады, өйткені олар, бір жағынан, бөлшек сауданы, кепшілік пайдаланатын келікпен тасымалдауды, байланыс қызметін

Б.В.Покровский, М.К.Сүлейменов, К.Н.Наменгенов. Правоотношения производственных объединений и предприятий в сфере хозяйственного оборота. - Алматы, 1985. 100-101-беттер.

көрсетуді, электрмен жабдықтауды, медициналық және қонақүй-лердегі қызмет көрсетуді жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдар, екінші жағынан, тұтынушылар арасында жасалады.

Коммерциялық ұйымдар шарт жасасудан бас тартуға құқылы емес: олар өздеріне келгендердің әрқайсысымен шарт жасасуға міндетті. Сонымен бірге олар кепшілік ишарттарын жасауда (заңда қозделген жағдайлардан басқа) бір тұлғаға қарағанда, екіншісіне таңдауға құқылы емес. Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасы, сондай-ақ кепшілік шартының талаптары барлық тұтынушылар үшін бірдей болып белгіленеді (заң жекелеген тұтынушылар үшін жеңілдіктер беретін жағдайлардан басқа).

Тұтынушыға тиісті тауарлар беру және қызметтер көрсету мүмкіндігі бола тұра, коммерциялық ұйымның кепшілік шартын жасаудан бас тартуына жол берілмейді. Коммерциялық ұйым ондай шарт жасаудан негізсіз жалтарған жағдайда, ҚР АҚ 399-бабының 4-тармағында қарастырылған ереже қояданылады (тұтынушы шарт жағасуға мәжбүр ету туралы талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы).

Кәсіпкерлік қызметте талаптары тараптардың біреуі арқылы формулярларда немесе басқа стандартты формаларда белгіленген және

ұсынылған шартқа тұтастай қосылу сияқты жолмен екінші тараптың қабылдауы мүмкін **қосылу шарты** кең қолданылады.

Занда қосылған тараптың мүдделерін қорғау шаралары көзделген, атап айтқанда, қосылған тараптың бастамашылығымен мұндай шартты бұзудың оңайлатылған тәртібі белгіленген: егер қосылу шарты заңға қайшы болмағанмен, бұл тарапты шарттардың мұндай түрлерінде көзделетін құқықтардан айырған, басқа тараптың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігін жоққа шығарған немесе шектеген немесе шартта қосылған тарап үшін ауыртпалық түсіретін, яғни ол өзінің ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып, шарттың талаптарын белгілеуге қатысқанда өзі қабылдамауы мүмкін талаптар бар болса, онда ол шартты бұзуды талап етуге құқылы. Шартқа кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты қосылған тарап үшін бұл ереже, егер ол шарттың қандай талаптармен жасалатынын білген немесе білуге тиіс болған жағдайда қолданылмайды, яғни кәсіпкерлер қосылу шартын бұзудың оңайлатылған тәртібін пайдалана алмайды.

### 5.3, Сыртқы экономикалық мәміле

Кәсіпкерлік шарттар жүйесінде сыртқы экономикалық мәміле айрықша орын алады. «Сыртқы экономикалық мәміле» деген ұғымның өзі салыстырмалы түрде алғанда, XX ғасырдың 80 жылдары пайда болды. Бастапқыда «сыртқы сауда мәмілесі» деген термин шыққан

Кеңее заманындағы әдебиетте сыртқы сауда мәмілелері мен сыртқы сауда-саттық бойынша құқықтық қатынастарға, жоқ дегенде, тараптардың біреуі пәсілія (шетелдік азамат немесе шетелдік заңды тұлға) және мәміленің мазмұны тауарларды шетелден әкелу немесе шетелге шығару немесе тауарларды әкелуге немесе шығаруға байланысты қандай да бір қосымша әрекеттер болып табылатын қатынастар жатқызылатын. Осының негізінде сыртқы мәмілелердің екі белгісі ажыратылады:

1) шетелдік элементтің болуы, яғни мәміле жасаушы тараптардың біреуі шетелдік мемлекетте тұралы, сондықтан көн жағдайда шетелдік болып табылады (шетел азаматы немесе шетелдік заңды тұлға);

2) мәміле тақырыбы - сыртқы экономикалық операция (тауар беру, мүлік жалдау, жүк тасымалы, сыртқы сауда-саттық сипаты және т.б.).

Демек, сыртқы сауда-саттық мәмілесі деп шетелден енгізілетін немесе шетелге шығарылатын тауарларды сатып алу-сату, сондай-ақ тауар экспорты мен импортына байланысты мердігерлік, комиссия, тасымалдау, сақтау, сақтандыру және басқадай мәмілелер түсінілетін болған.

Сыртқы сауданың аталған белгілерін айқын деп тануға болады, өйткені олар бүгінгі таңда да езектілігін жойған жоқ. Алайда *сыртқы сауда-саттық* - бұл *сыртқы экономикалық мәміле түрлерінің бірі*, сол себепті сыртқы экономикалық мәмілелердің барлығына тән белгілерді айқындау қажет екенін атап өткен жән.

Қазіргі заманғы авторлар сыртқы экономикалық мәмілелердің мәнін айқындаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Солардың біріншісіне сәйкес, сыртқы экономикалық мәміле жай шарттан төмендегі талаптарды қамтуымен ерекшеленеді:

- 1) әртүрлі ұлтқа жататын адамдар арасындағы мәмілелерге қатысу;
- 2) тауарларды шекара арқылы өткізу;
- 3) қолданылатын құқықты таңдау;
- 4) төрелік ескертпе енгізу;
- 5) салық шығыстарын бөлу талаптарын келісу;
- 6) валюта таңдау және халықаралық есеп айырысу түрлері;
- 7) халықаралық салттарды пайдалану;
- 8) сыртқы экономикалық шарттар міндеттемелеріне тән басқа арнайы ережелер."

Екінші тәсілге сәйкес, сыртқы экономикалық мәміле тек соның өзіне тән талаптармен сипатталады:

- 1) төлемдерді алуға және қамтамасыз етуге байланысты талаптар;
- 2) валюталық талаптар;
- 3) тасымалдау туралы талаптар;
- 4) тауарларды сақтандыру талаптары;
- 5) әр мемлекеттің заңында қарастырылған кеден ережелерін орындау;
- 6) негізгі шарттан басқа, тасымалдаушымен, банкпен, сақтандыру компаниясымен қосымша шарттар жасасу;
- 7) міндеттемелерді орындамағаны үшін, тараптардың жауапкершілігін



бөлуге коммерциялық емес (саяси) тәуекелдердің ықпал ету ережелері;

8) қолданылатын құқық туралы талап;

9) дауларды (арбитраждық ескертпе) караудың шарттары мен тәртібі;

10) халықаралық коммерциялық мәмілелерге қол қоюдың фор- масы және тәртібі туралы ерекше ереже.

Алайда аталған езіндік талаптар мәміленің «халықаралық» екенін айқындауға болатын сипаттаушы белгілер болып табылмайтыны атап көрсетілген, өйткені мәмілені халықаралық деп тану үшін бір белгі ғана - тараптардың коммерциялық кәсіпорындарының эртүрлі мемле- кеттер аумағында болуы жеткілікті/

Әрине, «халықаралық» белгісі айтарлықтай маңызға ие, бірақ ол жалғыз ғана бола алмайды, себебі кәсіпорындары бір мемлекеттің аумағында орналасқан тараптардың арасында да сыртқы экономикалық мәміле жасалуы мүмкін, өйткені бұл олардың эртүрлі мемлекеттерге жатуына кедергі келтірмейді, демек, тараптардың біреуінің шетелдік инвестор болуы - мәміле жасасуға жеткілікті дәлел. Оның үстіне шарттық қатынастардың нысаны шетелдегі бір зат бола алады және осы жағдайда, қай мемлекетке жататынына байланыссыз және тарап- тардың кәсіпорындарының қай мемлекетте орналасқанына қарамастан, мәміле халықаралық (сыртқы экономикалық) болып саналады.

Сол себепті сыртқы экономикалық мәміленің негізгі екі белгісі бар деген қорытынды жасауға болады:

1) айрықша субъектілік құрам (тараптар эртүрлі мемлекеттерге жатады (эртүрлі ұлттардың жеке тұлғаларына қатысты қолданылады) немесе эртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасады (заңды тұлғаларға қатысты қолданылады);

2) айрықша нысандық құрам (нысандар шетелдегі тауарлар, мемлекет аумағынан тыс көрсетілетін қызметтер немесе шетелдік инвестициялар және т.б. болып табылады).

Мәмілені сыртқы экономикалық деп тану үшін, бұл белгілердің жиынтығы қолданылуға тиіс.

Өзін-өзі бакылауға арналған сұрақ і ар:

1. Кәсіпкерлік шарттарды жіктеудің қандай амал-тәсілдері бар?
2. Қызмет түрлері және экономикалық салалары бойынша шарггарды жіктеудің мәні неде?
3. Кәсіпкерлік мүліктік шарттардың сипаттамасын беріңіз.
4. Кәсіпкерлік ұйымдастыру шарттарының өзіне тән ерекше- ліктері неде?
5. Кәсіпкерлік шарітарды экономикалық салалар бойынша жіктеу нені білдіреді?
6. Кәсіпкерлік шарггар мен кәсіпкерлердің қатысуымен жасала- тын шарггардың аражігін ажыратып көрсетіңіз.
7. Көпшілікке арналған шарттардың маңызын ашып көрсетіңіз.

8. Қосылу шартының өзіне тән ерекшеліктерін атаңыз.
9. Сыртқы экономикалық мәміленің белгілерін атаңыз.
10. Сыртқы экономикалық және сыртқы сауда-саттық мәмілесінің арақатынасын көрсетіңіз.
11. Сыртқы экономикалық мәмілеге тән қандай талап-шарттар бар?

## **6- тарау. БИРЖАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕР**

### **6.1. Биржалық мәмілелер және олардың жіктелуі**

**Биржалық мәміле** - биржа сауда-саттығы барысында биржа тауарына қатысты биржа сауда-саттығына қатысушылар жасаған, биржа тіркеген шарт (келісім) болып табылады. Биржалық мәмілені тіркеу және рәсімдеу тәртібін биржа белгілейді. Биржада жасалған, бірақ жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келмейтін мәмілелер биржалық болып саналмайды.

Биржаның осы биржада биржалық емес мәмілелер жасаған бир- жалық сауда-саттыққа қатысушыларға айшақы колдануға құқы бар.

Биржалық сауда-саттық Ережелерінде белгіленген тәртіппен тіркелген сәттен бастап, биржалық мәміле жасалған болып саналады. Көптеген биржаларда Үлгі шарттар әзірленген, сондықтан биржалар қабылдайтын биржа сауда-саттығының Ережелерінде барлық құжат- тарды рәсімдеу ксчінде Үлгі шарттардың мазмұнын есепке алуға кеңес беріледі.

Тауардың атауын, санын, бағасын, тауардың жатқан жерін және орындау мерзімін есепке алмағанда, биржа мәмілесінің мазмұны коммерциялық құпия болып саналады және жария етуге жатпайды. Тауарды беру мерзімдері биржалық сауда-саттық Ережелерінде емес, биржалық мәміледе көрсетіледі.

Биржалық мәмілелер әрқандай түрлерде болуы мүмкін. Сөйтіп биржалық сауда-саттық барысында биржалық сауда-саттыққа қаты- сушылар төмендегілерге байланысты мәмілелер жасай алады:

- нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара бір- біріне беруге;-
  - беру мерзімі өтіп кеткен нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара бір-біріне беруге (форвардтық мәмілелер);
  - биржалық тауарды берудің стандарттық шарттарына қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара бір-біріне беруге (фьючерстік мәмілелер);
  - биржалық тауарды берудің стандарттық шарттарына қатысты құқықтар мен міндеттерді болашақта беру үшін құқықтарынан шегіну (опциондық мәмілелер);
  - биржалық тауарға, шарттарға немесе құқықтарға байланысты биржатық сауда-саттық ережелерінде белгіленген басқа да мәмілелер,
- Егер барлық биржалық мәмілелерді топтастырса, онда негізгі екі топты бо.ііп шығаруға болады.

**Накты тауарға жасалатын мәмілелер** (немесе кассалық мәмілелер немесе қолма-қол ақшаға мәмілелер) - биржада айналысқа түскен тауаряарды,

мәнше сатып алу мақсатында жаеалады.<sup>43</sup> Өз кезегінде, нақты тауарға жасалатын мәмілелер кэш-мәмілелерге (немесе «*spot*» мәмілелері) және форвардтық мәмілелерге бөлінеді.

«*Spot*» мәмілелері - бұл дереу немесе жақын арада орындалатын қолма-қол ақша қаражатына жасалған мәміле. «*Spot*» мәмілесі дереу биржа жабылған бойда, «ертеңінде», яғни биржалық жақш күнде (бірнеше күннен кейін) орындалуы мүмкін.

*Форвардтық мәміле.ier* - тарантардың беру туралы келіскен және шартта белгілеген болаиалақта беру және есеп айырысу мерзімінің талаптары бойынша ұйым-сатушының ұйым-сатып алушы меншігіне берген тауарына жасалатын мәміле.

Нақты тауарсыз жасалатын мәмілелер - бұл мәмілені орындау үшін биржалық тауарды кейіннен беруге болжам жасамайтын мәмілелер (мұндай мәмілелерді басқаша *жеде.ч биржалық .имілелер* деп атайды). Әдетте, оларға *фьючерстік* және опциондық мәмілелер жатқызылады.

*Фьючерстік мәміле* сатушының сатып алушыға белгілі бір мер-зімде белгілі бір орынға жеткізіп беретін белгілі бір тауардың қандай да бір санына байланысты стандарттық міндеттеме болып табылады.

*Опциондық мәміле* — бұ.ч кейіннен жоғарырақ бағамсн қайта сату және мәміленің жасалу мезетінде баға мен оны сату мезетіндегі бағаның айырмасы есебінен пайда табу мақсатында опциондық шартты сатып алу және сату.

Бұнымен қатар биржалық сауда-саттықта биржалық мәмілелердің кепіл затқа жасалағын мәмшелер (сатушы жағынан да, сатып алушы жағынан да), кредитке мәміледер, баспа-бас айырбас мәмілелері, шарт қойылған мәмілелер деп аталатын түрлері кең тараған/

*Кепіл затқа мәміле* - мәміле жасалып жатқан мезгілде бір шарт жасаушының (контрагенттің) екінші шарт жасаушыға (контрагентке) араларында жасалған шартта белгілеген соманы өзінің міндетте-мелерін орындау кепілдігі ретінде беруі үшін жасалатын мәміле. Егер кепілдік толеуші сатып алушы болып табылса, мәміле сатып алуға кепілдік, ал сатушы болса, онда сатуға кепілдік болып шығады.

*Кредитке мәміле* - бұл брокерлік кеңсенің биржалық мәмілелер жасау үшін банктен ақша алып, биржада өзінс керек зат сатып алатын,

---

<sup>43</sup> Кеңірек танысыңыз: В.С.Белых, С.И.Винниченко. Биржевое право. -М.: Тюрма баспасы (Норма-Инфра, М баспа тобы), 2001. 131-132-беттер.

кейіннен сп тауарын да биржшдык сауда-саттық арқылы сату үшін жасадатын шыш

*Баспа-бас айырбас м, >міесі* — өзара өнім айырбастап, ақша төлмей жасалатын мәмілс. Ондай кезде айырбастау үйлесімдігіЦ эрштц, ішкі немесе элсхмдік нарықта айырбас жасалатын тауарларға қойылатын бағалардың арасалмағын. өнім сапасын жоне оны беру талаптарыш ссепкс ала отырып анықталады.

*Шарт қойылған мәмілс* ~ нақты тауарға жасалатын мәмілс; ондай кезде нақты тауар бір мезгілде баска бір нақты тауар сатып алу шартымен (талабымен) сатытды. Бұа мәмілелердің баспа-бас айырбас мәмілесінен айырмашылығы мышада: шарт қойылған мәміле көпші- ліктің жария сауда- саттығы барысында опсрация залында биржа маклерінің қатысуымен және биржаның ақпараттық деректер банкін пайдалана отырыш жасалады.

## 6.2. Биржалық жедел мәмілелер

Нақты тауарға жасалатын мәмілелерден (форвардтық мәмілелер, «спот» мәмілелері) айырмашылығы - **биржалық жедел мәмілелер** тауар беруге байітталмаған,, сондықтан да олар алеаторлық (тәускелдік) сиаатта болады. Биржалық жедел мәмілслердің заңдық жаратылысын сипағтайтын басты белгі - бұл олардың жасалу мақсаты нақты тауар емес, аталған тауарды сатып алуға немесе сатуға деген мүліктік құқық екендігі.

Биржалық жедел мәмілелердің оларды баска азаматтық-құқықтық шарттардан ажырататын төмендегідей белгілері бар:

1) биржалық жедел мәмілелер ұйымдастырылған нарықта тікелей жасалады;

2) биржалық жедел мәмілелерді аталған биржада мүше болып табылатын, сондай-ақ жедел мәмілелер жасау құқын бсретін белгілі бір санат иеленетін кәсіби қатысушылар жасайды;

3) биржалық жедел мәмілелер тек биржа белгілеген сауда-саттық сессиясы (мсрзімі) ішінде жүзеге асырыла алады;

4) биржалық жедел мәмілелердің түпғалық сипаты жоқ, яғни сатушылар мен сатып алушылар өзара тікелей байланысқа түспейді, тек биржамен жұмыс істейді;

5) биржалық жедел мәмілелердің көздегені - биржадағы айналыс- қа жіберілген нысандардың белгілі бір тізбесі болып табылады;

6) биржалық жедел мәмілелер жай жазбаша түрде жасалады;

7) биржалық жедел мәмілелер тек биржада тіркелгеннен кейін ғана заң күшіне енеді;

8) биржалық жедел мәмілелерді орындаудың мерзімдері, тәртібі мен тәсілі стандарттық болып саналады;

9) биржалық сауда-саттық барысында жедел мәмілелерге қатысу- шылар мен биржа арасында туындаған дауларды, эдетте, биржа комис- сиясы

қарайды <sup>44</sup>

Биржалық жедел мәмілелер қатарына фьючерстік мәмілелер және опциондық мәмілелер жатқызылады.

### **6.3. Бағалы қағаздар мен биржалық ліәмлілелер жасау ерекшеліктері**

Революцияға дейінгі Ресейде биржалық сауда-саттық пайда болуына байланысты бағалы қағаздармен биржалық мәмілелер жасаудың құқықтық табиғаты туралы мәселе ғалымдардың басты назарына ілікті. оның үстіне биржалық мәмілелердің азаматтық- құқықтық мәні бірауыздан мойындалды. Биржалық мәміленің маңызын зерттеудің негізгі үш бағытын бөліп көрсетуге болады. Алғашқысы (және ең көп таралғаны) биржалық мәмілелер биржадан тыс жасалған тиісті мәмілелер сияқты, өздерінің заңдық табиғаты бойынша тауар сатып алу-сату немесе беру болып табылады. Екінші бағытты жақтаушылар биржалық мәмілелердің негізгі формасы тауар сатып алу-сату немесе беру болып табылатынын жоққа шығармайды, бірақ сауда өміріне тән талап-шарттардың ықпалымен биржалық мәмілелердің күрделіленуіне кететіні соншалықты, өзінің бастапқы бет- бейнесін, сипатын жоғалтқандай болатынына назар аударады, одан өзге, биржалық мәмілелердің жай азаматтық-құқықтық мәмілелерден айырмашылығы - саудаға, оның ішінде биржалық мәмілелерге тән сипаттардың бірі болып табылатын алыпсатарлықта жатыр, <sup>45</sup> Үшінші бағытқа сәйкес, биржалық мәміле ден биржалық жедел мәмілелер нақты бір биржа тауарын меншігіне сатып алу ниетін білдірмеген, тек биржа шартын жасағанда және орындағанда бағалар айырмасында көрсеткен бәс тігу немесе ойынды түсіну қажет. <sup>46</sup>

Белгілі бір дәрежеде ресейлік ғалымдардың қазіргі заманғы ұстанымдары бұрын айтылғандармен үндес және кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, биржалық мәмілені азаматтық-құқықтық шарт деп танудан көрінеді. Әрине, биржалық мәмілені реттеу саласынан

---

<sup>44</sup> А.И.Рашидова. Правовое регулирование производных ценных бумаг: автореферат, заң ғылымдарының кандидаттығына қорғалған диссертация. — Алматы: ҚАЗМЗУ-нің жеке құқық ІЗІ-і, 2003. 15-16-беттер.

<sup>45</sup> Г.Ф.Щершеневич. Учебник торгового права (1914 ж. басылым бойынша). - М.: «СПАРК» фирмасы, 1994. 235-237-беттер.

<sup>46</sup> И.Г.Абраменкова. Гражданско-правовая характеристика биржевых сделок с ценными бумагами. // Заң, 2001. № 9. 29-30-беттер. 247

тауар беру катынастары алынш тасталған, бұл жерде бағалы қағаздарлы жоне туынды каржы құралдарын сатып алу-сату туралы сөз болып отыр.

Сатып алу-сату үшш маңытзды сэт - соның негизінде бір адамның екінші адам іменпгіне му іікті өтеусіз беруі болып табылады. Бағалы қағаздарды және туынды каржы құралдарын сатып алу-сату шартын жасау және орындау барысында биржа сауда-саттығы затына байланысты құқыктар меп міндеттемелерді өзара беру, сондай-ақ шартты сауда-саттықты ұйымдастырушының өзі орындайтын кепіл- дігімен қоса, бағалы қағаздарға меншік құкын беру жүзеге асырылады.<sup>47</sup>

Азаматтық заңға сәйкес. егер заң актілерінде оларды сатып алу- сатудың арнайы ережелері көзделмеген болса, онда бағалы қағаздарды сатып алу- сатуға сатып алу-сатудың жалпы ережелері колданылады, Атап айтканда, бағалы қағаздар нарығы туралы заңда эмнссиялық бағалы қағаздардың солардың қайталама нарығында айналысқа түсуі - бағалы қағаздардың ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарығында бағалы қағаздар нарығы субъектілерінц солармен азамагтық-құқықтық мәмілелер жасауы жолымсн жүзеге асырылатыны көзделген. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасау және оларды бағалы қағаздар иеленушілердің тіркеме жүйесінде немесе бағалы қағаздарды нақты иеленуді есенке алу жүйесінде тіркеу шариары мен тәртібі Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында және уәкілетті органның (ҚР Ұлттық банкінің) нормативтік құқықтық актшерінде белгіленген.

Халықаралық құқық тәжірибссінде **бағалы қағаздармен мәмі- лелер жасаудың** ең көп тараған **түрлеріне** төмендегілер жатқы- Зылады: 1) бағалы қағаздарды бағамдарының көтерілуіне есеп жасай отырып сатып алу; 2) бағалы қағаздарды ішінара кредит төлеп сатып алу; 3) қарызға алынған бағалы қағаздарды сату. Жалпы алғанда, шарттардың бұл тобын бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарғы деген жалпы атаумен бірікіруге болады.

*Бағалы қатздарды бағамдарының көтерілуіне есеп жасай отырып сатып ту* басқаша *ұзыи сатып алу* деп аталады, өйткені инвестор бағалы қағаздарды кейіннен оларды қайта сату (жоғарырақ бағамен) мақсатында сатып алады.

*Крейитпен қорға сатып алу* - бұл инвестордың бағалы қағаздар- ды қор брокері берген қарыз қаражаттарды тарта отырыгі сатып алуы.

*Қарызға алынған бағсты қатздарды сату* (немесе жаппастан немесе қамтамасыз етпестен сату) бағалы қағаздардың бағамы түсетіні күтілген жағдайда орын алады; бүт тәсіл инвесторларға бағамның түсуінен пайда табуға мүмкіндік береді және оларды бағалы қағаздар бағамының күлауынан сақтандыра алады.

Бағалы қағаздар нарығында мәмілелердің басқадай түрлері де, мысалы, бағалы қағаздар сауда-саттығының бас қа қатысушыларын жаңылдыру үшін өткізілетін козбояушылық мәмілелер де бар

<sup>47</sup> Қараңыз: Л.Дж.Гитман, МД.Джонк. Ооновы инвестицин: ағылшын тілінен аударылғаы. - 2008 «Јс» баспасы, ! 997. 67-68-беттер.

Бағалы қағаздар нарығында жасалатын мәмілелердің ішінде бағалы қағаздарды және бағалы қағаздарға салынатын инвестиция қаражаттарын сенімгерлікпен басқару шарттарын (оның ішінде кредит ұйымдары жүзеге асыратын бағалы қағаздарды және бағалы қағаздарға салынатын инвестиция қаражаттарын сенімгерлікпен басқару шарттарын);<sup>4</sup> дереу есеп айырыса отырып, бағалы қағаздар сатып алу- сату мәмілелерін (кассалық, байланыстық мәмілелер) және есеп айырысуды кейінге қалдыра отырып, бағалы қағаздар сатып алу-сату мәмілелерін (оның ішінде бағалы қағаздарды сатып алу-сатудың кредиттік және аванстық мәмілелерін) боліп айтуға болады.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Биржалық мәміленің түсінігін және белгілерін ашып көрсетіңіз.
2. Биржалық мәмілелерді түрлері бойынша жіктеудің белгіштерін атаңыз.
3. Нақты тауарға жасалатын биржалық мәмілелердің ерекшеліктері және түрлері қандай?
4. Нақты тауарсыз жасалатын биржалық мәмілелердің өзіндік ерекшелігі неде?
5. Биржалық мәмілелердің биржалық сауда-саттық тәжірибесінде кең таралған басқа түрлерін атаңыз.
6. Биржалық жедел мәмілелерге түсініктеме беріңіз.
7. Биржалық жедел мәмілелерге тән қандай сипаттар бар?
8. Бағалы қағаздармен биржалық мәмілелер жасаудың маңызды анықтаудың қандай амал-тәсілдері болып еді?
9. Қазақстан Республикасында бағалы қағаздарды сатып алу- сатуды құқықтық реттеудің ерекшеліктері неде?
10. Бағалы қағаздармен жасалатын биржалық мәмілелердің жекелеген түрлеріне сипаттама беріңіз.

#### **7- тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК КЕЛІСІМ-ШАРТТАР**

##### **7.1. Жер қойнауын пайдалану саласындағы келісім-шарттарды реттесудің пайда болуы және дамуының тарихы**

Жер қойнауын пайдалану саласындағы алғашқы шарт жасау түрі концессия болды. Пайдалану үшін жер қойнауы телімдерін берудің қазіргі заманғы концессиялық жүйесінің негізгі бастамалары алғаш рет Афина мемлекетінде қаланды.<sup>1</sup> Жер қойнауы мемлекет меншігінде болатын, барлық қалаған адамдарға пайдалы қазбаларды зергегуге мүмкіндік беретін, ал табылған пайдалы қазбалар туралы хабарлау бойынша және жер қойнауын пайдаланғаны үшін мемлекет қазынасына голенетін біржолғы жарна үстіне алынған пайданың бір бөлігі төленген жағдайда, мемлекет пайдалы қазбаларды шығару үшін, белгілі бір ауданды (таудан белінген) беретін. Демек, сол кезеде жер қойнауын пайдаланудың тау еркіндігі, жер қойнауының

пайдаланудың ақылы ұстанымы және алғашқы ашушының құқықтары сияқты негізгі ұстанымдар қалыптасты.

**Рим мемлекетінде,** концессиялық жүйемен қатар, жер қойнауын пайдаланудың акцессиялық жүйесі болған. Римдік заңгерлер жерге меншік құқы оның қойнауына да қатысты деп санаған, өйткені басқадай өнімдер (мысалы, өсіріліп шығарылған егін) сияқты, оның минералдары (пайдалы қазбалары) да жердің өнімі болып табылады ғой, сол себепті тұтастай және толықтай жер иеленушіге тиесілі болуға тиіс. Заңдық мағынада олар өнімдер деп сол онш беретін заттың өзінің түпнегізін өзгертпей пайдалану мүмкін емес өнімдерді мойындаған, сол себепті олар өнім беретін заттың заңдық табиғатын сақтауға тиіс болды.\* Сейтіп, сол римдік заңгерлер алғашқы болып негіздеген және алға тартқан акцессия ұстанымы әлі күнге дейін емір сүрің келеді, ал сол бойынша жерге құқығы бар адам оның қойнауын да иеленуге құқылы.

Сонымен бірге Рим провинцияларында жер қойнауы мемлекет меншігінде: болып келді. Мемлекет атынан ерекше прокуратор ақылы негізде пайдалы қазбалар іздестіру және шығару үшін, жеке адамдарға жер телімдерін беретін. Сол кезеңнің әртүрлі императорлық жарлықтарына сәйкес, провинцияларда пайдалы қазбаларды іздестіру үкшеттік концессияларға байланысты жүзеге асырылатын және жер бетін иеленушімен адал келісім жасау талап етілмейтін; жер



пайдалануға рұқсат берілген адамдардың қазынаға пайданың белгілі бір бөлшепн (оннан бірін) беруі қажеті және жеткілікті шарт болып саналатын.<sup>48</sup>

Демек, римдік билеу заманында-ақ жер қойнауын пайдалануға берудің негізгі екі жүйесі: концессиялық және акцессиялық жүйе өзінің негіздемесі және дамуына қол жеткізді, ал олардың дуализмі мен бір-біріне қарсы тұруы осы уақытқа дейін сақталып отыр.

XVII ғасырдың ортасында Ресейде жер қойнауын пайдалануға алғашқы шарттар жасала бастады. Мәскеу үкіметі бірнеше жарлық шығарды, соларға сәйкес барлық жерлерде кен іздеуге рұқсат берілді, ал жеке қонысты, біреудің иелігіндегі (вотчиналық) және монастырлық жерлерде зауыттар салу үшін, тау-кен өндірісшілеріне (оның ішінде шетелдік те) олардың иелерімен шарт жасасуға кеңес берілетін/ Сол себепті Ресейде, өзінің пайда болуының алғашқы сәттерінен бастап-ақ, жер қойнауын пайдалану жүйесі «акцессия» ұстанымына негізделген және «жер қойнауына берілетін құқықты жер қойнауының үстіне деген құқықтан ажырату» ұстанымы мойындалмады деген қорытынды жасауға болады.

Ресейдегі жер қойнауын пайдалану саласындағы кәсіпкерлік қызмет XVIII ғасырдың басында, Петр I заманында нақты дамуға бет бұрды. Ол жүйелі түрде пайдалы қазбалар өндіруге отандық та, шетелдік те инвесторларды тарғу саясатын жүргізді. Петр I тау-кен құқығының томендеуіне негізгі ұстанымдарын жариялады: тау-кен символдық белгісі ұстанымы; жер қойнауын пайдаланудың ақылы болу ұстанымы; еркін тау-кен кәсіпкерлігі ұстанымы. Сол кезеңде жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін, маңызды құқықтық база қаланды (атап айтқанда, «Кен қазу ісі Бұйрығын бекіту туралы» 1700 ж, тамыздың 24-індегі Жарлық, 1719 ж. желтоқсанның 10-ындағы Берг-коллегия және өзге де нормативтік актілер). Ресей Империясының заңдар жиыптығын жасау кезінде 1832 ж. әзірленген және қабылданған Тау-кен Жарғысының 1842 ж. және 1857 ж. түзетілген нұсқасы 1893 ж. қабылданған Ресей Империясының Тау-кен Жарлығына негіз болды (1912-1914 ж.ж. өзгертілді және толықтырылды).

XX ғасырдың басына қарай жер қойнауын пайдалану саласында екі жүйе орнады: 1) концессиялық (мұнда заң шығарушы жер қойнауын пайдалану құқы кімге тиесілі болатынын алдын ала анықтамайды, ал ол адамды таңдау құқы әрбір нақты жағдайда үкіметке беріледі); 2) құқықтық (заңда жер қойнауын пайдалану құқын алуға үміткер сай бояуға тиісті талаптардың белгілі бір тізбесі белгіленді. олар сақталған жағдайда ондай құқық беріледі).

Концессиялық жүйе Францияда қалыптасып, кейіннен Бельгияда, Голландияда, Түркияда және Грекияда қолданыс тапты. 1810 ж. қабылданған Францияның Тау-кен заңы жер иеленушінің өзіне тиесілі жерінде пайдалы қазбалар іздестіруге және барлау жүргізу құқық бекіткенмен, бұл құқықтарды былайша: жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізуге тау-кен әкімшілігімен келісе отырып және барлық өтініштер қаралғаннан кейін, жер

иесінің келісімінсіз, бірақ міндетті түрде оның пайдасына өтем төлеп, басқа ізденушілерге де рұқсат берсе алатындай етіп шектеп қойған. Концессионер сай болуға тиісті негізгі екі шарт көзделген: ол жер қойнауын зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қажетті қабілеті бар екенін дәлелдеуге тиіс болды; және концессия актісінде көзделген қызметті жүзеге асыруға қаражаты жеткілікті болуға тиіс еді.<sup>49</sup>

1837 ж. **Бельгияда қабылданған Концессиялар беру туралы Заң** көп жағдайда Францияның Тау-кен заңын қайталайтың; жалғыз айырмашылығы сол - онда жер иеленушілердің, алғашқы жол салушылардың және басқа адамдардың құқықтары теңестірілмейтін. Бұл заңда басқадай тең шарттарда, концессия алуға жер қойнауын алғаш тапқан адам үміттенген жағдайды есептегенде (басқаша айтқанда, жер иеленушінің құқына қарағанда, жер қойнауын алғаш ашқан адамның құқы басымдық алған жағдайын есепке аямай) жер иеленушінің жер қойнауын пайдалануға құқық алуда басымдыққа ие болуы көзделген.

Ресейде пайдалану үшін жер қойнауын берудің қалыптасқан жүйесі «концессиялық» смес, «құқықтық» деп аталатын жүйе болатын. Концессиялық жүйе ресейлік заң әдебиетінде қатаң сынға алынды, өйткені зерттесу үшін жер қойнауын әкімшіліктің бір немесе басқа адамға өз қалауынша беру құқық иеленуі (яғни концессиялық жүйе) тау-кен заңындағы жер қойнауын алғаш ашқан адамның оны зерттеу құқық мойындайтын жалғыз мүмкін нық және әділетті негіздемсіз бұзу болып саналады.'

Алайда бұл жағдайда жер қойнауын берудің «концессиялық» және құқықтық» жүйелер түсінігі біршама арапасып кеткен. Бір жүйенің екіншісінен басты айырмашылығы — ол концессионерді таңдау құқық жоғарғы атқару органына (үкіметке) беру болып табылады, дегенмен екі жағдайда да заңда концессия ізденушінің сай болуға тиеті негізгі талаптары көзделген. Бұл жерде дереу жоғарыда аталған белгі бойынша осы екі жүйе арасындағы елеулі айырмашылықтарға байланысты күмән туады: егер заң талаптарына бірнеше ізденуші сай келетін болса, онда «құқықтық» жүйе шарттарында бірнеше қатысушы арасынан онымен шарт (келісім) жасау үшін бір үміткерді таңдап алу шарасы көзделуге тиіс еді ғой. Сол себепті «құқықтық» жүйе шарттарында жоғарғы атқару органы жер қойнауын пайдалану туралы шарт жасалатын адамды таңдау құқыққа ие болады. Сондықтан жер қойнауын пайдалануға берудің «құқықтық» және концессиялық» жүйелері арасындағы айырмашылықтар кен орындарын зерттесу құқық беру шарттарын заңдық айқындауға себепші бола қойған жоқ, олар жерге және оның қойнауына бөлінбейтін жеке меншік құқық қорғау қажетті-яғин себепші болды. Соған байланысты «құқықтық» жүйені жер қойнауын пайдалану құқық берудің «концессиялық» жүйесінен түбегейлі ерекшеленетін «акцессиялық» жүйе деп атау дұрысырақ болар еді. Демек,

---

<sup>49</sup> А.Штоф. Горное право. — СТГб.: М.М.Стасюлевич Үлгісі. 1896. 32-бет. "  
234 да совда. 33-бет.

Ресейде концессиялық жүйеден (қандай түрде түсінілсе, сол түрде) бас тартудың басты себебі басқада: бәрінен бұрын, концессиялық жүйе жер иеленушілердің «қаснетті» құқықтарына қол сұқты, сол үшін ол қажетсіз деп танылып отыр.

**1917 ж. Қазан революциясынан** кейшгі алғашқы декреттерде-ақ жер үстіне құқықты оның қойнауына берілетін құқықтан ажырату ұстанымы бекітілді. Соған сәйкес жер қойнауы жерге тиесілі емес деп қарастырылатын және айрықша құқықтық режимге бағынатын болды (бұл ұстаным дамытаи елдердің құқықтық жүйелерінде осы уақытқа дейін сақталған, соған сәйкес жер қойнауы жердің құрамдас бөліп, ал жер қойнауына меншік құқық жерге меншік құқығын құрамдас бөлігі болып табылатын концессия ұстанымының орнын басты).

1920 ж. КСРО Халық комиссариаты кеңесі (ХКК) қабылдаған **«Жер қойнауы туралы» Декрет** бұрыннан қолданылып келе жатқан бардык актілердің және жер қойнауын пайдалану туралы жеке адамдардың шарттарының күшін жойды. Алайда жеке (және бірінші кезекте шетелдік) капиталды тартудың объективтік экономикалық қажеттіліктерін есепке ала отырып, тау-кен өнеркәсібінің мұқтаждықтары үшін жер бетін және жер қойнауын кесіп беру тәртібі туралы Нұсқаулықта бастапқыда қоғамдық жерлерде алтын мен платина іздестіру, барлау жүргізу және шығару жұмыстарын орындауға құқық берілді, ал кейіннен бұл шешімдер басқа да пайдалы қазбаларды зерттеу үшін қолданылатын болды. Сөйтіп, 1923 ж. шілденің 7-інде шыққан **Жер қойнауы және оларды зерттеу туралы Ережелер** КСРО-ның барлық азаматтары мен заңды тұлғаларына, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен олардың заңды тұлғаларына пайдалы қазбаларға барлау жүргізу, іздестіру, өндіру және өңдеу құқы бекітіліп берілді. Одақтық республикалардың заң актілерінде де жеке адамдарға концессия негіздемелерінде жер телімдерін беру мүмкіндігін көздеген нормалар дүниеге келді. Атап айтқанда, 1923 ж. Қырғыз АКСР-інің Жер кодексінде концессия және жалдау негізінде жер беру және пайдалану көзделді (160, 168, 170, 176, 178-баптар), Кейіннен Қазақ АКСР Кеңесінің 1925 ж. сәуірдің 19-ындағы 5-сөзшінің «Суландыру туралы» Резолюциясында жер суғарудың ерекше механизациясын талап ететін жерлерді концессияға беру және жер пайдалану өнімдерін фабрикалар мен зауыттарда өндiру үшін, оған айтарлықтай кредит талап етілуіне байланысты, ірі концессия үшін республиканың жақын жылдарда игеруге шамасы келмейтін арнайы жер телімдерін концессионерлерге бөліп берудің мүмкін екендігі мойындалды.

**Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) кезеңінде (1921-1927 жж.)** шетелдік заңды тұлғалардың және азаматтардың кеңес мемлекетінің экономикасына қатысуына жол берілді. Әсіресе шетелдік қазбалардың кен орындарын зерттеуге жер қойнауын беру кең орын алды (шетелдік инвесторлардың қатысуымен 25 кәсіпорын құрылды). Сол кезеңде жасалған концессиялық шарттар концессионердің (инвестордың) өзше қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті емес дәрежеде орындағаны үшін, біржақты тәртіпте мемлекеттік органдардың бастамашылығымен шарт

мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндігін көздеген ережелердің болуымен сипатталады. Тиісінше, жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығы жек тұлғалардың (шетелдік те, отандық та кәсіпкерлердің) жер қойнауын пайдалану саласындағы бастамашылық инвестициялық қызметімен толықтай үшесім тапқан.

Дәл осы кезеңде КСРО-ның да, жекс республикалардың да, оның ішінде Қазақстанның да, сыртқы экономикалық қызметке қатысу үшін, құқықтық негіздері қаланған-ды. 1920 жылдың 27 мамырында Құлжа қыстағында КСРО мен Шыңжаң арасында Іле хаттамасы деген атпен танымал болған келісім жасалды, ал 1924 жылдың 31 мамырында енді КСРО мен Қытай арасында шарт жасалып, біздің еліміздің Шыңжаң мен сыртқы экономикалық операциялар жасауына мүмкіндік туды."

1927 ж. **КСР Одағының Тау-кен ережесінің** қабылдануы арқылы инвесторлардың құқықтарының ауқымы тарылды және үкімет тарапынан бақылау күшейді, ал 30 жылдары, тоталитарлық режимнің қалыптасу кезеңінде, кәсіпкерлік қызмет іс жүзінде тоқтап қалды. Тау-кен ережесінде бар, кен орындарын барлауға және зерттеуге алғашқы жол ашушының құқықтарын бекіткен тау-кен ережесінің үстанымы 1975 жылға, яғни КСР Одағының жер қойнауы туралы Заң негіздері қабылданғанға дейін күшін жоймағанмен. Әйтсе де ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап, жер қойнауын зерттеуге шетелдік және жеке тұлғаларды тарту туралы ешқандай ақпарат жоқ.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібінің пайда болуының бастамасы ХІХ ғасырдың аяғына, ХХ ғасырдың басына жатады. Ал Ресей тау-кен ісінің тарихын 1700 ж. Петр 1 кен қазу Бұйрығын бекіту туралы Жарлыққа қол қойған күннен санау қалыптасқан, 2000 жылы Ресей тау-кен ісінің 300 жылдығы аталығы өтті,<sup>50</sup>

Қазақстанда мұнай кен орындарын зерттеу туралы алғашқы ұсыныстарды петербурглық кәсіпкерлер тобы — Н.Н.Леман, В.Е.Грум-Гржимайло және Деспельмайер мұрагерлері жасаған/ 1894 ж. патша үкіметі концессиясына Ембідегі мұнайдың еол уақытта танымал барлық кен орындарын алып, олар «Ембі — Каспий серіктестігі» деген атпен мұнай өнеркәсібі компаниясын құрды/ 1899 ж. қарашада Қарашұңғыл шатқалында (қазіргі уақытта Атырау облысының Жылыой ауданы) серіктестік бұрғылаған № 7 бұрғылау ұңғымасынан алғаш рет күндік дебиті 22-25 тонна жеңіл мұнай атқылады.<sup>51</sup> *Дәл осы оқиға Қызақстан мұнай өнеркәсібінің тарихына бастау болды,*

ХХ ғасырдың басына қарай отандық мұнай өнеркәсібі ары қарай дами

---

<sup>50</sup> И.В.Романкова. Проблемы правового регулирования предпринимательства в Республике Казахстан: оқу құралы. - Алматы; «Тұран университеті», 1996. 7-бет.

[правового регулирования внешнеэкономической деятельности: оқу және ғылыми құрал. / М.А.Сәрсетбаевтың басшылығымен, 2 бөлімде. - Алматы: Ғылым, 1995. 1-бөлім. 15-бет].

<sup>51</sup> Н.Нәдіров. Тарих осылай басталған. // Мұнай және газ. 1999. № 2. 3-7-беттер.

бастады. Сонымен, 1912 ж. Орал-Ембі ауданы аумағында ұзындығы 65 шақырымға созылған алғашқы мұнай құбыры салынды. Өндірілген мұнай оған дейін мұнай жинайтын және сақтайтын қоймалар орналасқан Рақұш ауылына көлік-арбамен тасылатын.<sup>52</sup> Ары қарай бұл мұнай сағу мақсатында теңіз көлігімен Астраханьға жөнелтілетін.<sup>6</sup>

ЖЭС (1921-1927 жж.) кезеңінде кеңес мемлекеті атынан 25 концессиялық келісім жасалды, ал олардың ішінен екеуіне Қазақстан аумағында пайдалы қазбаларды зерттеу және өндіру бойынша операциялар жүргізу арқау болды. Алғашқы концессиялық шарт 1924 ж. желтоқсанның 4-інде Мәскеу қаласында КСРО Үкіметі мен норвегиялық азамат Ф.Стерн арасында жасалды. Соның негізінде концес-

---

<sup>52</sup> Т.Ш.Шәукенбаев. Мұнай шығатын Орал - Ембі ауданы. - Алматы, 1960. 10-бет.

сионерге КСРО аумағында тау-кен барлау, тау-кен өнеркәсібі және басқадай өндірістік, сонымен қатар сауда-саттық қызметін жүргізу және сол қызметтен пайда табу құқы берілді,<sup>53</sup> бірақ қол қойылғаннан кейін көп кешікпей, КСРО Үкіметі бұл концессиялық шарттың күшін жоюға кірісті.<sup>54</sup>

Екінші концессиялық келісім 1925 ж. қарашаның 14-інде Мәскеу қаласында КСРО Үкіметі мен КСРО Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесі (БХШК) атынан және ағылшындық «Лена-Голдфилдс Лимитед» акционерлік қоғамы (Лондон) арасында жасалды. Бұл шартта Кузбасстың Киселев көмір кенінің концессияға берілген бөлігін мерзімінен бұрын қайтару (егер барлау жасалған ондағы көхмірдің қоры шартта көрсетілген концессияның қажеттіліктері мөлшерінен артық болса және қайтарылатын телім оны ары қарай ұтымды және дербес пайдалануға жарамды болатын талаптарға сай болса) мүмкіндігі кезделді. (Ленск-Витим тау аймағына байланысты концессиялық шарт 30 жыл мерзімге, ал шартта кезделген барлық қалған кәсіпорындар үшін 50 жыл мерзімге жасалды.)<sup>55</sup> «Лена-Голдфилдс Лимитед» АҚ-ның Алтай нысаны: бойынша таудағы бақылау қызметтері және таудан жер кесіп беру қызметтері Семейдің таулы аймақтарында шоғырландырылды.<sup>55</sup> Зырян ауданы тұтастай Қазақстан аумағында орналасқан-дықтан, Семейдің таулы аймақтарына бағынды; Змеиногородский деп аталатын аудан ішінара Қазақстанға жататын да, оның солтүстік-батыс бөлігі Сібір өлкесіне қарайтын және Кузбасстың Киселев кен орны сияқты, Томск-Алтай таулы аймағына бағынатын.<sup>6</sup> XX ғасырдың 30 жылдарында «Лена-Голдфилдс» компаниясымен концессиялық шартты мерзімінен бұрын бұзу арбитраждық іс қарауға әкелігі соқтырды, бірақ шетелдік инвестор үшін нәтижесіз болып, ол өтеу сомасын ала алмады.

80 жылдардың соңы - 90 жылдардың басында ғана қайта құру деп аталатын үдерістің нәтижесінде Кеңес Одағы және «Шеврон» жетекші трансулуттық мұнай компаниясының арасында концессиялық шарт құру мүмкін болды. Алайда дәл осы кезеңде КСРО-ның тарау және жаңа тәуелсіз әрі егемен мемлекеттердің құрылу үдерісі басталды. «Шеврон» корпорациясымен концессиялық шарт енді Қазақстан Республикасымен жаңа және тиімді шарттарда 1993 ж. сәуірдің 6-ында қайта жасалды және ол қазіргі заманғы ірі келісімдердің бірі болып табылады. «Тешшевройл» бірлескен кәсіпорны Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы Теңіз және Корольдік мұнай кені орындарын игеру мақсатында 40 жыл мерзімге құрылды.

---

<sup>53</sup> ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ОММ). 823-кор. 1-оп. 46-құжат. Л.2-29.

<sup>54</sup> Бұл яа сонда. Л.31.

<sup>55</sup> Е.Омарханов. XIX ғ. аяғы - XX ғ. мұнай туралы заңның шығуы туралы. Атырау аймақтық құқықтық семинары 2-отырысы материал. жинағы. - Атырау, 2004. 91-бет.

### 7.3. Жер қойнауын пайдалануға кәсіпкерлік шарт жасау түсінігі және оның мәні

Кәсіпкерлік шарттардың ең көп тараған түрлерінің қатарына **жер қойнауын пайдалану саласының шарттары** жатқызылады. Жер қойнауын пайдаланудың шарты (келісімі) - бұл тараптардың жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір түрін (пайдалы қазбаларға барлау жұрпзу, пайдалы қазбаларды өндіру, пайдалы қазбаларды зерттеу мен өндіруді қатар орындау және басқару) жүзеге асыру туралы келісімі болып табылады. Бұл келісімнің тек өзіне ғана тән бірқатар белгілері бар. *Біріншіден*, жер қойнауын пайдалану шартына қатысушы тараптардың бірі қашанда өз органдары атынан әрекет ететін мемлекет болып шығады; *екіншіден*, шарт жасасудың алдында міндетті түрде жер қойнауын пайдалану құқы үшін инвестициялық бағдарламалар конкурсы немесе тура келіссөздер аткізіледі, *үшіншіден*, шарт жасау судың, оны өзгерту, тоқтату немесе бұзудың негіздемесі мен тәртібі азаматтық заңда емес, арнайы; заңда (жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану заңы) реттеледі. Әлбетте, бұл жай азаматтық-құқықтық шарттарға тән емес.

Мемлекеттің қатысуымен жасалатын ондай шарттарды жекелеген авторлар әкімшілік-құқықтық мәмілелер деп таниды. Мұндай көзқарас айтарлықтай қарсылық тудырады, себебі әкімшілік дейтін құқық үшін екі немесе одан да көп адамның келісілген еркі ретіндегі шарт жасасу - мүлде жат сипат (бұл әкімшілік құқық табиғатына қайшы келеді).

Алайда, сөз жоқ, жер қойнауын пайдалану саласында мемлекет қатысатын құқықтық қатынастардың екі тобы пайда болды: бірінші топты **жер қойнауына мемлекеттік меншіктің көпшілікке арналған қатынастары** құрайды (орқашанда әкімшілік-құқықтық сипатта болады). Бұл, атап айтқанда, жер қойнауын пайдалану құқы өз органдары атынан мемлекеттің ғана бере алатындығынан көрінеді; жер қойнауын иелену және пайдаланудың құқықтық режимін мемлекет анықтайды, тиісінше, қалай және қандай шектерде жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын иелене және пайдалана алатынын тек мемлекет қана белгілейді. Мемлекет қатысатын қатынастардың екінші тобына **шарттық (азаматтық-құқықтық) қатынастар** кіреді (олар жеке-құқықтық сипатта болуға тиіс, өйткені қолданылып жүрген заңға сәйкес, мемлекет азаматтық-құқықтық қатынастарда бұл қатынастардың басқа қатысушыларымен тең дәрежеде болады).

Бастапқыда жер қойнауы туралы заңда лицензиялық-шарттық жүйе қарастырылған-ды, оған сәйкес жер қойнауын пайдалану шарты тиісті лицензия болмайынша жасалмайтын. Кейіннен заң шығарушы лицензиялық-шарттық жүйеден бас тартып, жер қойнауын пайдалану құқы бсрудің шарттық жүйесін және лицензиялық жүйесін белгіледі. Сол сәттен бастап қолданылып жүртен заңға сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқы екі тәсілмен: жер қойнауын пайдалану құқы үшін инвестициялық бағдарламалар конкурсын өткізу және шарт жасасу жолымен; және тікелей келіссөздер жүргізіп, шарт жасасу жолымен беріледі. *Шарт жасау заңы енгізілгеннен бастап, жер қойнауын пайдалану құқы берілген және туындаған болып саналады, Уәкілетті*

органның тікелей келіссөздер өткізуге берген шешімі немесе конкурс комиссиясының конкурс жеңімпазы туралы хаттамасы шарт жасасу бойынша келіссөздер жүргізуді бастауға негіздемe болады.

Шарттың тараптары болып жер қойнауын пайдаланушы және уәкілетті орган сана.тады, соған байланысты шарттардың келесідей түрлерш ажыратуға болады: 1) пайдалы қазбаларға барлау жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, пайдалы қазбаларды зерттсу мен өндіруді қатар орындауға жасалатын шарт (бүт жерде ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі уәкілетті орган болып табылады);

2) барлау жасауға және (немесе) өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге байланысы жоқ жерасты құрылыстарын сапуға жасалатын шарт (уәкілетті орган - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті); 3) коммерциялық мақсаттарда жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жасауға және (немесе) өндіруге жасалатын шарттар (мұнда уәкілетті орган жергілікті атқару органдары болады).

Жер қойнауын пайдалануға шарт жасасудың ерекшелігі мынада: шарттың тараптар келіскен жобасы оған қол қойылғанға дейін міндетті экономикалық және салық сараптамасынан өткізілуге тиіе; сонымен қатар шарттың жобасы әртүрлі министрліктер мен ведомстволарда кйлісілуге жатады; шарт жобасы бойығаша келіссөздер жүргізілгеннен, сараптама жасалғаннан және: келісілгеннен кейіп, шарт жасалған мемлекеттік органда шарт міндетті түрде тіркелуге тиіс.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңға сәйкес, уәкілетті орган жер қойнауын пайдалану бойынша операция- зарды алты ай мерзімге дейіп келесідей жағдайларда тоқтатып қоюға құқылы: 1) жер қойнауын пайдаланушының шарт талаптарын бұзуы;

2) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауының және қоршаған ортаның қазақстандық жағдайларда қорғалуына, жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге байланысты ҚР заңдарының талаптарын үздіксіз бұзуы. Егер шарттың әрекет етуіне байланысты жұмыстардың әсері бар аймақта тұратып немесе жұмыс істейтін адамдардың өміріне және



денсаулығына тікелей қауіп төнсе, уәкілетті орган міндегі түрде шарттың жұмыс істеуін тоқтатады.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңда елеулі өзгерістердің бар екенінс қарағанда, жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекет арасындағы көпшілік-құқықтық бастамалар әлі күнге дейін өз негіздерін сақтап, әрі жеке-құқықтық бастамалардан басым түсіп отыр. Бірақ **жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық құқықтық қатынастардың ары қарай дамуы үдерісінде мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы біра- әрекет ету негізінде жеке-құқықтық баспалар салына- тын болады.** Оның үстіне қазірдің өзінде мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы шарттық қатынастарда мемлекеттің жеке-құқықтық қатынастарға қатысушы болатыны, яғни жер қойнауын пайдаланушымен тең дәрежеде әрекет ететіні, демек жер қойнауын пайдалану саласында шарттардың (келісімдердің) әкімшілік-құқықтық емес, азаматтық-құқықтық жаратылысына күмәндану еш мүмкін емес екендігі сөзсіз түсінікті болуға тиіс.

#### **7.4. Жер қойнауын пайдалануға кәсіпкерлік шарттар жасаудың түрлері**

Жер қойнауын пайдалану сапасындағы шарттарды жіктеу мәселелері тиісті дәрежеде заңдық шешімін тапқан жоқ. Қолданылып жүрген заңда жер қойнауын пайдалануға жасалатын шарттардың түрлерін жер қойнауын пайдалану түрлеріне (барлау жасау, өндіру, бірлесіп барлау жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіруге (барлау жасауға) қатысы жоқ жерасты құрылыстарын салу және пайдалануға) байланысты бөлу қарастырылған («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңының 42-бабы). Бұрын жер қойнауын пайдалануға жасалатын шарттардың тізбесі нақтылау және егжей-тегжейлілеу болатын және оған: концессиялар туралы шарт, өнімді болу туралы шарт, қызмет көрсету туралы шарт (сервистік шарт), бірлескен қызмет туралы шарт кіретін. Заңда жер қойнауын пайдалану туралы шарттардың нақты түрлерінің жоқ екендігіне қарамастан, бұл шарттардың жоғарыда көрсетілген түрлерінің кейбірін пайдалануға болмайды дегенді білдірмейтінін айтып өту керек. Шарттардың аталған түрлері шетелдік мемлекеттердің шарт жасау тәжірибесінде кеңінен қолданылады және тиісінше Қазақстан Республикасында да пайдалануға болады.

Жер қойнауын пайдалану шартының азаматтық-құқықтық жаратылысын тануды негізге ала отырып, ондай шарттардың *негізгі екі түрлі* ажыратуға болады: 1) жалдау түрлі-дегі шарттар (кон- цессиялық шарттар; өнімді болу туралы шарттар; әртүрлі жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға жасалатын шарттар); 2) мер- дігерлік түрлі-дегі шарттар (жер қойнауын геологиялық зерттеуге мердігерлік шарттар; қызмет көрсету шарттары).

Жалпы алғанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы кәсіп- керлік

шарттардың жекелеген түрлері ретінде томендегшей шарттарды мойындауға болады: **концессионлық шарт (концессия), өнімді бөлу туралы шарт, сервистік шарт (қызмет көрсету шарты).**

Ресей Федерациясында аталған түрлерден басқа, **лицензиялық шарт** кең түрде қолданылады. Лицензиялық шарт өзінің бастапқы түрінде лицензияның бөлінбес бөлігі болып саналатын құжат болатын және «жер қойнауы телімін пайдалануға лицензия беру талаптары» деп аталатын. Бүгінгі күні жер қойнауын пайдаланушы инвестормен азаматтық-құқықтық шарт түріне енген лицензиялық келісім жасалады. Лицензиялық келісімнің құрылымы төмендегідей:

1) жалиы ережелер (кәсіпкердің мақсаттары мен арқауын, тараптардың ресейлік бірлесіктермен ынтымақтаса қызмет ету және кен орны жатқан аймақтың әлеуметтік дамуына қатысу ниеттерін (оның ішінде шетелдік тараптың) айқындайтын баптар);

2) өндірісті реттесу (кен орнын игеру жобасын басқару құрылымын, өндірістік талаптарды және жер қойнауын пайдалану міндеттемелерін реттейтін баптар);

3) құқықтық қатынастарды реттеу (аумаққа құқық: көмір сутегіне иелік ету; мүлікке меншік құқы; құқықтарына иелік етуді басқа біреуге табыстау; құқықтарынан бас тарту; дауларды шешу шаралары; форс- мажор (төтенше жағдай) және т.б. қатысты баптар);

4) экономикалық қызметті реттеу (жер қойнауын пайдаланушы толеуге тиіс төлемдер мен салықтардың тізбесіне, тәртібіне және мол- шерлемелеріне қатысты баптар);

5) әртүрлі мәселелер (күпиялылық, шарттың заң күшіне ену күні; хабарлама; шартқа қол қоюшы уәкілетті адамдардың қолдарына қатысты).<sup>1</sup>

«Келісім (шарт)» түсінігінің қолданылуына қарамастан, аталған жағдайда «жер қойнауын пайдалану құқына лицензия беру» деген терминді пайдалану дұрысырақ болар еді (лицензияның мазмұны оған жекелеген шарттық нормаларды енгізу есебінен кеңейсе де). Сол себепті лицензиялық келісім (шарт) құзырлы (уәкілетті) мемлекеттік органның азаматтық-құқықтық шарт формасы енгізілген өктем шешімі болып табылады.

<sup>1</sup> Бұл туралы кеңірек біліңіз: А.И.Перчик. Горное право: оқулық, М.: «Филология Уш» Баепа үйі. 2002. 272-275-беттер.

Лицензиялық келісіммен салыстыруда концессияға «келісім (шарт)» деген термин қолдану негіздірек болып көрінеді. Жер қойнауын пайдалану саласындағы алғашқы шарттық формалардың бірі - концессиялық келісім (шарт). Жаратылысы бойынша концессиялық келісім (концессия шарты) жалдау шарты болып табылады. Қолданылып жүрген заңға сәйкес, мүліктің жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақылы түрде уақытша иеленуге және пайдалануға береді (ҚР АҚ 540-бабы). Оның үстіне мүліктің жалдауға кәсіпорындар және басқа да мүліктік кешендер, жер телімдері және оларды пайдалану барысында ездерінің табиғи қасиеттерін

жоғалт- пайтын («тұтынылмайтын» деп аталатын) өзге де заттар берілуі мүмкін. Жалға алушы жалдауға берілген затты тікелей басқару және пайдалану құдын ала отырғыш, азаматтық қатынастарға қатысушылардың барлығына жалдауға алынған затқа уақытша баруын шектегенмен, оның билік ету құқы жоқ және меншік иесі бола алмайды.

Концессиялық келісім жалға беру келісімінің бір түрі бола отырып, сонымен бірге тек соның өзіне ғана тән бірқатар *ерек- шіліктерге* ие: концессия шартын жасаушы тараптардың біреуі қашанда өз органдары атынан әрекет ететін мемлекет болып табылады;

2) концессионердің пайдалануына тек мемлекеттік меншік нысаны ғана беріледі (ал жалдаған кезде жеке меншіктегі нысандар да берілуі мүмкін); 3) концессионер, әдетте, концессияға берілетін мүліктің меншік иесіне айнала алмайды (ал жалға берген кезде, жалданған мүлікті сатып алуға болады). Азаматтық заңда тұрғын үй-жайларды, жер телімдерін, жер қойнауы телімін және басқа да оқшауланған табиғи нысандарды, оның ішінде концессиялық келісімдер негізінде, сондай-ақ өзге де жағдайларда мүліктік жағдайға беру ерекшеліктері белгілейтін норманың болуы кездейсоқ емес (ҚР АҚ 541-бабының 4-тармағы).

Атап айтқанда, 2006 ж. шілденің 7-індегі Қазақстан Республикасының «Концессиялар туралы» Заңының қабылдануы арқылы концессиялық қатынастарды мемлекеттік және шарттық реттеудің негізгі мәселелері айқындалды. Сөйтіп, «Концессиялар туралы» Заңның 21- бабына сәйкес, концессия шарты темендегідей талаптарды қамтуға тиіс:

- 1) концессия нысаны туралы мәліметтер;
- 2) концессионердің концессия нысанына құқықтары туралы және (немесе) қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға берілетін құқықтар туралы талаптар;
- 3) концессионерлерге қызметтердің қажетті саны мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында нысанды жақсартудың қажетті шараларын еткізу талаптары және көлемі;
- 4) концессионердің шығындарын өтеу тәртібі;
- 5) қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру мүмкіндігін беру талаптары және тәртібі;
- 6) негізгі қорларға салынатын инвестициялардың елшемі және әзірленген бизнес-жоспарға (жұмыс бағдарламасына) сай концессиялық жобаны қаржыландырудың мерзімдері мен шарты;
- 7) қызмет түрлері (шарт талаптары бойынша берілген жұмыстар, қызметтер)!
- 8) концессионердің концессия шарты бойынша беретін тауарлардың (жұмыстарының, қызметтерінің) сапа стандарты;
- 9) шарттың қолданылатын мерзімі;
- 10) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 11) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстар жүргізу қауіпсіздігі бойынша талаптар;

12) мемлекетке концессия нысаныш беру, сондай-ак концессия шартын орындауға байланысты берілген жер телімдершің берілу тәртібі мен талаптары;

13) тараптардың жауапкершілігі;

14) шартты өзгертудің және тоқтатудың талаптары;

15) тараптардың тұрғылықты жері және банк реквизиттері;

16) концеденттің концессия шартын орындауына бақылау жасау тәртібі;

17) мемлекеттік қолдау керсетілген кездегі оның шаралары;

18) ҚР заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптар.

Концессиялар туралы заң концессияның ең басты ерекшелігін

сактағанын айтқан жөн: концессия шарты бойынша мемлекеттік меншік нысандары оларды жақсарту және тиімді пайдалану мақсатында уақытша иеленуге және пайдалануға беріледі, демек концессионер концессияға берілген мемлекеттік меншік нысандарының меншік иесіне айналмайды және олар пайдалану мерзімі аяқталған соң, мемлекетке қайтарылады.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттардың ең көп тараған түрлеріне өнімді бөлу туралы шарт немесе бар элемде атап жүргендей, «продакшн шеринг» жатқызылады. Аталған шарт алғаш рет 1966 ж. Индонезияда жасалды. Ол қабылдаушы елдер мен халықаралық мұнай компаниялары арасындағы меншік қатынастарын реттеудеп жана заңдық құрал болатын, ал чшың ерекшелігі мұнай компаниясының мұнайға катысты операцияларды өз есебінен және өз тәуекелімен жүзеге асыратындығында еді: мұнай кені табылған кезде өндірілетін өнімнің бір бөлігі мұнай компаниясының шыққан шығындарының орнын толтыруға (кост ойл) бағытталатын да, ал қалған бөлігі белгілі бір тепе-теңдікте тараптар арасында бөлінетін (профит ойл).<sup>1</sup> Өнімді бөлу туралы келісімнің өзгеше ерекшелігін мына жағдайдан көруге болады: негізінен, шарттың бұл түрі мұнай өндіру саласында қолданылады, біздің көзқарасымыз бойынша, оны басқа да пайдалы қазбаларды зерттеу үшін қолдануға болады. Жалпы алғанда, қалыптасқан халықаралық тәжірибенің ықпалымен концессиялық келісімдер және өнімді бөлісу туралы келісімдер көбінесе «мұнай шарттары» деген жалпы атаумен аталып жүр.

Өнімді бөлу туралы келісім мұнай кені орындарыш зерттеу үшін Малайзияда, Анголада, Перуде, ҚХР-да, Нигерияда қолданылады, ал ТМД елдерінде (Рссей, Қазақстан, Әзірбайжан) жер қойнауын пайдалану шарты ретінде 1990 жылдардың басынан бері қарай пайдаланыла бастады (Қазақстанда өнімді бөлу туралы алғашқы шарттар 1992 ж. жасалды)/ Қазіргі уақытта өнімді бөлу туралы шарт механизмі элемнің 64 елінде табысты жұмыс істеуде.<sup>2</sup>

Қазақстанда жер қойнауын пайдалану туралы шарттың өнімді бөлу сияқты осындай түрін жасау мәселелерін реттейтін арнайы заң актісі қабылданды. Ол - 2005 ж. шілденің 8-індегі «Теңізде мұнай операцияларын өткізу кезінде өнімді бөлу жайындағы келісімдер (шарттар) туралы» ҚР Заңы. Бірақ РФ-ның соған ұқсас заңынан (1995 ж. желтоқсанның 30-ындағы «Өнімді бөлу жайындағы келісімдер туралы» Федералдық Заң) айырмашылығы - оның реттеу саласының теңізде мұнай операцияларын өткізумен шектелетіндігі.

Қазіргі таңда заң шығарушының өнімді бөлу туралы келісімнің шарттық түрінен бас тартқаны сияқты, бұл саладағы арнайы реттеуден де бас тартқанын айту керек (бірақ бұл Қазақстанда мұндай келісімдер жоқ дегенді білдірмейді, шарттың жарамды болу мерзімі біткенше заң күшін сақтайтын бұрын жасалған шарттар бар, әрине).

Шарттың аталған түрінің негізгі *ерекшеліктері* ретінде төмен- дегілерді атауға болады: 1) алынған өнім бөлу нүктесіне дейін мем- лекет меншігінде қалады; 2) жер қойнауын пайдалану құқы берудің негіздемесі азаматтық- құқықтық шарт болып табылады; 3) өнім бөлу формасында арнайы салық режимі қолданылады.

Қызмет қорсетуге жасалатын шарт (сервие шарты) Бразилия- да өте кең тараған,<sup>56</sup> сондай-ақ осыған ұқсас шарттар Иранда, Иракта, Венесуэлада, Нигерияда және Вьетнамда жасалды. Сервистік шарттың өзіне тән ерекшелігі мынада: сервис компаниясы барша тәуекелге бара отырып, пайдалы қазбаларды іздеу және барлау жұмыстарын жүргізеді; пайдалы қазбалардың кен орны табылған жағдайда сервис компаниясы оны өз есебінен жасақтандырады, содан кейін бұл кен орнын мемлекеттік мұнай компаниясына өткізеді, ол кезде сервис компаниясының шығындары өндірісін пайдалы қазбалар ессбшен етеледі. Барлау жүргізу бойынша міндеттемелерді (түгелдей немесе ішінара) мемлекеттің өзіне қабылдауы мүмкін екенін ескере отырып, сервис шарттарын тәуекелсіз («страйт сервис») және тәуекелі бар («тәуекел сервис») байланыстарға бөлуге болады.

Жер қойнауын пайдалану саласында **бірлескен қызмет туралы шарт** сияқты шарттық форма да пайдаланылады. Оларды ары қарай жіктеу негізіне бірлескен қызмет түрлерін бөлу негізінде жатқан: заңды тұлға құрып немесе заңды тұлға құрмастан (консорциум) шарт жасасу белгілері алынған. Мұнай өндірісіндегі бірлескен қызмет — мемлекет немесе мемлекеттің меншігі болып табылатын мемлекеттік мұнай компаниясы және басқа бір, әдетте, шетелдік мұнай компаниясы, бірлесіп шығынға бату тәуекеліне бара отырып, бірлесіп барлау жасау және мұнай өндіруді жүзеге асыратын қызмет.<sup>57</sup> Демек, бірлескен қызмет туралы шарттарды сипаттайтын белгі: тарап ретінде шартқа шығындарды, тәуекелдерді көтеруге, сондай-ақ қатысушылар арасында кірістер мен пайданы бөлуге мемлекеттің міндетті түрде қатысуы.

**Шетелде «роялти - пайдаға салынатын салық» түршігіндегі келісім** сияқты, жер қойнауын зерттеуде қолданылатын келісім түрі кең тараған. Соған сәйкес жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқы үшін және пайдаға салынатын салықпен қатар, мемлекетке басқару да салықтар төлейді. Бұл шарттар Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде өздерінің мұнай өндіру саласы дами бастағаннан-ақ қолданыла бастаған, ал өткен жүзжылдықтың 70 жылдарындағы мұнай дағдарысынан кейін, келісімдердің бұл түрі Азияның, Американың және Австралияның мұнай өндіретін басқа елдерінде кең таралған концессиялық келісімдерді толықтай

---

<sup>56</sup> Кеңірек танысыңыз: А.И.Перчик. Горное право: учебник. - М.: (Филология Үш) Баспа үйі, 2002. 280-281-беттер. 263

ығысты- рыгі шығарды/ «Роялти — пайдаға салынатын салық» турпатындағы келісімге мынадай *белгілер* тон: жер қойнауын пайдаланушы өзіне оарлық тәуекелдіктерді ала отырып, өз есебінен жүзеге асыратын кен орындарын іздестіру, барлау жасау және зерттеу жұмыстары үшін ерекше құқыққа ие болады; бір өзі билік ете алатын барлық алынған өнімді жер қойнауын пайдаланушы иеленеді; жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының иемшік иесі - мемлекетке іздестіру және барлау құқы үшін өнім өндіру құқы үшін төлемдер төлейді; жер қойнауын пайдаланушы пайдаға салынатын салықты, сондай-ақ келісімде немесе заңда келісілген басқа да жалпы салықтарды төлейді; мұнай операциялары үшін пайдаланылатын құрылыстар мен құрал-жабдықтар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.<sup>57</sup>

Бұл шарт кейде «роялти-салықтар шарты» немесе «концессия шарты» деп аталады, оның үстіне концессия шартының екі түрі бар:

1) жердің бетіне әлі шұтқарылмаған минералдық шикізат жеке меншік иелігінде болатын жағдайда жасалатын шарт; 2) минералдық шикізатты жер бетіне шығару кезінде, яғни ұңғыма аузында оған деген меншік құқы жер қойнауын пайдаланушыға өтетін жағдайда жасалатын шарт.<sup>58</sup> Шарттардың бірінші түрі Қазақстанда қолданылмайды, себебі ҚР заңында жер қойнауында жатқан минералдық ресурстарға жеке меншік құқы көзделмеген; шарттың екінші түрі («роялти-салықтар шарты») іс жүзінде қолданылады және заңда да келісілген тапқан (концессия шарттары).<sup>59</sup>

Бұның халықаралық тәжірибеде қабылданған жіктеу екеніне қарамастан, концессия шарты деген түсінік әлдеқайда кең деп санаймыз және оны «роялти-салықтар» немесе оның әлдеқандай түрлерінің бірі деген түсінікпен шектеудің қажеті жоқ (оның үстіне концессия шарттары жер қойнауын пайдалануда ғана қолданылмайды). *Жер қойнауын пайдаланушы салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақытында және толық төлеген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушыға барлық өндірілетін пайдалы қазбаларға меншік құқының берілуі себепті, «роялти — пайдаға салынатын салық» турпатындағы шарт концессия шартының бір түрі болып табылады* деп есептейміз.

Заң әдебиетінде кейде жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттардың кейбір түрлері концессиялық келісімдер деп аталады, мысалы, оларға мыналар жатқызылады: концессиялық шарттар (концессияның өзінің тар мағынасында); өнімді бөлу туралы келісімдер және басқаша сервистік шарттар деп аталатын қызметтер көрсетуге жасалатын шарттар (тәуекелмен және тәуекелсіз).<sup>58</sup> Демек, жер қойнауын пайдалануға жасалатын кез келген шарт концессиялық

---

<sup>57</sup> А.И.Перчик. Горное право: оқулық. 280-бет.  
<sup>58</sup> И.В.Дойников. Предпринимательское право. - М.: «ПРИОР» баспасы, 1998. 175-бет.

келісімдерімен теңестіріледі. Сірә, аталған жағдайда негізгі және айқындаушы белгі ретінде мән беріліп отырғаны - *пайдсыануга лемлекеттік мешік нысандарып беру* туралы бояса керек, Тиісінше, иелікке және пайдалануга мемлекеттік меншік нысандары беріледі екен, онда жалғыз мүмкін шарттық форма тек концессиялық шарт бола алады. Бірақ шарттардың жоғарыда аталған түрлерінщ әрқайсысына тән ерекшеліктердің маңыздылығы соншалық, оған басқаларын (өнімді бөлу туралы келісім, сервистік қызмет шарпары) енгізу есебінен енді олардың біреуінің (концессиялық келісімнің) түсінігін тым кеңейтудің қажеті жоқ.

Бұл жерде мынаны атап айту керек: *біріншіден*, концессиялық келісімдер шетелдік инвесторлардың қатысуымен де, ұлттық инвесторлардың қатысуымен де жасала алады, *екіншіден*, концессиялық келісімдер табиғат пайдалануда (оныш ішінде жер қойнауын пайдалануда да) ғана қолданылмауы мүмкін. Халықаралық тәжірибеде, *жалпы* алғашында, *овың ішінде* жекелеген шетелдік мемлекеттердің тәжірибесінде концессиялық келісімдердің өзге де түрлері қалыптасқан және пайдаланылады (мысалы, көпшілікке арналған қызмет концессиясы, қоғамдық жұмыстар атқару концессиясы және т.б.).

Қазіргі заманғы концессиялардың негізгі ерекшеліктерін айтқанда, континенталдық құқықтық отан құрушы елдерде, әдетте, мемлекет және мемлекеттік органдар концессиялық қатынастарда көпшілікке арналған құқықтардың субъектілері ретінде әрекет ететінін ұмытпаған жөн, ал бұл, өз кезегінде, концессиялық келісімнің құқықтық табиғатына ықпал етеді және оған көпшілік-құқықтық сипат береді. Ағылшын-саксондық және ағылшын-американдық құқық елдерінде концессиялық шарт, көзге ұрып тұрған әкімшілік-құқықтық табиғаты болмаса да, өз талаптары бойынша тұтастай континенталдық-құқықтық концессияға сай келеді; концессиялық шарттың мәні мен мазмұнына бір немесе басқа құқықтық жүйеге жататыны емес, көп дәрежеде концессионердің пайдалануына берілетін мүліктің құқықтық режимі ықпал етеді.<sup>59</sup> Сол себепті бір немесе басқа құқықтық жүйеге жататынына қарамастан, қазіргі заманғы концессия белгілі бір мөлшерде онда жеке-құқықтық бастамалардың дамуы және нығайымен қатар, көпшілік-құқықтық элементтерді сақтайды.

Жер қойнауын зерттеу кезінде пайдаланылатын әртүрлі шарттық формаларға жасалған салыстырмалы-құқықтық талдау олардың ішіндегі ең көп тарағандарының негізгілері төмендегілер деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- 1) концессиялық келісім;
- 2) өнімді бөлу туралы келісім;
- 3) сервистік шарт.

Осы шарттық формаларды олардың, жер қойнауын пайдалануға беретін мемлекет үшін қолайлылығы және пайдалылығы тұрғысынан бағалай келе, концессиялық келісімнің айрықша мәнін атап өткен жөн. Концессиялық

---

<sup>59</sup> С.А.Сосна, Концессионное соглашение: теория и практика. - М., 2002. 26-бет. 278

келісімнің артықшылықтары қатарына мынаны жатқызуға болады: концессионер оған концессия үшін берілген мүліктің меншік иесіне айнала алмайды, ал мемлекет өзінде мүлікке билік ету құқыш сақтай отырып, оның пайдаланылуынан төлемдер алуға құқылы.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Жер қойнауын пайдалану саласында қандай шарт формаеы алғашқылардың бірі болып табылады?
2. XX ғасырдың басында жер қойнауын пайдалану құқын берудің қандай жүйелері қалыптасты?
3. 1917 жылдан кейін жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәжірибесінде не өзгерді?
4. Жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттық қатынастарда ЖЭС қалай көрініс тапты?
5. Қазақстандағы жер қойнауын пайдалануға жасалған алғашқы шарттарды атаңыз және сипаттаңыз.
6. Жер қойнауын пайдалану шартына түсінік беріңіз және белгілерін ашып көрсетіңіз.
7. Жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттің қатысуымен қандай қатынастар туындайды?
8. Жер қойнауын пайдалану шартының ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз.
9. Жер қойнауын пайдалану шарттарының қандай түрлері мен түрлері болады?
10. Жер қойнауын пайдалану саласындағы лицензиялық келісімге сипаттама беріңіз.
11. Концессиялық келісімнің ерекшеліктері қандай?
12. Өнімді бөлу туралы келісімнің түсінігін және мәнін ашып көрсетіңіз.
13. Қызмет көрсетуге жасалатын шарттың (сервистік шарттың) өзгешелігі неде?
14. Жер қойнауын пайдалану саласындағы бірлескен қызмет туралы келісімге сипаттама беріңіз.
15. «Роялти — пайдаға салынатын салық» түрпатындағы келісімнің ерекше белгілері қандай?

**«Клсшкерлік (шаруашылық) құқық курсына ұсынылатын әдебиет:**

1. Алексеев С.С. Частное право: научно-публицистический очерк. - М.: Статут, 1999.
2. Алибеков С.Т. Таможенное право. (Внутренние и междуна- родные вопросы). Учеб. и практ. пособие. - Алматы: Изд-во «Әділет Пресс», 1997.
3. Амирханова И.В. Гражданско-правовое обеспечение развития предпринимательства в РК. - Алматы: КаГГУ, 2003.
4. Анохин В.С. Предпринимательское право: Учебник для студен- тов высших учебных заведений. - М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1999.
5. Ахмадиева Г.Д, Правовое регулирование внешнеэкономических



контрактов в Республике Казахстан. — Алматы: Ғылым, 1996.

6. Басин Ю.Г. Юридические лица по Гражданскому кодексу Республики Казахстан. - Алматы, 1996.

7. Басин Ю.Г. Избранные труды по гражданскому праву. / Сост. Сулейменов М.К. — Алматы: АЮ-ВШП Адилет, НИИ частного права КазГЮУ, 2003.

8. Белых В.С. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России. - М.: Проспект, 2005.

9. Бслых С.В. Свобода предпринимательской деятельности как конституционно-правовая категория РФ, — СПб.: Изд-во Р.Асланова «Юридический центр Пресс», 2005.

10. Богатырев А.Г. Инвестиционное право. - М.: Российское право, 1992.

11. Богуславский М.М. Иностранные инвестиции: правовое регулирование. — М.: Издательство БЕК, 1996.

12. Брагинский М.И. Общее учение о хозяйственных договорах. - Минск: Наука и техника, 1967.

13. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга первая: Общие положения, - М.: Статут, 2003.

14. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга вторая: Договоры о передаче имущества. — М.: Статут, 2003.

15. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга третья: Договоры о выполнении работ и оказании услуг. - М.: Статут, 2003.

16. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга четвертая: Договоры о перевозке, буксировке, транспортной экспедиции и иных услугах в сфере транспорта. - М.: Статут, 2004,

17. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга пятая: Т. 1. Договоры о займе, банковском кредите и факторинге. Договоры, направленные на создание коллективных образований. Т. 2. Договоры о банковском вкладе, банковском счете; банковские расчеты. Конкурс, договоры об играх и пари - М.: Статут, 2006.

18. Брунцева Е.В. Международный коммерческий арбитраж: учебное пособие для высших учебных заведений. - СПб.: Изд. дом «Сентябрь», 2001.

19. Бушев А.Ю., Городов О.А., Вещунова Н.Л. и др. Коммерческое право: Учебник. / Под ред. Попондопуло В.Ф., Яковлевой В.Ф. 4.2. ~ СПб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 1998.

20. Вещные права в Республике Казахстан. / Под ред. М.К.Сулейменова. - Алматы: Жеті Жарғы, 1999.

21. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий. В 2-х книгах. - 2-е издание, испр. и доп., с использованием судебной практики. / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы: "Жеті Жарғы", 2003.

22. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий (постатейный). В 2-х кн. / Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2006.

23. Гражданское и торговое право капиталистических государств. / Подг

- ред. Р.Л. Нарышкиной. - М.: Международные отношения, 1983.
24. Гражданское и торговое право зарубежных стран: учебное пособие. / Под ред. В.В. Безбаха и В.К. Пучинского. - М.: МЦФЭР, 2004.
25. Дойников И.В. Предпринимательское право: учебное пособие. ->М.: ПРИОР, 2000.
26. Дойников И.В. Хозяйственное (предпринимательское) право. Методические указания по изучению курса: учебное пособие для вузов. — М.: Приор-издат, 2003.
27. Диденко А.Г. Избранное. (Постсоветский период). - Алматы: Юридическая литература, 2004.
28. Доронина Н.Г., Семилютин Н.Г. Правовое регулирование иностранных инвестиций в России и за рубежом. - М.: Фин- статинформ, 1993.
29. Ерпылева Н.Ю. Международное частное право: учебник для вузов. - М.: Изд. дом «ИОТА ВЕБЕ», 1999.
30. Ершова И.В. Предпринимательское право: вопросы и ответы. - М.: Юриспруденция, 2000.
31. Ершова И.В., Иванова Т.М. Предпринимательское право: учебное пособие. 2-е изд., испр. и доп. - М.: Юриспруденция, 2000.
32. Жилинский С.Э. Предпринимательское право (правовая основа предпринимательской деятельности): учебник для вузов. - М.: Изд-во Норма, 2006.
33. Звеков В.П. Международное частное право: курс лекций. - М.: Норма, 1999.
34. Зыкин И.С. Договор во внешнеэкономической деятельности. — М.: Международные отношения, 1994.
35. Иоффе О.С. Избранные труды по гражданскому праву: Из истории цивилистической мысли. Гражданское правоотношение. Критика теории «хозяйственного права». - М.: Статут, 2000.
36. Клейн Н.И. Организация договорно-хозяйственных связей. — М.: Юридическая литература, 1976.
37. Клишкин С.И. Развитие законодательства Казахстана о предпринимательстве: Сб, статей, - Алматы: ТОО «Баспа», 1998.
38. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О третейских судах». / Отв, ред, И.И. Грешников. - Алматы: Раритет, 2009.
39. Коммерческое право зарубежных стран: учебник. / Под ред. В.Ф. Попондопуло. - СПб.: Издательский дом СПбГУ, 2005.
40. Круглова Н.Ю. Хозяйственное право. - М., 2006.
41. Лабип Д.К, Международно-правовое регулирование иностранных инвестиций. - М., 2003.
42. Лаптев В.В. Введение в предпринимательское право. — М., 1999.
43. Лебедев К.К. Предпринимательское и коммерческое право: системные аспекты (предпринимательское и коммерческое право в системе права и законодательства, системе юридических наук и учебных дисциплин). - СПб.: Изд-во «Юридический центр Пресс». 2002.

44. Лисица В.Н. Международные инвестиционные соглашения. - Новосибирск, 2004.
45. Мамутов В.К. Хозяйственное право. Избранные труды. - Екатеринбург: бизнес, менеджмент и право, 2008.
46. Мартемьянов В.С. Хозяйственное право: Курс лекций. — М.. 1994,
47. Мауленов К.С. Правовое регулирование иностранных инвестиций в Республике Казахстан. - Алматы: Ғылым, 1998.
48. Международное коммерческое право: учебное пособие. / Санкт-Петербургский филиал ИГП РАН. / А.Ю. Бушев и др. / Под общ. ред. В.Ф. Попондопуло. - 2-е изд., стер. - М.: Омега-Л, 2006.
49. Международное частное право: учебник. / Л.П. Ануфриева, К.А. Бякешев, Г.К. Дмитриева и др.: отв. ред. Г.К. Дмитриева. — 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2004.
50. Мороз С.П. Инвестиционное право: учебник. 3-е изд., перераб. и доп. - Алматы, 2006.
51. Налоговое право / Под ред. С.Г. Пепеляева - М., 2000.
52. Объекты гражданских прав: монография / Отв. ред. М.К. Сулейменов Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2008.
53. Перчик А.И. Горное право: учебник. Изд. 2-е, перераб. и доп., - М.: Издательский дом «Филология три», 2002.
54. Право и внешнеэкономическая деятельность в Республике Казахстан. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: КазГЮА, 2001.
55. Право и иностранные инвестиции в Республике Казахстан. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
56. Предпринимательское право России: учебник. / В.С. Белых, Г.Э. Берсункаев, С.И. Винниченко и др. / Отв. ред. В.С. Белых. - М.: Проспект, 2008.
57. Предпринимательское право Российской Федерации. / Отв. ред. Е.П. Губин, П.Г. Лахно. ~ М.: Юрист, 2006.
58. Предпринимательское (хозяйственное право): учебник. / Отв. ред. О.М. Олейник. ^ Т. 1. — М.: Юрист, 2000.
59. Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник. / Вознесенская Н.Н. и др. Под ред. В.В. Лаптева, С.С. Занковского. - М. Волтерс Клувер, 2006.
60. Пушнский Б.И. Коммерческое право России. - М.: Юрайт, 2000.
61. Рахмилович В.А. Правовые формы хозяйственного расчета в промышленных объединениях. - М.: Юридическая литература, 1977.
62. Танчук И.А., Ефимочкин В.П., Абова Т.Е. Хозяйственные обязательства. -М.: Юридическая литература, 1970.
63. Тихиня В.Г., Павлова Л.В. Основы международного права: учебное пособие. / В.Г. Тихиня, Л.В. Павлова, - Минск: Книжный Дом, 2006.
64. Третейский суд в Казахстане: проблемы правового регулирования // Сб. материалов международной конференции. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: КазГЮУ, 2003.
65. Фархутдинов И.З. Международное инвестиционное право теория и практика

практика применения / И.З. Фархутдинов: науч.-практ. изд. — М.: Волтерс Клувер, 2005.

66. Хозяйственное право: учебник. / Под ред. В.В. Лаптева. - М. Юридическая литература, 1983.

67. Хозяйственное право: учебное пособие. / Под ред. В.П. Грибачева, О.А. Красавчикова. - М.: Юридическая литература, 1977.

68. Шумилов В.П. Международное финансовое право: учебник. - М.: Международные отношения, 2005.

69. Черников Г.П. Фондовая биржа: международный опыт. - М.: Международные отношения, 1991.

70. Якушев В.С. Избранные труды по гражданскому и хозяйственному праву. - Екатеринбург: бизнес, менеджмент и право, 2007.

## МАЗМҰНЫ

Қысқарған сөздер көрсеткіші.....	3
<b>I БӨЛІМ. КӘСІПкерлік (шаруашылық)</b>	
<b>ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМІ.....</b>	<b>7</b>
1- тарау. ....Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқыққа кіріспе	7
1.1. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың қалыптасу және даму тарихы .....	7
1.2. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың қазіргі заманғы ұғымы .....	11
1.3. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың пайда болу және даму кезеңдері .....	14
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар.....</i>	<i>15</i>
2- тарау. .... Құқықтың жан-жақты саласы ретіндегі кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық ... ..	17
2.1. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың заң жүзінде реттеудің құралы мен әдістері .....	17
2.2. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық ұстанымдары .....	19
2.3. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық жүйесі .....	23
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар .....</i>	<i>25</i>
3- тарау. .... Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу негіздері. 26	
3.1. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызмет туралы заңдары: құрылу және даму кезеңдері.....	26
3.2. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңдары жүйесі.....	30
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар .....</i>	<i>35</i>
4- тарау. .... Кәсіпкерлік қызмет (ұғымы, формалары және түрлері) .....	36
4.1. Кәсіпкерлік қызмет ұғымы және белгілері.....	36
4.2. Кәсіпкерліктің формалары мен түрлері.....	39
4.3. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау .....	41
4.4. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау .....	42
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар .....</i>	<i>46</i>
5- тарау. .... Кәсіпкерлік қызмет субъектілері .....	47
5.1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері ұғымы .....	47
5.2. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен міндеттері .....	49
5.3. .... Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің түрлері .....	51
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар .....</i>	<i>54</i>

6-	тарау.	Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін құру, қайта құру және тарату.....	55
6.1.		Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін құру тәртібі .....	55
6.2.		Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қайта құру және тарату ....57 <i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	63
7-	тарау.	Кәсіпкерлік қызметтегі мүліктің құқықтық режимі....	65
7.1.		Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру негізі ретіндегі меншік құқығы. Мүлікті шаруашылық жүргізу және мүлікті тікелей басқару құқығы .....	65
7.2.		Мүлік (түсінігі және құрылымы).....	68
7.3.		Мүліктің жекелеген түрлерінің құқықтық режимі .....	70
		<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	80
8-	тарау.....	Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу	82
8.1.		Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу түсінігі және түрлері.....	82
8.2.		Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу органдары жүйесі .....	83
8.3.		Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу әдістері мен бағыттары .....	87
8.4.		Кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау.....	101
		<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	112
9-	тарау. ....	Кәсіпкерлік шарт	114
9.1.		Кәсіпкерлік шарт түсінігі .....	114
9.2.		Кәсіпкерлік шарттың белгілері мен қызметтері.....	116
9.3.		Кәсіпкерлік шарт жасасу, оны өзгерту және тоқтату ерекшеліктері .....	119
		<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	121
10-	тарау.....	Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершілік	122
10.1.		Кәсіпкерлік қатынастардағы жауапкершілік түсінігі және маңызы.....	122
10.2.		Кәсіпкерлік қызмет туралы заңды бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік түрлері және олардың сипаттамалары .....	124
		<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> ... ..	134
11-	тарау. ...	Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және шаруашылық дауларын шешу .....	135
11.1.		Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау түсінігі, Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қорғау құқығы.....	135

11.2. Дауларды талап кою негізінде реттеу тәртібі .....	136
11.3. Дауларды аралық согга карау .....	138
11.4. Дауларды халықаралық коммерциялық төрелікте карау .....	143
11.5. Шаруашылық дауларды караудың соттық тәртібі .....	151
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	154

**ІБӨЛІМ. КӘСІПкерлік (шаруашылық)  
ҚҰҚЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕ БӨЛІМІ** ..... 156

1- тарау. .... Биржа қызметін құқықтық реттеу  
156

1.1. Биржа және биржа сауда-саттығы түсініті мен негізгі белгілері, Биржа түрлерін жіктеу .....	156
1.2. Тауар биржалары .....	159
1.3. Қор биржалары .....	163
1.4. Валюта биржалары .....	166
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	171

2- тарау. .... Инвестициялық кәсіпкерлік құқықтық реттеу  
172

2.1. ҚР және ТМД-нің басқа елдерінің инвестиция заңдары .....	172
2.2. Қазақстан Республикасының инвестиция заңдары жүйесі .....	179
2.3. Инвестициялар ұғымы және түрлері .....	181
2.4. Шетелдік инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу .....	189
2.5. Шетелдік инвестицияларды ұлттық-құқықтық реттеу .....	197
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	201

3- тарау. .... Сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу....,203

3.1. Сыртқы экономикалық қызмет түсініті .....	203
3.2. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілері .....	205
3.3. Сыртқы экономикалық қызметті валюталық реттеу .....	208
3.4. Сыртқы экономикалық қызметті кәсіпкерлердің қатысуымен кедендік реттеу ерекшеліктері .....	213
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	218

4- тарау. .... Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін құқықтық реттеу 219

4.1. Банк қызметін құқықтық реттеу .....	219
4.2. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу .....	228
4.3. Көлік қызметін құқықтық реттеу .....	237
4.4. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін құқықтық реттеу .....	242
<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	246

5-	тарау. .... Кәсіпкерлік келісім-шарттар жүйесі	
	248	
5.1.	Кәсіпкерлік келісім-шарттардың түрлері және олардың жіктелуі.....	248
5.2.	Кәсіпкерлік келісім-шарттар және олардың сипаттамасы .....	250
5.3.	Сыртқы экономикалық мәміле .....	252
	<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	255
6-	тарау. .... Биржалық мәмілелер.	
	256	
6.1.	Биржалық мәмілелер және олардың жіктелуі.....	256
6.2.	Биржалық жедел мәмілелер.....	258
6.3.	Бағалы қағаздармен биржалық мәмілелер жасау ерекшеліктері ..	259
	<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	261
7-	тарау. .... Жер қойнауын пайдалану саласындағы кәсіпкерлік келісім-шарттар ....	262
7.1.	Жер қойнауын пайдалану саласындағы келісім-шарттарды реттеудің пайда болуы және дамуының тарихы.....	262
7.2.	Қазақстанда жер қойнауын пайдаланудың келісім-шарттары .....	267
7.3.	Жер қойнауын пайдалануға кәсіпкерлік шарт жасау түсінігі және оның мәні .....	269
7.4.	Жер қойнауын пайдалануға жасаятын кәсіпкерлік шарттың түрлері.....	271
	<i>Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар</i> .....	279

«Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық» курсы бойынша ұсынылатын әдебиеттер .....

<sup>2</sup> Қараңыз, мысалы, И.В.Ершова, Т.М.Иванова. Прадпринимательское право: оқу құралы. - М.: Юриспруденция, 2000. 9-П-беттер; В.К. Мамутов Тавдамалы еңбек- тер. - Екатеринбург: Бизнес, менеджмент және құқық, 2008. (Классика хозяйст- венно-правовой мысли). 169-203-беттер: және басқалары.

Предпринимательское (хозяйственное) право: оқулық. / Н.Н.Вознесенская және басқалары, Редакциясын басқарған В.В.Лаптев, С.С.Зенковский. - М: Волтерс Клувер, 2006. 7-бет,

В.С.Мартемьянов. Хозяйственное право. 1-т, Жалпы ережелер: Лекциялар курсы. - М., 1994. 5-7-беттер.

<sup>1</sup> Гражданское право: жоғары оқы орындарына арналған оқулық (академиялық курс). 1-ти Ю.Г.Басин., М.К.Сүлейменовтің басшылығымен. - Алматы, ҚазМЗА, 2000. 19-20-беттер.

<sup>1</sup> Н.Ю.Круглова. Хозяйственное право. Қысқаша курс: оқу құралы. /Н.Ю.Круг- лова. - М.: Кнорус, 2008. 19-24-беттер; Предпринимательское право России,. 1 Жауапты ред. Е.П.Губин, П.Г.Лахяо. - М.: Заңгер, 2006. 42-43-беттер.

<sup>1</sup> М.К.Сүлейменов. Қазақстан Республикасындағы жерге құқықтың езекті мәсе- лелері. 4 Жеке құқықтың өзеггі мәсеелері: халықаралық конференция материал- дарынын



жинағы. - Алматы; Қаз МЗУ, 2003. 14-бет.

<sup>4</sup> Е.А.С.уханов. Система частного права, *Н* ММУ жаршысы, № 1 Гсерия (Құқық). 1994. № 4. 26-27-беттер,

<sup>1</sup> Совместные предприятия, международные объединения и организации на территории СССР: Нормативные акты и комментарии. / Жауапты редактор Г.Д.Голубов; 2-басылым, өзгерістер мен қосымшалар. - М.: Заң әдебиеті, 1989. 5-бет.

<sup>1</sup> 08.12.1991 ж. жасалған «Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру туралы» Келісім. (Минск қ.). // ТМД-дағы Мемлекеттер басшылары кеңесінің және Үкіметтер басшылары кеңесінің «Достастық» атты ақпараттық жаршысы. 1992. № 1. 6-бет.

<sup>2</sup> ҚР Үкіметінің 1999 ж. қыркүйектің 1-ындағы қаулысымен бекітілген.

<sup>3</sup> ҚР 2001 ас. № 214-Н Заңына сәйкес бекітілген.

<sup>4</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 ж. қаңтардың 29-ындағы № 1942-ХІІ қаулысына сәйкес бекітілген. Заң күшіне 1995 ж. мамырдың 10-ынан бастап енді.

<sup>7</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж. маусымның 23-індегі № 99-ХІІІ қаулысына сәйкес бекітілген. Заң күшіне 1994 ж. қарашаның 210-інен бастап енді.

Қазақстанның 1996 ж. маусымның 26-ындағы № 14-1 Заңына сәйкес бекітілген.

Қазақстан Республикасының 2007 ж. ақпанның 22-індегі № 231-ІІІ Заңына сәй- кес бекітілген.

Қазақстан Республикасының 1999 ж. маусымның 23-індегі Ха 395-1 Заңына сәйкес бекітілген.

<sup>1</sup> Бұл туралы кеңірек біліңіз: Гражданское право; учебник. 1-бөлім. 3-басылым, өңделген және толықтыр. / А.П.Сергеевтің, Ю.К.Толстойдың басшылығымен. 1998. 331-334-беттер.

Е.О.Харитонов, А.В.Старцев, Е.И.Харитонов. Гражданское право Украины: учебник. Төртінші басылым. -Харьков; «Одиссей» ЖШҰ, 2008. 327-бет.

<sup>1</sup> Гражданское право. Учебник. 1-бөлім. Өңделген және толықтырылған 3-басы- лым. А.П.Сергеевтің, Ю.К.Толстойдың басшылығымен. — М.1 Проспект, 1998. 205- 206-беттер.

<sup>1</sup> ҚР Үкіметінің 2008 ж. ақпаның 1-індегі № 84-ші «Әскери атқыш қол қаруы және олардың патрондарын әзірлеу, ендіру, жөндеу, сауда-саттық, сатып ачу үшін лицензия беру Ережелерін бекіту туралы» қаулысы.

<sup>2</sup> Бұл жерде аталған пікірді өркениетті деуге болатынын айту керек, өйткені оны кәсіпкерлік құқық теориясын жақтаушылар емес, азаматтық-құқықтық ғылым өкілдері жақтағаны отыр.

Предпринимательское право России: учебник /В.С.Белых, Г.Э.Берсункаев, С.И.Винниченко және басқалары. /Жауапты ред. В.С.Белых. - М.: Проспект, 2008. 585-бет.

<sup>1</sup> С.Жамен, Л.Лакур. Торговое право: учебное пособие. - М.: Международные отношения. 1993. 155-бет.

<sup>4</sup> М.И.Брагинский, В.В.Витрянский. Договорное право: общие положения. - М.: «Статут» баспасы, 1998. 99-бет.

<sup>1</sup> Қараңыз; А.А.Мережко. Договор в частном праве. - Киев; Юстиниан, 2003. 96- 97-беттер.

<sup>1</sup> В.В.Комаров, В.Н.Погорецкий. Международный коммерческий арбитраж. - Харьков, Право, 2009. 28-37-беттер.

<sup>1</sup> Г.П.Черников. Фондовая биржа: международный опыт. - М.: Международные отношения. 1991. 10-11-беттер.

О.И.Дегтярева, О.А.Кандинская. Биржевое дело: ЖОО үшін оқулық. - М.: 1997. 91-бет.

<sup>3</sup> В.С.Белых, С.И.Винниченко. Биржевое право - М.: Норма баспасы (Норма - Инфра баспа тобы, М.) 2001, 14-бет.

<sup>1</sup> Г.П.Черников. Фондовая биржа: международный опыт. - М.: Халықаралық қағынастар, 1991.38-бет.

<sup>2</sup> В.С.Белых, С.И.Винниченко, Биржевое право. - М.: Норма баспасы (Норма - Инфра баспатобы, М.) 2001, 13-бет.

О.И.Дегтярева, О.А.Кандинская. Биржевое дело: ЖОО үшін оқулық. - М.: 1997. 20-бет.

<sup>1</sup> В.С.Белых, С.И.Винниченко. Биржевое право. - М.: Норма баспасы (Норма - Инфра баспатобы, М.) 2001, 7-8-беттер.

<sup>1</sup> Н.Г.Доронина, Правовое регулирование иностранных инвестиций. (Постановка проблем и варианты решения). Зан ғылымдары докторлығна арналған диссертация. 12.00.03. - М., 1996. 124-бет.

<sup>1</sup> Л.Дж.Гитман, М.Д.Джонк. Основы инвестирования. /Ағылшын тілінен аударылған. - М.: «ИС» баспасы, 1997, П-бет.

<sup>4</sup> Олейдік инвестициялар туралы баяндама: шетелдік тура инвестициялар және даму мәселесі. - Нью-Йорк - Женева: БҰҰ, 1999. ПМСТАВЛУК/1999 (Оуепаег). 10-бет,

<sup>1</sup> Инвестордың құқықтарын қорғау туралы конвенцияға 28.03.1997 ж. Мәскеуде қол қойылды, ҚР 30.12.1999 ж. 24-11 Заңымен тіркеліп, Қазақстан Республикасы үшін қолданысқа 16.05.2000 ж. енгізілді.

<sup>2</sup> Қараңыз: Р.А.Каламкарян, Международное право в вопросах и ответах: оқу құралы. / Р.А.Каламкарян, Ю.И.Мигачев. - М.: Эксмо, 2006. 340-341-беттер.

<sup>1</sup> С.Крупко. Международный центр по урегулированию инвестиционных споров. // Хозяйство и право. 2002. № 6. 107-бет,

" Ж.Б.Үсенова. Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықта төрелік іс қарауға дайындық және өткізу. III Қазақстан Республикасындағы коммерциялық айдандардың өзекті мәселелері және оны қолдану тәжірибесі, - Алматы. 1996. 2-т. 161 -бет.

<sup>1</sup> Е.В.Брунцева. Международный коммерческий арбитраж: ЖОО үшін оқу құралы ~ СПб.: «Құрқүйек» баспа үйі, 2001. 49-бет.

<sup>2</sup> В.П.Шумилов. Международное финансовое право: оқулық. - М.: Международные отношения. 2005. 81-бет.

<sup>1</sup> Кеңірек танысыңыз: Қазақстан Республикасындағы құқық және шетелдік инвестициялар. / Жауапты ред. М.К.Сүлейменов. - Алматы, Жеті жарғы, 1997. 121- 122-беттер.

" И.З.Фархутдинов. Международное инвестиционное право: теория и практика применения. / И.З.Фархутдинов: ғылыми-практ. бас. - М.: Волгас Клувер, 2005. 141-бет.

<sup>3</sup> Бұл туралы кеңірек оқып-біліңіз: Международное коммерческое право: оқу құралы. I РФА ИГП Санкт-Петербург филиалы. / А.Ю.Бушев және баекалары, / Жалпы редакциясын басқарған В.Ф.Топондопуло. 2-бае. - М.: Омега-Л, 2006. 294- 295-беттер.

Қараңыз: Д.К.Лабин. Международно-правовое регулирование иностранных инвестиций. -М., 2001. 102-104-беттер.

" В.Н.Лисица. Правовое регулирование иностранных инвестиций: проблемы теории и практики. / В.Н.Лисица. Ресей Ғылым акад., Философия және құқық институты, Новосибирск, 2007. 176-бет.

<sup>1</sup> В.П.Шумилов. Международное финансовое право: оқулық. - М.: Международные отношения. 2005. 311-бет.

<sup>4</sup> Иностранний капитал выекут и отфильтруют. // Экономика и время - Санкт-Петербург, 12.04.2006, № 13 (599). I-бет.

<sup>5</sup> Н.Н.Вознесенская. Смешанные предприятия как форма международного экономического сотрудничества. - М.: Паука, 1986, 115-бет.

<sup>6</sup> А.С.Булатов. Вывоз капитала: своя компания за рубежом. Кәсіпкерлерге арналған оқу құралы. - М.: «Бек» баспасы, 1996, 227-бет.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы заңдарын іс жүзінде қолданудың өзекті мәселелері. - Алматы: Заіпаз, 2004. 30-32-беттер.

276 М.М.Богуславский. Международное частное право: оқулық. — Өңделген және

толықтырылған 2-басылым. -- М.: Халықаралық қатынастар, 1994. 181-бет.

<sup>3</sup> Кеңірек танысыңыз: А.Г.Ботатырев. Инвестиционное право. М.: российское право. 1992. 83-85-беттер; М.М.Богуславский. Иностранные инвестиции: правовое регулирование. М. «Бек» баспасы, 1996. 13-23-беттер; Н.Г.Доронина, Н.Г.Семилотина. Правовое регулирование иностранных инвестиций в России и за рубежом. - М.: Финстатинформ, 1993. 3-35-беттер; және басқалары.

<sup>4</sup> В.Н.Лисица. Правовое регулирование иностранных инвестиций: проблемы теории и практики. / В.Н.Лисица. Ресей Ғылым акад., Философия және құқық институты, Новосибирск, 2007. 158-бет.

Бұл туралы кеңірек оқып-біліңіз: В.Н.Лисица. Правовое регулирование иностранных инвестиций: проблемы теории и практики. / В.Н.Лисица. Ресей Ғылым акад., Философия және құқық институты, Новосибирск, 2007. 193-194-беттер.

<sup>1</sup> Бұл туралы кеңірек мына еңбектен оқыңыз: Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. М.К.Сүлейменовтің басшылығымен. Алматы: ҚазМЗУ, 2001. 7-8-беттер.

<sup>1</sup> ҚР құқық және сыртқы экономикалық қызмет. М.К.Сүлейменовтің басшылығымен. Алматы, ҚазМЗУ, 2001. 13-бет,

<sup>1</sup> Кеңірек танысыңыз: А.Г.Братко. Банковское право: дәрістер курсы. - М.: Эксмо, 2006. 6-12-беттер.

Кеңірек танысыңыз: Э.М.Омурчиева. Банковское право Республики Казахстан: дәрістер курсы. - Алматы, Каспий қоғамдық университеті ғылыми баспа орталығы (КҚУ ФБО), 2008. 6-7-беттер).

<sup>2</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің 02.07.1992 ж. № 1503-ХІІ қаулысымен тіркелген.

ҚР оның мүшесі емес, себебі ол ХТЖҚК және ХЖҚК қатысушысы болып табылады.

<sup>3</sup> 10.11.1998 ж. № 298-І ҚР Заңымен тіркелген, заң күшіне 23.03.2001 ж. енді.

<sup>4</sup> Бұл Конвенцияға Қазақстан 0.02.2003 ж. № 389-ІІ ҚР Заңымен қосылды.

<sup>6</sup> Бұл Конвенцияға Қазақстан ҚР Президентінің 12.05.1995 ж. № 2271 Жарлы-шмен қосылды.

<sup>3</sup> Келісімді ҚР Үкіметі 01.08.2002 ж. № 856-қаулысымен бекітті, заң күшіне 29.03.2003 ж. енді.

<sup>2</sup> Предпринимательское право России: оқулық. / В.С.Белых, Г.Э.Берсункаев, С.И.Винниченко және басқалары. / Жауапты ред. В.С.Белых. М.: Проспект, 2008 591-592-беттер.

<sup>3</sup> Бу. і да сонда.

<sup>1</sup> Л.А.Лунц. Курс международного частного права. Особенная часть. - М.: Заң әдебиеті, 1975. 132-бет.

<sup>2</sup> Г.В.Петрова. Международное частное право. вопросы и ответы. - М.: «Юриспруденция» баспа үйі, 2006. 69-бет.

<sup>1</sup> Международное частное право: оқулық. Л.П.Ануфриева, К.А.Бякешев, Г.К.Дмитриева және басқалары. Жауапты ред. Г.К.Дмитриева. 2-бас. енд., тол. - М.: ТК Велби, Проспект бас., 2004, 365-3 66-беттер.

<sup>4</sup> Бұл да сонда.

“ Фьючерстік шарттарды нақты тауарға жаеалған мамілслерге жатқызатын басқа да пікірлер кездеседі. Мысалы, В.Бм, Ы.КозЛова, О.Сургучева. Фьючерсные сделки на фондовой бирже: экономическая сущность и правовая природа. *Н Хозяйство и право.* 1999. № 6. 31-бет.

<sup>3</sup> Бұл туралы кеңірек біліңіз: Г.П.Черников. Фондовая биржа: международный опыт, -М.: Международные отношения. 1991. 64-69-беттер.

■ А.А.Суханов, О судебной защите форвардных контрактов, // Зан, 1998, № 11. 13-бет.

<sup>4</sup> Бұл да сонда. 13-14-беттер.

Қараңыз: И.В.Авилина, О.М.Козырь. Биржа: правовые основы организации и деятельности. — М.: 1991. 57-бет,

М.И.Брагинский, В.В.Внрянский. Договорное право. Э>-ші кітап: Договоры о выполнении работ и оказании услуг, — М.: Статут, 2003. 940-945-беттер.

<sup>3</sup> Бұл туралы кеңірек мына еңбектен оқып-біліңіз: Банковское право Российской Федерации. Особенная часть. 2 томдық оқулық. // Жауапты рсд. Г.А.Тосунян. - М.: Зангер, 2002. 2-том. 282-бет.

<sup>1</sup> А.Штоф. Горное право. -СПб.: М.М.Стасюлевич Үлгісі. 1896. 17-18-беттер.

М.Баргошек. Римское право (Понятия, термины, определения): чх тілінен аударылған. - М.: Заи адабиеті, 1989, 2Я>3Ө-бста;р.

<sup>2</sup> А.Штоф. Горное право. -СПб.: М.М.Стасюлевич Үлгісі. 1896. 21-бет.

<sup>3</sup> Бұл туралы кеңірек оқып-біліңіз: Н.Б.Мұхитдинов. Жер қойнауын пайдалану- дың құқықтық мәселелері. - Алматы: Ғылым. 1972. Я-22-беттер.

<sup>1</sup> Бұл туралы кеңірек оқып-біліңіз: А.Р.Перчик. Горное право: оқулық. өңделген және толықтырылған 2-басылым, -- М.: «Филология Үш» баспа үйі, 2002. 62\*63- беттер.

<sup>2</sup> Е.Омарханов. XIX ғ. аяғы - XX ғ. мұнлы туралы заңның шығуы туралы. Атырау аймақтық құқықтық есеінары 2-отырысы материал. жинағы. - Атырау, 2004. 88-бет.

<sup>6</sup> Н.Нәдіров. Тарих осыаяй басталған, Мұнай және газ, 1999. Лг 2. 5-10-беттер.

<sup>3</sup> КСРО ОМШЖМ. 7024-қор. 3-оп. 232-юркат. Л.21.

<sup>1</sup> ҚР ОММ. 918-қор, 1-оп 214-құжат. Л.1. 30 об.

<sup>5</sup> ҚР ОММ. 918-қор, 1-оп. 148-құжат. Л.68.

<sup>0</sup> Бұл туралы кеңірек біліңіз: Е.Е.Ғалиев. ЖЭС кезіндегі (1921-1927 жж.) Қазақстанда жек шаруагеьхлық ұйымдарының негізгі құқықтық формаларының дамуы: заң ғылымдары кандидаттығына авторсерфйт. 12.00.01. - Алматы, 2002. 14- 15-беттер.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасындағы құқық және шетелдік инвестициялар. / Жауапты редактор М.К.Сүлейменов. - Алматы, Жеті Жарғы, 1997. 171-бет.

<sup>1</sup> Д.А.Сұрақшиева. Өнімді бөлу туралы келісім негізінде жұмыс істейтін жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың кейбір мәселелері. Атыраудағыт құқықтық үшінші семинар материалдарының жинағы. - Атырау: «Теңізшевройл» БКЖШС, 2005,128-бет.

<sup>1</sup> А.У.Аққайшиева. Мұнай шарттарының түрлеріне талдау жаеау: здемдік тйжірібе. / Атыраудағы құқықтық үшінші семинар материалдарының жинағы. - Атырау: «Теңізшевройл» БК ЖШС, 2005, і5-бет.

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасындағы құқық және шетелдік инвестициялар. / Жауапты редактор М.К.Сүлейменов. - Алматы, Жеті Жарғы, 1997. 180-181 -беттер.

Қазақстан Республикасындағы құқық және шетелдік инвестициялар, / Жауапты редактор М.К.Сүлейменов. - Алматы, Жеті Жарғы, 1997. 183-184-беттер.

<sup>1</sup> Кеңірек біліңіз: А.И.Перчик. Горное право: оқулық. — М.: (Филология Үнг) Кйспа үйі, 20:02, 277-278-беттер.

<sup>0</sup> А.Т.Қснжебаева. Минералдық шикізатқа меншік құқығы. # Қазақстан Респуб- ликасы заңдарының іс жүзінде қолданылуының өзекті мәселелері. — Алматы Заіапз, 2004.144-бет,

<sup>3</sup> Бұл да сонда. 144-149-беттер.